

1 дәріс. Инвестициялық құқық ұғымы мен жүйесі

Құқық жүйесінде инвестициялық құқықтың орны. Инвестициялық құқықтың қалыптасуы мен дамуы. Инвестициялық құқықтық реттеудің мәні. Инвестициялық құқықты құқықтық реттеудің әдісі. Инвестициялық құқық және кәсіпкерлік құқық. Инвестициялық құқықтың құқықтық аралас салаларымен арақатынасы. Инвестициялық құқықтың атқаратын қызметтері. Инвестициялық құқықтың принциптері. Инвестициялық құқықтың жүйесі.

§ 1. Құқық жүйесінде инвестициялық құқықтың орны

Нарықтық қатынастардың онан әрі дамуы жағдайында құқық жүйесінің ішкі ұйымдық және құрылымдық мәселелері ерекше көкейтесті сыпатталады. Құқық жүйесі мен оның құрамдас құрылымдық элементтері туралы мәселені дер кезінде шешудің маңыздылығы құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі және оның нормаларын дұрыс пайдалануды қамтамасыз етудегі пәрменділікті көтеру қажеттігінен туындайды.

Дәстүрлі түсінікте құқық жүйесі ішкі құрылымды, оның құрамдас элементтерін ұйымдастыру мен орналастырудың белгілі тәртібін, қоғамдағы қатынастардың сыпатын анықтайды. Құқық жүйесі жалпы объективтік заңдылықтар негізінде қалыптасып, әрекет жасайды, солай бола ұрса да, субъективті факторлар да құқық жүйесінің қалыптасуы мен даму үрдісіне өз ықпалын тигізеді (әуелбастан -ақ қолданылмайтын, өлі» заңдар деп аталатын заңдарды басқаша қалай түсіндіруге болар еді, заң жасаушы құқық жүйесінің қалыптасуы мен қызмет етуінің шарты - объективтік факторларды назардан тыс қалдырған). Экономикалық және әлеуметтік өмірдегі елеулі өзгерістерге қарамастан, мемлекет қызметтің көптеген салаларында жетекші тұрғыларды, оның ішінде заңнамалықты жүйелендіруді қолында ұстап тұр. Әрине, құқық-объективтік шындық, ал субъективтік факторлар құқық жүйесінің қалыптасуына белгілі бір ықпалын жасауда, бұл ықпал позитивті (дамудың объективтік заңдылықтарын ескеретін), негативті (құқық жүйесінің қалыптасуы мен дамуын тежейтін немесе бөгет жасайтын) болуы мүмкін.

Тиісінше, құқық жүйе ретінде объективті құбылыс, ол тұтастылығымен ажырамастығымен, сонымен бірге құрамдас құрылымдық элементтерінің дербестігімен сыпатталады. Өзінің мазмұны жағынан ажырамас болып табылатын құқық жекеленген, сонымен біргөзара байланысты бөліктердің (құқық нормалары, құқық институттары, құқықтың қосалқы салалары, салалары) дербестігімен сыпатталады. Демек, құқық жүйесін белгілі бір біріккен өзара байланысты нормалар құрайды. Құқық нормасы - құқық жүйесінің бастапқы элементі, оның әртүрлі үйлесім табуы құқық жүйесінің басқа да элементтерін құқық институттары, салалары, қосалқы салаларын туғызады.

Кеңестік заң ғылымының өкілдері құқықтың мәні мен мазмұнын көрсете алатын құқық жүйесін құруға талай әрекеттер жасады. Құқықтық жүйе жөнінде екі айтыс белгілі: (1938-1940 жж.) әтижелерінде құқық жүйесінде құқықтың он саласының (оның ішінде мемлекеттік, еңбек, жер, колхоз, әкімшілік, бюджет-қаржы, отбасы, азаматтық, қылмыстық, сот құқы) қызметі танылды және құқықтың жеке меншік және жалпылама құқық болып бөлінуі теріске шығарылды. Екінші айтыс (1956-1959 жж.) құқық жүйесін үш құрамдас бөлікке теңдестіруге әкеп соқты: 1) мемлекеттік құқық (кеңес құқының жүйесіндегі басты буын ретінде); 2) материалды салалар (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек, колхоз және отбасы құқы); 3) сот ісін жүргізу (процессуалдық) салалар (қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу). Осылай сұрыптаудың басты кемшілігі - мұндай жүйенің бір мәнділігі және бір мөлшерлігі, шын мәнінде ол құқықтың қолданылып жүрген бар саласын қамтуға мүмкіндік бермейді.

Осы заманғы құқық салаларын сұрыптауға келетін болсақ, оларды былай жүйе леуге болады: 1) баыт нұсқағыш (базалық); 2) арнаулы; 3) кешенді ^[1]. Осылайша жйелеуде

базалық сала басты құқықтық режимдерді қамтиды және шындап келгенде, базалық сала - конституциялық құқықты, сонсоң құқықтың үш материалдық саласын (азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық) және тиісті үш құқықтың сот ісін жүргізу салаларын (азаматтық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу және қылмыстық іс жүргізу құқы)^[2] қамтиды. Құқықтың, құқықтық реттеудің мәнімен сыпатталатын ерекше құқықтық режимдерімен сыпатталатын құқықтың арнаулы салаларына еңбек, жер, қаржы, әлеуметтік қамтамасыз ету құқы, отбасы құқы, қылмысты өтеу құқы жатады. Құқықтың әр алуан және әртекті институттарын қамтитын салаларына сауда құқы, прокурорлық қадағалау құқы, теңіз құқы жатады.

Мұндайда С.С.Алексеев мынаны атап көрсетеді: Қазіргі уақытта кешенді сыпаттағы өзіндік мәні бар салалар - экологиялық, ақпараттық және кәсіпкерлік құқықтар қалыптасуда. Сонымен бірге олардың негізгі салаларға^[3] ұласу тенденциясы басым. Бұл жерде кәсіпкерлік, сауда құқықтары мен басқа да проблемалық мәселелерге (атап айтқанда, болашақта кешенді салалар құқықтың негізгі салаларына ұласуы мүмкіндігімен келісуге болмаса да) бөлінудің қажеттілігіне егжей-тегжейлі талмай -ақ, мынаны атап өтуге болады: бұлайша сұрыптаудың мұның алдындағы сұрыптаумен салыстырғанда артықшылығы - құқық жүйесінде қолданылып жүрген құқықтың құрылымдарды мейілінше молынан қамтуында.

Құқықтың басты салаларына байланысты мынаны атап өтуге болады: О.С.Иоффе құқық жүйесінде тек бес саланың басымдылығын айтады. О.С.Иоффе өз тұғырнамасын былайша түсіндіреді: басқа зерттеушілер жер, отбасы, еңбек құқын таниды да, оларды реттеудің мәнін ашып бермейді, немесе бәрі тану тәсілдерін ескермейді, үйлестіру тәсілінің ешқандай қатысы^[4] жоқтығын жария етеді. Біз бұл жағдайда «құқық жүйесінің және оның құрылымдық элементтерінің объективті заңдылықтары» және «құқық жүйесінің қандайда бір элементтерінің болуын негіздеуге зерттеушілердің субъективті қабілеттері» деген түсініктерінің араласып кеткен деп санаймыз. Ғалымдардың құқық жүйесінде жекеленген құрылымдық элементтердің болуын негіздей және толық дәлелдегеніне қарамастан, мұндай элементтер өмірге келіп жатады, заң ғылымының осы заманғы хал-ахуалы құқық жүйесінің, оның жекеленген элементтерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуге қабілетсіз. Құқық жүйесінде бір мезгілде әртүрлі элементтердің қатар жүретінін, тиісінше әрқилы роль атқаратынын, құқық жүйесіндегі ірі құрылымдармен бірге үлкенді -кішілі қарапайым құрылымдар, атап айтқанда, құқық нормасы болатынын тану-басқа мәселе О.С.Иоффе мен С.С.Алексеевтің конституциялық (мемлекеттік) әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, іс жүргізу, құқының ерекше маңыздылығы туралы мәселеде пікірлері үйлеседі. Демек, құқық жүйесінің басты салалары құқық жүйесінде анағұрлым белсенді роль атқарады, сондықтан оларды негізгі немесе іргелі салалар деп айтуға болады.

Заң әдебиетінде құқық жүйесінде инвестициялық құқықтың орны туралы әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Әдеттегідей, пікірлер қарама -қайшы. Инвестициялық құқықты бес сала ретінде танудан бастап оны жаңа шығаруға дейін. Инвестициялық құқықты құқық саласының дербес буыны ретінде жақтаушылар қатарына А.Г.Богатырев, Б.Б.Самарходжаев, т.б. жатады. Мысалы, А.Г.Богатыревтің пікірінше, инвестициялық құқық жалпылама - құқықтық және жеке меншік-құқықтық сыпаттағы инвестициялық қатынастарды реттейтін^[5] нормалардың жиынтығы. Мұндағы басты кемшілік-зерттеу негізіне шетел инвестицияларын талдау алынған, автор инвестициялық құқықты құқықтық реттеудің негізгі нысандағы (түрлері) ретінде ұлттық-құқықтық және халықаралық құқықтық реттеу туралы айта келіп, тек шетелдік инвестициялық сөз етеді. Сондықтан бастапқы элементтің инвестициялардың, инвестициялардың құқықтық қатынастарының, тиісінше инвестициялық құқықтың табиғатын тану болмаса, инвестициялық құқықтың бүкіл құрылымы оңай бұзылады.

Осының бәрі шетел инвестициялары тұрғысынан қаралған, ал шетел инвестициялары инвестициялардың бір түрі ғана. Пікірлер мен тұжырымдардың қарама-қайшылығы осымен түсіндіріледі, ақыр соңында, инвестициялық дербестігін негіздеу сәтсіз әрекет болған екен, оны қайдағы бір «аралас құқық» деп тану орын алған екен деген күдік туады.

Бірақ, шындап келгенде, бұлай емес. Біздіңше, инвестициялық құқық ғылымының қалыптасуында оң сәттердің болғанын атап өткен жөн: біріншіден, заң әдебиетінде тұңғыш

рет инвестициялық құқықтың дербестігі туралы идея көтерілді; екіншіден, бір зерттеудің шеңберінде, инвестицияларды (тіпті шетелдік болсын) жүзеге асыруға байланысты мәселелер біріктірілді; үшіншіден, бастапқы алға қойылған мақсатқа (инвестициялық құқықтың дербестігін дәлелдеуге) қарамастан, автор инвестициялық құқықтың кешенді сыпаты туралы мейілінше дұрыс қорытындыға келеді. Солай бола тұрса да, инвестициялық құқықты құқықтың дербес саласы деп тануға болмайды, жекеменшік-құқықтық және жалпылама-құқықтық бастамаларды қамтыған құқықтың кешенді саласы деген пікірде қаламыз.

Б.Б.Самарходжаевтың пікірі де осындай қарама-қарсы пікір туғызады. Бірінші жағынан, Б.Б.Самарходжаев, біздің пікірімізше, инвестициялық құқық-құқықтың кешенді саласы деген дұрыс қорытынды жасайды, екінші жағынан, осыны дәлелдеуге тырысқан айғақтарымен келісуге болмайды. біріншіден, инвестициялық құқық-құқықтық дербес саласы, екіншіден, инвестициялық құқық «өзінің реттеу әдісі мен мәніне ие болып отыр, әдеттегіден, «құқықты салаларға бөліну негізіне реттеу әдісі мен мәні»^[6] жатады пікірімен келісуге болмайды. Біздіңше, бұл жағдайда құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықты танудың негізіне құқықтың дербес саласы ретінде шарттардың жатқызылуын ақтауға болмайды.

Алайда, инвестициялық құқық әртүрлі салалық бағыттағы (азаматтық, халықаралық, қаржы, банк заңнамалары) нормаларды біріктіретін заңнаманың кешенді саласы туралы берік орныққан. Атап айтқанда, инвестициялық құқық құқықтың дербес саласы болып табылмайды, өйткені, құқықтың реттеудің мәні мен әдісіне ие емес; табиғатына қарай көп жағдайда өзінің сыпатына қарай қарама-қарсы әртүрлі (азаматтық немесе әкімшілік) қарым-қатынастар реттеу негізі бола алады.

Инвестициялық қызметтің, инвестициялық қатынастардың құқықтық реттеу маханизмін қарастыруда құқықтың^[7] емес, заңнаманың тиісті саласымен істес боламыз. Алайда, біздің пікірімізше, мәселенің осылай қойылысымен келісуге болмайды, толық және қажетінше заңнама мен құқық жүйесінің өзара әрекетінің проблемаларын зерттеу керек, құқық жүйесінің, оның құрылымдық элементтерінің (ең алдымен құқық салаларының) қалыптасуы мен дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеп білу қажет.

Әдебиетте айтылған пікірлерді жинақтай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады: қазір құқық жүйесі жөнінде екі тоқтам қалыптасты: «құқық құрылымының қосарлануы» тұғырнамасы және «құқықтың қосарлануы» тұғырнамасы және «құқықтың бір жазықтық құрылымы» тұғырнамасы. Бірінші теорияға сәйкес құқықтық жүйеде заң тәртібінде оқшауланған негізгі құрылымдармен бірге кешендік сыпаттағы құрылымдар бар.

Құқықтың кешенді салаларының идеясын 1947 В.К.Райхер ұсынды, кейін оны С.С.Алексеев, В.Н.Протасов, М.Қ. Сүлейменов, Ю.К.Толстой, т.б. қолдап дамытты, бірақ қазірге дейін бұл теорияны жақтаушылар саны көп емес. Қазақстан Республикасында құқықтың кешенді салаларының негізін қалаушы және сенімді жақтаушысы М.Қ.Сүлейменов, ол отыз жылдан астам уақыт бойы осы теорияның негізгі ережелерін тынбастан насихаттап келеді (мынаны атап өткен жөн: әуелбаста О.С.Иоффе де құқықтың кешенді салаларының тұғырнамасын ұстанып келген -ді кейін ұдан бас тартып, осы теорияға үзілді-кесілді қарсы шықты). В.Н.Протасов мынаны әділетті түрде атап көрсетті: құқық жүйесінде кешенді салалардың қалыптасуы мен дамуы заң ғалымдарының теориялық күш-жігеріне керекті сыпатта өтеді; кешенді салалардың пайда болуы құқық жүйесінің^[8] дамуындағы тек объективті жағдайларға байланысты.

Қазіргі уақытта заңнама жүйесін салалық актылармен бірге кешенді сыпаттағы актылар құрастыратын жоққа шығаратын адам табыла қоймас. Сондықтан, әдеттегідей, заң жүйесінде жекеленген кешенді құрылымдар (оның ішінде кәсіпкерлік, банк, кеден, т.б.) қалыптасуы мүмкін екендігін мойындау қажет. Атап айтқанда Н.С.Соколованың пайымдауынша, құқықтық нысанның интеграциялануы заңнаманың кешенді салаларының қалыптасуына әкеліп соғады, бұған шаруашылық заңнамасын^[9] қосуға болады. Алайда, құқықтық кешенді салаларының теориясына қарсылар пайымдағандай, бұл құқық жүйесіне ешқандай ықпал жасамайды. Мысалы, В.Ф.Яковлев заңнаманың кешенді салаларының пайда болуы мен

қолданыс табуы қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында қатынастарды реттеуге құқықтың әртүрлі салаларының өзара іс-әрекетінің нәтижесі деп санайды: азаматтық құқық құқықтың көптеген салаларымен өзара іс-әрекет жасайды, атап айтқанда, әкімшілік, қаржы, салық, еңбек, табиғи ресурстар мен табиғат қорғау құқықтарымен өзара байланыста әрекет жасайды; соның нәтижесінде қызметтің белгілі бір салаларына (азаматтық қатысуымен кешенді құрылымдар - өнеркәсіп, құрылыс, көлік, банк құқықтары, т.б.)^[10] жататын заңнама құрылымдары құралады. Құқықтың кешенді салаларының идеяларын жақтаушылардың да, қарсыластарының да тұжырымдарымен келісу қиын, өйткені мұнда құқық салаларының қалыптасуы құқықтың әртүрлі салаларының өзара іс-әрекетіне байланысты. Құқықтың негізгі және кешенді салаларының қалыптасу негізіне анағұрлым объекті сыпаттағы себептер алынады. Егер құқықтың кешенді салалары туралы айтар болсақ, олардың пайда болуының қажеттілігі қоғамдық дамудың объектілік қажеттілігінен туындайды.

Р.З.Лившицтің пайымдауынша, «толық мәнді» және «толық мәнді емес» салалар, басты және арнаулы, негізгі және кешенді салалар жоқ, барлық салалар тең құқылы, мұндайда әртүрлі салалар дамудың әртүрлі сатысында болады, олар реттейтін қатынастар көлемі, ұлғайып немесе тарылып отырады, бұл олардың біркелкі мәнді еместігін білдіреді; заңнаманың соңғы буындарының қалыптасуына орай, «аналық» салалардың мазмұны, ең алдымен, азаматтық және әкімшілік заңнамаларының мән-мазмұны қысқара түседі^[11]. Осы пайымдаудың өзінде де өрескел қарама-қайшылық бар: біріншіден, автор барлық салалар тең мәнді деп қорытындылайды, екіншіден, олар дамудың әртүрлі сатыларында болады деп тұжырымдайды. Демек, белгілі бір сала дамуда ала -құлалық болса, осы тұрғыдан алғанда, тең мәнді емес қой. Ең соңында, Р.З.Лившиц атаған «аналық» салалардың мән-мазмұны қысқарған сайын, автордың ойына жүгінсек, уақыт өте келе «аналық» салалардың тіпті жойылып кетуі де үмкін. Алайда, практикада басқаша, керісінше, нарықтық қатынастарға көшкен және заңнаманың жаңа салаларының пайда болуы сәтінен бастап, азаматтық заңнаманың мәні азайған емес, кейінде қысқара түсуі де кәдік.

Заңнама жүйесінде «кешенді салалар» атауын алса да, сонымен бірге дербес құрылымдық элементтердің қалыптасуы шын мәнінде қалыпты, заңды құбылыс болып табылады. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер құқық және заңнама жүйелерінде елеулі өзгерістерді анықтап берді. Ең алдымен, өзгерістер құқық жүйесіне қарағанда неғұрлым босаң жүйе-заңнама жүйесін қамтыды, бұл мынадан көрініс алды: заңнаманың бір саласы екінші бір саласының орнын басты (мысалы, колхоз және совхоз заңнамасының орнына аграрлық немесе ауыл шаруашылық заңнамасы пайда болды.). Инвестициялық заңнаманың қалыптасуы және дамуы құқық жүйесінде жаңа құқықтық құрылым - инвестициялық құқықтың пайда болуына жеткізді. Мұндайда өзінің бірыңғай және өзіне тән құқықтық реттеу жүйесінің болуы құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқыққа, ерекшеленуге мүмкіндік жасады. Сондықтан С.С.Алексеевтің «еріп кетпейтін қалдық»^[12] деген атау алған элементтерді құқықтық тұрғыдан реттеудің механизмі мен кешенді саланың мәні туралы пайымдауы мейлінше әділ.

Біздіңше, Ю.К.Толстойдың құқықтың кешенді саласында реттеудің мәндік бірлігі мен ерекше немесеөзіндік әдісі болмайды деген тұжырымымен келісу қиын^[13]. Егер кешенді сала мәндік бірлігі болмаса, онда бір кешенді саланы екіншісіне қалай теңдестіруге болады? Керісінше, құқықтық реттеудің мәндік тұтастығы құқықтың белгілі бір кешенді саласының көрінісі туралы айтуға мүмкіндік береді. Әрине, бұл тұтастықтың құқықтың негізгі (дербес) саласына қарағанда басқа тегі мен белгілері бар, мұнымен сана суға тура келеді. Өз тарапынан кешенді саланың мәні мен әдісінің болуы оның кешенділігін, әдісінің кешендік сыпатын білдіреді. Шындап келгенде, тек біріне әдіс туралы емес, әдістердің жиынтығын сөз етуге тура келеді, өйткені құқықтың кешенді салалары бұл әдістерді негізгі салалардан да қамтиды. Демек, ықпал-әсер етудің әртүрлі тәсілдері мен құралдарының өзіндік үйлесім табуы құқықтың кезкелген кешенді саласы әдістерінің өзіндік сыпатын білдіреді.

Құқық жүйесінде әртүрлі деңгейлердің болуы құқық жүйесінің тең құқылы элементтерінің, сондай-ақ тең мәні жоқ құрылымдық элементтердің өзара іс-әрекетінің

мүмкіндігін қарастыруға жағдай жасайды. Сондықтан құқық жүйесінің көп деңгейлі (әрқилы деңгейлі) сыпатын тани отырып, егер құқықтық норманың элементтерінің, сол нормалардың арасында өзара байланыс болса, онда құқықтық нормалардың әртүрлі бірлестіктері арасындағы ерекше байланыстарды теріске шығаруға бола ма, құқықтық буындар арасындағы бар өзгешеліктерді шын мәнінде неге бағаламау керек? Рас, құқық салалары құқық жүйесінің басты құрылымдық элементтері ретінде біркелкі роль атқармайды. Негізгі құрылымдық элементтер арасында өзгешеліктердің болуы құқық жүйесіне негізгі немесе басты салалары арасында айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыда құқық құрылымының «сатылық» принципі де әртүрлі ауқымды және әртүрлі көлемдегі құрылымдардың болатынын дәлелдейді. Тиісінше, осындай әдістің көмегімен құқық жүйесінде құқықтың кешенді салаларының басты салалармен бірге қызмет атқаратынына көз жеткізуге болады. Өйтіп ол ардың арасындағы өзара байланыстардың ерекшеліктерін неғұрлым айқын көрсетуге болады. Ендеше, құқықтың салаларының (оның ішінде инвестициялық құқықтың) құрылуы құқық жүйесінің, заңнама жүйесінің дамуының объективті заңдылықтарына байланысты.

Соңғы кезде Заң әдебиетінде дербес құқықтық құрылым ретінде халықаралық инвестициялық құқықты дербестендірудің қажеттігі жөнінде пікірлер айтылып жүр. Мысалы, В.П.Шумилов, халықаралық инвестициялық құқықты халықаралық экономикалық құқықтың^[14] күрделі және дамып отырған қосалқы саласы деп санайды (оны халықаралық қаржы құқығының құрамында халықаралық экономикалық құқықтың қосалқы саласы деп жүр). И.З.Фахрутдинов халықаралық инвестициялық құқық өзінің табиғатына орай мейлінше кең әрі көлемді ұғым деп санайды; оның ерекше белгісі халықаралық инвестициялық қатынастарға субъектілердің^[15] мәніне қарай қатысуында. Принципінде осы тұжырымға сөзбе-сөз жауап беруге болар еді, шынында да инвестициялық құқық «мейлінше кең әрі ауқымды», өйткені халықаралық инвестициялық құқық инвестициялық құқықтың ерекшеленген бөлігін құрайды. Ең алдымен И.З.Фахрутдинов «құқықтың дербес саласы» және тең мәнді «құқықтың саласы» деген терминдерді халықаралық инвестициялық құқыққа сыпаттама беруден қолданып отырғаны ойландырады. Біздіңше, бұл дұрыс емес. Құқықтардың дербес (негізгі) салалары мен құқықтың кешенді салалары арасында елеулі өзгешеліктер бар, құқықтың кешенді саласы өзінің даму сатысында құқықтың негізгі (дербес) саласы бола алар ма екен. Жалпы алғанда, осы жағдайда қолға алынып отырған әрекет - оған халықаралық жалпылама және халықаралық жеке меншік құқығының нормаларын енгізу есебінен халықаралық инвестициялық құқықтың дербестігін негіздеу. Бұл бағытта құқық жүйесінде «жеке меншік-жалпылама» құрылымдардың орын алуы назар аудартады, өйткені бұлар кешенді сыпаттағы (салалар, институттар) құрылымдарды көрсетеді. Алайда, авторға инвестициялық құқық туралы тұтас түсініктің болмауы оған құқық жүйесіндегі «халықаралық инвестициялық құқықтың» орны туралы дұрыс қорытынды жасауына мүмкіндік бермеді. Біздіңше, халықаралық инвестициялық құқық құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың қосалқы саласы, екі үлкен институтты - халықаралық инвестициялық жалпы құқық пен халықаралық жекеменшік инвестициялық құқықты біріктіреді.

Қорытындыда уақыттың ұзақ кезеңі бойында «Кешенді салалар теориясының» жалпыға танымал еместігін атап өтуге болады. Әдеттегідей, құқық жүйесінде кешенді салалардың болуын дәлелдеуге тырысуда Л.С.Галесниктің белгілі тұжырымына сілтеу жасалады: осы жолмен жүре отырып, әртүрлі ырғақтармен «трамвай-троллейбус, машина-кір жуу, бакалея-гастроном құқығына»^[16] дейін жетуге болады. Әрине, бұл тұжырымда салықалы ойдан гөрі кекесін басым, солай бола ұрса да, бұл буындарда объективті қажеттіліктен туындайтын кешенді салалардың құрылуы, пайда болуы мүмкін. Құқық жүйесінде кешенді салалардың пайда болуы оның көпмәнділігін, дамуының әр деңгейлігін дәлелдейді. Кеңестік Заң ғылымының жетістіктеріне ден қоя отырып, оларды осы заманға ой елегінен өткізбей тели салуға болмайды, олардың қалыптасу үрдісі қаншалықты объективті екенін білу қажет. Сондай-ақ кеңестік құқық теориясының әдеттегі белгілеріне жаңаша баға беріп, оның

пайдалы тұсын таңдап алып, заң ғылымының онан әрі дамуына оң ықпал ететін нәтижелерін кәдеге жарату керек.

Әдебиетте көптен бері-ақ құқық жүйесінде төрт деңгейдің байланысы әрекет ететіні айтылып жүр: 1) құқық нормасының элементтері арасында; 2) құқық институттарына біріктірілген нормалар арасында; 3) құқықтың тиісті салалары мен институттар арасында; 4) құқықтың жекеленген салалары арасында^[17]. Құқық жүйесінде әртүрлі деңгейлердің болуы құқық жүйесінің тең құқылы элементтері, сондай-ақ тең мәнді емес құрылымдық элементтер арасында өзара іс-әрекетті қарастырады. Сондықтан құқық жүйесінің көп деңгейлік (әртүрлі деңгейлік) сыпатын тани отырып, егер құқықтық норманың элементтерінің, сол нормалардың арасында өзара байланыс болса, онда құқықтық нормалардың әртүрлі бірлестіктері арасындағы ерекше байланыстарды теріске шығаруға бола ма, құқықтық буындар арасындағы бар өзгешеліктерді шын мәнінде неге бағаламау керек? Рас, құқық салалары құқық жүйесінің басты құрылымдық элементтері ретінде біркелкі роль атқармайды. Негізгі құрылымдық элементтер арасында өзгешеліктердің болуы құқық жүйесіне негізгі немесе басты салалары арасында айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыда құқық құрылымының «сатылық» принципі де әртүрлі ауқымды және әртүрлі көлемдегі құрылымдардың болатынын дәлелдейді. Тиісінше, осындай әдістің көмегімен құқық жүйесінде құқықтың кешенді салаларының арасында айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді.

Теоретиктер құқық жүйесінің дамуының негізгі тенденцияларының ішінде құқықтық реттеудің маңызы артып отырғанын атайды, бұл заң нормаларының кешенді құрылымдық бірлестіктерінің құрылуын туғызады; бұл құқықтық реттеудің мәні мен әдісінің, құқықтық ілімдердің субъектілері мен объектілерінің кешендік сыпатын танытады, кешендік құрылымдардың пайда болуы құқық жүйесінің даму деңгейіне, оның қоғамның нормативтік-реттеушілік жүйелерімен өзара іс-әрекетіне^[18] байланысты. Демек құқықтың кешенді салаларының (оның ішінде инвестициялық құқықтың) пайда болуы құқық және заңнама жүйесінің дамуының объективті заңдылықтарына байланысты.

Осы айтылғанның бәрі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: **инвестициялық құқық** - тұтас құқықтық құрылым, оны құрайтын институттардың тұтастығымен ерекшеленеді, құқықтың әртүрлі салаларының нормаларын біріктіреді. Осыған байланысты, инвестициялық құқық құқықтың негізгі салаларымен бірге қызмет көрсететін кешенді саласы болып табылады, құқық жүйесінде өзіндік ерекше орны бар.

§2. Инвестициялық құқықтың қалыптасу және даму кезеңдері

Кешенді салалардың құрылуы мен өмірге келуі объективтік қажеттіліктен туындайды және заңды болып табылады, инвестициялық құқықтық қалыптасуы тарихының мәселесін зерттеуде негіз болады. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуының негізгі кезеңдерінен қарасақ, инвестициялық құқықтың дамуындағы мына кезеңдерді бөліп қарауға болады: **Бірінші кезең** - 1990-1994 жж. Инвестициялық құқық, тұтастай алғанда, оның негізгі институттары қалыптасу сатысында тұрды. Инвестициялық қатынастардың даму үрдісі тиісті құқықтық қалыпқа келу үрдісінен едәуір озып кетті, мұның өзі заң көлемінде инвестициялық қызметтің жекеленген салалары реттелмеген күйінде қалуға әкеп соқты. Солай бола тұрса да, бұл кезең инвестициялық құқық тарихында ерекше орын алады, өйткені бұл кезең тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының қалыптасу жылдары, нарықтық қатынастардың еніп, даму кезеңі, жаңа құқық жүйесін жасау мен заңнаманы түбірінен өзгерту жылдары болды.

Екінші кезең 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңы мен ҚР Азаматтық Кодексін қабылдаудан басталады, бұл заң актылары инвестициялық қатынастарды дамытуға жеткізді. Бұл кезеңде құқықтың басқа да салаларымен бірге құқықтың бірыңғай жүйесінде қалыпта сқан инвестициялық құқық өзіне тән өзара іс-әрекет жасайтын құқықтық институттарымен қалыптасты. Солай бола, тұрса да, республикада жзеге асырылып жатқан инвестициялық қызмет жеткілікті нәтижелер әкелмеді. Экономикалық дағдарыс, инфляция, отандық товарлардың бәсекеге қабілетсіздігі, сыртқы қарыздың ұлғаюы - сол кезеңдегі инвестициялық саясаттың негізгі зардаптары осындай болды. Осы жағдайдан шығу үшін батыл қадамдар жасау керек болды.

1997 жылы 28 сәуірде Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы және одан кейін оны орындау үшін бірқатар Заңнамалық және нормативтік актылар қабылданды. Инвестициялық құқықтың дамуында жаңа **үшінші кезең** басталды. Шетелдік және отандық инвесторлардың әсіресе өндірістік салада белсенділігінің күрт төмендеуі жағдайында, өндірісті қайта құрудың технологиялық және құрылымдық салаларына едәуір қаржы құюды ынталандыру қажет болды. Әрине, инвесторларды табыстыру жеткіліксіз, оларға құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етумен бірге жеңілдіктер жасау керек болды, ұл белгілі бір нәтижелерге жеткізген болар еді. Инвестициялық құқықты дамытудың үшінші кезеңі мемлекеттің бірыңғай инвестициялық саясатының маңыздылығымен және қажеттілігімен, инвестициялық қызметке тұғырнамалар жасауға деген ұмтылыспен, бағалы қағаздар нарығында, товар өндірісі мен қызметтер көрсету саласында, табиғатты пайдалану (оның ішінде жер қойнауын пайдалану) саласында, т.б. салалардағы кешенді қызметте инвестициялық шаралардың тұғырнамаларын жасап, жүзеге асырумен сипатталады.

Төртінші кезең 2003 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңын ^[19] қабылдаудан басталды. Осыған сәйкес шетел инвестициялары туралы,

тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Заңдар күшін жойды деп танылды. Бұл кезең, ең алдымен, шетел және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық тәртіп орнатылды. Сонымен бірге жаңа инвестициялық заң құқықтардың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың қалыптасу үрдісін аяқтады. Әрине, инвестициялық қатынастарды реттеуде белгілі бір проблемалар қалды да, жекеленген құқықтық институттардың дамуын қамтамасыз еткен, бұрынғы кезеңдерге қарағанда, бірыңғай заңнаманың көмегімен тұтас құқықтық құрылым ретінде инвестициялық құқықтың жұмыс істеуі мен онан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету мүмкін болды.

§ 3 Инвестициялық құқықтық реттеудің мәні

Заң әдебиетінде құқықтың қандай да болсын саласының дербестігін анықтаудың негізгі және шешуші өлшемі құқықтық реттеу болып табылады деген тұжырым қала береді. Соңғы кезде әдіс құқық саласының дербестігін растайтын басты және айқындаушы тұғыры болып табылады деген пайымдаулар туындап жатса да, ғалымдардың көпшілігі құқықтық реттеудің бірыңғай мәні болмайынша құқық саласы да болмайды, құқықтың жекеленген саласының ерекшеліктері, яғни алдымен, қоғамдық қатынастардың тиісті түрінің өзіндік сыпатқа байланысты деген пікірлерге ойыса берген құқықтық реттеу мәселесі пікірталастар үрдісінде бірнеше рет көтерілді: алғашқы пікірталаста (1938-1940 жж.) қорытынды жасалды - құқықтың салаларға бөліну негізінде материалдық нысан (құқық реттейтін қатынастардың ерекшеліктері немесе құқықтық реттеу заты) алынды. Екінші пікірталас барысында негізгі нысан - құқықтық реттеу затымен бірге қосымша нысан - құқықтық реттеу әдісін бөліп алу керектігі айқындалды. Үшінші пікірталас («Кеңестік мемлекет және құқық» журналы 1981 ж. өткізген) құқықтың салаларға бөліну нысандары ретінде құқықтық реттеудің заты мен әдісі^[20] туралы қорытындыны растады.

Құқықтық реттеу затын реттеуді ерекше (өзіне тән) тәртібінің көмегімен өзіндік регламенттеуді қажет ететін біртекті қоғамдық қатынастар және олардың аралық қызметінің түрлері құрайды. Негізгі саланың затын қалптастыру осы саланың әдісіне байланысты, құқықтың кешенді салаларының қалыптасуы әдісімен емес, реттеу затымен - ақ анықталған. Біз В.Н.Протасованың пікірін қолдаймыз: «құқықтың кешенді салаларының құрылуының принципі заттық, бизаңи принцип, мұның өзі заң ғалымдары тарапынан кешенді салалардың табиғатын түсінбеу және қабылдамау себебі болып табылады»^[21].

Инвестициялық құқықтың реттеудің тұғыры инвестициялық қатынастарға жұмып алды, олар, жалпы түрінің өзінде-ақ инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде көрініс алады. Инвестициялық құқықтық қатынастардың өзіндік ерекшелігі сол - олар бір мезгілде азаматтық-құқықтық, халықаралық, қаржы, басқа да құқықтық қатынастарға қатысуы мүмкін.

Тиісінше, егер мысалға қаржылық құқық қатынастары инвестициялық салада қалыптасса, онда олар инвестициялық құқықтық қатынастарға бірдей енеді. Сонымен бірге қаржы-құқық ғылымының өкілдері құқықты реттеудің затына кірмейтін ерекше қаржылық қатынастардың болатынын сөзге тиек етеді; қаржы қызметінің үрдісінде қаржылық құқықпен реттелмейтін қаржы қатынастары болуы мүмкін дегенді алға тартады. А.И.Худяков мұндай қатынастар жөнінде өз пікірлерін білдіреді, товарлы - ақшалы болып келетін мемлекеттік қаржы қырларын пайдалануға байланысты қатынастар қаржылық қатынастар болып табылмайды, мемлекеттің қаржы қызметінің үрдісінде көрініс алған қатынастарға жатпайды, демек қаржы қызметінде пайда болған кейбір қатынастар қаржылық құқықпен реттелмейді, сонымен бірге бұл қатынастардың осы қызметіне ешқандай қатысы жоқ, кәдімгі шаруашылық (әдеттегідей, кәсіпкерлік) қызметтің өнімі^[22] болып табылады. Бұл жерде қаржылық құқықпен реттелмейтін қайдағы бір қаржы қатынастарының болатыны жайында пікір туындап тұр: егер осы құқықтық қатынастар қаржылық құқық реттейтін саладан шығарылып тасталса, онда оны неге қаржылық құқық қатынастары деп атауға

болады, осы өтте қаржылық құқықты құқықтық реттеудің затының бірігіп кетуіне қалай жеткен, бұл жағы айқын емес.

Р.З.Лившиц осы проблеманың басқа бір түрін көтерген. Ол жартылай үйлесіп, өзара қиылыстарын әртүрлі салалардың арасындағы байланысқа сілтеу жасайды, бұл үрдіс өздігінен жүрмейді, әртүрлі мақсаттағы әртүрлі көзқарастағы, әртүрлі салалардағы белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеудің объективті фактысын байқатады^[23]. Біздің ойымызша, мұнда екі сәтті атап өтуге тура келеді: құқық жүйесінің әртүрлі элементтері арасындағы өзара байланыстың объективті сыпаты; екіншіден, әртүрлі салалық қатыстық нормаларының өзара бірігуі туралы тұжырым.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде өзінің табиғатына орай мейлінше сан алуан түрлі құқықтық қатынастардың көрініс алынуын тануды маңызды деп санаймыз. Бұл қатынастар - азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, қаржы-құқықтық т.б. оларды біріктіріп отырған нәрсе - инвестицияларға байланысты қатынастарға қосылады, сондықтан құқықтың кешенді саласы шеңберінде бірыңғай болып келеді. Инвестициялық қатынастар өздерінің салалық қатыстылығына қарай тепе-тең болуы мүмкін, бұл қатынастардың бірыңғай болуын жоққа шығара алмайды. Ерекше белгідегі инвестициялық қатынастардың бірігуі мынадан көрініс алуы мүмкін: олар басқа инвестициялық емес қатынастардан шектеулі болуы керек. Сонымен бірге инвестициялық қатынастар бір үлгідегі қатынастар бола тұрып, әрқилы түрлерге, қосалқы түрлерге бөліне алады. Инвестициялық құқықтық қатынастар арасында Қазақстан Республикасы мен шетелдегі инвестицияларға байланысты; несие, қарыз, банк салымдарына байланысты; бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан қатынастар, т.б. қатынастарды бөліп қарастыруға болады. Инвестициялық құқықтық қатынастардың жекеленген және өзінше дербес топтары ретінде бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялық бағдарламаларды жасап жүзеге асыру; бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру үрдісінде қалыптасқан, бюджеттік несие беру жөніндегі; мемлекеттік қарыз және борышқа байланысты, т.б. қатынастарды атауға болады.

Инвестициялық қызмет үрдіс ретінде бірнеше өзара байланысты сатылардан тұратынын ескеру керек. Олардың әрқайсысында инвестициялық қатынастардың белгілі бір тобы қалыптасады. Сондықтан инвестициялық дәуір алдында пайда болған қатынастарды бөліп қарауға болады, атап айтқанда өзіне тән инвестициялық қатынастар (инвестицияларды салу үрдісінде қалыптасқан), инвестиция енгізген кезеңнен бастап пайда болған, (мысалы, инвестициялық қызмет объектісін құрудан кейін қалыптасқан) қатынастар. Сөз жоқ, инвестициялық қатынастардың осы топтары арасынан белгілі бір өзгешеліктерді табуға болады, оларды біріктіретін жай сол - бұл топтардың бәрі инвестициялармен тікелей байланысты, барлығы бірдей инвестициялық қызметті жүзеге асыруға бағытталған. Ендеше, инвестициялық қатынастар бір үлгідегі қоғамдық қатынастар болып келеді, оған инвестициялық құқық ықпал жасайды.

Құқықтық реттеудің табиғаты құқықтың белгілі бір саласының дербестігінің шешуші нышаны болып табылады. Соның нәтижесінде құқықтық реттеудің ерекше тәртібін объективті түрде қолдануды талап ететін өзіндік табиғи мән болмайынша құқық жүйесінде ең ірі және тұтас құқықтық құрылым ретінде құқық саласы болмайды. сондай-ақ ерекше құқықтық категория ретінде инвестициялардың өзгешелік белгілері мен сыпаттамалық көріністерін ескеру қажет. Бұл инвестициялық құқықты реттеудің табиғи мәнін құрайтын қатынастардың табиғатын анықтап береді. Атап айтқанда, материалдық немесе рухани игіліктерді жасауға бағытталған инвестициялардың мынадай ерекшеліктері бар: инвестицияларды кіріс (пайда) немесе алу менәлеуметтік оң нәтижелерге жету үшін жүзеге асыру; оларды инвестордың өз атынан, немесе тәуекелділікпен салуы; инвестициялардың уақытша шектеулігін анықтау. Соңғы ерекшелікті былай түсіндіру керек: әрине, инвестицияларға шектеулер қойылмайды, бірақ кезкелген сәтте инвестор кіріс алуға ұмтылады, мұндайда ол қолындағы инвестициялық тетіктерді үнемі тиімді пайдалануға ниетті, сондай-ақ нарықтың объективті және қатал заңдары да инвестициялық қызметке ықпал жасайды, оны неғұрлым серпінді және тастүйгін етеді. Аталған ерекшелік белгілер

инвестициялық қатынастардың өзіндік сыпатын анықтайды, оларды реттеудің белгілі бір құралдары мен тәсілдерін қолдануды керек етеді.

§ 4. Инвестициялық құқықтық реттеудің әдісі

Нарықтық экономиканың осы заманғы дамуы жағдайында қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретінде құқықтың рөлі елеулі өзгерістерге енеді. Бұл ең алдымен мынада байқалады: экономикалық қатынастардың жаңа құқықтық құралдары мен тәсілдері туындайды, олардың бірқатары өміршең болғанымен, кейбіреулері жойылып жатады. Нәтижесінде, экономикалық қатынастарды реттеудің қатаң орталықтандырылған әдістерінің қосалқы (әдістегідей, көтермелеуші) сыпаттағы әдістер орын алады.

Заң әдебиетінде құқықтық реттеудің әдісінің түсініктемесі мен құрылымына көптеген байсалды арнаған. Атап айтқанда, құқықтық реттеудің тәсілдері, құралдары мен амалдары^[24]; құқықтық қорғау тәсілдерінің жиынтығы^[25]; немесе құқықтық ықпал^[26]; тәсілдер мен әдістердің^[27]; заң құралдардың жиынтығы^[28]; заңи аспаптандырудың белгілі жиынтығы^[29]. Мемлекеттік билік өңілдегідей даму үрдісін қамтамасыз ету мақсатымен ерікті қоғамдық қатынастарға қажетті ықпал жасайды.

Бұл күндері құқықтық реттеу әдісі туралы мәселені қайтадан ой елегінен өткізуге тура келеді, оның екінші тынысы ашылғандай, құқық теориясының мызғымас белгілері болып келген ережелер жоққа шығарылуда, мысалы, құқық саласының дербестігін анықтаудың табиғатымен салыстырғанда, әдістің қайталамалылығы. Тиісінше, құқық жүйесіндегі басты білікті және анықтаушы нысан құқықтық реттеудің табиғи мәні емес, әдісі болып табылады. Солай бола ұрса да, заңгер -ғалымдардың құқықтық реттеу әдісінің құрылымы мен оның құрамдас элементтерінің саны жөніндегі көзқарастарында бірауыздылық жоқ. Алайда, сөзсіз, әдіс мазмұны ықпал ету амалдарын анықтап береді, реттеомелі қатынастардың мазмұнынан алшақтау құқықтық реттеудің пәрменділігіне келеңсіз әсер етеді.

Құқық теориясында субъективтік құқықтар мен міндеттердің сыпатына қарай реттеуші нормалардың үш түрін ажыратады: құқықтық өкілеттілі - бұл заң нормалары, субъективтік құқықтарды оң мазмұнымен орнықтырады; міндеттеуші - тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттер жүргізудегі міндетін орнықтыратын заң нормалары; тиым салушы-тұлғаларды нақты іс-әрекеттер жасаудан бас тартуды міндеттейтін заң нормалары. Аталған заң нормалары реттеу тәсілдері ретінде көрініс алады. Нормалардың осындай бөлінісі - реттелуші қызметтердің ерекшеліктерімен, реттеудің міндеттеуші, тиым салу мен рұқсат етуші сыпаттарымен өзара байланысты. Сондықтан, құқықтың бар саласында, реттеу салаларында аталған нормалар үнемі қатысады, оның үстіне осы нормалар өзара байланыстылығы соншалық, біреуі басқаларынсыз қызмет көрсете алмайды.

Құқықтық реттеу әдісі осы әдістерді (нормаларды) біріктіреді, оның мәні мен сыпатты белгілері жүрсетілген әдістердің қайсысы басым, соған байланысты. Сонымен құқықтық реттеудің табиғаты мен әдісі ықпал етудің белгілі бір әдісін қолдануды (пайдалануды) айқындайды. Анығын айтқанда, құқықтық реттеу әдісінің мазмұнына байланысты.

Инвестициялық құқықта рұқсат ететін, міндеттейтін және тиым салатын нормалардың үйлесімі мен өзара байланысы анағұрлым айқын көрініс алады. Сонымен, **инвестициялық құқықтық құқықтық реттеу әдісі** - инвестициялық қатынастарға міндеттеуші немесе рұқсат етуші, міндеттеуші және тиым салушы нормалар негізіндегі ықпал етудің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Алғашқысында диспозитивтік (рұқсат етушілік) реттеу болса, екіншісінде - императивтік реттеу орын алады. Құқықтың кезкелген басқа кешенді саласы ретінде инвестициялық құқық реттеудің диспозитивтік және императивтік әдістерін бірдей қолданады.

Диспозитивтік әдіс басқаша реттеудің азаматтық-құқықтық әдіс деп аталады. Бұлай аталуы тегін емес. Өйткені азаматтық құқық реттеудің диспозитивтік әдісі бар құқықтың бірден-бір саласы болып келді. Алайда мынаны дамытпаған жөн: реттеудің рұқсат ететін үлгісі ең алдымен императивтік әдіске, билік ету мен бағындыру әдісіне негізделген.

Құқықтық белгілі бір саласын құқықтық реттеу әдісінің ерекшеліктерін анықтау үшін мына жағдайды ес керу қажет - құқықтың әртүрлі салаларының, мысалы, жекеменшік құқының бірыңғай жүйесі шеңберінде (жалпылама құқық жүйесіне кіретін құқық салаларын реттеу әдістеріне қатысты) әдістері арасындағы, ерекшеліктерді көру күрделі екенін айтсақ та жеткілікті. Сонымен бірге нақты қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын ықпал құралдары мен тәсілдерін қалыптастыруға құқықтық реттеу табиғатының әсерін анықтайтын әдістердің тепе-теңдігі сақталады.

Жалпы теориялық көлемде қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу әдісін мына компоненттерді ескере отырып анықтауға болады: құқықтар мен заң алдындағы міндеттерді орнықтыру тәртібі; олардың субъектілерінің берілген құқықтар мен іс-әрекеттерінің дербестігін айқындау деңгейі^[30]; құқықтық қатынастардың пайда болуының, өзгерістері мен тоқталуының негіздері (заңи фактылар), құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық хал-ахуалы; субъективті құқықтар мен міндеттерді^[31] қамтамасыз ету құралдары.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың өзіне тән белгісі - заң және (немесе) келісімшарт күшіне қарай субъективтік құқықтар мен заң алдындағы міндеттерді орнықтыру ерекшеліктерін нақтылайды. Өз тарапынан берілген құқықтардың айқындылығының деңгейі мынамен сыпатталады - құқықтық қатынастардың мазмұнын нормативтік актылар мен келісімшарттар, оның ішінде халықаралық (ұлттық заңнама алдында басымдылығы бар) инвестициялық қатынастарға қатысушылардың құқы мен міндеттердің мазмұны келісімшарттармен (тараптардың келісімдерімен) анықталады, сондықтан инвестициялық құқық субъектілері арасындағы құқықтар мен міндеттер тең дәрежеде бөлінеді.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгерістері мен тоқталуы негіздері тұрғысынан қарағанда, инвестициялық құқық әдісінің ерекшеліктері құқықтар мен міндеттерді орнықтыру негіздерін таңдау мүмкіндігіне көрініс табады. Инвестициялар жөніндегі комитетпен міндетті түрде келісім шарт жасасып, инвестициялық преференциялар алуға тырысуы инвесторлардан басқа инвесторларға келісімшарттар жасасу жолымен, сондай-ақ басқа да құқықтық нысандардың көмегімен (инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның міндетті түрде болуы жағдайынан басқа шарттарда) инвестициялық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздерін таңдауға құқық беріледі.

Тараптардың құқықтық хал-ахуалы тұрғысынан инвестициялық құқық нормаларының диспозитивтік сыпаты инвесторларға тең құқықтық қабілеттің орнығуынан, инвесторлар инвестициялық қызметті жүргізуге байланысты құқықтар мен міндеттер мүмкіндігі берілуінен көрініс алады, жаңа конституциялық заңның қабылдануымен нақты заңнамалық дәреже алды. Инвесторлардың (шетелдік және ұлттық) құқықтық жағынан белгілі бір айырмашылықтары сақталуда. Инвестициялық қызметтің пәрменділігін көтеру үшін инвесторларға тең құқықтық мүмкіндіктер берілді, онсыз инвестициялық қатынастардың нақты дамуы мен жетілдірілуі мүмкін емес.

Субъективтік құқықтар мен заң алдындағы міндеттерді қамтамасыз етудің құралдарын қолдануға негізделген инвестициялық құқық әдісінің ерекшеліктеріне байланысты мынаны атап өтуге болады: Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңына сәйкес инвестициялық қатынастар субъектілеріне ҚР Конституциясымен, ҚР басқа да нормативтік актыларымен, сондай-ақ ҚР бекіткен халықаралық шарттармен құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қолдау қамтамасыз етіледі.

Инвестициялық құқық нормаларының императивтік сыпаты мемлекеттің инвестициялық үрдіске ықпалын қамтамасыз ететін шектеулер мен тыйым салулардың жиынтығын орнықтыруда көрініс алады. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңымен инвесторлардың қызметіне мемлекеттік органдар бақылау жасайды, ҚР Заңнамасы инвестордың қызметіне бақылау жасаудың тәртібі мен мерзімдері белгіленген (7 бап).

Тиісінше, инвестициялық қызметке мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруда тыйым салу және шектеу нормалары қолданылады. Мұның өзі инвестициялық қатынастарды реттеудің императивтік әдісі жұмыс істейтінін көрсетеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, инвестициялық құқық құқықтық реттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қоланады деген тұжырым жасауға болады. Бір жағынан, инвестициялық құқық қатынастарды реттейді, осы қатынастарға субъектілердің (инвесторлардың) теңдігі тән, өйткені инвестициялар оған қатысушылардың бәріне өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін өзіндегі бар құралдарды жұмылдыруға мүмкіндік беретін аспап. Екінші жағынан, реттеудің императивтік әдісі де инвестициялық құқықты пайдаланады (мұнда мемлекет инвестициялық қатынастарды реттей отырып, инвестициялауда шектеулер мен межелерді белгілеуге қол жеткізіп, экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асырып жатқан инвесторларға жеңілдіктерге кепілдік береді). Сонымен құқықтық қатынастарды реттеуде жалпы рұқсат етулер мен жалпы тыйымдар ерекше маңыз алады, құқық жүйесінде үйлестіруші элементтердің рөлін атқарады.

§5. Инвестициялық құқық және кәсіпкерлік құқық

Ең алдымен, инвестициялық және кәсіпкерлік құқықтың қатынасы туралы айтпас бұрын құқық жүйесінде кәсіпкерлік қандай орын алады деген сұраққа жауап іздеу керек. XX ғасырдың басында кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық туралы пікірталас басталған-ды, ол әлі де толастаған жоқ. Кеңестік құқықтың теориясында шаруашылық құқық құқықтың дербес саласы орындарда тұрды^[32]. Әдебиетте «шаруашылық құқықтың» үш мектебі анықталған: 1) XX ғасырдың 20 -шы жылдары - құқықтың екі секторлы теориясы, оның негізін қалаған П.И.Стучка. Ол елде жекеменшік сектордың болуы ел экономикасында азаматтық құқықтың бар екенін көрсетеді деп санады, ал социалистік сектордың орнығуы шаруашылық құқықтың өмірге келгенін танытады, мұндайда мемлекеттік секторға шаруашылық құқық басымдылық алып, бірте-бірте жекеменшік сектор мен азаматтық құқықты ығыстыруға тиіс деп атап өрсетті, 2) XX ғасырдың 30 -шы жылдары - «бірыңғай шаруашылық құқық» мектебі, оның негізін қалағандар Л.Я.Гинцбург, Е.Б.Пашуканис. Олардың пайымдауынша, азаматтар мен социалистік ұйымдар арасындағы мүліктік қатынастар бірыңғай шаруашылық құқық нормаларымен реттелуі керек, оның негізгі қайнар көзі Шаруашылық кодекс болуға тиіс. 3) XX ғасырдың 60 -шы жылдары - шаруашылық құқықтың үшінші мектебі - В.В.Лаптев, В.К.Мамутов, т.б. шаруашылық қызметті (көлбеу қатынастарды) жүргізуде қалыптасқан шаруашылық қатынастарды, шаруашылық қызметке басшылық етуде (тік сызықты қатынастарды)^[33] шаруашылық қатынастарды құқықтық реттеудің бірлігінің қажеттігін дәлелдеді. Айтылғандарды ескере отырып, мынаны айтуға болады: XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Ресейде шаруашылық құқықтың жаңа (төртінші деуге болады) мектебінің қалыптасу және даму үрдісі басталды. Осы мектептің көптеген жақтаушылары шаруашылық (кәсіпкерлік) құқықтың дербестігі мен тұтастығын негіздеуге кезекті әрекет жасауға тырысты.

Өзінің даму тарихында шаруашылық құқықтың теориясы XX ғасырдың 60-80-ші жылдарында «өң жоғары кемелдену шағына» жетті. 50-ші жылдардың соңы мен 60 -шы жылдардың басында Азаматтық заңнама негіздерін жасау қарсаңында шаруашылық құқық туралы үлкен пікірталас болды: мұнда азаматтық заңнама барлық субъектілер (азаматтар мен кәсіпорындар) арасындағы мүліктік қатынастарды немесе азаматтар ғана қатысқан қатынастарды реттеуге тиіс пе, сонымен бірге кәсіпорындар мен басқа да заңды тұлғалар арасындағы қатынастарды дербес салаға (шаруашылық құқық) бөлу қажет болар деген мәселе назарға ілікті. С.С.Алексеев бірыңғай шаруашылық құқық идеясы кеңестік қоғамда идеологиялық негіз алғанын атап көрсетеді, өйткені жоспарлы, әкімшілік-жарлық экономикасы үстемдік құрған жағдайда принципінде жекеменшік құқық теріске шығарылды; қазір бұл идея мұндай алғышарттардан арылды, ол енді азаматтық қоғам, өркениетті нарықтық экономиканың қалыптасу тенденциясымен үйлеспейді^[34]. Сондықтан, осы тұғырнаманың жақтаушылары бұл құқықтық саланың кешенді табиғатын негіздеп, оны

экономикалық айналымның биліктік, жалпылама-құқықтық бастамаларды үйлестіре алатын, жекеменшік-құқықтық тетіктері бар қатынастардың бірден-бір құқықтық реттеушісі деп жариялайды. Е.А.Суханов біріншай шаруашылық құқықтың тұғырнамасына қарсы болып келсе де, шаруашылық құқықты бағзы бір кәсіпкерлік құқыққа уақыт өткен сайын айналдыру әрекеттерін нәтижесіз шаралар деп таниды^[35].

Шаруашылық құқық, дәлірек айтқанда, кәсіпкерлік құқық қазіргі уақытта құқықтың кешенді саласы болады деп санаймыз. Алайда, осы теорияның жақтаушылары аз, ғалымдар қандай да болсын құқықтық құрылымның дербестігіне ден қояды, құқық жүйесінде құқықтың кешенді салаларының болатынымен келіседі. Біздің көзқарасымызша кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың тұтастығын жақтаушылардың өз бағытынан таймай, дәлелдеуге болмайтын дүниені (бір мезгілде кәсіпкерлік құқықтың дербестігі туралы айта келіп, оның кешенді табиғатын тануды) дәлелдеуге ниет қойған себебі осында болар.

Сонымен бірге кәсіпкерлік құқықты құқықтың кешенді саласы деген идеяның жақтастары да бар. Атап айтқанда, Н.Ю.Круглова^[36], Е.П.Губин, П.Г.Лахно^[37], О.С.Иоффе^[38] шаруашылық құқықты бағзы бір кешенді құрылым деп қарастырады. М.К.Сүлейменов кәсіпкерлік құқықты екі жақты мағынада түсіну керектігі жөнінде пікір айтады: тар мағынада кәсіпкерлік құқық азаматтық құқықтың бөлігі, солай бола тұрса да, кәсіпкерлік құқықты құқықтың әртүрлі салаларының (азаматтық, әкімшілік, қаржы, кеден, еңбек, т.б.)^[39] нормаларын біріктіретін кешенді құрылым ретінде кең мағынада да, түсінуге болады.

Сонымен, кәсіпкерлік құқық құқықтың әртүрлі салаларының нормаларын біріктіретін саласы. Осылай болса, инвестициялық құқық нені көрсетеді? Кәсіпкерлік құқық бойынша әртүрлі пікірлердің қалыптасуына қарамастан, ғалымдар инвестициялық құқық бойынша бірауыздылық танытуда: инвестициялық құқықты кәсіпкерлік құқықтың институты деп түсінеді (кәсіпкерлік құқықты құқықтың дербес саласы, азаматтық құқықтың қосалқы бөлігі немесе құқықтың кешенді саласы деп тануға қарамастан). Сондай-ақ кәсіпкерлік құқық өкілдері де бұл мәселеге зор мән беруде, олар кәсіпкерлік құқықтың институты ретінде қарастырып, оны «Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу»^[40] немесе «Инвестициялық қызметтің құқықтың және экономикалық негіздері»^[41] деп атайды, бірақ инвестициялық құқық демейді.

Егер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үрдісінде пайда болған қатынастарды кәсіпкерлік құқықтың табиғи мәні тұрғысынан қарастырсақ, онда кәсіпкерлік құқықтың құрамына инвестициялық қызметтің құқықтық реттеу институты енетіні түсінікті. Сонымен бірге кәсіпкерлік құқықтың құқықтық институттары ретінде «бағалы қағаздар нарығын құқықтық реттеу», «банк қызметін құқықтық реттеу», «Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу», «Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу», т.б. реттеулерді ажыратуға болады. Күрініп отырғанындай, құқықтық институттарды шектеу негізіне кәсіпкерлік қызметтің түрі енген, бірақ бұлай ажырату шартты болып табылады, өйткені қызметтің саналуан үрлері және тиісінше құқықтық институттар араласып кетуі соншалық, қайсысының қайда екенін анықтау мүмкін болмайды. Инвестордың сыртқы экономикалық қызметке немесе сақтандыру қызметіне араласуы мынан әкеп соғады: кәсіпкерлік қызметтің осы түрлері инвестициялық қызметтің түрлеріне айналады. Мысалы, бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызмет - инвестициялық қызметтің түрі, ал оны әрқашанда кәсіпкерлік қызметтің түрі деп санауға бола ма? Бұ да мәселе (мысалы, бағалы қағаздар нарығындағы қатынастарға кәсіпкерлер емес, жеке инвесторлар қатысса, онда қатынас кәсіпкерлікке жатпайды, сөз жоқ инвестициялық қатынас болады). Сондай-ақ кәсіпкерлік құқық құрамына енбейтін, бірақ инвестициялық құқықтың институттары болып саналатын (мемлекеттік инвестициялау, мемлекеттік ғылым және ғылым саласын инвестициялау, т.б.) бірқатар институттарды бөліп қарастыруға болады.

Осы жағдайды шешудің күрделілігі құқық жүйесінде кәсіпкерлік құқықтың орны туралы мәселені әртүрлі түсінуге байланысты. Егер құқық теориясында анағұрлым көбірек тараған құқық жүйесінің бір өлшемді құрылымы туралы тұғырнама тұрғысынан қарағанда, онда кәсіпкерлік құқық-азаматтық құқықтың көмекші саласы, өз тарапынан инвестициялық құқық

кәсіпкерлік құқықтың институты. Бірақ мәселеге осылай келудің артықшылықтарынан гөрі кемшіліктері де жеткілікті. Құқық жүйесінің көп өлшемділігі идеясын тану тұрғысынан келіп, кәсіпкерлік құқық құқық жүйесіндегі ең ірі кешенді сала деп санаймыз. Инвестициялық құқық кәсіпкерлік құқықтың (сауда, коммерциялық, шаруашылық) қойнауында пайда болып, онан әрі даму үрдісінде кәсіпкерлік құқықтан бөлініп шықты, қазіргі уақытта құқықтың жаңа кешенді саласы болып қалыптасты.

Жалпы алғанда инвестициялық және кәсіпкерлік құқық өз дамуының әртүрлі деңгейінде тұрса да, - құқықтың кешенді салалары (инвестициялық құқық - анағұрлым жас сала, ал кәсіпкерлік құқық қалыптасқан әрі тұрақтанған сала).

§ 6. Инвестициялық құқықтың аралас салаларымен қарым-қатынасы

Инвестициялық құқық құқықтың кешенді саласы ретінде құқықтың әртүрлі салаларымен тығыз өзара байланысты. Құқық жүйесінің құрамдас элементтері ретінде құқықтың салалары бір-бірімен түйіседі және өзара әрекеттер жасайды. Құқық жүйесінің көп деңгейлілігі әртүрлі деңгейдегі байланыстарды тудырады.

Инвестициялық және азаматтық құқық - инвестициялық құқық үшін азаматтық құқық - «аналық» сала, немесе инвестициялық-құқықтық нормалардың «негізгі тіркелген орны». Инвестициялық қатынастардың едәуір бөлігі - азаматтық-құқықтық қатынастар, тараптардың теңдігінде емес, бағану билігіне негізделген қатынастар-инвестициялық жалпылама-құқықтық қатынастар. Демек, инвестициялық және азаматтық құқық арасында шектеулер құқықтық реттеу әдісімен жүргізіледі.

Инвестициялық және әкімшілік құқық - бұлардың өзгешеліктері құқықтық реттеудің табиғи мәні мен әдісінен көрінеді. Императивтік әдістің көмегімен реттелетін инвестициялық қатынастар - инвестициялық жалпылама-құқықтық қатынастар; олардың атқарушы билік саласында (мемлекеттік басқару) пайда болған түрлері - әкімшілік қатынастарға жатады: мемлекеттік басқарудағы инвестициялық қатынастар және инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеу қатынастар, оның ішінде инвестицияларды лицензиялау, сертификаттау, мемлекеттік қолдау, инвесторлардың әкімшілік жауапкершілігі, т.б.

Инвестициялық және халықаралық жалпылама құқық - инвестициялық және халықаралық құқықтың өзара іс-әрекеті халықаралық инвестициялық жалпылама құқықтың пайда болуына жеткізді. Халықаралық инвестициялық жалпылама құқықтың реттеу саласына халықаралық жалпылама құқық субъектілері арасында, шетел инвестициялары саласында өң алдымен мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық жалпылама құқықтың басқа да субъектілерімен арасында туындайтын қатынастар жатады.

Инвестициялық және халықаралық жекеменшік құқық - олардың шектелу негізіне құқықтық реттеудің табиғи мәні мен әдісі алынады, мұндағы халықаралық жалпылама құқықтан өзгешелігі сол - шетел инвестициялары жөніндегі халықаралық инвестициялық жеке меншік құқықтың субъектілері арасында қатынастар пайда болады. Олардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде аралас құқықтық институт - халықаралық инвестициялық жеке меншік құқығы қалыптасады.

Инвестициялық және қаржылық құқық - инвестициялық және қаржылық құқықтың ортақтығы мемлекет пен әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарының (МБҒР, МФК, МАР, МАГИ, т.б.) инвестициялық қызметке кеңінен қатысуымен сыпатталады. Мұнда мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды жоспарлау мен жүзеге асыруда пайда болатын қатынастар инвестициялық қатынастардың өзіндік тобын құрайды. Инвестициялық және қаржылық құқық шеңберінде кейін мемлекеттік қарыз мемлекеттік (бюджеттік инвестициялаудың) аралас құқықтық институттар құрылды.

Инвестициялық және тау-кен құқығы - бұлар өзара тығыз байланысты, жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық қатынастар құқықтың екі саласының реттеу мәні. Бұлардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде жер қойнауы саласында инвестициялардың құқықтық

реттеуі ретінде аралас құқықтық институттар инвесторлардың жер қойнауын пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалануға инвестициялық келісімшарттар - концессия, өнім бөлісі жөніндегі келісім, сервистік келісімшарт, т.б. пайда болды.

Ең соңында инвестициялық құқық (қылмыстық инвесторлардың заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілігі) құқықпен, еңбек (инвесторлардың тәртіптік және материалдық жауапкершілігі) құқығымен, экологиялық (инвесторлардың қызметті жүзеге асыруда экологиялық талаптарды сақтауы) құқық пен жер (инвесторлардың жер пайдалану құқы) құқығымен өзара іс-әрекет жасайды. Егер құқықтың негізгі саласына сыпаттама беруде оның бір саласын екіншісінен шектеу проблемасы басты болып келсе, құқықтың кешенді саласына сыпаттама жасауда оның құқықтың аралас салаларымен өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін көрсету маңызды.

§ 7. Инвестициялық құқық функциялары

Құқық функциялары - оның құқық субъектілерінің қызмет әрекеттеріне ықпал етудің негізгі бағыттары. Құқық теориясында құқықтың реттеушілік, қорғаушы, тәрбиелік және идеологиялық функциялары дәстүрлі болып келеді. Бұл соңғысына - идеологиялық функцияға ерекше екіпін жасалған: идеология функция қоғамдық қатынастар мен адам өмірінің рухани саласын^[42] реттеу мен қорғауға бағытталады деп саналды. Көп партиялық саяси жүйедегі «Ашық үлгідегі» қоғам жағдайында құқықтың қандай да бір идеологиялық бағыттылық қабылдана бермейді, тіпті пайдасыз «жабық үлгідегі» қоғам жағдайдың өзінде де маркстік-лениндік идеологиялық басым рөлі құқықтық қорғау мен қолдауға мұқтаж болды.

Қазіргі уақытта құқық функцияларының негізгі бөлінісі - реттеушілік және қорғаушылық функциялар сақталған. Құқық-қоғамдық қатынастардың негізгі реттеушілерінің бірі, іс-әрекеттің белгілі бір ережелерін белгілейді, сөйтіп қоғамдық қатынастарды реттейді (реттеушілік функция).

Құқықтың қорғаушылық функциясы құқықтың өзін-өзі қорғауынан көрініс алады, егер құқықтық талаптар бұзылған жағдайда оны бұзғандар үшін тиісті құқықтық зардаптар туындайды. Шын мәнінде құқық реттеуші және қорғаушылық функция атқарады, бірақ, біздің ойымызша, бұл жерде құқықтың тәрбиелік функциясының маңызын бағаламауға болмайды. Сонымен бірге құқық қоғамдық қатынастарды реттейді және құқықтық нормаларды мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтарды заңды құрметтеу және оның талаптарын еркімен орындауға тәрбиелейді. Жалпы құқықтық нигилизмнің қазіргі жағдайында құқықтың тәрбиелік рөлі ерекше жоғары. Заң алдындағы жауапкершіліктің басталғанын анықтайтын қорғаушылық нормаларды орнықтыру көмегімен ғана құқықтық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету мүмкін емес, ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде құқықтың мақсатын толық көлемінде жүзеге асыру керек. Осы функцияға қандай анықтама берілетін болады (егер «тәрбиелік функция» термині қолайлырақ деп табылмаса), мәселе онда емес, азаматтардың заңды құрметтеу сезімін қалыптастырудың, оны тиісінше орындаудың тиісті алғышарттарын объективті түрде жасау керек.

Сонымен, инвестициялық құқық **реттеушілік, қорғаушылық және тәрбиелік функцияларды** атқарады. Инвестициялық құқықтың реттеушілік функциясы инвестициялық құқық инвестицияларды жүзеге асырудың тәртібі мен негіздерін анықтауына байланысты. Инвестициялық құқықтық қорғаушылық функциясының мәні мынада: инвестициялық құқық инвесторлардың, инвестициялық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтары мен міндеттерін қорғайды және оларды қалпына келтіруге ықпал жасайды. Инвестициялық құқықтың тәрбиелік функциясының мәні мынадан көрініс алады: инвестициялық құқық азаматтарды ~~на~~ құрметтеуге тәрбиелейді, өйткені өркениетті елде заңға мойынұсынушылық - норма.

§8. Инвестициялық құқықтың принциптері

Инвестициялық құқықтың табиғаты мен құқықтық реттеу әдісіне анықтама берумен бірге, оның негізгі принциптеріне сыпаттама берудің маңызы да кем емес. Инвестициялық құқықтың принциптері инвестициялық қатынастарды реттеу мен регламентациясын жүзеге асырудағы анағұрлым елеулі сәттер мен идеялардан көрініс алады.

Құқықтың жалпықұқықтық принциптері мемлекеттің Негізгі заңы - Конституцияда көрініс алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында мынадай принциптер тұжырымдалған: демократия, халық билігі, Конституция мен заңдардың мәртебелілігі, идеологиялық және саяси көптектілік, меншіктің барлық нысандарының теңдігі, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу, жеке бастың құқықтары мен бостандығын құрметтеу, тең құқылық, құқықтық әдеттілік (Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 1, 3, 4, 5, 6, 8, 12, 13 баптары^[43]). Алайда, идеологиялық және саяси көптектілікті құқықтың принципі ретінде көрсетудің қажеті бар ма екен. Халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу принципіне қатысы бар, мұнда мемлекеттің сыртқы ішкі саясатының принциптері сөз етіліп отырған болар. Соңғы ережеге де нақтылық керек сияқты, ұлттық құқық нормалары алдында халықаралық нормалардың басым принципі деп нақтылаған дұрыс сияқты.

Жалпықұқықтық принциптер өз тарапынан құқықтың жеке салаларына тән принциптерді анықтайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекcінде^[44] (2 бап) бекітілген Азаматтық құқық принциптері: азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға қатысушылардың теңдік принципі; келісімшарт еркіндігінің принципі; жеке меншік істеріне өрескелдікпен араласуға жол бермеу принципі; азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру принципі; азаматтарды бұзылған құқықтарын қалпына келтіру принципі; азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау принципі, тең құқылық, меншік нысандарының теңдігі, жеке бастың құқықтары мен бостандығын құрметтеу, құқықтық әділеттілік жалпықұқықтық принциптермен; демократизм, құқық пен заңдылықтың үстемдігі жанама принциптермен қорғалады. Жеке меншік - құқықтық салалар ретіндегі құқық салаларының жеке меншік-құқықтық, жалпылама-құқықтық сыпаты бар, сонымен бірге құқықтың бірыңғай және басқа кешенді саласының принциптері - бір басқа.

Құқық принциптерін оның қалыптасуы мен дамуының басталуы мен негізгі идеялары деп түсінеді. Сондықтан құқық принциптерінің қалыптасу үрдісінің объективтілігін танумен бірге олардың мазмұнын анықтайтын экономикалық және әлеуметтік заңдылықтардың бірқалыпты сыпатын ескеру керек. Қоғамдық дамудың заңдылықтарының өзгеруі нәтижесінде негізгі құқықтық принциптердің өзгерістері болады, бұл экономикалық қатынастардың сыпатына байланысты. Мұның ең алдымен, құқықтың негізгі (іргелі) салаларына қатысы бар, осы салалардың жекеленген принциптері социализм кезінде де болды, нақтық қатынастардың қалыптасу және даму жағдайында экономиканың

дамуының объективті заңдарын дәл көрсете алатын басқа да принциптермен (әкімшілік-жарлықтық жүйенің социалистік принциптері деп аталатын) өзгертілді.

Жылдам дамушы нарықтық қатынастар өмірге құқықтың классикалық (немесе дәстүрлі) салаларының жаңа принциптерін ғана емес, құқықтың тұтас құқықтық институттары, қосалқы салалары мен салаларын әкелді. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан бері құқықтың бүкіл жүйесі қайта құрылды, атап айтқанда, құқықтың кешенді сапасы ретінде инвестициялық құқықтық қалыптасты.

Жалпыға белгілі болғандай, құқықтық нормаларға енген ережелер ғана құқық принциптері болады. Инвестициялық қатынастардың әр түрлерінің құқықтық реттелуінің тепе-теңдігінде байқалатын (инвестицияларды, бағалы қағаздарға айналдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты) инвестициялық заңнаманың жетілдірілмеуіне орай, инвестициялық құқықтың жалпы принциптерін жасау юп жағдайда теориялық сыпат алады. Біздің ойымызша, бұл - тек инвестициялық заңнаманың ғана емес, республиканың бүкіл заң жүйесінің кемшілігі. Өйткені инвестициялық қызметтің, инвестициялық саясаттың негізгі бастауларын заң жүзінде айқында майынша, мемлекетте экономика мен әлеуметтік саланың қалыпты қызмет істеуін қамтамасыз етуге болмайды.

Қолданылып жүрген инвестициялық заңнаманың нормаларындағы принциптердің құқықтық нысаны жоқ, оларды тек негізгі ережелерді талдау көмегімен айқындауға болады. Мынаны атап өткен жөн: осы принциптер өзінің мазмұны бойынша әртүрлі және инвестициялық құқықтың құқықтық институттарының салалық принциптерінің дербес топтарын құрайды. Инвестицияларды жүзеге асыру шеңберінде мына принциптерді бөліп шығаруға болады: қызметін жүзеге асыру үшін инвестордың нысандар мен тәсілдері еркін таңдау принципі; инвесторлардың құқықтарын толық және сөзсіз қорғау принципі; кірістерді пайдалану кепілдігінің принципі; мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмыс істеудегі қызметінің жариялылық принципі; мемлекет меншігіне алу мен реквизициялауда инвесторлардың құқықтарының кепілдігі принципі. Сондай-ақ салалық принцип ретінде халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық инвестициялық заңнамалар алдында артықшылық принципі атауға болады.

Жоғарыда аталған принциптер инвестициялық құқықтың әртүрлі құқықтық институттарына тән ішкі салалық болып табылады. Құқықтық институттардың кез келгенінің шеңберінде олардың әрқайсысына тән принциптерді атауға болады, мысалы, мемлекеттік қаржыларды ұқыпты және тиімді пайдалану принципі; инвестицияларды мемлекеттік қорғау институты үшін преференциялар беру принципі тән.

Солдай бола тұрса да, осы принциптердің кейбіреулері салааралық сыпатқа иелік етеді, халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық заңнамалар нормалары алдындағы артық принципі аламыз: егер Қазақстан Республикасы мақұлдап бекіткен халықаралық шартпен басқа ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау принципі де салааралық принцип ретінде қолданылады, өйткені экологиялық құқық пен табиғат ресурстары салалары (жер, су, тау-кен, орман т.б. құқықтар) үшін қоршаған ортаны қорғау принципі маңызды, сонымен бірге инвестициялық құқық үшін жер қойнауын жедел пайдалану мен товарлар мен қызмет түрлерін дамыту маңызды, мұның өзі елде қалыптасқан экологиялық жүйені бұзуға әкеп соқпауы керек.

Инвестициялық құқықта салааралық қана емес, жалпы құқықтық принциптер де көрініс алады. Мысалы, демократизм, құқық, заңдылық, теңқұқылықтың, меншіктің барлық нысандарының теңдік, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығының, құқық әділеттігінің мәртебесі. Аталған принциптер инвестициялық құқықтың сыпаттамалық ерекшеліктерін көрсетеді, атап айтқанда, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығы принципі инвестордың құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау принципіне көрініс алады.

Инвестициялық құқықтың негізгі принциптерінің қатарына **инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі** принципі де жатады, өйткені ол инвестициялық құқықтың бар мазмұнына ықпал жасайды. Осы принцип инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруда құқықтарының теңдігінен көрінеді. Азаматтық құқықтан айырмашылығы сол - бұл

принцип өзінше көрінеді, өйткені инвестициялық құқықтың субъектілерінің бір тобы басқаларынан көлемінің мол болуымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, инвесторлардың теңдік принципі Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңында негізгі принцип ретінде бекітілген.

Инвестициялық құқықтық азаматтық-құқықтық принципі ретінде **келісімшарт еркіндігінің принципі** көрініс алады. Келісім шарт еркіндігінің принципі азаматтық құқықтың бүкіл жүйесі арқылы өтеді. Егер әкімшілік - жарлық жүйесі жағдайында әдеттегідей келісімшарттар жоспарлы сыпат алса, ал нарықтық қатынастар жағдайында ол анағұрлым толық мәнінде көрінеді. Солай бола тұрса да, келісімшарт еркіндігі шексіз болмайды, оладілеттілік, адалдық, сапикалық ^[45] арқылы белгіленген белгілі бір табиғи шеңберде жұмыс істейді. Инвестициялық құқықта келісімшарт бірге басқа да өзіндік белгілерге иелік етеді, нарықтық қатынастар (оның ішінде инвестициялық қатынастар да) - бұл азаматтық-құқықтық (немесе жекеменшік-құқықтық) қатынастар ғана емес, жалпылама-құқықтық қатынастар. Сондықтан жекеменшік-құқықтық инвестициялық қатынастарда келісімшарт еркіндігі толық көлемінде көрінеді, ал жалпылама -құқықтық инвестициялық қатынастарда шектеулі, көлемде байқалады.

Келесі принцип - **инвестордың инвестициялар объектілерін таңдау еркіндігі принципі**. Қолданылып жүрген инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес, инвестициялар қызметтің кезкелген объектілері мен түрлеріне ұласуы

мүмкін. Сонымен бірге заңнамамен қызмет түрлерінің нақты тізбесі белгіленеді, онда преференциялар беру арқылы инвестициялау көтермеленеді. Тұтас алғанда, бұл принцип мынаны білдіреді. Инвестор инвестицияларын (қызметтің қолданылып жүрген заңнамамен тура тыйым салынған объектілері мен түрлерінен басқа) жүзеге асыру үшін қызметтің кезкелген объектісін немесе түрін таңдауға құқылы.

Инвестициялық құқықтың ең маңызды принциптерінің бірі - **инвестордың өз қызметін дербес атқару принципі**. Ол мынаны қамтиды: инвестордың инвестициялар объектілеріне иелік ету, пайдалану және жұмсау, сондай -ақ инвестициялық қызметтің нәтижелерін пайдалану құқы; инвестициялық қызметті жүргізуде қажетті кезкелген мүлікті шектеусіз алу (егер қолданылып жүрген заңға қайшы, келмесе); мемлекет, мемлекеттік органдар, немесе лауазымды ұлғалар тарапынан инвестордың ішкі шаруашылық қызметіне араласпау; инвестордың өз міндеттемелері бойынша дербес жауапкершілігі; т.б. Осы принцип инвестициялар туралы заңнамада инвестициялық қызметті жүзеге асырудың мемлекеттік кепілдіктері ретінде анағұрлым толық көрініс алады.

Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау принципі инвесторлардың барлық топтары бойынша кепілдік алды. (Бұрын ол тек шетелдік және бекітілген инвесторлар арналы -ды). Осы принцип мемлекеттің инвесторлардың инвестицияларын, кірісті (пайда), дивиденттерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау лауазымды ұлғалардың заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) қорғау мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету кепілдіктерінен көрінеді.

Инвестициялардың өзара тиімділігінің принципі (жалпы - мемлекеттік мүдделер мен инвестор мүдделерінің ықтимал үйлесімі) мынада: инвестициялық қызмет инвесторға тек кіріс (пайда) әкеп қоймай, жаңа кәсіпорындар ұйымдастыруға, жаңа немесе қосымша жұмыс орындарын жасауға, товарлар мен қызметтерді ұлғайтуға, олардың сапасын көтеруге жеткізуі керек.

Инвестициялық құқықтың әкімшілік-құқықтық сыпаттағы принциптері арасынан **инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеу принципі**н бөліп алуға болады. Осы принциптің ерекшеліктері мен мәні мемлекеттік реттеуде, өйткені мемлекет инвестициялық қызметке ықпал жасай отырып, реттеудің тура (әкімшілік) және жанама (экономикалық) әдістерін пайдаланады. Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу принципі Қазақстан Республикасының экономикасына жаңа инвестицияларды тарту принципімен бірге инвестициялық құқықтың жалпы салалық

принциптеріне жатады өйткені бұлар мемлекеттік инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын анықтайды. Мемлекеттік инвестицияларды тура мемлекеттік басқару және отандық товар өндірушілерді көтермелеудің принциптері туралы да осыны айтуға болады.

Сонымен инвестициялық құқықта негізгі (жалпы салалық), екіншісі - инвестициялық құқықтың бір немесе бірнеше институттарына тән.

§ 9. Инвестициялық құқық жүйесі

Құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың жүйесін инвестициялық қатынастарға өзінің әсер ету жағдайымен сипатталатын және өзара көлемі бойынша ерекшеленетін құқықтық институттар құрайды. Мұндайда инвестициялық құқықтың институттары мынамен сипатталады: олардың нормалары бір мезгілде құқықтың басқа (негізгі) салаларын реттеу үшін құрастырады. Құқықтың кешенді салалары шеңберінде құқықтық институттарының тепе-теңдігі құқықтың нормалардың қандай да болмасын топтарының (жиынтығы) қаншалықты дербес және өзіндік сипатына байланысты. Құқықтық институттардың өздері де екі үлкен жалпылыққа топтасуы мүмкін: жалпы және ерекшеленген. Жалпыға танымал - жалпы бөлімді құқықтың белгілі бір саласының мәнін, оның негізін құрастыратын идеялары мен бастауларын көрсететін институттар құраса, ерекшеленген жиынтық құқықтың жеке алынған саласының өзіндік дербес ерекшеліктерін танытады.

Сонымен, инвестициялық құқықтың жалпы бөлімі инвестициялық қызметті жүзеге асырудың негізгі бастауларын, инвестициялық қатынастарды реттеудің негізгі принциптері мен әдістерін анықтайтын институттар мен нормалардан тұрады. Инвестициялық құқықтың **жалпы бөлімінің** жүйесі құқықтың кешенді (қайталама) саласының мәнін ашып беретін мына құқықтық институттарды қамтиды: инвестициялар (түсініктері мен түрлері); инвестициялардың құқықтық режимі; инвестициялардың кепілдіктері; инвестициялық тәуекелділіктер; инвестициялық құқықтық қатынастар (субъектілер, объектілер, мазмұн); инвестициялық қызмет (түсінік, белгілері мен түрлері); инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу; инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. Сонымен бірге инвестициялық құқықтың жалпы бөлімінде инвестициялық құқықтық реттеудің мәні мен әдісі, инвестициялық құқық принциптері, функциялары және қайнар көздері, инвестициялық құқықтың құқықтың аралас салаларымен арақатынасы, инвестициялық заңнаманың жүйесі құқықтың бүкіл саласы үшін басқа да маңызды мәселелер көрініс табады.

Басқаша арнаулы құқықтық институттар деп аталатын **ерекшеленген бөлімнің** институттары қатынастардың жекеленген түрлерін реттеуге қызмет етеді. Сондықтан инвестициялық құқықтың ерекшеленген бөлігі мынадай құқықтық институттарды қамтиды: жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестицияларды құқықтық реттеу; бағалы қағаздар нарығында инвестицияларды құқықтық реттеу; шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу; инвестициялық келісімшарт (түсінік және ерекшеліктер); инвестициялық келісімшарттың түйіні, өзгерісімен бұзылуы; инвестициялық жоба (жасау және жүзеге асыру); инвестициялық келісімшарттар мен олардың жүйесі (жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарттар концессиялық келісімдер, өнімді бөлу жөніндегі келісімдер, сервистік келісімдер); сыртқы экономикалық инвестициялық шарт; мемлекеттік

қарыз шарты, банк қарызы жөніндегі шарт, лизинг шарты; бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық өзара келісімдер; инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық дау-даймаларды шешу. Сонымен бірге инвестициялық жүйесіне бюджеттік инвестицияларды реттеу институты; бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламалар институты; бюджеттік несиелер институты; мемлекеттік қарыз бен несиелендіру институты, сондай-ақ коммерциялық емес салада білім, ғылым, т.б. инвестицияларды құқықтық реттеу институты кіреді.

Инвестициялық құқық жүйесі туралы айтқанда, мынаны ерекше атап өткен жөн: сала ретінде инвестициялық құқыққа жалпы бөлімнің негізгі ережелері ықпал жасағанда, жалпы және ерекшеленген бөліктер арасындағы өзара байланыс көрініс алады, инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ инвестициялық құқықтың түсінігі мен категориясының мазмұнын дамытады. Ерекшеленген бөлікті құрастыратын институттар өз тарапынан инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу практикасымен мейлінше тығыз және нақты байланыста болады. Сөйтіп, инвестициялық қызметке тікелей ықпал жасайды, сайып келгенде, оның пәрменділігін арттырады, бұдан әрі жекеленген институттарда болсын, инвестициялық құқықта болсын өз дамуын алады.

Бақылау сұрақтары

1. Құқық жүйесіне түсініктеме беріңіз, оның негізгі құрылымдық элементтерін атаңыз.
2. Құқық жүйесінде инвестициялық құқық қандай орын алады?
3. Құқық жүйесінде құқықтың кешенді салаларының пайда болуының қажеттігі неден туындайды?
4. Құқық салаларының дербестік негіздерін атаңыз.
5. Қазақстан Республикасының инвестициялық құқығының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне сыпаттама беріңіз.
6. Инвестициялық құқықты құқықтық реттеудің мәнін айтып беріңіз.
7. Инвестициялық құқықты құқықтық реттеу әдісінің ерекшеліктерін баяндаңыз.
8. Инвестициялық және кәсіпкерлік құқықтың өзара байланысы қандай?
9. Инвестициялық құқықтың құқықтың аралас салаларымен арақатынасы неде?
10. Инвестициялық құқықтың функцияларын атап, сыпаттама беріңіз.
11. Инвестициялық құқық субъектілерінің теңдік және келісім еркіндігі принциптерінің мазмұнын ашыңыз.
12. Инвестициялық құқық жүйесінің түсінігін анықтаңыз.
13. Инвестициялық құқықтың жалпы және ерекшеленген бөлігінің институттарын атаңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Алексеев С.С. Құқық теориясы. М.: «БЕК» баспасы, 1994.
2. Алексеев С.С. Құқық: әліппе -теория-философия: Кешенді зерттеу тәжірибесі. М.: «Статут» баспасы, 1999.
3. Алексеев С.С. Құқық шыңына шығу. Ізденістер. Шешімдер. М.: «НОРМА» баспасы, 2001.

4. Богатырев А.Г. Инвестициялық құқық. М.: «Ресей құқығы», 1992.
5. Иоффе О.С. ҚР Азаматтық заңы. Құқық туралы ойлар. Ғылыми басылым. Астана: ҚР Заң институты ЖАҚ-ы, 2002.
6. Круглова Н.Ю. Шаруашылық құқық. М.: «Орыс іскерлік әдебиеті», 1998.
7. Лебедев К.К. Кәсіпкерлік және коммерциялық құқық: Жүйелік негіздер (кәсіпкерлік және коммерциялық құқық және Заңнама, заң ғылымдары мен құқық пәндер жүйесінде). СПб.: «Юридический центр Пресс» баспасы, 2002.
8. Лившиц Р.З. Құқық теориясы: Оқулық. М. «БЕК» баспасы, 2001.
9. Халқаралық коммерциялық құқық: көмекші оқулық. Құқық және мемлекет институтының Санкт-Петербург филиалы / А.Ю.Бушев және басқалар. / В.Ф.Попондопулоның жалпы редакциясымен. 2-ші басылым. М.: «Омега-Л» баспасы, 2006.
10. Қазақстан Республикасындағы және сыртқы экономикалық қызмет. / М.К.Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: ҚазМЗА, 2001.
11. Протасов В.Н. Құқықтық қатынастар жүйесі. М.: «Заң әдебиеті», 1991.
12. Протасов В.Н. Құқық нені және қалай реттейді? Көмекші оқулық. М.: «Юрист» баспасы, 1995.
13. Райхер В.К. Сактандырудың қоғамдық-тарихи үлгілері. М.: КСРО ҒА, 1947.
14. Фархутдинов И.З. Халқаралық құқық теория және қолдану практикасы: Ғылыми-практикалық басылым. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.

2 дәріс. Инвестициялық заңнаманың пайда болуы мен дамуының тарихы.

Инвестициялық заңнаманың пайда болуы мен дамуының тарихы. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы.

§ 1. Инвестициялық заңнаманың пайда болуы мен дамуының тарихы

Еліміздің және шетелдердің инвестициялық заңнамасының дамуының жалпы заңдылықтары мен негізгі тенденцияларын анықтау үшін оның заңнаманың дербес саласы ретінде пайда болуы мен қалыптасу тарихының зерттелуі қажет.

«Инвестиция» термині өзі XVIII ғасырдың басында, әуелде кірістер алуға пайдаланылатын еркін қаша қаржыларын көрсететін қаржы категориясы ретінде пайда болды. Бұл кезде Шотландия инвесторлары Американың батысында болашақта баю мақсатымен фермерлер жерлерін сатып ала бастайды, Америкада әлі де болсын аяғынан тік тұрмаған қарапайым нарықтың қалыптасуы мен дамуының негізін жасады. Жабық үлгіде қорлар алғашқы инвестициялық компаниялар болды. 1822 ж. Бельгия королі Вильям I, қазір айтылып жүргендей, тұңғыш инвестициялық траст жасады, траст Брюссельде тікшелді, бұл шетел мемлекеттеріне қарыз беру жолдарымен инвестицияларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл күнге дейін жұмыс істеп келген жабық үлгідегі байырғы қорлардың бірі - 1868 жылы Лондонда құрылған Шетелдік және отарлық инвестициялық траст^[46]. XIX ғасырдың 80-жылдарында инвестициялық трастар Шотландия мен Англияда пайда болды, кейін олар акциялары еркін сатылатын компанияларға айналды, бұл инвестицияларға қатысатын инвесторлардың санын көбейтуге, инвестициялық қатынастарды онан әрі дамытуға жеткізді.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыруды реттейтін арнаулы заң актылары арасында АҚШ-та қабылданған «Инвестициялық компаниялар туралы» Заң және 1940 жылғы «Инвестициялар жөніндегі кеңесшілер туралы» Заң бар. Алдыңғы заң инвестициялық компаниялардың акцияларын сатып алған инвесторларға қорғауға бағытталған, екіншісі - ақша салымдарының үлгілерін кәсібилікпен жасау үшін инвесторлар жалдайтын инвестициялар жөніндегі кеңесшілер тарапынан ықтимал асыра сілтеушіліктерден қорғауға арналған^[47]. Бірақ осы екі заң қосымша актылар болып табылды, ал АҚШ -тың Инвестициялық заңнамасының негізін 1933 жылғы бағалы қағаздар туралы Заң мен 1934 жылғы қор биржалар туралы Заңдар құрайды. Бағалы қағаздар туралы заң бағалы қағаздардың жаңа шығарылымы туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету және 1929-1932 жылдардағыдай қор биржаларының болашақ құлдырауын болдыртпау үшін қабылданды. Негізінен АҚШ-тың бағалы қағаздар туралы заңнамасы бағалы қағаздар нарығында нақты және ықтимал инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Инвестициялық заңнаманың құрамына енетін бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаларын бар көптеген дамыған елдердің бірқатарында (нақты активтер деп аталатын) бағалы қағаздарға айналдырылған инвестицияларға қарағанда, бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар анағұрлым көбірек таралған. Рас, тарихи осылай қалыптасты: бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар заңмен алдымен негіз алды.

Алайда, егер бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар шын мәнінде бағалы қағаздардың өзімен бір мезгілде пайда болса, онда басты объектілерді, айталық, пайдалы қазба орындарын игеру ерте дүниеде-ақ басталған-ды, демек, сол кездерде-ақ бұл салада инвестициялық қызметті құқықтық реттеу жөнінде алғашқы әрекеттер жасалған-ды.

Жер қойнауының тәлімдерін пайдалануға берудің осы заманғы концессиялық жүйенің негізгі бастаулары **Афины мемлекетінде** алғаш салынған. Жер қойнаулары мемлекет меншігінде болды, пайдалы қазбаларды іздестіруге ниеттенгендердің бәріне мүмкіндіктер берілген, табылған пайдалы қазбалар туралы баяндаулары мен мемлекеттік қазынаға жер қойнауын пайдалану құқы үшін бір мезгілдік жарнадан, алынған кіріс бөлігінен тыс төлем түсірген жағдайда, мемлекет пайдалы қазбалар шығару үшін белгілі бір алаң (кен аумағын) береді. Демек, осы кезде жер қойнауын пайдаланудың тау -кен еркіндігі; жердің сыртқы

кабатын жер қойнауынан бөліну; жер қойнауын пайдаланудың ақылылығы принциптері қалыптасып, қазба орнын тұңғыш ашушының құқы бекітілді.

Рим мемлекетінде концессиялық жүйемен бірге жер қойнауын пайдаланудың аксессиялық жүйесі де қалыптасты. Рим заңгерлері жерге меншік құқы оның қойнауына да тарауы керек деп санайды, өйткені минералдар (пайдалы қазбалар) жердің өнімдері (мысалы, өсірілген егін) болып табылады, сондықтан жер байлығы оның иесіне толық тиесілі деген. Сөйтіп, рим заңгерлері бірінші болып осы уақытқа дейін қолданылып жүрген аксессия принципін негіздеп ұсынды. Осы принцип бойынша жер иесі оның қойнауындағы байлыққа да қожалық етеді.

Солай болғанымен, рим провинцияларында жер қойнауы мемлекет меншігінде болды. Мемлекет атынан ерекше прокуратор жеке тұлғаларға мемлекеттік концессияның пайдасына ақылы негізде пайдалы қазбаларды барлап шығару үшін жер тәлімдерін таратқан. Мұндайда жер үстінің қожайының алдын-ала келісімі талап етілмеді, барлау жасау рұқсат алу мен қазынаға белгілі кірісті (оннан бір бөлігін) төлесе - жетіп жатты. Сонымен, Рим билігі заманында-ақ жер қойнауын пайдаланудың екі жүйесі - концессиялық және аксессиялық жүйелер негізделіп, бастау алған, бұлардың дуализмі мен текетіресі осы уақытқа дейін сақталып келеді.

XVII ғасырдың ортасында **Ресейде** пайдалы қазбалы барлау мен шығаруға жер қойнауын тәлімдерін беру тәртібін реттейтін алғашқы заң актылары пайда болды. Мәскеу үкіметі жер бетінде кен іздеуге рұқсат еткен бірнеше жарлықтар шығарды, заводтар құрылысын жекеменшік имениелерде, монастырьлар жерінде салуға рұқсат етілді, кен өнеркәсіпшілеріне (оның ішінде шетелдіктерге) жерлерімен^[48] келісімшарттар жасау ұсынылды. Осыған байланысты Ресейде жер қойнауын пайдалану жүйесі аксессия принципінде орныққан, ол жер қойнауы құқын оның сыртқы қабаты құқықтан бөлу принципін танымаған деген қорытынды жасауға болады.

Ресейде жер қойнауы, саласында инвестициялық қызметтің нағыз дамуы XVIII ғасырдың басында, I Петрдің тұсында бастау алды деуге болады. I Петр пайдалы қазбалар орнын барлауға отандық және шетел инвесторларын жұмылдыру саясатын діектілікпен жүргізді. Ол тау-кен құқығының мынадай негізгі принциптерін жария етті: кен еркіндігі принципі, кен көзінің барлану принципі, жер қойнауын пайдаланудың ақылы принципі, еркін кен өсіпкерлігінің принципі. Осы кезеңде жер пайдалану саласында инвестициялық қызметті жүзеге асырудың елеулі құқықтық базасы жасалды. (атап айтқанда, «Кен қазу істерін құру Жарлығы», 1700 жылы 24 тамызда, 1719 жылғы 10 желтоқсандағы Берг - коллегия^[49], т.б.). Ресей империясының заңдар жинағын құрастыруға 1832 ж. Тау-кен Жарғысы жасалып қабылданды, кейін 1842 және 1857 жылдары қайта редакцияланып, Ресей империясының Тау-кен жарысының негізін құрады, 1912 -1914 жылғы өзгерістер мен қосымшалар енгізілді.

XX ғасырдың басында-ақ тау-кен заңнамасының жүйесі қалыптасты. Оның көптеген негіз құраған принциптері бұл күндері де маңызын жойған жоқ. Осы кезеңде әр елдерде маңызын жойған жоқ. Осы кезеңде әр елдерде пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге құқық беру екі әртүрлі және өзара бір-бірін жоққа шығаратын тәсілге негізделген: 1) заңнамамен жер қойнауын пайдалану құқын кімге беру керектігі анықталмаған, ал бұл тұлғаны таңдау құқы әрбір нақты жағдайда үкіметке берілген (жер қойнауын пайдалануға берудің бұл жүйесі «концессиялық» деген атау алды); 2) жер қойнауын пайдалану құқын алуға үміткер сай келуге тиісті талаптардың белгілі тізбесін заңнама белгілейді (бұл құқық жер қойнауын пайдаланудың «құқықтық» жүйесі деген атау алды).

Концессиялық жүйе Францияда қалыптасты, кейін Бельгияда, Голландияда, Түркия мен Грекияда қолданыла бастады. 1810 жылы Францияда тау-кен заңы қабылданды, онда жер иесінің өзіне қарасты иелікте пайдалы қазбаларды іздестіру мен барлау құқын бекіткенімен, бұл құқына да үкімет шектеу қойды, үкімет тау-кен әкімшілігі імен келісе отырып, жер қойнауы жөнінде басқа да іздестірушілерге де әрекеттер жүргізуге рұқсат бере алды, кейін

барлық өтініштерді қараған соң, жер иесінің келісімінсіз-ақ, бірақ оған міндетті түрде өтемақы төлеу арқылы жер қойнауын пайдалануға рұқсат ете алатын болды.

Концессионер міндетті екі талапқа сай болу керек болды: жобаның жүзеге асыруға жеткілікті қаржылары болуы қажет; жер қойнауын игеруді ұйымдастыру мен жүргізу де қажетті қабілеттері болуға тиіс.

1837 жылы Бельгияда қабылданған концессиялар беру жөніндегі Заң Францияның тау-кен заңының ережелерін қайталаған; оның бірден-бір ерекшелігі сол - онда жер иелерінің қазба орындарын ашқан ашқандар мен басқа да тұлғалардың құқықтық хал -ахуалы теңестірілмеген. Осы заң мен жер иесіне жер қойнауын игеру құқын оған беруде артықшылық құқық белгіленген, жер қойнауынан қазба байлықты іздеп тапқан тұлғаға жер иесіне қарағанда артық құқық берілуі керек еді.

Ресейде жер қойнауын пайдалануға берудің қалыптасқан жүйесі «концессиялық» емес, «құқықтық» жүйе деп аталды. Концессиялық жүйе Ресейдің заң әдебиетінде батыл сынға ұшырады, әкімшіліктің қазба орындарын белгілі бір тұлғаға пайдалануға өз қалауынша беру құқы тау-кен заңнамасының бірден -бір мүмкін болатын, берік және әділетті негізін бұзғандық болады^[50], тау-кен заңнамасы бойынша, қазба орнын ашқан тұлғаға оны игеру құқы танылған, басқаша сөзбен айтқанда, қазба байлықты алғаш ашқан тұлғаның құқы бұзылды.

Біздіңше, бұл жағдайда жер қойнауын игеруге берудің «концессиялық» және құқықтық жүйесі туралы түсініктер араласып кеткен. Бір жүйенің екіншісінен басты ерекшелігі сол - жоғары атқарушы органға (үкіметтің) концессионерді таңдау құқының берілуі. Басқа жағдайда заңнаманың негізгі талаптарында концессияның иесі нендей жауапкершілік алатыны қарастырылған. Бұл жерде бірден осы екі жүйе арасындағы елеулі өзгешеліктер күдік туғызады: егер бірнеше үміткер заңнама талаптарына сай келсе, онда «құқықтық» жүйе жағдайында келісімшартқа қатысушылар арасынан бір тұлғаны таңдау тәртібін қалауға болар. Сондықтан «құқықтық» жүйе жағдайында жоғары атқарушы орган белгілі бір тұлғаны таңдау құқына ие болуы керек, ол жер қойнауын пайдалану шартын жасасқан тұлғаға ден қоюға тиіс. Осыдан жер қойнауын пайдалануға берудің «құқықтық» және «концессиялық» жүйелері арасындағы ерекшеліктер жер қойнауындағы қазба байлықты игеруге құқын беру шарттары заңнамамен емес, жер мен оның қойнауына бөлінбейтін жеке меншіктің құқын қорғау қажеттігінен туындаған. «Құқықтық» жүйені демек, акцессиялық жүйе деп атаған дұрыс болар, ол жер қойнауын пайдалануға берудің «концессиялық» жүйесінен түбірлі өзгеше. Ресейде концессиялық жүйеден бас тартудың басты себебі мынада: концессиялық жүйе ең алдымен жер иесінің «қасиетті» құқықтарына қол сұқты, сондықтан бұл жүйе қабылданбады.

1917 жылы қазан төңкерісінен кейін алғашқы декреттердің өзінде -ақ жер үсті құқығын оның қойнауына иелік ету құқығынан бөлу принципі бекітілді. Осыған сәйкес жер асты байлығы жер бөлігі ретінде қарастырылмады, ерекше құқықтық режимге бағындырылды (бұл принцип дамыған шетелдерде осы уақытқа дейін құқықтық жүйелерде сақталып келе жатқан акцессия принципке сәйкес жер қойнауы жердің құрамдас бөлігі болып табылады, ал жер қойнауына меншік құқы жерге меншік құқының құрамдас бөлігі). 1920 жылы КСРО ХКК-і қабылдаған жер қойнауы туралы Декрет жер қойнауын пайдалануға байланысты қолданылып келген барлық актылар мен жеке тұлғалармен^[51] келісімшарттарды жойды. Алайда, жеке капиталды (әң алдымен шетелдік) жұмылдырудың объективтік экономикалық қажеттіліктерін ескеріп, тау-кен өнеркәсібінің мұқтажына жер үсті мен қойнауын бөлу тәртібі туралы нұсқауға сәйкес қоғамдық жерлерде алтын және платинаны іздестіру, барлау және шығару жөнінде құқық берілді, ал кейін бұл ережелер басқа да пайдалы қазбаларды^[52] өндіруге де жатқызылды.

Мысалы, 1923 жылғы 7 шілдедегі жер қойнауы және оны игеру туралы Ережеде КСРО-ның барлық азаматтары мен заңды тұлғаларына, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен олардың заңды тұлғаларына^[53] пайдалы қазбаларды барлау, іздестіру және шығару, өңдеу құқы бекітілді. Одақтас республикалардың заң актыларында да концессия бастауларында жер

тәлімдерін жеке ұлғаларға босату мүмкіндігін бекіткен нормалар көрініс алды. А тап айтқанда, Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның 1923 жылғы Жер кодексінде (160, 168, 170, 176, 178)^[54] концессия және жалға беру негіздерінде жер бөлу және пайдалану көзделген. Кейін Қазақ АКСР-ы Кеңестерінің V съезінде (1925 ж. 19 сәуір) қабылданған «Ирригация туралы» шешімдерінде суландыру мен жер пайдалануды өнімдер завод -фабрикалық өңдеу үшін ерекше механикаландыруды қажет ететін жерлерді концессияға берудің мүмкіндігі, концессияларға ірі концессияларға арнаулы жер тәлімдерін, республиканың таяудағы мүмкіндігіне қарай елеулі мөлшерде несиелер^[55] бөлу қажеттігі айтылған.

ЖЭС (1921-1927 жж.) кезеңінде Кеңес мемлекетінің экономикасына шетелдік азаматтары мен заңды тұлғаларының қатысуына жол берілді. Әсіресе пайдалы қазбаларды шығару үшін жер қойнауларын беру кеңінен қолға алынды. (шетелдік инвесторлар қатысқан 25 кәсіпорын құрылды). Сол кезеңде жасалған концессиялық келісімшарттар концессиордың (инвестордың) өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше атқармағаны жағдайында мемлекеттік органдардың бастамасымен келісімшартты өздігінен мерзімінен бұрын тоқтату туралы ережелерді бекіткен. Тиісінше, жер қойнауларына мемлекеттік меншік құқы жер қойнауын пайдалану саласында жеке тұлғалардың (шетелдік, отандық кәсіпкерлердің) бастамашыл инвестициялық қызметімен үйлесім табады.

Сол кезеңде -ақ КСРО-ның, жекеленген республикалардың, оның ішінде Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметке қатысуының құқықтық негіздері жасалды. 1920 жылы 27 мамырда Жұлжада КСРО мен Синьцзянь арасында Іле хаттамасы деген атаумен белгілі болған келісімшарт жасалды, ал 1924 жылы 31 мамырда КСРО мен Қытай арасында шарт жасалды, соның нәтижесінде Қазақстан Синьцзяньмен^[56] 1 сыртқы сауда операциялар жасай алатын болды.

1927 жылы КСРО-ның тау-кен ережелерінің қабылдануымен инвесторлардың құқық көлемі төмендеді және мемлекет тарапынан бақылау күшейді, ал 30-шы жылдары - тоталитарлық тәртіптің орнауы кезеңінде инвестициялық қызмет мүлдем тоқтатылды. Қазба байлықты барлау мен өндіруде кен орнын алғаш ашқандардың құқын бекіткен кен еркіндігі принципі белгіленген Тау-кен ережелері КСРО-ның жер қойнауы туралы заңнамасының негіздері қабылданған - 1975 жылға дейін күшін жойды. Сонымен бірге XX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап жер қойнауларын игеруге шетелдік және жеке тұлғаларды жұмылдыру туралы ақпарат кездеспеді.

Екінші үшкөзділік соғыстан кейін мемлекеттердің интеграциялануына ынта күшейді. Социалистік мемлекеттердің пайда болуына байланысты мемлекеттердің екі негізгі блогы құрылды, соның шеңберінде олардың экономикалық және саяси, әлеуметтік салаларда ынтымақтастығы дамыды. Тұрақты қызмет істейтін, мемлекетаралық және үкіметтік емес сыпаттағы бірлестіктер ретінде әртүрлі мемлекеттік ұйымдар құрылды, ондағы мақсат тиісті құрылтай құжаттарында қарастырылған халықаралық проблемаларды шешуге көмектесу, мемлекеттердің жан-жақты ынтымақтастығын дамыту болды. 1944 жылы шілдеде АҚШ, Ұлыбритания және олардың одақтастары өкілдерінің Бретон-Вудсте (Нью-Хэмпшер, АҚШ) кездесуі нәтижесінде халықаралық Валюта Қоры жөнінде Шарт жасалды. 1946 жылы Халықаралық даму және қайта құру банкі құрылды. 1957 жылы Рим шартына сәйкес Еуропалық, Экономикалық Қауымдастық құрылды.

Бұл кезең дамыған (капиталистік) елдерден транзиттік корпорациялардың әртүрлі ұлттық заңды тұлғалардың бірлестігі ретінде экономикалық және саяси ықпалын күшейту мақсатында капитал жеткізу өріс алды.

Бұл үрдіс XX ғасырдың басында-ақ, 1907 жылы ағылшынның «Шелл» мұнай компаниясы Голландияның «Ройял Датч» («Ройял Датч-Шелл») компаниясымен біріккен кезден басталды, оның нағыз дамуы өткен ғасырдың екінші жартысында Американың «Дженерал Моторз», «Форд Моторз», т.б. компанияларының тікелей араласуы нәтижесінде басталды.

Капитализм елдерінің халықаралық және экономикалық институттарының құрылуына орай социалистік мемлекеттер блогының шеңберінде Варшава Шарты жасалды және

Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі құрылды. Инвестициялық қатынастардың жаңаруы жаңа сапада болсын, тар мағынада болсын, дәл осы кезде басталды. Инвестициялардың құқықтық реттеу аймақтық деңгейде ғана емес, социалистік мемлекеттер арасында достық және ынтымақ жөнінде екі жақты келісімдер жасау жолымен, сондай-ақ социалистік құрылыс жолына түскен үшінші әлем елдерімен де келісімшарттар жасау жолымен реттеліп отырды. Үшінші әлем елдеріне «қайырымды» саяси миссияны жүзеге асыру үшін едәуір қаржы көмегі көрсетілді, заводтар, фабрикалар тұрғызылды, экономикасының тұтас салалары, ауыл шаруашылығы, т.б. жаңарды. Сонымен бірге социалистік елдер, оның ішінде бұрынғы КСРО дамушы елдерде осы мемлекеттерді азаматтары есебінен әртүрлі деңгей мен сан алуан қызмет салаларына арнап мамандар даярлады.

Сол кезеңнің әдебиетінде аталып өткеніндей, КСРО осындай сыпаттағы көмекті жүзеге асыра отырып, капиталды экспорттамады^[57] оның көмегімен салынған кәсіпорындарға, оларды басқаруға қатыспады, сол кәсіпорындарды пайдаланудан қандай да болсын пайда алмады, кеңестік көмек отаршылдық жүйені жоюға бағытталды, империалистік елдердің көмегі осы жүйені отаршылдықтың^[57] жаңа нысаны түрінде сақтауға жұмсалды. Біздің пікірімізше, осы үкіл ірі ауқымды қызмет бір ғана мақсатқа жетуді көздеді: дамудың социалистік жолына үскен мемлекеттердің санын көбейту, социалистік елдердің әскери және саяси бірлігін нығайту.

Алайда саяси жасалар мемлекеттердің экономикасына нұқсан келтірумен шешіліп отырды, объективтік экономикалық заңдарға қайшы келді, объективтік заңдылықтарға сәйкес инвестициялық қатынастар өзара тиімді болуға тиісті еді, бірақ біржақты сыпат алды.

Социалистік мемлекеттер арасында өзара қарым - қатынастар жөнінде де осыны айтуға болады, экономикалық тұрғыдан алғанда мақсаткерлік және өзара тиімділік сыпатта болмады. Принципіне Өзара Көмек Кеңесіне қатысушы елдердің экономикалық саладағы ынтымақтастығы достас халықтардың бауырластығы ұранымен өтіп жатса да, товар - ақша қатынастарының сыпатында болды, ондаған жылдар бойы қоғамдық дамудың бүкіл объективтік заңдар мен заңдылықтарын өрескел бұза отырып жүргізілген инвестициялық қызмет экономикалық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болды, социалистік ынтымақтастықта болған бұрынғы әлі де болсын сол дағдарыстан шыға алмай келеді.

Мынаны ерекше атап өткен жөн: КСРО бірқатар капиталистік елдермен - Финляндиямен, Франциямен, Скандинавия елдерімен, Германиямен, т.б. мемлекеттермен ұзақ мерзімдік сауда келісімдерін жасады. Товар айналымы жөніндегі келісімдерге сәйкес КСРО-ның шаруашылық ұйымдары мен Батыс фирмалары арасында келісімшарттар жасасты. Бұл келісімшарттардың мемлекетаралық келісімшарттардан елеулі ерекшеліктері болды: буржуазиялық мемлекеттер өз фирмаларына қатынасты келісімшарттар жасау үшін әкімшілік шаралар қолдануға міндеттемелер қабылдамады. Мұның өзін қазіргі, жағдайда дұрыс деуге болады, өйткені әңгіме жеке меншік-құқықтық қатынастар туралы болып отыр, оған мемлекеттің араласуына жол берілмейді, ал кеңестік ғылымда халықаралық - жеке меншік құқық проблемасы үлкен айтыс, пікірталас туғызды, бұл буржуазиялық мемлекеттердің өздерінің заңды және жеке тұлғаларының келісімшарттарын сақтауға кепілдік жасауға құлықты емес деп қабылданды, жалпы алғанда, мәселенің қойылысы мұндай келісімшарттардың ролін кәдімгі нұсқауларға деңгейіне жеткізу, тараптарға қандай да болсын міндеттемелер жүктемейтін деңгейге жеткізуді көздеді.

Шетелдік заңды тұлғалар мен оларды КСРО аумағында шаруашылық қызметке жіберу бағытында Кеңес мемлекетінің дамуының әртүрлі кезеңінде әртүрлі көзқарастар болды. КСРО ХКК-інің 1931 жылғы 11 наурыздағы «КСРО аумағында сауда операцияларын жүргізуге шетелдік фирмаларды жіберу туралы» Қаулысымен әрбір сәт үшін рұқсат алудың принципі белгіленді - сауда операцияларын жүргізуге рұқсат алған ұйымдар мен тұлғалар өз қызметінде КСРО-да қолданылып жүрген заңдар мен мемлекеттік органдардың жарлықтарға бағынады^[58]. Кейін Кеңестік азаматтық заңнамен (КСРО және одақтас республикалардың азаматтық заңнамаларының Негіздерінің 124 бабы), оның ішінде Қазақ КСР-ның тиісті азаматтық заңнамасымен (ҚКСР Азаматтық кодексінің 560-бабы) шетелдік кәсіпорындар

мен ұйымдар КСРО-да сыртқы сауда бойынша және соған байланысты мәлімелер жасауға құқық берілген кеңестік сыртқы сауда бірлестіктерімен басқа да кеңестік ұйымдармен есеп айырысу, сақтық және басқа да операцияларды ерекше рұқсат алмай-ақ жүргізе алатыны^[59] белгіленген. Демек КСРО-да шетел юсіпорындары мен ұйымдарына шаруашылық қызмет жүргізудің рұқсат ету тәртібі орын алған

Алайда, инвестициялық қызметтің нақты дамуы **XX ғасырдың 80 -ші жылдарында ғана** мүмкін болды. Елде жер-жерлерде басталған «қайта құру» сыртқы экономикалық қызметті де қамтыды. КОКП ОК Саяси Бюросының 1986 жылы күзде біріккен кәсіпорындар құрудың мүмкіндігі туралы шешім қабылдаудан кейін мемлекеттің экономикасына шетелдік инвестицияларды құюға жол ашылды. Бұл шешім КОКП ОК-і мен КСРО МК-інің 1986 жылғы 19 тамыздағы «Социалистік елдермен ғылыми-техникалық ынтымақтастық және экономиканы басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы»^[60] құрылысымен байланысты болды. Осыған орай социалистік ынтымақтастықтағы елдермен сыртқы экономикалық байланыстардың нысаны мен әдістері елеулі өзгерістерге ұшырады. Басты назар КСРО және социалистер елдердің бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары арасында өзара әрекет етудің жаңа прогрессивті нысандарын белсендірек енгізуге, **толғы** шаруашылық есеп пен өзара тиімділік негізінде олардың қызметі үшін экономикалық және ұйымдастырудың алғышарттарын жасауға аударылды.

КСРО МК-інің 1987 жылғы 13 қаңтардағы «КСРО аумағында кеңестік ұйымдары мен капиталистік ~~және~~ дамушы елдердің фирмалары қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құрудың тәртібі туралы» Қаулысымен^[61] КСРО аумағында бірлескен кәсіпорындар осындай кәсіпорындар мен келісімшарттар негізінде құрылатыны белгіленді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1987 жылғы 13 қаңтардағы «КСРО аумағында кеңес және шетел ұйымдары, фирмалары мен басқару органдарының қатысуымен бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құруға және олардың қызметіне байланысты мәселелер туралы» Жарлығымен^[62] бірлескен кәсіпорындар жарияланған кірісті алу сәтінен алғашқы екі жыл бойы салықтан босатылды; КСРО МК-і бірлескен кәсіпорындардың жекеленген топтары мен категориялары ~~және~~ бірлескен кәсіпорындардың жекеленген топтарының шетелдік қатысушылары үшін салық жөнінде жеңілдіктер белгіледі; жер, оның қойнауы, су және ормандар тегін де және ақылы пайдалануға берілетін болды.

КСРО Министрлер Кеңесінің (МК) 1988 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік ік, кооперативтік және басқа да қоғамдық кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметін онан әрі дамыту туралы» Қаулысымен^[63] аса маңызды міндет ретінде экономикалық қызметтің әртүрлі нысандарына кәсіпорындар, бірлестіктер, өндірістік кооперативтер мен басқа да ұйымдарды белсендірек тарту үшін валюталық өзін-өзі өтеу, социалистік ~~және~~ кәсіпкерлікті дамыту принципінде жағдайлар жасау анықталды. КСРО Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 7 наурыздағы «Сыртқы эк ономикалық қызметті мемлекеттік реттеу шаралары туралы» Қаулысымен^[64] сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу жүйесі белгіленді.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады. Жоғарыдағы нормативтік актылар сыртқы экономикалық салада реформалар жасау мен инвестициялық заңнаманың ұлттық жүйесін қалыптастыруға көшуді анықтады. Бұған дәлел ретінде мынадай фактылар келтіруге болады: 1987 жылқазан айына дейінгі деректер бойынша КСРО-да он екі бірлескен кәсіпорын, 1989 жылғы 15 мамырға дейін 448 бірлескен кәсіпорын (оның 386-сы капиталистік және дамушы елдер фирмаларының қатысуымен), 22 халықаралық бірлестік, екі бірлескен ұйым, 49 бірлескен шаруашылық ұйымдардың филиалы^[65] тіркелді.

Қалыптасқан осы жағдайларда КСРО Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 10 желтоқсанда «КСРО-да инвестициялық қызмет туралы заңнаманың негіздері туралы» Заң^[66] қабылдады. Заң инвестициялық қызмет субъектілері арасындағы өзара қатынастарды реттейтін негізгі құқықтық құжат ретінде шарт (келісім) деп санады. Қазақ КСР-ында, басқа да одақтас республикаларда шетел инвестициялары және инвестициялары қызмет туралы

Заңдар қабылданды. КСРО-ның шетел инвестициялары туралы заңнамасының негіздері республикаларға егер өз заңдары одақтық конституция мен қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмесе, шетел инвесторлары туралы өз заңдарын қолдану құқын берді (Кеңес мемлекетінде федерациялық мемлекеттік құрылыс бола тұрса да, одақтық заңдар нормалары республикалық заңдарға ешбір өзгеріссіз қабылдана беретін). **Қазақ КСР-ның 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Шетел инвестициялары туралы» Заңы** бойынша республикада шетел инвесторлары мыналар бола алады: шетелдік тұлғалар, шетел азаматтары және кеңестік заңды тұлғалары, шетелдік азаматтар мен заңды тұлғаларға жататын акциялардың бақылау пакеті немесе үлестік қатысудың үлкен бөлігі (1 бап). Бұл кезеңде Қазақстанда алғашқы инвестициялық келісімге қол қойылды, оның тараптары Кеңес Одағы мен американдық «Шеврон» корпорациясы.

Кеңестік инвестициялық заңнама ұзақ жасаған жоқ, Одақтың тарату үрдісі басталды, тәуелсіз мемлекеттер құрылды. «Шеврон» корпорациясымен инвестициялық келісімшарт Қазақстан Республикасымен, жаңа және неғұрлым тиімді нұсқада 1993 жылы қайта жасалды, осы заманғы ірі инвестициялық келісімшарттардың бірі болып табылады. Сонымен бірге бұл кезең бұрынғы одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамаларының қалыптасуында шешуші роль атқарды, инвестициялық қызметтің негіздері жасалды. Мысалы, Ресей Федерациясында 1991 жылы 4 шілдедегі «Инвестициялық қызмет туралы» Заң бірқатар өзгерістермен, қосымшалармен әлі де қолданылып жүр.

Дамыған елдер өткен ғасырдың 60-80-ші жылдарында-ақ дамушы елдерде өнім өткізудің жаңа нарықтарына, шикізат, энергия көздері мен жергілікті арзан жұмысшы күшіне ие болуға бағытталған инвестициялық саясатты жүзеге асырды. Бұл кезеңде Кеңес Одағы экономикалық мүдделер мен пайда табуды көздемей, ең алдымен саяси мақсаттарды алға қойды. Ал Монголия, Куба, Вьетнам, Камбоджа сияқты мемлекеттер Кеңес Одағының ұзақ мерзімдік несиелер үрінде қаржы көмегін өздерінің мемлекеттік бюджеттеріне бірден салды. КСРО мен Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі тарағаннан кейін КСРО-ның құқықтық мұрагері - Ресей 80 млрд-тан астам мемлекеттік несиелерді қайтарып ала алмады^[67].

Инвестициялық заңнама тарихы туралы мәселені талқылауды аяқтай келіп, мынадай қорытындылар шығаруға болады:

- Инвестициялық қатынастар пайда болған сәттен заңнаманың әртүрлі салаларының (сауда, азаматтық, қаржы, тау-кен, халықаралық, т.б.) нормаларымен реттеліп келді, ал инвестициялық нормалардың бөлінуі және заңнаманың дербес саласына бірігуі дамыған елдерде, негізінен, XX ғасырдың екінші жартысынан басталды;

- XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап инвестициялық қатынастардың дамуында екі кезеңді бөліп алуға болады:

- 1 кезең (1986 -1990 жж.) шетел инвестицияларының алуы және бірлескен кәсіпорындардың құрылуы. (Елде «қайта құру» басталады, бұл сыртқы экономикалық қызметті де қамтыды. КОКП ОК-і мен КСРО МК-інің сыртқы экономикалық байланыстар мен социалистік елдермен ынтымақтастығы басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қаулысына, сондай-ақ КОКП ОК-інің Саяси Бюросының бірлескен кәсіпорындар туралы шешіміне өйкес шетел инвесторлары КСРО аумағында өз қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік алды);

- 2 кезең (1990 -1991 жж.) - шетелдік және ұлттық инвесторлар инвестициялық қатынастардың толық мәнді қатысушылары (субъектілері) бола бастады. (КСРО-да инвестициялық қызмет туралы заңнаманың негіздері, 1990 ж., КСРО-ның шетел инвестициялары туралы заңнама негіздері, 1991 ж., сондай-ақ барлық бұрынғы одақтас республикаларда қабылданған осындай заңдар инвестициялық қызметтің негізгі бастаулары мен принциптерін бекітіп берді).

· Қазақстан Республикасында, басқа да бұрынғы социалистік елдерде, инвестициялық заңнаманың ұлттық жүйесінің қалыптасуы олардың тәуелсіз мемлекеттер ретінде қалыптасуы мен нарыққа көшуі кезеңінде мүмкін болды.

§ 2. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы

Инвестициялық қатынастар әлемдік экономикада шешуші және айқындаушы роль атқарады. Кезкелген мемлекеттің экономикасында инвестициялардың пәрменділігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі - оларды заңнамамен бекіту, инвестициялық заңнаманың өркен жайған жүйесін жасау және инвестициялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды жүзеге асыратын пәрменді механизмді негіздеу.

Қазақстан Республикасында инвестициялық заңнама өзінің қалыптасуы, дамуы мен жетілдіруінде төрт негізгі кезеңнен өтті.

Бірінші кезең - бастапқыда шетел инвестициялары туралы заңнама ретінде пайда болған инвестициялық заңнаманың қалыптасуы. Ол Қазақ КСР-ының 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақ КСР-ының инвестициялық туралы» заңынан бастау алды^[68]¹. Бұл заң шетел инвестицияларын озат технология мен ~~бару~~ тәжірибесін тартуды мақсат етті, шетел капиталына қажетті кепілдіктер берді. Заң республикада ашық үлгідегі экономиканы қалыптастыруға бағытталды және елдің әлемдік практикада шаруашылықты жүргізудің жалпы қабылданған принципіне тезірек көшуіне көмектесуге тиіс болды.

Қазақ КСР-ының шетел инвестициялары туралы заңының негізгі ережелері әлі де болсын белгілі бір дәйеге декларациялық сыпат алды, рас, оны қ абылдауда оң сәттер де болды: біріншіден, республикада қалыптасып үлгірген инвестициялық қатынастарды заңды түрде бекіткен тұңғыш акт болды; екіншіден, осы заң актысымен төрт жыл бойы ел экономикасына шетел инвестицияларын тарауігін анықтады, мұның өз і шетел капиталының ағылуына жеткізді; үшіншіден, шетел инвесторларына өз қызметін жүзеге асыруына кепілдіктер берілді (мысалы, еске мемлекетінің 20 -шы жылдарда шетел капиталын енгізуге бағыт ұстаған заңнамасынан өзгешелігі осы - шетел инвестицияларының хауіпсіздігі мен ағалуы жөнінде кепілдіктер берді). 1917 жылы әуелі жеке меншікті мемлекет меншігіне алу, бұдан кейін ЖЭС -тан кейін тағы да меншігіне алу шетелге белгілі болған, осыдан КСРО-ға ерекше сенім болмаған-ды. Мейлінше белгілі және осы уақытқа дейін жұмыс істеп тұрған бірқатар шетелдік фирмалар (Швейцарияның «Сандоз», «Хофман-ля-Рош», Францияның «Креди Лионе», т.б. фирмалар) 1920 -1940 жылдары КСРО-да ешқандай өтемақысыз өз меншіктерінен айырылып қалды, сонымен бірге 30-шы жылдары «Лена-Голдфилдс», «Тетюхе Майнинг корпорейшн» сияқты компаниялармен концессиялық келісімшарттарды мерзімінен бұрын тоқтату төрелік және сот істерін жүргізуге әкеп соқты, бұл шетел инвесторлары үшін нәтижесіз аяқталды^[69]¹. Сондықтан шетел инвестицияларына кепілдіктер беруге арналған тараудың енуі шетелдік ынталы инвесторлар тарапынан ықылас туғызады және олардың белсенділігін арттыра түседі.

Инвестициялық заңнаманың қалыптасуы Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуым ен дәл келді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1990 жыл 25 қазандағы Декларациясынан^[70]¹ бастау алды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңынан бұрын, Қазақстан әлі де одақтас социалистік республика болып тұрғанда-ақ, 1991 жылы 10 маусымда^[71]¹ қабылданған инвестициялық қызмет туралы заң инвестициялық қатынастарды реттеуші сол кездегі барлық заң актыларынан ең ұзақ жасады тек 1997 жылы күшін жойды.

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы шетел инвестициялары туралы заңнама ретінде қалыптасты, инвестициялық қызмет туралы заң шетел инвестициялары туралы заңнан жеті ай кейін қабылданды. Ең бастысы осы мерзімге дейін оның реттеу өрісі басқа заң актылары арасында бөлініп те қойған еді, мысалы, шетел инвестицияларын жүзеге асыруға байланысты қатынастар шетел инвестициялары туралы заңнаманың нормаларымен, ал ұлттық инвестицияларға байланысты қатынастар заңнаманың басқа да салаларының

(азаматтық, қаржы, банк, әкімшілік, бағалы қағаздар, т.б.) нормаларымен реттелді. Сол кездің тағы бір маңызды шарасы - шетел инвестициялары туралы заңнаманың қалыптасуына басты назар аударылды, ұжымдастырушылық жұмыс, негізінен, шетел инвесторлардың қызметінің құқықтық негіздерін жасауға бағытталды.

Мұның дәлелі ретінде сол кезде қабылданған заңдарды мысалға келтіруге болады: Қазақстан Республикасының Заңдары: «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздарды айналысқа шығару және биржалық қор туралы» 1991 жылы 11 маусымда; «Шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар туралы» 1991 жылы 21 маусымда; «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» 1991 жылы 23 желтоқсан; «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» 1991 жылы 25 желтоқсан, т.б. заңдар.

Ең соңында, шетел инвестициялары туралы Заңнаманы алдымен қалыптастырудың үшінші факторы - шетел инвесторларының қатысуымен инвестициялық қатынастар қалыптасты да, бұл оларды заң тұрғысынан тезірек бекітуді талап етті, ал ұлттық инвестициялар және олардың құқықтық мәртебесі туралы мәселе енді ғана көтеріліп жатты. Бұдан бұрын аталып өткеніндей, бұрынғы КСРО-да қайта құру үрдістері сыртқы экономикалық қызметке де түбірлі өзгерістер әкелді. Инвестициялық қатынастардың бірінші кезеңінде шетелдік инвестициялар жеткіліксіз құқықсыз регламентациялар болмаған жағдайда қабылданып жатты. Мұны 1990 жылы 30 қарашада қабылданған «Еркін экономикалық аймақ туралы» заң аяқтады, осы заңнама бойынша бірлескен және шетелдік заңды тұлғалардың, құру және қызметінің тәртібін, еркін экономикалық аймақтағы шетел азаматтарының кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерінің кепілдігін; сондай ақ шетел азаматтары, бірлескен кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктерін анықтап берді.

Қазақстан 90-шы жылдардың басындағы заң актыларында мемлекет тарапынан шетел инвесторларының қызметіне шектеусіз бақылау жасауға ықтималдық басым байқалды. Мысалы, Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» 1991 жылғы 23 желтоқсандағы^[72] Заң Қазақстан Республикасы мен шетел инвесторлары арасындағы қатынастарды реттеуі, осы заңға сәйкес республика аумағында концессия конкурстық негізде берілді, шетелдік заңды немесе жеке тұлғаға шаруашылық қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға рұқсат етті, концессионерге жер, табиғат ресурстарын беруді қарастырған. Бір жарым жылдан кейін концессиялар туралы заң күші жойды деп танылды, алайда бұл актыны жою концессиялық қатынастардың жоғалып кетуіне әкеліп соққан жоқ. Тарихи зерттеулерден көрініп тұрғанындай, мемлекетке өзінің қарауындағы меншік объектілерін кіріс алу үшін пайдаланғанда, концессиялық қатынастар сөзсіз және заңды түрде пайда болған, ал принципінде концессиялық қатынастар инвестициялық қатынастардың бір түрі болып келеді.

Сондықтан бұл қатынастар қолданылып жүрген заңнамамен реттелді ме, жоқ па, мемлекет мемлекеттік меншік объектілерін шетелдік, отандық заңды және жеке тұлғаларға игеруге және пайдалануға беріп отырғандықтан концессиялық -инвестициялық қатынастар сақтала береді. Мысалы, «Шетел инвестициялары туралы» Жүрізменстан Республикасында 1993 жылы Іқазаннан, Ресей Федерациясында 1991 жылдан қызмет етіп келеді. Ресейде концессиялар туралы заң осы уақытқа дейін қабылданған жоқ. Қазақстан Республикасында концессия туралы заңның жобасы ұзақ уақыт жасалды, 2006 жылы 7 шілдеде «Концессиялар туралы» заң қабылданды.

Инвестициялық заңнаманың қалыптасу кезеңінде инвестициялық қатынастардың онан әрі дамуына Қазақстан Республикасының мына заңдары мол ықпал жасады: «Қазақстан Республикасының экономикасын қайта құру қоры туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі; «Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі; «Валюталық реттеу туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі; Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының кепілдігімен Қазақстан Республикасына берілетін шетелдік несиелерді ұмылдыру, пайдалану және есебін жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 1994 жылғы 28 наурыздағы Қаулысы, және басқа да

актылар. Бұлардың арасында тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған тұңғыш Конституциясы ерекше орын алады. Сонымен, осы кезеңде Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарды дамытудың бастапқы кезеңінде тәуелсіз мемлекеттің тұтас алғанда мейлінше жаңа заңнама жүйесі, инвестициялық заңнаманың ұлттық жүйесі қалыптасты.

Инвестициялық заңнаманың дамуындағы **екінші кезең** Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициялары туралы» 1994 жылғы 27 желтоқсандағы ^[73] қабылданған Заңынан басталады. Осыған байланысты шетел инвестициялары туралы 1990 жылғы 7 желтоқсандағы заң, күшін жойды. Жаңа заң ел экономикасына шетел инвестицияларын жұмылдыру негіздерін анықтады, шетел инвестицияларына мемлекеттік кепілдіктер берді, оларды жүзеге асырудың ұйымдық-құқықтық негізгі нысандарын белгіледі, сондай-ақ шетел инвесторларының қатысуымен даулы мәселелерді шешу тәртібін анықтады. Шетел инвестициялары туралы заңмен бір мезгілде Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) қабылданды, оның 1995 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енуіне байланысты Қазақ КСР-ының 1963 жылғы Азаматтық кодексінің кіріспесі, 1-223 баптары, КСРО-ға жатаған республикалардың Азаматтық заңнамасы негіздерінің (1991 ж.) 1-73 баптары (Азаматтық кодекс пен азаматтық заңнамалар негіздерінің қалған баптары 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде қалды, басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі күшіне енгенге дейін); Қазақстан Республикасының «Меншік туралы», «Кәсіпорындар туралы», «Кепілдік туралы» (1991 ж.) заңдары күшін жойды деп танылды.

Азаматтық заңнаманы жүйелеу Қазақстан Республикасының ұлттық жүйесінің қалыптасуында нарықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды тәртіпке келтіруде маңызды роль атқарды. Азаматтық кодекс нарықтық жекеменшік-құқықтық қатынастарды реттеу саласында негізгі арнаулы нормативтік акт болып табылады. Осы ~~айтның~~ инвестициялық қатынастар азаматтық заңнамамен реттеледі.

Инвестициялық қатынастардың дамуына елеулі ықпал жасаған екінші заңнама актысы - Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңы ^[74]. Бұған дейін қолданылып келген жер қойнауын пайдалану туралы Кодекспен салыстырғанда, бірқатар мәселелер басқаша шешімін тапқан. Біріншіден, реттеу ~~мәні~~ ықшамдалған, 1992 жылғы жер қойнауы туралы Кодекске қарағанда. Жер қойнауы туралы Заңда минералдық шикізатты өңдеу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайтыны айтылған. Екіншіден, жер қойнауы туралы заңда жер қойнауын пайдалану құқының субъектілері іріктелген ұлттық және шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар; ұрақты және уақытша пайдаланушылар). Үшіншіден, Жер қойнауы туралы Заң 1992 жылғы Кодекске қарағанда, жер қойнауын пайдаланудың төрт түрін қарастырған (Кодексте үш түр): жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу; барлау; өндіру; пайдалы қазбаларды шығаруға байланысты жерасты ғимараттарын салу және пайдалану.

Заңнама жүйесінде ерекше орын алатын нормативтік акт - Қазақстан Республикасының 1995 жылы 28 маусымда қабылданған «Мұнай туралы» заңы ^[75], ол елде инвестициялық қызметтің даму үрдісіне ғана емес, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңына да елеулі ықпал еткен. Соңғы заң Қазақстан Республикасының заңды аумағында, оның ішінде теңізде, ішкі су көздерінде мұнай операцияларын жүргізуде туындаған қатынастарды реттейді. Мұнай туралы Заңда Қазақстан Республикасының басқа заң актылары мен осы заң арасында қарама-қайшылықтар туа қалса, онда мұнай туралы заң нормалары басшылыққа алынады, бұдан шығатын қорытынды: мұнай операцияларын реттеуде мұнай туралы заң үлкен құқықтық күшке иелік етеді, жер қойнауы және оны пайдалану заңынан артықшылығы осында. Сондай-ақ мынаны атап өткен жөн: жер қойнауы және оны пайдалану туралы заң әуел баста заң күші бар Республика Президентінің Жарлығы ретінде шықты, кейін атауы өзгертілді.

Инвестициялық заңнаманың дамуындағы екінші кезеңнің ерекшелік белгісі сол - қабылданған заңнама және нормативтік актылардың басым көпшілігі - уақытша сыпат алды,

ұзақ мерзімдік перспективасы болмады, қазір олардың едәуір бөлігі құқықтық күшін жойды, бұлардың арасында Ел Президентінің заң күші бар «Жер туралы» 1995 жылғы 22 желтоқсандағы, «Салықтар және бюджетке қосылатын басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылы 24 сәуірдегі, «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылы 2 мамырдағы, т.б. жарлықтары бар. Сонымен бірге дәл осы кезеңде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің жалпы бөлімі қабылданды, тиісінше жеткілікті елеулі құқықтық база жасалды, бұл нарықтық қатынастарды реттейтін қолданылып жүрген заңнаманың негізін құрады.

Инвестициялық заңнаманың дамуы мен жетілдіруінің үшінші кезеңінің бастауы Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау жасау туралы» 1997 жылғы 28 ақпанда қабылданған заңнан ^[76] алады. Онда мынадай негізгі міндеттер айқындалған: Жаңа технологиялар, озат техника мен ноу-хау енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы товарлар мен қызмет түрлерімен толтыру; отандық өндірісшілерге мемлекеттік қолдау мен көтермелеу; экспортқа бағдар ұстанған және импорт ауыстыра алатын өндірістерді дамыту; жаңа жұмыс орындарын жасау; қоршаған ортаны жақсарту т.б.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңды жүзеге асыру мақсатымен республика Президентінің «Инвесторлармен келісімшарттар жасауда жаңалықтар жүйесі және оларды беру тәртібі туралы» 1997 жылы 5 сәуірдегі; «Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін оның басым секторларын бекіту туралы» 1997 жылғы сәуірдегі Жарлықтары, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдердің қатысуын көтермелеу мақсатымен Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқару органдары мен дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестіру тәртібі туралы» 1997 жылғы 30 мамырдағы; «Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің өкілдерін бекіту туралы» 1997 жылғы 17 мамырдағы, тағы басқа қаулылары шықты.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңның мынада: біріншіден, оны қабылдаумен бірге Қазақстан Республикасының тікелей инвестициялар туралы арнаулы заңнамасын қалыптастыру басталды; екіншіден, бұл заңнама өз дамуында жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Тікелей инвестициялар туралы заңнама қабылданғанға дейін мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды көбейтуге және олардың қызметіне анағұрлым қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталды. Сайып келгенде, шетел инвестицияларының тиімділігі аз болды, көбінесе жер қойнауын пайдалануға салынды, ел экономикасын дамытуға елеулі ықпал ете алмады, бұл шетелдік инвесторлардың жер қойнауын игеруге басым назар аударуына әкеп соқты. Соның нәтижесінде сол кезеңде салынған шетел инвестицияларын едәуір бөлігі алысқатарлық сыпат алды. Кейін тікелей инвестициялар туралы заңның қабылдануымен шетел инвестициялары туралы заңға елеулі өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Бұған себеп Қазақстан тарапынан үкіметтік кепілдікпен ұлттық инвесторлардың шетел инвесторларымен жасасқан шарттар бойынша мемлекеттің миллиондаған теңге зиян шегуі болды. Осыдан кейін Қазақстан жағы шарт міндеттемелерін бұзуға мәжбүр болды.

Осы кезеңде тікелей инвестициялар туралы заңнаманың дамуы басталды, бұл заңнан кейін шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру саласында арнаулы заңнаманың іргетасы қаланды. Қазақстан Республикасының әртүрлі деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру үрдісінде қалыптасқан қаржы қатынастарын реттеу шеңберінде 1999 жылы 1 сәуірде қабылданған «Бюджет жүйесі» туралы заңымен мемлекеттік қарыздар мен несиелерді жүзеге асырудың негізгі бастаулары анықталды. Сонсоң 1999 жылы 2 тамызда мемлекеттік несиелер үрдісінде Қазақстан Республикасының өкілетті органдары мен мемлекеттік емес несиелер резиденттері арасында байқалған қатынастарды реттейтін арнаулы заңнама актысы - Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік және кепілді мемлекеттік несиелер мен қарыз туралы» заң қабылданды. Соңында, 2001 жылы 25 сәуірде Қазақстан

Республикасының «Қазақстан даму банкі туралы» Заңы^[77] қабылданды. Онда Даму банкі қызметінің негізгі мақсаттары анықталған: мемлекеттік инвестициялық қызметті жетілдіру және тиімділігін көтеру; өндірістік инфрақұрылым мен ұқсатушы өндірістерді дамыту, Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік және отандық инвестицияларды тартуға ықпал жасау. Сонымен бірге ҚР Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жасалды, 2001 жылғы 29 қаңтардағы жарлығымен ҚР-ның, Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану Ережелері^[78] бекітілді.

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуындағы алғашқы екі кезеңге сыпаттама бергенде, біз бағалы қағаздар нарығындағы заңнаманың қалыптасуы және оның инвестициялық қатынастарды дамыту үрдісіне ықпалы туралы мәселені қарастырудан саналы түрде жалтардық. Өйткені бұл заңнама өзі пайда болған сәттен-ақ инвестициялық заңнамадан дербес қызмет етті. Инвестициялық заңнама әуелбастан-ақ бағалы қағаздар және бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар туралы заңнама ретінде қалыптасқан елдерге қарағанда, Қазақстанда инвестициялық заңнама нақты активтерге айналдырылған инвестициялар туралы заңнама ретінде (ең алдымен, жер қойнауын пайдалануда) қалыптасты. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңы^[79] тұңғыш рет бағалы қағаздар мен басқа да қаржы активтеріне айналдырылған инвестицияларды инвестициялық қызметтің құрамдас бөлігі деп заң тұрғысынан бекітті. Сонымен, бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың негізгі екі тобы анықталды: 1) өзінің қаржыларын бағалы қағаздарға айналдырған инвесторлар (жеке немесе заңды тұлғалар); 2) өзіне жұмылдырылған қаржыларды барынша бағалы қағаздарға айналдырған инвесторлар.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңмен бірге Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздармен сауда-саттықты тіркеу туралы» Заңы және «Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлар туралы» Заң (1997 жылғы 6 наурыздағы) қабылданды. Бұл заңдар бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғауды мақсат етті.

Тікелей инвестициялар туралы заңмен инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін кепілдіктер мен жеңілдіктер белгіленді, инвесторлар алдында Қазақстан Республикасының өкілеттілігін танытатын бірыңғай мемлекеттік орган құру жария етілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылды және Қазақстан Республикасы үкіметі осы Комитет жөніндегі Ережелерін бекіту туралы қаулы қабылдады (1997 жылғы 24 наурыздағы).

Кейін инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік комитет республикалық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі Агенттігіне айналды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Агенттік туралы Ережелер^[80] Агенттігі Үкімет құрамына енбейтін, Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды мемлекеттік сауда саласында мемлекеттік басқару мен бақылау функциясын жүзеге асыратын орталық атқару органы болып табылады. ҚР Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР -ның инвестициялар жөніндегі Агенттігі таратылып, оның функциялары ҚР Сыртқы істер министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитетіне, ал жер қойнауын пайдалану саласында - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігіне^[80] берілді.

Сонымен бірге бір жарым жылға жуық уақыттан соң, кезекті қайта ұйымдастыру болды. Экономика және сауда министрлігі екі министрлікке бөлінді: экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, индустрия және сауда министрлігі. Соңғы министрлікке өнеркәсіп, құрылыс және сауда, стандарттау, метрология, сертификаттау салалары бойынша басқару функциялары мен өкілдіктері берілді, осыған байланысты ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитеті құрылды (бұдан әрі Инвестициялар жөніндегі Комитет).

Қазір инвестициялар жөніндегі Комитетке инвестицияларды жүзеге асыру саласында өкілетті және бақылаушы орган мәртебесін беретін қажеттілік өзінен-өзі туды, ал оны

инвестицияларды мемлекеттік қолдау шеңберімен шектеп қалуға болмайды. Қолданылып жүрген заңнамада бекітілген Комитеттің негізгі функциялары оның құзырынан және экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын тікелей инвестициялар туралы заңнаманы реттеу шегінен асып түседі. Тікелей инвестициялар жөніндегі заңның мәні мен негізгі мақсаты - экономиканың инвесторлар үшін аса тартымды емес салаларына жеңілдіктер мен преференциялар арқылы шетел және отандық капиталды, алдымен өндірістік инфрақұрылымдарға, ауыл шаруашылығына тарту. Жер қойнауын пайдалану экономиканың басым саласына жатпайды және мемлекеттік қолдауға мұқтаж емес, әуелбаста ең алдымен шетел инвесторлары үшін неғұрлым молырақ капитал салу объектісі болғаны рас.

Сонымен, ҚР Инвестициялық заңнамасының дамуындағы үшінші кезеңнің басты ерекшелігі мынада - инвестициялық заңнама арнаулы заңнамалық актылардың үш негізгі блогын қамтыды: шетел инвестициялары туралы заңнама; тікелей инвестициялар туралы заңнама (тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңнама); бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар туралы заңнама (бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама). Сонымен бірге мемлекеттік инвестициялау туралы заңнама, оның ішінде тікелей мемлекеттік инвестициялар; мемлекеттік инвестициялар бағдарламалары; мемлекеттік инвестициялар; мемлекеттік инвестициялардың бағдарламалары; мемлекеттік қарыздар мен борыш туралы, т.б. заңнамалар; әлеуметтік инвестициялар туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы) заңнама.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы «Инвестициялар туралы» заңының қабылдауымен инвестициялық заңнаманың дамуының **төртінші кезеңі** басталды. Инвестициялар туралы заңнамаға байланысты қатынастарды реттейтін нормаларды біріктірді, шетелдік және отандық инвестициялардың жалпы құқықтық тәртібін орнықтырды, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын инвесторларға кепілдіктер берді. Атап айтқанда, ҚР -ның аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктері (ҚР-ның заңдарымен және басқа да нормативтік актылармен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау. ҚР-да бекітілген халықаралық шарттармен қорғау); мемлекеттік органның қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келмейтін актысынан инвесторға келтірілген шығынның орнын толтыру құқы; сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған шығын орнын толтыру құқы; кірістерді пайдалану кепілдігі; инвесторлардың национализациялау мен реквизициялау кезінде құқықтарына кепілдіктер беру. Осы заңнама актысымен инвесторлардың қызметін бақылау және қадағалауды мемлекеттік органдар атқарады. (Инвестициялар туралы заңның 7 бабымен оларға осындай құқық берілген). Шын мәнінде бұл құқықты кепілдіктер қосуға болады, өйткені онда мемлекеттік органның бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруының ережесі белгіленген.

Сонымен бірге осы заң жекелеген ережелерін қарауда белгілі мәселелер туындайды. Біріншіден, мемлекеттік бюджет қаржыларынан бөлінген инвестицияларды жүзеге асыруға, коммерциялық емес ұйымдарға, оның ішінде білім, қайырымдылық, ғылыми немесе діни мақсаттарға қосылған капиталға байланысты қатынастар реттеу саласынан шығарылған. Мемлекеттік бюджет есебінен жұмылдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастар осы заңнамамен реттелмейді, өйткені мемлекеттік инвестициялауды жеке меншік инвестициямен араластырмайды. Бірақ құқық тұжырымдаманың өзі де нақты сыпат алмай отыр, өйткені мемлекеттік инвестициялармен бірге мемлекеттік бюджет қаржыларынан қайтарым және қайтарымсыз негізде босатылатын инвестициялар бар. Талданылып нормаланатын жүйеде, мемлекеттік қаржыландырудан туындайтын қатынастар да реттеу саласына енген, өйткені олар мемлекеттік қаржылар есебінен асырылады. Коммерциялық ұйымдардың қызметін ұйымдастыруға байланысты туындаған қатынастар қазіргі уақытта азаматтық заңнамамен, арнаулы заң актыларымен реттеледі, ал капиталды коммерциялық емес ұйымдарға енгізуге байланысты қатынастар тиісті заңнамалық бекітуге ілікпеген. Сондай-ақ материалдық емес

игіліктерді жасауға бағытталған зияткерлік инвестициялар жөнінде де осыны айтуға болады. Сондықтан қолданылып жүрген заңнамада олардың негізгі бастауларын бекіту қажет, инвестициялардың бұл түрін бір заңнама актысында араластырып жіберуге болмайды.

Екіншіден, инвестициялардың заңдағы тұжырымдары елеулі өңдеуді қажет етеді. Егер инвестицияларды капитал ~~же~~ зияткерлік деп ұрыптағанда, онда капитал құрушы инвестицияларға ден қойылып жүр. Принципінде заң шығарушының көзқарасы түсінікті, өйткені ұсынылып отырған заңның реттеу саласынан зияткерлік инвестицияларға байланысты қатынастар шығарылып тасталған, ал инвестициялардың дәл анықтамасы да оны капитал құрушы инвестициялар ретінде сыпаттайды. Сонымен бірге инвестициялар туралы заңда бұған тікелей сілтеме жасалмаған, сондықтан мұндай инвестициялар тек заңды тұлғаның жарғылық қорына құйылады немесе кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтерді ұлғайтуға жұмсалады деген әсер қалыптасады. Жалпы алғанда анықтама инвестициялардың әр түрлі заң актылардағы, ең алдымен, шетел инвестициялары мен тікелей инвестициялар туралы үшін жойған заңдарда анықтамаларының қайдағы бірі синтезі сияқты.

Үшіншіден, «Инвестициялар туралы» заңының (3 бабында) («Инвестициялық қызмет объектілері») өзгерістер енгізу керек. Өйткені инвесторлар инвестициялық қызметін кез келген объектілер мен ~~әсіпкерлік~~ қызметтің түрлерінде жүзге асыруға құқылы делінген. Алайда, мұндай тұжырым толық мәнді емес, өйткені кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет өздерінің мазмұнына қарай әрдайым үйлесе бермейді. Осы мәселенің тереңдігіне бармай-ақ мынаны байқаймыз: олардың арасындағы шектеулік инвестициялардың арасындағы шектеулік инвестициялардың тура анықтамасы (заңның 1 бабы) арқылы жасалғанында, жеке тұтынуға арналған товарлар инвестициялар түсінігіне жатпайды. Мұндайда кәсіпкерлік қызметке жеке тұтынуға арналған товарларды бөлшек сату-сатып алу - оның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Заңның осы бабына жасалған талдау мынаны көрсетеді: әңгіме тек кәсіпкерлік қызмет туралы емес, қызметтің басқа да түрлері жайында болып отыр деп топшылауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, заңның өзінде күшін жойған шетел инвестициялары туралы және тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы екі заң актысының нормалары біріктірілген. Шетел инвестициялары мен тікелей инвестициялар байланысты туған қатынастарды барлық инвестициялық қатынастар деуге болмайды. Сонымен бірге заңның атауы мен оның реттеу саласының анықталғаны Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейтіні, инвестицияларды көтермелеудің құқықтық және экономикалық негіздерін анықтайтыны, инвестицияларды жүзеге асыруда инвесторлардың құқықтарына кепілдіктер берілетіні, инвесторлардың құқықтарына кепілдіктер берілетіні, инвесторлардың қатысуымен даулы мәселелерді шешу тәртібі белгіленетіні жария етеді. Амал қанша, жоғарыда аталғандардан басқа бұл заң актысы инвестициялық қатынастардың тағы да қандай түрлерін реттей алатыны түсініксіз.

Бесіншіден, Инвестициялар туралы заңның 9 -бабында белгіленген инвестициялық даулы мәселелерді шешу тәртібі шын мәнінде, дау-дамайлардың тәртібін орындай алмайды. Дау-дамайлардың екі түрі бөлініп алынған: инвестициялық (инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы келісімшарт міндеттемелеріне туындайтын) және инвестициялық дау -дамай категориясына жатпайтын дау-дамайлар (заңда бұл түсіндірілмеген). Талқыға алынған бапты зерттей келгенде, инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында дау -дамайлар инвестициялық дау -дамайларға жатады екен де, инвестордың басқа дау-дамайлары инвестициялық болып табылмайды және олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілетін сияқты. Шетел инвесторларының инвестициялық дау -дамайларына байланысты, жалпы, ең қандай нұсқау берілмеген. Тегі, бұл дау-дамайлар ұлттық инвесторлардың дау-дамайларына ұқсас жағдайда шешілетін сияқты. Тиісінше, республикада инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін тең жағдайлар жасау проблемасын ден қоядан ешкім де ұтпайды: ұлттық

инвесторлардың құқықтық мәртебесі өзгерген жоқ; шетел инвесторлары - олардың құқықтық хал-ахуалы нашарлады.

Инвестициялар туралы жаңа заңның аталған кемшіліктеріне қарамастан, оны жасау және қабылдау шын мәнінде заңды. Инвестициялық қатынастар және заңнаманың әртүрлі салаларына жатқызылып келген қатынастарды реттеп келген арнаулы актыларды маңына біріктіретін бірнеше негізгі инвестициялық заң қажет болды. Тікелей инвесторларды мемлекеттік қолдау туралы заңды шығару сәтінен бастап мына жай айқын болды: шетелдік және ұлттық инвесторлардың құқықтық хал-ахуалын теңдестіруге жасалған алғашқы қадам.

Енді шетел инвестициялары туралы және тікелей инвестициялар туралы заңдардың күшін жойғанын танығаннан кейін инвестициялық заңнаманың дамуындағы жаңа кезең туралы айтуға болады. Бұл кезеңде мемлекеттік инвестициялар туралы, мемлекеттік қарыздар мен несиелер туралы, бюджеттік жүйе, т.б. заңнамаларды жүйеге келтіру жүрді. 2004 жылы 24 сәуірде Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі - бірыңғай кодталған заң қабылданды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі «Бюджет жүйесі туралы», 1999 жылғы 2 тамыздағы «Мемлекеттік кепілдендірілген қарыз бен несиелер туралы»; 2002 жылғы 29 қаңтардағы «Республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуын бақылау туралы» заңдары күшін жойды^[81]. ҚР-ның Бюджеттік кодексі 120-ші мен 48 тараудан тұрады, оның ішінде мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларға «Бюджеттік инвестициялар» сегіз бөлімі әдейі арналған, (32 тарау «Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру»; 33 тарау «Жүзеге асыру мониторингі және бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау»); сондай -ақ мемлекеттік инвестициялардың мәселелеріне қатысты бөлімдер (10 «Бюджеттік несиелеу» және 11. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз бен несиелер, мемлекеттің сенім хаты») бар.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» заңымен Бюджеттік кодекске, оның ішінде бюджеттік инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейтін баптар өзгерістер енгізілді, Бюджеттік кодекс жаңа 46-1-шы («Мемлекеттің сенімхаты») тараумен және 12 жаңа баппен, т.б. толықтырылды. Сондай-ақ ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі жаңа баптармен толықтырылды: 177 -1 бап «Республикалық және жергілікті бюджеттер қаржыларын, оның ішінде мақсатты трансферттер мен несиелерді, сондай-ақ мемлекеттік кепілдендірілген қарыздар, гранттар, мемлекеттік активтерді негізсіз (заңсыз) пайдалану»; 177-2 «Республикалық және жергілікті бюджеттерді, тізбектелген гранттар, мемлекет кепілдік еткен қарыздар, мемлекеттік активтерді тиімсіз пайдалану»; 177 -3 «Бюджеттік есепті жүргізу, есеп-қисапты жасау және ұсыну ережелерін бұрмалау»; 177-4 «Бюджеттік несиелер, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет сенімділігінің шарттарын бұзу»^[82].

Бұл кезеңде сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада түбірлі өзгерістер болды: Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды: 2003 жылы 13 мамырда «Акционерлік қоғамдар туралы»^[83], 2003 жылы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы»^[84] тиісінше, 1998 жылы 10 шілдеде қабылданған «Акционерлік қоғамдар туралы», 1997 жылы 5 наурыздағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы», 1997 жылы 5 наурыздағы «Бағалы қағаздар мен сауда жүргізуді тіркеу туралы» заңдар күшін жойды.

Инвестициялық заңнаманың маңызды құрамдас бөлігі жөніне инвестициялық заңнаманың өзін жалпы қайта құру ретінде бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманы модерлендіру заңнама жүйесінде құрылымдық елеулі өзгерістерді анықтады. Инвестициялар туралы заң төңірегінде басқада нормативтік актілер топтастырыла бастады, олардың қай салаға жататынын бірыңғай инвестициялық заңнаманың болмағанынан анықтау оңай болмады, өйткені ұл актілер кешенді сыпатта болды. Ең алдымен, Қазақстан Республикасының «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнім бөлу жөніндегі келісімшарттар» 2005 жылы 8 шілдедегі^[85] мен «Концессиялар туралы» 2006 жылы

қабылданған заңды^[86] алайық. Мұнда «Концессиялар туралы» заң-кешенді заңнамалық акт, онда концессионерлер-инвесторларға тек жер қойнауы ғана емес, жер, су, басқа табиғат ресурстарын, сондай-ақ товар-материалдық игіліктер беру тәртібі анықталған.

Бұдан әрі инвестициялық қатынастар реттеу саласын құрайтын кешенді сыпаттағы заңнама актылары арасынан Қазақстан Республикасының 2004 жылы 6 шілдеде қабылданған «Қазақстанның инвестициялық қоры туралы» Заңы және 2004 жылы 7 шілдеде қабылданған «Инвестициялық қорлар туралы» заңын бөліп алуға болады. Сонымен бірге осындай актылар қатарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына Қаулыларын жатқызуға болады: «Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» заңын жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» 2003 жылы 8 мамырда; «Қазақстанның Инвестициялық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» 2003 жылы 30 мамырда; «Инвестициялық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры», «Қазақстанның Даму банкі», «Ұлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамдарын құрудың кейбір мәселелері туралы» 2004 жылғы 22 қаңтардағы «2005 жылы мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалар тізбесін бекіту туралы»; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының бұйрықтары «Инвестициялар мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері» 2003 жылы 18 наурыздағы; «Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асырудың келісімшарт талаптарын сақтауға бақылау мен мониторингті жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» 2005 жылы 9 тамыздағы; т.б. актылар.

Осы кезеңнің заңнамалық актылары арасынан Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі кейбір заң актыларына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» 2005 жылы 4 мамырда қабылданған Заңын ерекше бөліп қарастыруға болады. Осы Заңға сәйкес ҚР-ның 2001 жылы 30 маусымда қабылданған «Әкімшілік құқықтық бұзушылықтар туралы» Кодексіне, 2003 жылы 30 маусымда қабылданған Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы «Инвестициялар туралы»^[87] заңына өзгерістер енгізілді.

Инвестициялар туралы заңның нормалары, атап айтқанда, тоғыз бап (1, 11, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22) елеулі өзгерістерге ұшырады, жаңа 21-1 («Келісімшарттар талаптарын сақтау мониторингі мен бақылау») бабы енгізілді. Ең соңында, кейінгі кезде қабылданған маңызды актыларға Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері бойынша бірнеше заңнама актыларына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» 2006 жылы 3 қаңтарда қабылданған заңын жатқызуға болады, осы заңмен Қазақстан Республикасының инвестициялар, жер қойнауы және жер қойнауын игеру туралы заңдарына өзгерістер енгізілді. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы жаңа 70 -2 («Келісімшарт талаптарын сақтау мәселелері бойынша тексерулер») баппен толықтырылса, инвестициялар туралы заң елеулі өзгерістерге ұшырады, мысалы, 1 баптың 10-тармағы жаңа редакциямен жазылды, 1 баптың 12 -ші пункті («Жұмысшы бағдарлама»), 13-ші пункті («Жабдық»), 14-ші пункті («Құрастырушы») жаңартылды; 7 -ші бап, 18 баптың 1 -ші бөлігі жаңа редакциямен тұжырымдалды, 21 бап жаңа 3-ші пунктпен толықтырылды, 21 -1 бап түгелдей өзгертілді, бұрын екі пункттен тұрса, енді сегіз пункттен тұрады.

Аталған өзгерістер мен қосымшалар келісімшарт талаптарын инвесторлар немесе ҚР-ның заңды тұлғалары тарапынан орындауды қамтамасыз етуге бағытталған, тиісінше келісімшарт жасасқан ҚР -ның заңды тұлғаларының қызметіне бақылауды күшейтуді көздейді. Бір жағынан, инвестициялық қызметтің субъектілері мен инвесторлары үшін жаңа әкімшілік тосқауылдар орнатудың қажеттілігі бар ма деген сұрақ туады, екінші жағынан заң шығарушының инвестициялық қатынастарды тиісті тәртіпке келтіруге, жалпы мүдделерін (заттай гранттарын сақтау, оларды дер кезінде қайтару, т.б.) тиісінше қорғауды қамтамасыз етуге деген ниеті қолдамасқа болмайды. Мынаны атап өткен жөн: аталған заңнама актыларының қабылдануымен проблемалардың шағын бөлігі ғана көтеріліп қана қойған жоқ, инвестициялар туралы заңның нормалары онан әрі өңделіп, жетілдіріле түсуді қажет етті. Сондықтан инвестициялық заңнаманың дамуындағы төртінші кезеңін былайша сыпаттауға

болады: өзіне бән белгілері мен сыпаттары бар заңнаманың дербес саласы ретінде инвестициялы заңнама қалыптасудың кезеңінен өтті.

Бұл кезеңді былай нақтылауға болады - шетел және ұлттық инвесторлар үшін тең мүмкіндіктер кезеңі. Мұндайда жалпы мемлекеттік мүдделер мен ұлттық және шетел инвесторларының мүдделерін ықтималды түрде үйлестіруді қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық даму мүмкін еместігін естен шығармау керек, басты назар инвестициялардың өзара тиімділік принципіне аударылуы қажет. Шетел және отандық инвестицияларды тиісінше заңды түрде бекітпейінше, елдің экономикасына инвестицияларды (ең алдымен шетел инвестицияларын) тарту мүмкін болмайды.

Жаңа заман шетел инвестицияларына арналған нормаларды алып тастағанға қарамастан, олардың жекеленген нормалары реттеуде, шетел инвесторлары мен келісімшарт мерзімдері аяқталғанға дейін сақталады, демек шетел және ұлттық инвестициялардың толық теңдігі жөнінде айту әлі де болсын ертерек, солай бола тұрса да, бірыңғай құқықтық режим үшін заңнамалық негіздер жасалды. Инвестициялық қызметті шетелдік, немесе ұлттық инвестициялар жүргізетініне қарамастан, едәуір преференциялар берілетін болады, мұндағы басты шарт - инвестициялар туралы заңнамамен айқындалған талаптарға инвестициялық жобаның сәйкестігі.

Әрине, инвестициялық заңды реттеу шеңберінен инвестициялық қатынастардың тұтас тобы, ең алдымен, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялауды жүзеге асыруға байланысты қатынастар тыс қалды, солай бола тұрса да, инвестициялық нормалардың бытыраңқылығынан өттік деп айтуға болады. Осы кезеңде инвестициялар туралы заң түп қазығы болып табылатын арнаулы инвестициялық заңнама ҚР-ның заңнамасының дербес саласы болып түпкілікті қалыптасты.

Инвестициялық заңнама кодификациялау туралы бірер сөз айту керек. Ресей ғалымдары (мысалы, В.С.Мартемьянов), сондай-ақ өзбек ғалымдары (мысалы, С.С.Гулямов) бірыңғай инвестициялық Кодекс жасап, қабылдау туралы пікірлер айтты. Олардың пікірінше, кодекс инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін толық мәнінде қорғай алады. Бұл жерде мынаны атап өту қажет - Инвестициялық Кодекстер Африканың (Алжир, Орталық Африка Республикасы, Конго т.б.) кейбір елдерінде, сондай -ақ Беларусь Республикасында (Беларусь Республикасының Инвестициялық Кодексі 2001 жылы 22 маусымда қабылданды) қабылданды.

Алайда, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін оларды жүзеге асырудың механизмі жасалмай отырғанда, заңнаманың ыңғайластырылуы (кодтандырылуы) қорғауды қамтамасыз ете алмайды. Инвестициялық қызметті жүзеге асыруға тиісінше жағдайлар жасау ұрғысынан келгенде, ҚР -ның инвестициялар туралы Заңына кодтандыру заңы мәртбесін беру мәселесі сонша принципті мәселе болып табылмайды. Осы заңнама актысының нормаларын жетілдіре беру, инвестициялық қатынастарды реттеудің халықаралық құқықтық практикасына сәйкестендіру анағұрлым маңыздырақ болар еді.

Сонымен, ҚР -ның заңнама жүйесін жаңарту және құқықтың мазмұнын өзгерту нәтижесі-заңнама жүйесінде болсын, құқық жүйесінде болсын, жаңа құқықтық құрылымдардың пайда болуы. Заңнама саласы ретінде инвестициялық заңнаманың қалыптасуы, сөз жоқ, құқық жүйесінің хал-ахуалына әсер етеді. Соның нәтижесінде заңнаманың жаңа саласының пайда болуы құқық жүйесінде құрылымдық өзгерістерге әкеп соғады, оның онан әрі дамуы құқықтың жаңа институттары мен салаларының құрылуын анықтайды.

Бақылау сұрақтары

1. «Инвестиция» термині қашан және қандай байланыста пайда болды?
2. АҚШ-тың инвестициялық заңнама жүйесін қандай заңнама актылары құрайды?
3. Жер қойнауы тәлімдерін пайдалануға берудегі, концессиялық жүйе деген не?
4. Жер қойнауын пайдаланудың акцессиялық жүйесінің ерекшеліктерін атаңыз.
5. Ұры нғы КСРО экономикасына шетел капиталы қай кезеңде және неге жұмылдырылды?
6. XX ғасырдың ортасында мемлекеттердің қандай екі блогы пайда болды және мұның халықаралық инвестициялық үрдіске ықпалы қандай болды?
7. Бұрынғы КСРО-да сырқы экономикалық инвестициялық қызмет қашан және қалай дамыды?
8. XX ғасырдың 80 -90-шы жылдарында инвестициялық қатынастардың дамуындағы негізгі кезеңдерді атаңыз.
9. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуындағы бірінші кезеңіне сыпаттама беріңіз.
10. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуындағы екінші кезеңнің ерекшеліктері неде?
11. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуындағы үшінші кезеңнің ерекшеліктерін атап өтіңіз.
12. Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңының ролі мен маңызын түсіндіріңіз.
13. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңының қабылдануы неге заңды және қажетті деп саналды?
14. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасының кемшіліктері қандай және жетілдірудің негізгі бағыттарын түсіндіріңіз.
15. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуындағы қазіргі кезеңді сыпаттаңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Климкин С.И. Қазақстанда кәсіпкерлік туралы заңнаманың дамуы. Алматы: «Баспа » ЖШС-і, 1998.
2. Лунц Л.А. Халықаралық жеке меншіктің құқық курсы. Ерекше бөлімі. М.: «Заң әдебиетші», 1975.
3. Мартемьянов В.С. Шаруашылық құқық. Жалпы ережелер: лекциялар курсы. М.: «Юрист» баспасы, 1994. Т. 1.
4. Мүленов К.С. Қазақстан Республикасында шетел инвестициялары саласын мемлекеттік басқару және құқықтық реттеу. Алматы: «Жеті Жарғы», 2000.
5. Халықаралық құқық: ЖОО арналған оқулық. / Г.В.Игнатенко мен О.И.Тиуновтың редакциясымен. М.: «НОРМА-Инфра.М» баспа тобы, 1999.
6. Мұхитдинов Н.Б., Мороз С.П. Қазақстан Республикасының тау-кен құқығы. Көмекші оқулық. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
7. Қазақстан Республикасындағы құқық және шетел инвестициялары. / М.К.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.
8. Самарходжаев Ө.Б. Қазақстан Республикасында инвестициялар бойынша қатынастарды құқықтық реттеудің проблемалары: заң ғылымдарының докторлығының диссертациясы. Ташкент, 2003.

9. Әлейменов М.К., Покровский Б.В., Худяков А.И., Жәкенов В.А. Қазақстан Республикасындағы құқық және кәсіпкерлік. Алматы: «Жеті Жарғы», 1994.
10. Тихиня В.Г., Павлова Л.В. Халықаралық құқықтық негіздері: көмекші оқулық. Минск: «Кітап Үйі», 2006.
11. Фархутдинов И.З. Халықаралық инвестициялық құқық: теориясы және қолдану практикасы. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.

3 дәріс. Инвестициялар ұғымы мен түрлері.

Инвестициялар түсінігі және мәні. Инвестициялардың белгілері. Инвестицияларды сұрыптау және олардың түрлері. Капитал құраушы және зияткерлік инвестициялар. Мемлекеттік және жеке меншік инвестициялар. Шетел және ұлттық инвестициялар. Инвестициялардың қосымша түрлері және олардың сыпаттамасы.

§ 1. Инвестициялардың түсінігі және мәні

Инвестициялардың түсінігі туралы мәселеге заң әдебиетінде де, экономика әдебиетінде де ерекше ~~ән~~ берілген. Бұл осы құбылыстың мейлінше жеткілікті тараушылығымен түсіндіріледі және инвестициялар негізгі екі сапада көрінеді: ең алдымен экономикалық категория, сонс~~ң~~ құқықтық категория. Өйткені құқықтық қатынастар экономикалық қатынастардан туындайды. Инвестицияларды анықтаудағы пікірлер мен көзқарастардың әртүрлілігі - түсініктің өзінің күрделілігі мен көп мағыналылығында, қолданылып жүрген заңнамада оның айқын құқықтық регламентациясының болмауында.

Экономикалық әдебиетте «Инвестиция» терминін анықтауға әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Атап айтқанда, инвестициялар былай түсіндіріліп жүр: осы кезеңдегі өндірістік қызметтің нәтижесінде капитал мүлік құндылығының ағымдағы өсімі немесе осы кезеңде қажеттілікті алуға жұмсамай қалған кіріс бөлігі^[88], немесе капиталд~~н~~ сақталуын немесе оның құнының еселене өсуін қамтамасыз ететін немесе кірістің^[89], ~~ол~~ өсімін әкелетін капиталды орналастыру тәсілі.

Әдеттегідей, «капитал салу» және «Инвестиция» ұғымдары назарды инвестициялаудың негізгі мақсаты - кіріс немесе пайда табу~~ға~~ бұрады. Әрине, ағылшын тілінен аударғанда, инвестициялар капитал салу деген ~~ғым~~аны білдіреді, бұдан олар өздерінің мазмұны бойынша толық үйлеседі (амалша, заң әдебиетінде де осындай пікірлер бар)^[90] деген қорытынды шығарылып жүр. Ал кезкелген капитал салымдары инвестициялар болып табылмайды, таза үйінде алғанда, инвестицияларды әрдайым капитал салымдары деп санауға болмайды.

Ең соңында, инвестициялардың негізгі белгілеріне олардың ұзақ мерзімділігін жатқызып жүр. Мұны әрдайым қабылдай беруге бола ма екен. Инвестициялар қысқа мерзімді болып та келеді. Рас, экономикалық өсуді қамтамасыз етуге инвестициялардың ұзақ мерзімді болғаны дұрыс. Сонымен бірге қазіргі уақытта инфляцияның өсуі және өндірістік шығындардың ұлғаюы шетелдік және отандық инвесторларын инвестицияларын ұзақ мерзім бойы жүзеге асыруға ынталы ете қоймайды. Қысқа мерзімдік, орта мерзімдік инвестициялау (оның ішінде сатып алу-сату және делдалдық қызметтерге байланысты қатынастар) алға шығады. Бұл тек Қазақстанға ғана тән емес. Осы заманғы әлемдік экономиканың негізгі проблемаларының бірі - инвестициялаудың мерзімдерін әлемдік экономиканың негізгі проблемаларының бірі - инвестициялаудың мерзімдерін қысқартуға ден қоюшылық. АҚШ-та жүргізілген зерттеулер көрсеткеніндей, компаниялардың акцияларын орта есеппен екі жыл мерзімге сатып алады, ал XX ғасырдың 60 -шы жылдары жеті жыл сатып алған^[91] (инвесторлар инвестиция салымдарын қайтарым мерзімдерін мейлінше қысқартуды жөн деп санайды, компаниялардың басқарушылары да осыған ұмтылады, мұның өзі капитал салымдарының тиімділігін елеулі төмендетеді тұтас алғанда, елдің экономикалық дамуына кері әсер етеді).

Заң ғылымы үшін бұл жай инвестициялардың экономикалық мәнін анықтауға ықылас туғызады, өйткені онсыз олардың құқықтық табиғатын ашу мүмкін емес. Бірақ экономикалық қатынастар деңгейінде заң категориялары мен терминдерін қолдану қандай да болсын экономикалық құбылыстардың мәнін көрсете алмайды. Осы заманғы экономикалық әдебиетте бұған мысалдар әбден жеткілікті бола тұрса да, заңгерлер инвестициялардың мән-мазмұнын жинап, анықтауда жалған қорытындылар шығаруға бой бұрын кетеді. Мысалы, А.Г.Богатырев былай деп санайды: Инвестициялар өзінің барлық көріністерінде - жеке меншік мүмкі^[92]; М.И.Кулагин инвестициялар жанды ~~әне~~ затқа айналдырылған еңбекті өндірістік қуаттарды жасауға жұмсау^[93]. Өндіріс үрдісінде жанды еңбек тұтынғаннан гөрі

үлкен құн құрайды, - деп атап өрсетеді; Ж.М.Аманжолов инвестициялар өндіріс пен өндірісті ұлғайтудың барлық факторларын кешенді түрде біріктіретін инвестициялық үрдіс^[94], - деген тұжырым жасайды. Богатыревтің тұжырымдауынша, инвестициялар және жеке мүлік теңдестіріледі, ал соңғы екі түсінікте - «Инвестициялар» және «Инвестициялық үрдіс» қатар қойылады. Шынында да, инвестициялардың экономикалық мәні заң мәнінен әлдеқайда кеңірек, бұл экономикалық және заң мәндері бірі-бірінен алшақ деген сөз емес. Инвестициялардың экономикалық анықтамасы үшін көптеген принципті заң мәселелері анықтаушы маңыз ала алмайды (атап айтқанда, меншік нысаны туралы, инвестициялардың әр түрінің құқықтық тәртібі, инвесторлардың құқықтық мәртебесі туралы т.б.)

Заң әдебиетінде жалпы инвестицияларға емес, «Шетел инвестициялары» түсінігіне негізінен юбірек назар аударылған. Бұл арада елдің инвестициялық заңнамасына сәйкес кепілдіктер мен жеңілдіктер берілетін шетелдік жеке меншік инвестицияларды айқындап алу керек.

Сондай-ақ шетелден келген басқа да қаржылар бар, мұндайларға жеңілдіктер мен кепілдіктер жасалмайды. Мұндай шектеу реципиент - мемлекеттің мүддесін көздейді, ондайда бұл мемлекет кезкелген капиталға, шетелден келетін басқа да капиталға ынталы^[95] емес. Біздіңше, мұны дұрыс қадам де алмаймыз. Инвестициялардың мәнін анықтамайынша, шетел инвестицияларының өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін анықтау мүмкін емес. Өйткені шетел инвестициялары - инвестициялардың бір түрі ғана, солай бола тұрса да, инвестициялар құқықтық реттеуді қажет етеді. Шетел инвестицияларының ерекше және негіз құраушы белгісі - оларды жүзеге асыру қатынастарының қатысушысы шетел инвесторлары және қабылдаушы ел, сонымен инвестициялық қатынастардың субъектілер шеңбері әлде қайда жоқ.

Бұл жерде мынаны атап өткен жөн. Халықаралық инвестициялық үрдісті реттейтін халықаралық-құқықтық актылардың бірі - мемлекет пен шетелдіктер арасына инвестициялық дау-дамайларды шешу тәртібі туралы 1965 жыл Вашингтон конвенциясында «Инвестиция» үсінігі жоқ. 1957 жылғы Рим шартында да бұл түсінік кездеспейді, Еуропа Одаының құқықтық жүйесі шеңберінде «капитал» термині мен «капиталдың еркін қозғалысы» тұғырнамасы қолданылады.

Энергетикалық Хартия «Капитал салымы» (немесе «investments») жерде «капитал салымы» және «инвестициялар» тең түсінік ретінде қолданылуда) термині пайдаланылған. Осы Шарттың 1 бабына сәйкес «капитал салымы» меншіктегі, инвестордың тікелей жанама бақылауындағы активтердің барлық түрлерін білдіреді және мынаны қамтиды: а) нақты және нақтыланбаған, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлік және кезкелген мүліктік құқықтар: жалгерлік, салымдық, ипотека және басқа да аманатты ұстау құқы; б) компания немесе іскерлік кәсіпорын, немесе акциялар, салымдар немесе басқа кәсіпорындар, сондай-ақ компания мен іскер кәсіпорынның облигациялары мен басқа да қарыз міндеттемелері; с) ақша қаржылары бойынша талап құқы және экономикалық құндылығы бар, капитал салымымен байланысты келісімшартқа сәйкес орындау жөніндегі талап құқығы; d) зияткерлік меншік; е) кірістер; f) на сәйкес немесе келісімшартпен берілген кезкелген лицензиялар мен рұқсаттанамаларға сәйкес энергетика секторында кезкелген шаруашылық қызметті атқару құқығы^[96]. Осы ақшада капитал салымдары (инвестициялар) инвестордың меншігінде болмауы мүмкін, әңгіме басқа мәңгі құқықтар туралы болады. Мұндай көзқарас мемлекетаралық екі жақты келісімдерде байқалады, мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия және Әзірбайжан Үкіметтері арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдерге «Инвестиция» термині келісуші жақтың инвесторының екінші келісуші жақтың^[97] аумағында, экономикалық қызметке байланысты инвестицияланған активтерінің кезкелген түрін қамтиды.

Шетел инвесторлары ұлттық режим инвестицияны қабылдаушы елге әкелінген бүкіл шетелдік меншікті қамтуына ұмтылады. Тиісінше, шетел инвестицияларын жүзеге асыруда көп жылдық практикасы үрдісінде «Шетел инвестициялары» түсінігі азды-көпті әртүрлі құқықтық жүйелерде бірыңғайлана бастады. Шетел инвесторлары кіріс (пайда) алу

мақсатымен кәсіпкерлік қызмет (мүмкін басқа қызмет) объектілеріне салған мүліктік құндылықтардың барлық түрлері сияқты (қосымша зияткерлік құндылықтар) шетел инвестицияларының түсінігінде ортақтық (жиынтық) орын алады.

Сонымен, Қазақстан Республикасы бекіткен ТМД елдерінің инвесторлар құқықтарын қорғау туралы Конвенциясында инвестордың қызметтің әртүрлі объектілеріне қаржы және материалдық қаржылары, сондай-ақ кіріс (пайда) алу немесе оң әлеуметтік тиімділікке жету мақсатымен мүліктік және зияткерлік меншікке берілген құқықтар, егер тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес айналымнан алынып тастамаса, немесе шектелмесе^[98]. Бұл шетел инвесторларының қызметін реттеу мәселелерінде ТМД елдерінің заңнамалары едәуір деңгейде үйлесімді екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы Заңында мынадай анықтама берілген: инвестициялар - мүліктің барлық түрі (жеке тұтынуға арналған товарлардан басқа) лизинг шартын жасаумен бастап қаржы лизингінің заттары, сондай -ақ заттарға құқықтары, инвестордың заңды тұлғаның жарғылық капиталына салымдар немесе кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтердің ұлғаюы. Салыстырмалылық ретінде инвестициялық заңнамасына үңіліп көрелік. Осы заңнамаға сәйкес ақша қаржылары, мақсаткерлік банк салымдары, пай (үлестер), акциялар, басқа да бағалы қағаздар, технологиялар машина-жабдықтар, зияткерлік құндылықтар инвестициялар болып табылады, осы инвестициялардың аталған түрлері кіріс (пайда) алу мен оң әлеуметтік тиімділікке^[99] жетісу үшін кәсіпкерлік және қызметтің басқа түрлерінің объектілеріне салынады.

Қазақстан мен Ресейдің инвестицияларды анықтау жөніндегі заңнамаларын сараптай келіп, принциптік жағынан маңызды үш ерекшелікті бөліп қарастыруға болады: 1) Ресей заңнамасында инвестициялар бола алатын игіліктердің егжей-тегжейлі тізбесі келтірілгені Қазақстанның заңнамасында лизинг заттарына және оларға құқықтардан басқа мүліктің түрлері нақтыланбаған; 2) Ресей заңнамасында кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне инвестициялар салымдары көзделген; Қазақстан заңнамасында заңды тұлғаның жарғылық капиталы немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын нақтыланған активтерді ұлғайту инвестициялар объектілері болып табылатыны бекітілген; сондай-ақ тұтасымен алғанда, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы капиталды коммерциялық емес ұйымдарға салуға байланысты қатынастарды, оның ішінде білім, қайырымдылық, ғылыми немесе діни мақсаттарға (ҚР-ның инвестициялар туралы Заңның 2 бабы) капитал салуды реттемейді; 3) Ресей заңнамасында инвестициялардың мақсаты анықталған (кіріс алу және оң әлеуметтік тиімділікке жетісу); ал Қазақстан заңнамасында инвестициялардың мақсаты көрсетілмейді, тек кіріс (пайда) алу деп ғана түсіндіріледі.

Біздіңше инвестициялар түсінігін анықтауда заң шығарушының алдында тұрған, басты қиындық мынада: заң шығарушы өзінің қызметінде осы заманғы заң теориясы мен практикасының нақты талаптары ретінде ұсынылып отырған әртүрлі топтар мен қаржы институттарының субъективтік мүдделеріне ден қоюдан гөрі адам өмірінің объективтік қажеттерін ескеріп отыруға тиіс. Сондықтан жекеленген нормативтік-құқықтық актыларға өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе жаңа актылар қабылдау заңнаманың оң дамуы мен жетілдіріле ұскенін танытпайды, сондықтан заңнаманы, оның ішінде инвестициялық заңнаманың тұғырнамасы қажет.

Солдай болауыра да, инвестициялар түсінігі ақша қаржылары немесе қаржы қаражаттары; қаржы және материалдық қаражаттар; материалдық және зияткерлік құндылықтар; мүліктің барлық түрлері немесе құндылықтар, т.б. түрінде шешілмеген және қарама-қайшы пікір күйінде қала береді. Біздіңше, инвестицияларды кез келген басқа күрделі құбылыс ретінде, кең және тар мағыналарда қарастыруға болады.

Кең мағынада (қазіргі уақытта мейлінше көп тараған) инвестицияларды былай түсінуге болады: инвестициялар мүліктік (материалдық) және зияткерлік (материалдық емес) құндылықтардың кез келген түрлері, сондай-ақ оларға құқылық ету; кәсіпкерлік және қызметтің басқа түрлеріне кіріс алу (пайда) және оң әлеуметтік тиімділікке жетісу

мақсатымен салымдар енгізу. Бұл жағдайда «Инвестициялар» түсінігі мейлінше кең, өйткені инвестициялар ретінде материалды және материалдық емес құндылықтардың саналуан түрлері, оларға деген құқықтар қосылады. Алайда, «Инвестициялар» түсінігінің бастапқы атауын есте ұстаған жөн. Ол кезде инвестициялар өзі пайда болған сәттен -ақ тек ақша қаражаттарымен араласып кетті. Сондықтан **тар мағынада** инвестициялар - инвестордың кіріс (пайда) алу мақсатымен материалдық рухани игіліктерді жасауға салған өзінің жеке, несие-қарыз және жұмылдырылған ақша қарыздары.

Заң ғылымының көзқарасымен келгенде, «Инвестициялар» түсінігінің синонимі ретінде «капитал салымы» терминін пайдаланудың дұрыс деп тануға болмайды. Экономикалық теориялық «капитал салымдары» екі мағынада капитал салу үрдісі инвестицияланған капитал (игіліктер) ретінде қарастырылады, соның салдарынан заң әдебиетінде инвестицияға қосылған капитал салымдарын инвестицияланған игіліктер тұрғысынан тану қажеттігі негізделген, ал инвестицияларды жүзеге асыру үрдісін инвестициялау деп атаған дұрыс дегенге тоқтау жөн сияқты. Сайып келгенде, осы терминдерге мынадай шектеу ұсынылады: инвестициялар - игіліктер (материалды және материалдық емес құндылықтар); инвестициялау - инвестицияларды жүзеге асыру; инвестициялық қызмет - инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет^[100].

Инвестициялық құқықтың негізгі категорияларына (инвестициялар, инвестициялау, инвестициялық қызмет) осындай шек қоюмен жалпы келіскенмен, бәрі бір мынаны атап өткен жөн: әдебиетте инвестициялық қызметтің мәнін анықтауда мұндай бірізділік жоқ, керісінше, инвестициялық қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табыла ма? - деген сұрақ даулы күйінде қалатын сияқты. Мынадай дәлел келтірсек, егер инвестициялық қызметті кәсіпкерлік қызмет деп танитын болсақ, онда бағалы қағазды сатып алған кезкелген тұлға өзін кәсіпкер ретінде тіркеуге міндетті болады ғой; сондықтан инвестициялық қызмет өзінің әртүрлі көріністерінде кәсіпкерлік қызмет мәртебесін алып кетері сөзсіз^[101]. Демек, инвестициялық және кәсіпкерлік қызмет өзара тығыз байланысты, бірақ өздерінің мазмұнына қарай әрдайым үйлесе бермейді, ұқсатпай-ақ өткізуге арналған, сырттан жеткізілген товарлар заңнама жүзінде инвестициялар құрамынан шығарылған, бұл жоғарыда айтылғанға дәлел бола алады. Қазақстанда инвестициялық қызметтен гөрі кәсіпкерлік қызмет жер-жерлерде танымал әрі дамушы.

Сөз жоқ, инвестициялық қызмет кәсіпкерлік сияқты кіріс алуға бағытталған, сонымен бірге оны жүзеге асыру үрдісінде әлеуметтік пәрменділікке (ел халқының материалдық әл-ауқатын жақсарту, жұмыссыздықты қысқарту); экономикалық тиімділікке (жаңа технологияларды енгізу, экономикаға қажетті қалған салаларын дамыту, т.б.); экологиялық тиімділікке (ағымдағы және болашақтағы экологиялық проблемаларды шешу, қоршаған ортада қолайлы жағдайлар туғызу); ғылыми-техникалық тиімділікке (отандық ғылым мен техниканы дамыту, инновациялық қызмет т.б.) жету көзделеді. Осы мақсатпен әлемде инвестициялар, ең алдымен шетелдік инвестициялар қолданылады. Елу жыл бұрын Германия мен Жапонияның экономикасына капитал салуды әуеліге бел буғандық деп саналады. Алайда, шетел инвестицияларын сауатты түрмен, ұқыптылықпен орналастыру, іскерлікпен жұмсау бұл елдерді экономикалық дағдарыстан шығарып қана қоймай, әлемдік қауымдастықта жетекші орындарға шығуға мүмкіндік берді. Германия мен Жапония соғыстан кейін жылдары барлық көрсеткіштер бойынша біздің республиканың қазіргі жағдайынан әлдеқайда нашар күйде болған-ды.

Оң әлеуметтік тиімділікке кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде де жетуге болады, бірақ заң шығарушы мұны еске алмаған. Мынадай қорытындыға да келуге болады: кәсіпкерлік қызметтің басты және айқындаушы белгісі - басқа қандай да болсын, шарттарсыз кіріс (пайда) алу. Кәсіпкерлік және инвестициялық қызметтің арақатынасының проблемасы инвестициялық қызметтің заңды түрде айқын анықтамасының болмауынан тереңдей түседі. Инвестициялар туралы заңда «Инвестициялау» термині «Инвестицияларды жүзеге асыру» терминімен ауыстырылған (принципінде екеуінің мағынасы біреу), «Инвестициялық қызмет» түсінігі енгізілген. Тиісті заңнамалық реттеу проблемасы ықтимал шешімін тапқан

сияқты. Сонымен бірге «Инвестиция» түсінігі «жаңа, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және жаңартуға» бағытталған инвестициялар деп көпше түріне жеткізілен, инвестициялық қызмет, ең алдымен, коммерциялық ұйымдардың жартылық капиталына қатысуымен, кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау немесе ұлғайтумен шектеулі. Демек, «инвестициялау» түсінігі «инвестициялық қызмет» түсінігімен ауыстырылды, инвестициялық қызметтің екінші бір құрамдас бөлігі (инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі практикалық іс-әрекеттердің жиынтығы) тағы да реттелусіз қалды.

§ 2. Инвестициялардың белгілері

Инвестициялардың материалдық және нематериалдық емес игіліктер ретіндегі түсінігін басшылыққа ала отырып, осы құндылықтардың белгілерін тұжырымдау қажет. Инвестициялардың негізгі және айқындаушы белгісі - оның **материалдық немесе рухани игіліктерді жасауға** бағытталған. Бұл белгі инвестициялардың кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне мақсаткерлікпен жұмсалудан көрінеді. Мұндайда егер әкелінген товарлар жабдықтар болмаса, немесе басқа инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты мұқтаждарға арналған материалдар болмаса, шетелдік товар несиелері инвестициялар категориясынан шығарылуы керек; сондай -ақ біздің елге ресми техникалық көмек немесе гранттар шеңберінде түсетін қаржылар туралы да осыны айтуға болады.

Инвестициялардың келесі белгісі - инвестициялардың **кәсіпкерлік мәнін** ашады, негізінен инвесторларды инвестор кіріс (пайда) алу мақсатымен салады, өзі жүзеге асырады. Инвестициялық қызмет кәсіпкерлік сияқты дербестілігімен бастамашылдығымен сыпатталады, бірқатар қызметтің бұл түрлері үйлесуі де, үйлеспейуі де мүмкін, тиісінше инвестор кәсіпкер мәртебесінде болуы, болмауы да мүмкін.

Ең соңында, инвестициялардың айрықша белгісі - олардың **ұзақ мерзімділігі**, бірқатар олар дәстүрлі және кәдімгі түсінікте қысқа мерзімді, тіпті бір дүркіндік сыпатта да бола алады. Белгілі бірқашан ұзақтығы инвестициялардың басқа қаржы аспаптардан ажырауына, олардың сұрыпталуына ықпал етеді. Атап айтқанда, инвестициялар өздерінің іс-әрекет мерзімдеріне қарай ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Сонымен, **инвестициялар** - кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлеріне кіріс (пайда) алу және оң әлеуметтік тиімділікке жету мақсатымен салынатын мүлктік және зияткерлік құндылықтардың барлық түрі. Осы анықтама мүмкін шегіне жеткізіле жетілдірілмесе де, инвестиция сияқты осындай күрделі әрі сан қырлы құбылыстың мәнін барынша толық және дәл көрсете алады.

§ 3. Инвестицияларды сұрыптау және олардың түрлері

Инвестициялардың саналуан түрлерінің ерекшеліктерін ашып көрсету және оларды сұрыптау үлкен теориялық және практикалық маңыз алады, мұның өзі инвестициялық қатынастарды реттеуге, инвестициялық заңнаманы онан әрі жетілдіруге көмектеседі.

Инвестицияларды сұрыптаудың әртүрлі негіздері мен бұл проблемаға түрлі көзқарастар бар. Дамыған елдерде инвестицияларды: тұтынушылық сыпаттағы (жылжымалы мүлікке немесе ұзақ мерзімдік пайдалануға арналған товарларға, болашақта кіріс немесе пайда алуға салынған) инвестициялар; экономикалық (нақты активтерге айналдырылған және кіріс (пайда) алу мақсатымен товарлар өндіру мен қызметтер көрсетуге бағытталған материалдық және нематериалдық емес игіліктердің барлық түрі). Кіріс (пайда) алу мақсатымен салынған бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар^[102]. Инвестициялардың «Тұтынушылық» аталуын өткізілім деп санауға болмас, өйткені мұнда «тұтыну» түсінігіне ден қойылған, тиісінше, әңгіме жеке тұтыну туралы болып отыр, ұлғайтын инвестициялардың мәнімен тіпті үйлесе қоймайды. Сонымен бірге кіріс әкеле алатын кезкелген құндылықты инвестиция деп санауға болмайды, сондай-ақ инвестицияланатын игіліктерді де инвестиция деуге келмейді, өйткені кіріс немесе пайда болған жоқ. Жоғарыда аталып өткеніндей, мұндағы басты белгі

сол - инвестициялар жеке ұтынуға емес, материалдық немесе рухани игіліктерді жасауға бағытталған. Инвестициялардың барлық түрлерінің келтірілген сұрыптамасы жұмыс істеп тұрған барлық инвестиция түрлерін қамти алмайды, терминологиялық дәлдік те жоқ, соның салдарынан инвестициялар түрлерінің негізгі бөлінісі ретінде танылмайды. Шынында, осы жағдайда бөлініс негізіне инвестициялардың объекті басты шарт ретінде алынған.

Осы арада инвестициялардың сұрыптаудың тағы бір мысалын қарастыруға болады: Инвестициялардың объектісі бойынша - материалдық (заттық), қаржылық және материалдық емес; инвестициялаудың субъектісі бойынша - кәсібилік, корпоративтік және жекеменшік; инвестициялау субъектісінің өлшемі бойынша шетелдік, ішкі, аралас инвестициялар^[103]. Біріншіден, материалдық және материалдық емес объектілер инвестициялау объектісі ретінде әрекет жасайды, материалдық және материалдық емес түрлерін бөліп алуға мүмкіндік береді, қаржылық инвестициялар түріне келетін болсақ, бұл материалдық объектілерге жатады (егер олар заттандырыл (құжаттандырылған) нысанада болса. Екіншіден, кәсібилік, корпоративтік және жекеменшік болып бөліністің негізінде инвесторлардың кәсібилік және жекеменшік болып бөлінуі жатыр, корпоративтік инвестициялар бұлай сұрыптаудың шеңберінен шығып кетеді, өйткені айқындаушы өлшем субъект емес, инвестициялау объектісі - өзінің өнім өндірісі (жұмыстар, қызметтер) - (корпоративтік инвестицияларды тікелей инвестициялардың әрқилы түріне жатқызуға болады. Үшіншіден, инвестициялардың әрқилы түрлеріне сұрыптама жасауда бірден-бір өлшем - инвестициялау субъектісін пайдалану негізді бола қояр ма екен. Төртіншіден, аралас инвестициялар (субъект, меншік нысанына байланысты) жоқ, олар немесе шетелдік немесе ұлттық инвестициялар, немесе мемлекеттік немесе жеке меншіктік инвестициялар. Бесіншіден, біздің ойымызша, меншіктің екі нысаны бар, сондықтан осы өлшемге қарай инвестициялардың екі түрін - мемлекеттік және жеке меншіктік түрін бөліп алуға болады. Егер айтылғандарды жинақтап, артығын алып тастағанда, инвестициялардың мына түрлерін атауға болады: кәсіби және жекеменшік, шетелдік және ұлттық (отандық), мемлекеттік және жекеменшіктік.

Инвестициялық сұрыптаудың жоғарыда көрсетілген тәсілдері инвестицияларды үш және одан да көп түрлерге теңдестірудің әрекеттері. Сонымен бірге осылайша жалпылама түрде инвестицияларды сұрыптау да күдік тудырады, бұл арада азаматтық-құқықтық ғылымда жасалған, тәсілді пайдаланған жөн сияқты. Екі мүшелік формула негізіндегі. Осыған сәйкес қосарланған ұғымдар туындайды: мүлктік - мүлктік емес, нақтылық - міндеттемелік, абсолюттік - салыстырмалылық^[104]. Қос мүшелік формула негізіндегі бөліністің көмегімен инвестициялардың түрлерін былай бөлуге болады: **Капитал қарастырушы және зияткерлік, мемлекеттік және жекеменшіктік, шетелдік және ұлттық (отандық)**. Инвестициялардың тікелей, портфельдік (жанжалталық), нақты және қаржылық, ұзақ мерзімдік, қысқа мерзімдік, жоғары және шағын тәуекелділік түрлері негізгі бөлініске түседі, инвестициялардың қосымша түрлері болып табылады.

§ 4. Капитал құраушы және зияткерлік инвестициялар

Инвестициялар бөлінісінің негізгі сұрыптау өлшемдерінің бірі - инвестициялардың мақсаты - кіріс (пайда) алу және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жетісу. Осыдан барып инвестициялау **капитал құрастырушы және зияткерлік** (әлеуметтік) инвестицияларға бөлінеді.

Капитал құрастырушы инвестициялар - материалдық және материалдық емес активтерді ұлғайтуға немесе өсіруге бағытталған инвестициялар, басқаша айтқанда, дәстүрлі түсінігіндегі инвестициялар, кіріс (пайда) алудың әдістерімен, тәсілдерімен әрекет жасайды. Өз тарапынан капитал құрастырушы инвестициялар нақты және қаржылық, немесе тікелей және портфельдік (жанама) инвестицияларға бөлінеді.

Зияткерлік инвестициялар - әртүрлі деңгейдегі мамандар даярлауға, сондай-ақ олардың біліктілігін өңеруге, ғылыми зерттеулер жүргізуге, т.б. шараларға бағытталған

инвестициялар. Зияткерлік инвестициялардың қазіргі уақытта ең көп тараған түрлері - жоғары білім алуға арналған мемлекеттік және жеке меншік несиелері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 1999 жылы 7 маусымда қабылданған заңы бойынша кәсіби алу үшін мемлекеттік білім несиесінің жүйесі құрылды, ол конкурстық негізде мемлекеттік білім несиесі мен мемлекеттік студенттік несиені (4 бап)^[105] қамтиды. ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының жоғары оқ орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білім несиелеу туралы» 1999 жылы 20 шілдеде қабылданған Қаулысында: Қазақстан Республикасының азаматтарына республикасының жоғары оқу орындарында оқуы үшін мемлекеттік білім және мемлекеттік студенттік несиелер беріледі^[106] делінген. Осы Қауымға сәйкес қарыз алушы (студент) мен ЖОО, сенімді (агент) арасында үш жақсы келісімшарт, тараптардың міндеттемелері жасалады, оның ішінде қарыз алушы студенттің несиені қайтару жөніндегі міндеттемелері де жасалады. Несиенің негізгі сыпаттары көрсетіледі: қайтарымы, қамтамасыз етілуі, ақылылығы, мақсаткерлік пайдаланылуы, мерзімділігі (мемлекеттік білім несиесі 15 жыл мерзімге, мемлекеттік студенттік білім несиесі 15 жыл мерзімге, мемлекеттік студенттік несие 10 жыл мерзімге беріледі). Келісімшарттың өзі қолданылып жүрген заңға сәйкес азаматтық - құқықтың шарт болып табылады, шартта тараптың бірі ретінде мемлекеттік өкілетті орган қол қояды. Демек, мемлекеттік білім және студенттік несиелер мемлекеттік зияткерлік инвестициялар болып саналады.

Сонымен бірге мемлекет мемлекеттік емес білім несиесін салық бойынша жеңілдіктер беру жолымен дамытуды өтгермелейді. Білім туралы заңнамада ақылы білім қызметтерін жүзеге асыратын ұйым мен оқушы, тәрбиеленуші, оның ата-аналары мен бақа да заңды өкілдері арасындағы қатынастар білім деңгейін, оқу ақысының мерзімін, басқа да шарттарды анықтайтын келісім шарттармен реттелетіні қарастырылған. Бұл шарттың ерекшеліктері сол - білім қызметтерін көрсетудің ақылылығы. Оқушымен және оның ата-аналары немесе заңды өкілдері арасындағы қарыз келісімшарты да болуы мүмкін. Онда оқу үшін ақша беру және дер кезінде қайтару көзделген. Әрине, ақшаны несие-қарыз ретінде жұмылдыру, кәсіпкерлік қызмет нысандарының бірі ретінде қабылданбайды, жасау сәтінен бастап шарт жарамсыз деп танылады, заңнама талабы (ҚР АҚ-сінің 715 бабы) осындай. Мұндай шарттар бірқатар елдерде, ең алдымен экономикасы дамыған мемлекеттер тараған, ал біздің елде ата-аналар мен балалар арасындағы қаржы қарым-қатынастарының мұндай келісімшарттық практикасы әлі қалыптаса қойған жоқ. Сонымен бірге заңы тұлғалар мен оқушы жеке тұлғалар арасындағы білім аруды несиелеу туралы шарт жасалып жүр, осыған сәйкес оқушы кейін сол ұйымда жұмыс істеуге міндеттеме қабылдайды, келісімшарт мұның мерзімін белгілейді. Тиісінше, мемлекеттік емес білім несиелері жекеменшіктік зияткерлік инвестициялар болады.

Біздіңше, «зияткерлік инвестициялар» түсінігін «әлеуметтік инвестициялар» түсінігіне дейін кеңейтуге болады. Мұндайда инвестициялардың объектісі әлеуметтік сала болады. Негізгі мақсат ретінде оң әлеуметтік тиімділік (бір мезгілде кіріс немесе пайда алу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды) ұсынылады.

§ 5. Мемлекеттік және жеке меншік инвестициялар

Меншік инвестициялар түсінігінің ажырамас бөлігі болып табылатыны жалпыға белгілі. Сондықтан меншік нысаны оларды құрыптау үшін негіз болады. Тиісінше, **мемлекеттік инвестициялар** (бюджеттік қаржылар есебінен жүзеге асырылатын) және **жеке меншік инвестициялар** (мемлекеттік емес заңды тұлғалар немесе азаматтардың жеке қаржылары немесе қарыздары есебінен жүзеге асырылатын).

Бұл жерде алдын-ала мынаны айтқан жөн: мемлекеттік бюджет қаржылары есебінен инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастар, немесе мемлекеттік инвестицияларға байланысты туындаған қатынастар (заң шығарушы «бюджеттік инвестициялар» түсінігі н пайдаланады) инвестициялар туралы заңмен реттелмейді. Жаңа

инвестициялық Заңның реттеу саласынан қатынастардың осы тобының шығарылуы олардың жалпылама-құқықтық сыпатымен түсіндіріледі. Бұл мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың табиғатының елеулі өзгерісін білдірмейді, егер мұндай өзгеріс бола қалса, онда жекеменшік инвестициялардың толық мәнді түрі болып табылатынын жоққа шығарар еді. Сонымен бірге мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың асыру барысында қалыптасқан қатынастарды реттеу ерекшеліктері бар, мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар қаржылық (бюджеттік) заңнаманы құрайтын нормативтік актылармен белгіленеді.

Бұл саладағы негізгі заңнамалық акты Қазақстан Республикасының 2004 жылы 24 сәуірде қабылданған Бюджеттік Кодексі. Сондай-ақ инвестициялау үрдісіне тікелей қатысы бар актылар Қазақстан Республикасының 2001 жылы 25 сәуірде қабылданған «Қазақстанның Даму Банкі туралы» заңды қосуға болады. Қаржы (бюджет) және инвестициялық заңнаманың нормаларына салыстырмалы талдау жасай келіп, мынадай қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, Бюджеттік кодексмен «бюджеттік инвестициялық үрдіс» деген жаңа түсінік енгізілді, бұл белгілі бір шектеулі мерзім ішінде жүзеге асырылатын және аяқталған сыпат алатын бюджеттік инвестицияларды қару жөніндегі шаралар жиынтығын білдіреді. Инвестициялар туралы заңда былай анықтама беріледі: жаңа өндірістер жасауға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтіп, жаңартуға инвестицияларды көздейтін шаралар кешені.

Екіншіден, Бюджеттік кодекспен қарыз арудың төрт түрін бөліп шығарады: 1) сыртқы қарыз; 2) ішкі қарыз; 3) мемлекет кепілдік берген қарыз; 4) мемлекеттік қарыз. Бағдарламалық қарыздарды (халықаралық қаржы ұйымдарының экономиканы дамыту мен реформалау жөніндегі шараларды орындау талаптары мен ҚР Үкіметіне немесе ҚР Ұлттық банкіне берілген қарыздар) сыртқы қарыздың бір түрі ретінде қарастыруға болады. Осы заңнама актысының реттеу саласына мемлекеттік қарызды жүзеге асыру үрдісінде пайда болған қатынастарды ғана емес мемлекеттік емес қарыздарды атқару үрдісінде қалыптасқан, мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген қатынастар енген. Бұдан туатын қорытынды мемлекеттік кепілдік әкіпкерлік қызметті жүзеге асыратын отандық инвесторлардың инвестициялық белсенділігін жанама реттеу деген сөз.

Үшіншіден, мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың өзіндік ерекшелігін анықтау тұрғысынан Қазақстанның Даму банкінің - дамудың ұлттық институтының (бірден-бір акционері ұлттық басқарушы компания болып табылатын акционерлік қоғам) қызметі назар аударады. Қазақстан Республикасының «Қазақстанның Даму банкі туралы» заңына сәйкес оның міндеттері: 1) орта мерзімді (5 жыл және одан да ұзақ мерзімге); ұзақ мерзімді (10 жыл мерзімнен 20 жыл дейін) инвестициялық жобаларды несиелеу; 2) Қазақстан Республикасының резиденттерінің экспорттық операцияларын ҚР -сының аумағында шығарылатын өнім экспортын көтермелеу мақсатымен несиелеу; 3) отандық экономиканың өндірістік секторын қарыздар мен несиелер бойынша кепілдік міндеттемелер беру, сондай-ақ қосарлана қаржыландыру жолымен несиелеуді көтермелеу; 4) ҚР Үкіметі жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды қаржыландыру механизмдерін жетілдіру; 5) Қазақстан Республикасының заң актыларына сәйкес басқа да міндеттер.

Бұл салада құқықтық реттеудің тағы бір ерекшелігі - заң шығарушының «мемлекеттік инвестициялар» терминін қолданудан бас тартуы. Жоғарыда атап өтілгеніндей, заң шығарушы «бюджеттік инвестициялар» терминін қолданған. Бюджеттік кодекс қабылданғанға дейін бұл түсінік кеңірек қолданылған, мемлекеттік инвестицияларды реттейтін заңнамалық және қосымша заңнамалық актылардың (мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылы 31 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік инвестициялар Бағдарламасын жасау және жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қаулысы; «Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар Бағдарламасын бекіту туралы» 2000 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысы, т.б.) белгілі жүйесі қалыптасқан - ды. Бюджеттік кодекске сәйкес «бюджеттік инвестициялар - мемлекеттің активтерінің құнын ұлғайтуға, экономикалық табыс алу немесе әлеуметтік-

экономикалық тиімділікке жетісу (Бюджеттік кодекстің 4 бабы, 7 тармағы) мақсатымен адам және табиғи ресурстарды дамыту және аңартуға бағытталған қаржыландыру. Біздің пікірімізше, «Бюджеттік инвестицияларды заң негізіндегі анықтамасы бұрынғы анықтамасына қарағанда анағұрлым сәтті шыққан, онда инвестициялардың (оның ішінде бюджеттік) материалдық немесе рухани игіліктер жасауға (мемлекет активтерінің құнын ұлғайту, адам және табиғат ресурстарын дамыту және жаңарту), бағыттылығы, сондай-ақ инвестициялардың мақсаты тек кіріс (экономикалық пайда) алу ғана емес, әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жетісу сияқты негізгі белгілері көрініс алған. Алайда, «Инвестициялардың» үрдіс, немесе «қаржыландыру» түсінігі сенімді емес сияқты. Бұл арада бастапқыдай, сол қателік қайталанған, «инвестициялау» сөзі «қаржыландыру» сөзімен алмастырылған. Тағы да қайталаймыз: Инвестициялар - құндылықтар (материалдық немесе материалдық емес), ал инвестициялау - үрдіс (қаржыландыру - мемлекеттік (бюджеттік инвестициялау).

Тұтас алғанда, қазіргі уақытта қолданылып жүрген заңға сәйкес бюджеттік инвестицияларды жоспарлау мен жүзеге асырудың принциптері мынадай: 1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау жүйесінде барлық бағдарламалық және жоспарлық құжаттардың тұрақтылығы мен өзара толықтыру принципі; 2) мемлекеттік органдар мен лауазымдылар шешімдерінің дәйектілік және қабылданған мемлекеттік инвестициялық саясатқа сәйкестік принципі (Бюджеттік кодекс. 148 бабы, 1 тармақ). Демек, мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар мемлекетке инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісіне тікелей қатысуға мүмкіндік беретін негізгі аспаптардың бірі болып табылады.

Мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар не жинвестициялардан төмендегіше ерекшеленеді: мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың қайнар көздері - бюджеттік қаржылар; 2) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар қайтарым және ақылы негізде жүзеге асырылады; 3) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың негізін және оларды босату тәртібін мемлекет белгілейді; 4) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың көлемі мен мөлшері мемлекеттік бюджеттің бекітілуіне байланысты; 5) мемлекет мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасайды; 6) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар, мемлекеттік қазына мүлкімен қамтамасыз етіледі.

Жекеменшік инвестициялар және оларды жүзеге асыру тәртібі инвестициялар туралы заңнаманың, азаматтық заңнаманың, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың, заңнаманың басқа да салаларының нормаларымен реттеледі. Жекеменшік инвестициялардың мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардан басты ерекшеліктері мынада: инвестициялардың қайнар көздерін, көлемі мен объектілерін инвестордың өзі анықтайды, ал мемлекет инвестордың құқықтарын мүмкін болатын, оның ішінде мемлекеттік органдар тарапынан қолсұғушылықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде инвестициялар туралы заң жекеменшік инвестициялармен байланысты қатынастарды реттейді.

§ 6 Шетел және ұлттық инвестициялар

Таяудағы уақытқа дейін инвестициялардың заңды түрде барынша реттелген түрлері - **шетел инвестициялары** және **тікелей инвестициялар** (бұған шетел және ұлттық инвестициялар да ене алады). Шетел және ұлттық инвестициялар болып бөліністің жалпы танымал негізгі сол - инвестициялар инвестордың елінде әлде басқа мемлекетте жүзеге асырылуында. Біздің пікірімізше, бұл жерде әңгіме қай меншік (ұлттық жеке меншік немесе шетел мемлекеттерінің немесе халықаралық ұйымдардың меншігі) туралы болып отырғанында.

Қазіргі уақытта шетел және ұлттық инвестициялар арасында заңнамада шекара қойылмайды, демек қайнар көзінің қайдан шыққанына қарамастан, инвестициялардың бәрі ұлттық болып табылады.

Шетел инвестициялары туралы арнаулы заңнама зақұшын жойған Қазақстан Республикасына қарағанда, Ресей Федерациясында «Шетел инвестициялары туралы» жаңа федералдық заң 1999 жылы 9 шілдеде қабылданды^[107]. Ол 1991 жыл шетел инвестициялары туралы Федералды заңның орнына келді. Бұл заңнама актысының бұрынғысынан басты ерекшелік белгісі сол - белгілі бір қоғамдық пайдалы мақсатқа, оның ішінде білім, қайырымдылық, ғылыми және діни мақсаттарға жетісу үшін коммерциялық емес ұйымдарға шетел капиталын салуға байланысты қатынастардың оның реттеу саласынан шығарылуы. Енді бұл қатынастар РФ коммерциялық емес ұйымдары туралы заңнамасымен, сондай-ақ, шетел капиталын банктер мен басқа да несие ұйымдарына, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарына құюға байланысты қатынастар Ресейдің банктер және банк қызметі, сақтандыру туралы заңнамаларымен реттеледі. Тиісінше, шетел инвестициялары Ресей аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне жұмылдырылған инвестициялар, егер бұларға федералдық заңнамамен айналымда шек қойылмаса, немесе айналымнан алынбаса. Мұның ақша, бағалы қағаздарға (шетел валютасымен, РФ валютасымен), басқа да мүлікке, мүліктік құқықтарға, зияткерлік қызметтің нәтижелеріне (зияткерлік меншік), сондай -ақ қызметтер мен ақпараттарға қатысы бар (шетел инвестициялары туралы Федералдық заң, 2 бап).

Нарықтық жағдайларда шетел инвестицияларынсыз мүмкін емес, өйткені осы заманғы талаптарға сай келетін, да жаңа технологияларды пайдаланып, ең алдымен тікелей инвестициялардың көмегімен өндіріс құруға болады. Мынаны да ұмытпаған жөн: шетел инвестицияларын қабылдайтын елдің хал -ахуалы ескерген абайткені оның экономикалық тәуелділігі ұлғайған сайын саяси тәуелділікке әкеп соғады, мұндайда мемлекеттің тәуелсіздігі мен еркіндігі жай ғана ұран сыпатында қалады. Сондықтан мемлекеттің экономикасында шетел және ұлттық капиталдың үйлесімді арақатынасы болу керек.

Сонымен, инвестициялаудың халықаралық теориясы мен практикасынан туындайтын инвестициялардың шетелдік және ұлттық болып бөлінуі үлкен маңыз алады. Қазақстан Республикасында жаңа инвестициялық заңға сәйкес олардың арасына шек қойылмайды, соның нәтижесінде заң тұрғысынан бір ғана топ - инвесторлар анықталады. Сонымен бірге, біздің пікірімізше, барлық шетелдік және ұлттық инвестициялардың бірыңғай құқықтық режимі туралы айту ертерек, инвестициялық қызметті реттейтін бұрын қабылданған, және шетел инвесторларының құқықтық мәртебесі белгілерін сақтап қалған нормативтік құқықтық актыларды (ең алдымен салық заңнамасын) инвестициялар туралы заңға сәйкестендіру жөнінде көп жұмыс атқаруға тура келеді. Шетел инвесторларымен инвестициялар туралы заңды қабылдап, іске қосқанға дейін жасалған келісімшарттар талаптарын қайта қарау қажет болар ма екен. Біріншіден, халықаралық шарттармен басқа да ережелер белгіленуі мүмкін; екіншіден, шетел инвесторларымен жасалған келісімшартты елдің хал -ахуалын тұқсан келтіре отырып, қайта қараудың қажеті жоқ (қай инвестор өзінің құқықтық хал-ахуалын нашарлатуға көне қояр дейсіз); үшіншіден, мемлекет инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді (демек, шетел инвесторларының келісімшарттар мерзімі аяқталғанша, шарттарда қарастырылған жеңілдіктер мен преференциялар өзгеріссіз қалады). Шетел және ұлттық инвестициялардың құқықтық реттеуінде ерекшеліктерін сақтау шетел және ұлттық инвесторлардың құқықтық мәртебесіндегі ерекшеліктерді сақтауды қажет етеді.

Инвестициялардың мемлекеттік және жекеменшік, шетелдік және ұлттық болып бөлінуін, сұрыпталуын субъективтік белгілер бойынша анықтауға болады. Инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар инвестициялар қайтарынан шығарылып, Қазақстан Республикасында инвестицияларды үзге асыратын жеке және заңды тұлғалардың инвестицияларына жатқызылады.

§ 7. Инвестициялардың қосымша түрлері және олардың сыпаттамалары

Инвестицияларды сұрыптау үшін инвестициялар объектісі тағы бір жеткілікті маңызды негіз болып саналады. Егер негізгі бөлімге орай (мысалы, инвестициялардың шетелдік және ұлттық болып бөліністері), принципінде бәрі мейлінше айқын, мұнда проблеманы шешуде әртүрлі көзқарас қалыптасуы мүмкін. Айтылған пікірлерді жинақтап, түйіндей келе мынадай қорытындыға келуге болады: инвестициялар нақты және қаржылық, немесе тікелей және профильдік, немесе бір мезгілде бірнешеу болуы мүмкін.

Нақты инвестициялар - нақты активтерге айналдырылған, материалдық өндіріс саласындағы инвестициялар, өйткені олар ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, өндіріс тиімділігін көтеруге, жабдықтарды ауыстыруға бағытталады. **Қаржылық инвестициялар** - бағалы қағаздарға (оның ішінде мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарға айналдырылған) айналдырылған салымдар.

Әдебиетте тікелей және нақты инвестициялар, сондай-ақ профильдік және қаржылық инвестициялар түсініктері араластырылып жіберіледі, теңдестіріледі, мұнда негіз жоқ емес, өйткені олар өзара тығыз байланысты, өзінің мазмұны мен пайда болу нысандары бойынша үлесе береді. Ал инвестициялардың тікелей және портфельдік болып бөлінуі инвестициялау объектісімен ғана емес, инвестицияланған объектіге бақылау деңгейі мен инвестордың өз белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Тиісінше, **тікелей инвестициялар** - инвестордың кәсіпкерлік қызмет объектілеріне қор немесе мүлктік құндылықтар түрінде активтерді талап ету құқын алу мақсатымен материалдық және материалдық емес құндылықтарды салуы.

Тікелей инвестициялар үшінгі тұңғыш рет Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңында енгізілді. Заңнамаға сәйкес тікелей, инвестицияларға инвестициялардың барлық түрі жатқызылды. Бұл анықтама бірден «заң тұрғысынан сауатсыз» деп танылды, өйткені ресми техникалық көмек немесе гранттар инвестицияларға жатпайды, олардың табиғаты өзгеріссіз қалады, тікелей инвестициялар - барлық инвестициялар болып шығады^[108]. Тек екі жарым жылдан кейін бұжырым өзгертілді, соңғы редакцияда инвестордың елдің заңды тұлғасының негізгі капиталына қосқан барлық салымдары тікелей инвестицияларға жатқызылған. Қазақстан Республикасына техникалық көмек немесе гранттарға байланысты инвестициялар бұған қосылмады.

Мұндай сыпаттама да абстрактылы сыпат алды, сондықтан заң шығарушының инвесторларға инвестициялық преференциялар ұсынған инвестицияларды жүзеге асыру үшін «тікелей» терминінен бастауын дұрыс деп санаймыз. Өйткені, ең алдымен, заң тұрғысынан тікелей инвестициялардың басқа түрлерінен (атап айтқанда, портфель инвестицияларынан) бөлініс өлшемдері анық байқалуға тиіс.

Бұрын мұндай өлшемдер қосымша заң актыларында ғана белгіленген. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылғы 4 шіледегі Қаулысымен бекітілген «Капитал қозғалысына байланысты валюта операцияларын тіркеу және шетелдерде есеп шоттар ашу Ережелерінде», «Тікелей инвестициялар» және «портфельдік инвестициялар» түсініктерінің анықтамалары айқындалған^[109], тікелей және портфельдік инвестициялар бөлінісінің негізгі өлшемі ретінде дауысқа түсетін акциялардың кемінде 10 пайызының (қатысушылар дауысы) кімге жататындығы. Практикалық жағынан осы өлшем Қазақстан Республикасының 2005 жылы 13 маусымда қабылданған «Валюталық реттеу туралы» заңында сақталған, «тікелей инвестициялар» үшінгіне берілген жаңа редакция да тікелей инвестициялар - ақша қаржыларының, бағалы қағаздар, заттар, мүлктік құқықтар, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтар, заңды тұлғаның акцияларына (қатысушылардың салымдарына) әлем ретінде басқа да мүлктің салымдары, соның нәтижесінде осындай салымдарды жүзеге асырушы тұлғаға дауысқа түскен акциялардың он және одан да көбірек пайызы (қатысушылардың жалпы дауысының 10 және одан да көп пайызы) тиісілі болады^[110]. Біздіңше, бұл арада тікелей инвестициялардың көмегімен инвестор не инвестициялар объектісінің иесі болады, немесе капиталды басқаруға қатысын құқын алады.

Халықаралық Валюта Қорының анықтамасы бойынша шетелдік инвестициялар, егер шетелдік инвестордың меншігінде акционерлік қоғамның жарғылық қорының кемінде 25 пайызы болса, тікелей инвестициялар деп танылады. ҚІІІ -тың заңнамасы бойынша РФ жарғылық қорының кемінде 10 %, Европа Одағы елдерінің 20-25%, Канада, Австралия және Жаңа Зеландияның 50 %-і шетел инвесторына қарауына жатады.

Тікелей шетелдік инвестициялардың ерекшеліктері мынада: олар өзінің көлемі, ұзақтылығы, тиісінше тәуелділік деңгей жөнінде портфельдік инвестициялардан едәуір өзгеше, бұл шетел капиталын сыртқа шығаратын ел - импортер үшін қолайлылық. Тұтас алғанда, халықаралық практиканың талдауы көрсетіп отырғандай, 1998 жыл бойы 60 елде шетелдік тікелей инвестицияларды реттейтін режимдерге 145 еріс енгізілген, мұндай өзгерістердің 94%-ы тікелей шетелдік инвестициялар неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған^[111]. Солай бола ұрса да шетелдік инвестициялардың халықаралық тасқыны тең мөлшерде емес. Мысалы, 1999 жылы 10 елге тікелей шетелдік тікелей инвестициялардың әлемдік тасқынының 74%-ы келген, дамушы әлемнің елдеріне тікелей шетелдік инвестициялар тасқынының 80 %-ы келген^[112].

«Дамушы нарықтардың» қалыптасу және даму проблемаларымен шетел ғалым - практиктері мейлінше жеткілікті үрде шұғылданып жүргенін атап өткен жөн. Олардың еңбектерінде әлемнің кенжелеп дамыған елдерінің, оның ішінде Қазақстан да бар, инвестициялық мүмкіндіктеріне баға беріледі. Осындай бірқатар мемлекеттердің портфельдік инвестицияларының шетелдік болсын, ұлттық болсын, ықтимал мүмкіндіктері бағалана бермейді. Тікелей инвестицияларға барынша жеңілдік режим беруге аударылып, ішкі нарықта портфельдік инвестициялардың рөлін мен маңызын төмендету басымырақ^[113].

Бұл инвестициялық саясатты шұғыл өзгертіп, тікелей инвестицияларға жеңілдіктер мен преференциялар беру практикасынан бас тарту өдегемес. Бірақ жоғарыда айтылғанындай, инвестициялық жобаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдану механизмі әлі де жасалып болған және пәрменділігі төмен, біз әлі де болсын мемлекеттік және мемлекеттік жұмылдырылған қаржыларды тиімді пайдалануға үйренген жоқпыз, әлі де болсын, қаржыландыру объектілері мен көлемін анықтауда жалпы мемлекеттік мүдделерден тар ведомстволық мүдделер басым тұр.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында қандай инвестициялар **портфельдік** деп танылады деген тура нұсқау жоқ. Шетелдік инвестициялық заңнама мен оны қолдану практикасына жасалған талдау көрсеткеніндей, заңды тұлғаның капиталына тікелей инвестицияларға белгіленген мөлшерден үлесі төмен болып келетін капитал салымын портфельдік инвестициялар деп атау мүмкіндік береді. Сондықтан инвестор осы заңды тұлғаның қызметіне бақылау жасау құқығын алмайды, бірақ кіріс (дивидендтер) алуға құқылы.

Қабылдаушы ел үшін тиімді болып саналатын тікелей инвестициялардан өзгешелігі сол - портфельдік инвестициялар шетел инвесторлардың өздеріне де анағұрлым пайдалы, бұл, ең алдымен, шетел инвесторлары (оның ішінде трансұлттық корпорациялар) үшін портфельдік инвестицияларға ие болып, шетел кәсіпорындарына нақты бақылау жасау мүмкіндігімен түсіндіріледі. Сондай-ақ шетел инвесторы үшін тікелей инвестициялармен салыстырғанда, портфельдік инвестицияларға ден қоюшылықтың факторларының бірі қабылданушы елдің нарығынан неғұрлым тезірек шығу мүмкіндігі болып табылады. Американың әдебиетінде портфельдік инвестицияларды жанама инвестициялар деп атайды, оларға мынадай анықтама береді: портфельдік қаржылар салымы - бағалы қағаздар немесе құндылықтар жиынтығы; инвестициялық портфель бір немесе бірнеше мақсаттарға жетісу үшін таңдап алынған қаржы аспаптарының жиынтығы^[114] деп түсіндіріледі.

Егер дамудың нарықтық жолына түскен Қазақстан сияқты мемлекеттердің тәжірибесіне үнілетін болсақ, инвесторлар тікелей инвестицияларды емес, портфельдік инвестицияларды жүзеге асыруды қалайды. Мысалы, Ресейде шетелдік салымдардың үштен екі бөлігі - портфельдік инвестициялар («Сименс» концерн «Калуга турбина заводы» А -ының акцияларын иемденді, «Миля» ұшақ заводының акциясының 10 пайызы «АҚШ -тың

«Сикорский» компаниясына жатады, «Бритиш Петролиум» ТНК-ны толық алған, т.б.); тікелей инвестициялар үштен бір бөліктен аспайды (оның 70 пайызы шикізат саласына салынады, ал ұқсатушы салалар - орман-химия, қара, түсті металлургия, мұнай өңдеу, станок жасау, энергетика машинасын жасау, т.б.) шетелдік капитал салымы тіпті аз, болашақта күнде ең аз көлемде^[115]).

Принципінде осындай хал-ахуал бәрі де кеңестік кеңістікті мемлекеттерде қалыптасқан: шетел инвесторлары бұл елдердің экономикасын дағдарыстан алып шығады деген қиял мейлінше жоққа шығарылып отыр, шетел инвесторлары экономиканың кенжелеп қалған салаларына қаржы құйып, шығынға батқысы келмейді. Сондықтан мемлекет аумағында шетел инвесторларының жобаларын жүзеге асыруға әбден ойланып, безбендеп барып кірісу керек, бұл жобалардың өзара тиімді болғанына жетісу қажет. Портфельдік инвестицияларды, шетел инвесторларыңы баю құралы ретінде біржақты бағалауға болмайды. Өйткені шетел инвесторы тікелей инвестицияларын жүзеге асыруда оны қабылдаушы мемлекетке сыйлық ретінде ұсынуға ұмтылмайды. Шетел инвесторлары портфельдік инвестицияларды жаңа артықшылықтарын іздеу үшін оларды тиімді пайдалануға дағдыланады, ал біз кезкелген шетелдік салымдардан пайда (кіріс) алуға үйренуіміз керек, бүкіл өркениетті әлемде осылай жасайды.

Сонымен, инвестициялардың **тікелей және портфельдік, нақты және қаржылық** деп аталатын дербес түрлері бар деп сеніммен айта аламыз. Инвестициялардың нақты және қаржылық болып бөлінуінің негізі - инвестициялар объектісі (салым саласы), ал тікелей және портфельдік инвестициялар бөлінісінің негізі - инвестицияланған объектіге инвестордың белсенді немесе жанама түрде қатысуы. Әлемдік практикада тікелей және портфельдік инвестициялар түсінігіне ең алдымен инвестициялардың бағалы қағаздарға айналдырылуы деген түсінік қолдануға жақынырақ.

Атап айтқанда, **бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар** капиталға меншік иесі (акцияларға ие болу) ретінде қатысу немесе қарыз міндеттемесінің (облигациялар алу) пайда болуы мүмкіндіктерін қарастырады. Опциондар қарыздық, үлестік бағалы қағаздарға жатпайды, өйткені бұлар инвесторға кейін басқа бағалы қағаздар немесе басқа да активтерді алдын-ала белгіленген мөлшергедей, жеңілдік) бағамен сатып алуға құқық беретін бағалы қағаздар. Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық салымдардың мына түрлерін бөліп алуға болады: акциялар (меншік құқықтарына қатысу); облигациялар (қарыз міндеттемелері) және опциондар (қатысудың белгілі бір үлесін сату немесе сатып алудың заңды құқы).

Инвестициялардың түрлерге ажыратылуының практикада кеңінен тараған негізі - олардың ұзақтылығы, осы өлшемге сәйкес инвестициялар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді (кейде орта мерзімдік инвестициялар кездеседі). Қазақстан Республикасының заңнамасымен инвестицияларды олардың ұзақтығына қарай жіктеу жүргізілмейді. Өтеу мерзімдері бойынша инвестициялық несиелер қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орта мерзімді (1-5 жыл) және ұзақ мерзімді (5 жылдан әрі) болып келеді; мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар әрекет ету мерзіміне қарай қысқа мерзімді (1 жылға дейін); орташа мерзімді (1-10 жыл); ұзақ мерзімді (10 жылдан әрі) болып бөлінеді. Алайда көптеген дамушы елдердің заңнамасымен қысқа мерзімді инвестициялардың мерзімі бір жыл ішінде аяқталады, немесе басқа да бір мерзіммен шектелмеген.

Шетел мемлекеттерінің практикасында инвестициялар түрлерінің ықтималдық деңгейіне қарай тепе-теңдігі қалыптасқан. Инвестициялық ықтималдық ретінде оның мүмкіндігін ескеруге болады, яғни инвестициялық салымнан кірістің абсолютті немесе салыстырмалы шамасы күткен мөлшерден кем болуы мүмкін, немесе басқа сөзбен айтқанда, көңілдегідей нәтиже болмайтыны белгілі кезкелген инвестициялар коммерциялық немесе коммерциялық емес болсын тәуекелділікке бейімділікпен сыпатталады.

Осының нәтижесінде, инвестицияларда жоғары тәуекелділік немесе шағын тәуелділік болуы мүмкін.

Шағын немесе деңгейлі тәуелділікке бейім инвестициялар хауіпсіз деп саналады, өйткені өзінің кепілділігінің арқасында, белгілі бір деңгейде белгілі мөлшерде кіріс алу

мүмкіндігі бар, дамыған елдерде мемлекеттік бағалы қағаздарға, жетекші және ортаң қол компаниялардың акцияларына айналдырылған бұл салымдар инвестициялардың басқа түрлеріне қарағанда шамалы кірісті инвестициялар.

Жоғары тәуекелділікке бейім инвестициялардың алып сатарлық сыпаты бар. Оның белгілі бір табыс (пайда) алу мүмкіндігінің деңгейі өте -мөте төмен. Инвестициялау және алыпсатарлық инвестициялық қызмет мәнін анықтауда қарама-қайшы ұғым. Халықаралық практикада олардың арасындағы шектеушілік инвестициялық пайданы қаншалықты болжау мен күтуге байланысты: инвестициялау үрдісінде сатып алынған бағалы қағаздардың құны тұрақты және кіріс әкеледі деген толық сенім сақталады, ал алыпсатарлықта мұндай сенім болмайды. Әрине, алыпсатарлық инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде тәуекелділіктің деңгейі жоғары болған жағдайда, анағұрлым жоғары кіріс болуы да мүмкін.

Осы тұрғыдан Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы туралы айтар болсақ, республика кәсіпорындарының бағалы қағаздарына айналдырылған инвестициялау барынша жоғары тәуекелділікпен ерекшеленеді, азаматтарды отандық қаржы және экономика институттарына деген берік сенімсіздігін жою үшін адал да жемісті жұмыстар атқаруға тура келеді.

Әлемдік практика ғылыми-техникалық жобалар, жаңалықтар мен өнертапқыштық жасауды несиелеу мақсатында қаржыландыруға байланысты венчурлық операциялар барынша тәуекелді болып саналады. Венчурлық бизнес көзжұмбақтық әрекеттердің жоғары деңгейіне қарамастан, шетелдерде ғылым мен техниканы дамытуға көмектеседі, негізінен іргелі ғылымды емес, қолданбалы ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді.

Қорытындылар жасай отырып, мынаны атап өтуге болады: инвестициялардың кезкелген түрлері (мемлекеттік және жеке меншіктік, шетелдік және ұлттық, т.б.) мына нысандарда жүзеге асырылады: **тура (тікелей) нысан** (инвестор инвестицияларды жүзеге асыруға тікелей қатысады); **жанама нысан** (инвестордан жеке басының белсене араласуы қажет етілмейді); несиелік нысан (қарыздар мен несиелер беру). Осымен бірге инвестицияларды жүзеге асырудың нысаны ретінде «капитал салымдары» нысаны қолданылады. Мысалы, «Ресей Федерациясында капитал салымдары нысанында жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет туралы» 1999 жылы 25 ақпандағы қабылданған Заң^[116], инвестициялар осы заңға сәйкес капитал салымдары түрінде жүзеге асырылады. «Капитал салымдары нысанындағы инвестициялық қызмет туралы» заңға сәйкес капитал салымдары негізгі капиталға (негізгі қаржыларға) айналдырылған инвестициялар, оның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың құрылысы, қайта құру, техникалық қайта жаратқандыру машиналар, жабдықтар, аспаптар, құралдар алу, жобалық - іздестіру жұмыстары мен басқа да шығындар (1 бап). Шын мәнінде капитал салымдары нысанында жүзеге асырылатын инвестициялар - капитал құраушы инвестициялардың бір түрі.

Бақылау сұрақтары

1. «Инвестициялар» түсінігін анықтаңыз.
2. Халықаралық құжаттарда «Инвестициялар» термині қалай анықталады?
3. Инвестициялардың негізгі белгілерін атап, сыпаттаңыз.
4. Қазақстан және Ресей заңнамаларында қарастырылған инвестициялар анықтамаларын салыстырыңыз.
5. «Инвестиция», «Инвестициялау» және «Инвестициялық қызмет» түсініктері қалай үндеседі?
6. Инвестицияларды түрлерге сұрыптауда қандай тәсіл қолданылады?
7. Инвестициялардың негізгі және қосымша түрлерін атаңыз.
8. Капитал құраушы және зияткерлік инвестициялар түсініктерін ашыңыз.
9. Мемлекеттік және меншіктік инвестициялардың айрықша белгілерін атаңыз.
10. Шетелдік және ұлттық инвестицияларды сыпаттаңыз.
11. Нақты және қаржылық инвестициялардың түсінігін анықтаңыз.

12. Тікелей және портфельдік инвестициялар арасындағы шекараны ашып беріңіз.
13. Ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік инвестицияларға сыпаттама беріңіз.
14. Жоғары тәуекелділік және төмен тәуекелділік инвестициялардың өзіндік белгілерін түсіндіріңіз.
15. Инвестицияларды жүзеге асыру нысандарын атаңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Богатырев А.Г. Инвестициялық құқық. М.: «Ресей құқығы», 1992.
2. Богуславский М.М. Халықаралық жекеменшік құқық оқулық. М.: «Юристъ» баспасы, 2004
3. Богуславский М.М. Шетел инвестициялар құқықтық реттеу. М.: «БЕК» баспасы, 1996.
4. Вознесенская Н.Н. Африка елдеріндегі шетел инвестициялары және кәсіпорындар. М.: «Ғылым», 1975.
5. Доронина Н.Г., Семилютина Н.Г. Ресейден шетелде шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. М.: «Қаржы-статистика ақпараты», 1993.
6. Игошин Н.В. Инвестициялар. Басқару мен қаржыландыруды ұйымдастыру: ЖОО үшін оқулық. М.: «Қаржылар, ЮНИТИ», 1999.
7. Инвестициялар мен инновациялар. Анықтамалық - сөздік А-дан Я-ға дейін. / М.З.Бор, А.Ю.Денисов.М.: «ЛИС» баспасы, 1998.
8. Круглова Н.Ю. Шаруашылық құқық. М.: Орыс іскерлік әдебиеті, 1998.
9. Кулагин М.И. Мемлекеттік-монополистік капитализм және заңды тұлға. М.: УДН баспасы, 1987.
10. Кулагин М.И. Дамушы елдерде шетел капитал салымдарының қорғау. (Африка және Араб шығыс елдері): нормативтік актылар жинағы. М.: УДН баспасы, 1987.
11. Линдерт П.Х.Әлемдік шаруашылық байланыстар экономикасы, ағылшын тілінен аударылған. М.: «Прогресс Универс» баспасы, 1992.
12. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: ҚазМЗА, 2001.
13. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лахноның редакциясымен. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
14. Розенберг Дж.М. Инвестициялар: терминологиялық сөздік: ағылшын тілінен аударылған. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1997.
15. Шеремет В.В., Павлюченко В.М., Шапиро В.Д. т.б. Инвестицияларды басқару. 2 том. М.: «Жоғары мектеп», 1998.

4 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынастардың ұғымы мен жалпы сипаттамасы.

Инвестициялық құқықтық қатынастар түсінігі мен белгілері. Инвестициялық құқықтық қатынастардың түрлері. Инвестициялық құқықтық қатынастардың құрылымы.

§ 1. Инвестициялық құқықтық қатынастар түсінігі мен белгілері

Анағұрлым зерттелген, сонымен бірге айтыс тудырып отырған мәселелер қатарына құқықтық қатынастардың теориялық проблемаларын жасауға байланысты мәселелер жатады. Құқықтық қатынастардың түсінігі қарапайым болып көрінгенімен, оны анықтаудың белгілі бір тектілігі орай, бұл салада кейбір қатар маңызды мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Жалпы осы проблеманы шешудің негізгі үш нұсқасы қалыптасқан. Біріншісі - құқықтық қатынас дегеніміз құқықпен реттелген қоғамдық қатынас^[117]. Екіншісі - құқықтық нормалармен реттелген қоғамдық қатынастың заңды нысаны^[118]. Бұл жағдайда құқықтық қатынастың қоғамдық қатынаспен байланысты нысан мен мазмұнның байланысы ретінде көрсетіледі, мұндайда құқықтық қатынас нысаны бір тұтастылыққа жымдаспайды, басқаша айтқанда, мұнда әңгіме құқықтық қатынас туралы емес, құқық нормаларының қоғамдық қатынасқа реттеушілік ықпалы жөнінде болып отыр.

Үшіншісі, мұның алдындағымен өзінің мазмұны бойынша жақын - құқықтық қатынастар құқық нормасы мен қоғамдық қатынастар арасында байланыстырушы буын ретінде әрекет етеді. Мұнда құқық нормалары өз объектісіне ықпал жасайды^[119]. Осы тәсілге сәйкес, құқық және құқықпен реттелетін қоғамдық қатынас байланысы нысан және мазмұн байланысы ретінде қарастырылмайды, құқық қоғамдық қатынастарды құқықтық қатынастар арқылы реттейді.

Бұл жерде бірінші позиция негізгі немесе классикалық тәсіл қалған екеуі - бір ғана тәсілдің әртүрлі нұсқасы болып табылатынын атап өткен жөн. Мұнда жалпы және біріктіруші бастаулар: 1) құқықтық нормалар негізінде қалыптасқан нақты қоғамдық қатынастың нысанын көрсететін құқықтық қатынас; 2) қоғамдық қатынастың мәнін бере алатын құқықтық қатынас, мұнда субъективті құқықтың жүзеге асуы мен міндеттерді атқару мемлекеттік мойынсындыру мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Қандай да болсын тұғырнама (позицияны) жақтаушылардың пікірінше, құқық қатынасының қай белгісі айқындаушы болады, міне қалыптасып отырған ерекшеліктер осылай түсіндіріледі. Сонымен, құқық қатынасы - құқық нормасымен реттелетін қоғамдық қатынастың заңды нысаны, немесе құқық нормалары ықпал ететін қоғамдық қатынастар мен құқық нормалары арасындағы дәнекер буын екенін тану құқық қатынасының түсінігін өзгертпейді, тек оны толықтырады. Құқық қатынасының көмегімен құқықтық нормалардың (объективтік құқық) жалпы қондырмалары нақты (субъективтік) құқықтар мен қоғамдық қатынастарға қатысушылардың міндеттеріне айналады.

Заң әдебиетінде құқықтық қатынастардың мынадай сыпатты белгілері бөлінеді: 1) құқықтық қатынас құқықтық нысанға айналдырылған қоғамдық қатынастардың бір түрі; 2) құқықтық қатынас құқықтық нормалар негізінде қалыптасады; 3) құқықтық қатынастардың субъектілері анықталған; 4) құқықтық қатынас қатысушылары қашан да болсын субъективтік құқықтарды пайдаланады және заңды міндеттерге жауапты; 5) құқықтық қатынас саналы-ерікті сыпат алады; 6) құқықтық қатынастарды мемлекет қорғайды (қажет жағдайларда күшпен қамтамасыз етіледі).

Инвестициялық құқықтық қатынастарға байланысты бұл белгілер былай ашылады: біріншіден, инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде толып жатқан қоғамдық қатынастар, ең алдымен, мүліктік сыпаттағы қатынастар пайда болады, олардың заңды нысанға айналғандары инвестициялық құқықтық қатынастар болып танылады. Екіншіден, инвестициялық қатынастар құқықтық нормалар негізінде қалыптасады, құқықтық қатынастар болып табылады, ұстан келісімшарт негізінде пайда болған құқықтық

қатынастарды да қосуға болады, өйткені заң құқықтық қатынастар субъектілеріне келісім шарттар жасауға, оларда заңда тура көрсетілмеген және тыйым салынбаған құқықтар мен міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, инвестициялық құқықтық қатынастарда субъектілер нақты анықталады (инвесторлар және инвестициялаушылар). Төртіншіден, инвестициялық құқықтық қарым-қатынас тараптары өзара (корреспонденттік) құқықтар мен міндеттер алады. Бесіншіден, жекеленген индивидтің еркінен тыс және объективті түрде қалыптасатын экономикалық қатынастардан өзгешелігі сол - инвестициялық қатынастар әрдайым саналы-ерікті сыпат алады, өйткені инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілер құқық нормаларымен белгілеген өздерінің құқықтары мен міндеттерін еркін және саналы әрекеттер арқылы жүзеге асырады. Алтыншыдан, мемлекет құқықтық нормаларды толық жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жасайды, әдеттегідей, субъективті құқықтар, көп жағдайда заңды міндеттер де мемлекеттің күштеуінсіз атқарылады. Бірақ қажет бола қалған жағдайда, мұндай шаралар қолданылады да (мысалы, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда).

Құқықтық қатынастың өзін құқық нормалары негізінде қалыптасқан қоғамдық қатынас ретінде сыпаттауға болады, оның қатысушылары (субъектілері) мемлекет қамтамасыз еткен және қорғаған субъективті құқықтарға ие болады және заңды міндеттер алады. Тиісінше, жалпы нысанда инвестициялық құқықтық қатынас - инвестициялық-құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынас. Солай бола тұрса да, мұндай тұжырым азаматтық-құқықтық қатынастардың түрлері болып табылатын және олармен жалпы белгілерге ие болып отырған инвестициялық құқықтық қатынастардың мүлтік немесе мүлтік емес сыпатын, өзара еркіндік және қатынастарға қатысушылардың еріктілігі сияқты сыпаттық белгілері мен ерекшеліктерін аша алмайды^[120]. Сондай-ақ инвестициялық қатынастар әкімшілік-құқықтық және қаржылық-құқықтық қатынастар болуы да мүмкін, тиісінше, жалпылама-құқықтық қатынастардың бәріне тән белгілері болады. Инвестициялық қатынастар құқықтық әртүрлі салаларының (азаматтық, әкімшілік, қаржы т.б.) нормаларымен реттеледі, солай бола тұрса да, құқықтың кешенді саласы - инвестициялық құқықпен реттелетін қатынастардың бір тобына бірігеді.

Осы арада С.С.Алексеев, Г.А.Тосунян, А.Ю.Викулин, А.М.Экмалян кешенді құқықтық қатынас ретінде сыпаттаған құқықтық қатынаста жекеменшіктік құқықтық және жалпылама-құқықтық элементтердің бірлігі орын алады. С.С.Алексеев кешенді құқықтық қатынасты жекеленген құқықтық қатынастардың қарапайым жиынтығы деп қарастыруға болмайтынын атап көрсетеді, кешенді құқықтық қатынас өзін құрастыратын бірліктерден салыстырмалы түрде тәуелсіз, пайда болуының, өзгеруі мен қызметін тоқтатуының негіздері бар^[121]. Г.А.Тосунян, А.Ю.Викулин, А.М. Экмалян былай деп санайды: ~~құқықтық~~ қатынастар қарапайым және жалпы реттелетін құқықтық байланыстар арасында аралық хал-ахуалда болады, қарапайым құқықтық байланыс тардан олар үрделі құрамымен, жалпы байланыстан барлық қатысушылардың дербес айқындылығымен ерекшеленеді^[122].

Инвестициялық құқықтық қатынас - кешенді құқықтық қатынас, онда бір мезгілде жеке меншіктік - құқықтық және жалпылама - құқықтық бастамалар қатысады, мұндайда өзіндік ерекшелігі ерекше субъектілік құрамымен және ерекше жүзеге асырылатын қызметтің ерекше саласымен айқындалады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, инвестициялық құқықтық қатынас түсінігін былай тұжырымдауға болады: **инвестициялық құқықтық қатынас** - инвестордың кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне кіріс (пайда) алу ~~же~~ (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жетісу үшін материалдық және материалдық емес игіліктерге байланысты туған құқықтық қатынас.

§ 2. Инвестициялық құқықтық қатынастардың түрлері

Құқықтық жалпы теориясында құқықтық қатынастардың түрлерін сұрыптау әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі. Ең көп тараған бөлініс **құқықтық қатынастардың салалық мақсаткерлігі**, сондай-ақ құқықтық нормалардың азаматтық-құқықтық, конституциялық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық т.б. бөлінісі. Осы бөліністің негізіне нормалардың салаларға қатыстылығы, солардың негізінде құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді және жойылады. Біздің пікірімізше, мұндай өлшем, әңгіме құқықтың көмекші салалары мен кешенді салалары, сондай-ақ құқық институттары туралы болып отырғанда ғана қолданылады. Тиісінше, банктік құқық қатынастарын, инвестициялық құқық қатынастарын, жалгерлік қатынастар, т.б. қатынастарды бөліп алуға болады. Бұл жерде мынаны ескерген жөн: инвестициялық қатынастар бір мезгілде құқықтың негізгі салалары ретінде, сондай-ақ құқықтың кешенді саласы - инвестициялық құқықпен реттелетін азаматтық-құқықтық, әкімшілік- құқықтық және басқа да құқықтық қатынастар болып қала береді.

Құқықтық қатынастардың оған қатысушы тараптардың саны мен олардың арасындағы құқықтар мен міндеттердің бөліну сипаты қарай сұрыпталуы жеткілікті танымал және тараған. Негізінен екі тәсіл қалыптасқан: **біржақты және екі жақты (көп тарапты) құқықтық қатынастар**. Біржақты құқықтық қатынастар қатысушылардың бірі екіншісіне немесе құқықтар, немесе міндеттер алуымен сипатталады. Әрине, әңгіме азаматтық - құқықтық қатынастар туралы, дәлелдеп айтқанда, біржақты шарттар жайында болады. Өйткені азаматтық - құқықтық әдебиетте әңгіме біржақты және екі жақты құқықтық қатынастар туралы болса, шарттар-құқықтық қатынастар мен сауда-саттық-құқықтық қатынастар арасында айқын шек қойылған. Өйткені мұндай сұрыптау шарттар-құқықтық қатынастар тұрғысында ғана бола алады^[123]. Құқықтық қатынастардың едәуір бөлігі - екі жақты құқықтық қатынастар, олардың әр тарабы екіншісіне құқықтар мен міндеттер алады. Көпжақты (көптарапты) құқықтық қатынас ерекше белгісі - екі және одан да көп жақты қатынастарға қатысуы болып табылады, әр тарапта өзара құқықтар мен міндеттер болады. Инвестициялық құқықтық қатынастар осы сұрыптауға сәйкес бір жақты құқықтық қатынастар (мысалы, бағалы қағаздарды сыйға тарту жөніндегі шарт бойынша туындайтын қатынастар) және екі жақты құқықтық қатынастар (инвестициялық қатынастар) болуы мүмкін.

Құқықтық қатынастар мазмұн сипатына **қарай реттеушілік және қорғанымдылық**^[124], немесе жалпыреттеушілік, реттеушілік, қорғанымдылық^[125] болып өлбнеді. Жалпыреттеушілік құқықтық қатынастар - ешбір шарттарсыз бірыңғай құқықтармен немесе міндеттері бар адресаттардың бәрінде қалыптасқан заң нормалары негізінде пайда болған қатынастар (мұнда қатынастарға конституциялық қатынастар жатады); реттеушілік құқықтық қатынастар тараптардың субъективтік құқықтары мен міндеттерін белгілеумен және оларды орындаумен байланысты (мысалы, азаматтық-құқықтық қатынастар); қорғанымдық құқықтық қатынастар тараптардың субъективтік құқықтары мен міндеттері бұзылған жағдайда пайда болады, олардың қалпына келтірілуіне көмектеседі (мысалы, қылмыстық-құқықтық қатынастар). Солай бола тұрса да, реттеушілік және қорғанымдық қатынастарды әбден қалыптасқан деуге болады, өйткені жалпыреттеушілік қатынастардың өзі де - реттеушілік қатынастар, мұнда тек жалпы құқықтық реттеумен салалық реттеу арасына шекқойылды. Осы айтылғанды ескере отырып, қорытынды жасауға болады: инвестициялық құқықтық қатынастардың өзі де реттеушілік құқықтық қатынастар, өйткені инвестициялық нормалар барлық адресаттарда бірыңғай құқықтық-субъективтік мүмкіндіктер туғызады, сонымен бірге қорғанымдық құқықтық қатынастар белгіленген құқықтар мен міндеттер бұзылған жағдайда пайда болады.

Құқықтық қатынастарды салалық табиғатына қарай бөлуде оларды **материалдық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізу қатынастарға** ажырату белгілі бір маңыз алады. Материалдық қатынастар материалдық құқық нормалары негізінде пайда болып, қоғамдық қатынастарды субъектілерге құқықтар мен міндеттер беру жолымен реттейді, ал қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастары да қылмыстық іс жүргізу нормалары негізінде пайда

болады, ұйымдастыру, басқару сыпаты болады, өйткені, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін жзеге асыру проц едурасын қарастырады ^[126]. Бұл жерде тиісті құқықтық нормалардың материалдық немесе қылмыстық іс қозғау құқығына тиістілігі бой көтереді. Осы сұрыптаудан қорытынды жасай отырып, мынадай түйін жасауға болады: инвестициялық құқықтық қатынастар, негізінен, материалдық құқықтық қатынастар болып табылады (халықаралық коммерциялық төрелік сотта немесе аралық сотта инвестициялық даудамайларды шешуде инвестициялық іс қозғау қатынастардың пайда болуы да мүмкін).

Тараптардың өзара байланыстарының құрылымы бойынша **қарапайым және күрделі құқықтық қатынастар** бар. Қарапайым құқықтық қатынас құқық және міндеттің бір ғана өзара байланысымен тәмамдалады (қарапайым бөлшек сауда-сатып алу, сату шарты, сыйа тарту шарты т.б.), ал күрделі құқықтық қатынас-тараптар құқықтар мен міндеттердің екі және одан да көп «шоғырымен» байланысқан (шаруашылық, отбасы құқықтық қатынастар т.б.) ^[127] қатынас. Осы тәсілдің жеткілікті тарағанына қарамастан, бір ғана құқықтық қатынас шеңберінде субъектілер құқықтар мен міндеттер шеңберінде түйісуі, қаншалықты сенімді деген сұрақ туады. Мысалы, аралас шартты алалық. Онда Заңнамада құрастырылған (ҚР АҚ-інің 381 бабы) әртүрлі шарттардың элементтері қосылған. Бұл жағдайда бір ғана күрделі құқықтық қатынас туралы, немесе құқықтық қатынастардың кешені туралы сөз қозғауға бола ма? Әрине, осы арада құқықтық қатынастардың бір тобы туралы сөз болады, шынында аралас шартпен қалыптасқан әртүрлі құқықтық қатынастар (мысалы, жалға алу, сату -сатып алу шарты) бір реттілік болып келе бермейді, құқықтық әртүрлі нормаларымен реттеледі. Тиісінше, екі және көп жақты құқықтық қатынастар бір тарапты қатынастарға қарағанда, күрделі болып табылады, тараптардың өзара байланыстар құрылымы қандай да болсын құқықтық қатынаста осылай анықталады.

Біздің пікірімізше, маңызды мәселе - құқықтық қатынастардың **жекеменшік-құқықтық және жалпылама-құқықтық қатынастарға** бөлінуі. Құқықтық қатынастардың осылайша бөлінісі құқықтық қатынастардың тепе-теңдігіне байланысты. Бірақ құқықтық қатынастардың бұлайша сұрыпталуы ең алдымен жеке меншік құқыққа қатысты. Жалпылама құқықтық қатынастарда бір тарапты және екі тарапты қатынастар бөлінбейді, сондықтан көп жағдайда құқықтық қатынастар бір тарапта ерік білдіруден туындайды. Инвестициялық құқықтық қатынастар жеке меншіктік-құқықтық қатынастар да (келісімшарттық инвестициялық қатынастар), жалпылама-құқықтық инвестициялық қатынастар да (мысалы, лицензияларды тоқтатуға немесе шақыртып алуға байланысты туған қатынастар) болуы мүмкін. Сондықтан инвестициялық құқықтық қатынастардың жекеменшіктік-құқықтық және жалпылама құқықтық болып бөлінуі теория мен практиканың мүдделеріне сай келеді.

Азаматтық құқық теориясында құқықтық қатынастарды мүліктік және мүліктік емес, заттық және міндеттілік, абсолюттік және салыстырмалылық болып бөлінуі жалпыға таныл. Отандық әдебиетте **мүліктік және мүліктік емес құқықтық қатынастарға** бөлудің сұрыптамалық өлемдеріне байланысты тәсілдер қалыптасқан. Осыған байланысты, азаматтық құқықтық қатынастардың мүліктік және мүліктік және мүліктік емес болып бөлінуі - мүліктік қатынастар белгілі бір экономикалық мазмұнға негізделеді, ал мүліктік емес қатынастарда мұндай мазмұн жоқ, жеке тұлғаның кейбір материалдық емес мүдделерін (есімін, бедел - атағын, т.б.) ^[128] қамтамасыз етеді. Екінші тәсіл бойынша, мүліктік қатынастар - мүлік бойынша адамдар мен белгілі ұжымдар арасындағы қатынастар ^[129]. Басты және анықтаушы өлшем құқықтық қатынастардың экономикалық мазмұны емес немесе ондай мазмұнның болмауында емес. Мұның салдарынан құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді немесе жойылады. Егер бірінші тәсілдің соңынан ілессек, мүліктік қатынастармен байланысты болмаған қатынастар мүліктік емес қатынастар болып табылады, өйткені материалдық емес игіліктерге байланысты туындайды. Бұл түйіннің дұрыстығы - азаматтық заңнамен реттелетін қатынастар тобымен заңды түрде анықталуында. Жалпы экономикалық мазмұн ретінде осындай өлшемнің көмегімен экономикалық және әлеуметтік қатынастарды ажыратуға болады. Әр нысанды және өзара салыстырмалы емес түсініктердің толық араласып кетуінен, бұл көзқарас Б.В.Покровскийдің тарапынан орынды сынға

ұшырады: экономикалық (өндірістік) және материалдық қатынастарды біркелкі қатынастар деп тұжырымдауға болмайды, өйткені материалдық қатынастар экономикалық болып қана қоймайды, бұл адамның табиғат заңдылықтарымен дамидын табиғатқа қатынасы; демек, мүлктік қатынастарды экономикалық (өндірістік) қатынастармен теңдестіруге болмайды, өйткені еркін қоғамдық қатынастар базистік экономикалық қатынастарға қарағанда, қондырмалар болып табылады^[130].

Мүлктік құқықтық қатынастары өз тарапынан **заттық және міндеттілік қатынастарға** бөлінеді. Жалпы тұрғыдан олардың арасындағы айырмашылықтарының мәні мынада: заттық құқықтардың мәні - зат, абсолюттік сыпатта, затпен байланысты болып, соның соңынан ілеседі, ең соңында құқық жеткізушінің белсенділігін ұсынады, сонымен бірге өзіне қарсы тұрғандардың баяулығын танытады. Ю.К.Толстой заттық құқықтың мына белгілерін бөліп қарастырады: міндеттілік құқықтардан туындайтын талаптар мен мерзімсіздік сыпат, сонымен бірге аталған белгілердің қайсыбірінен айырылған заттық құқықтық қатынастардың қатар жүруі мүмкін екенін, немесе керісінше, осындай белгілер міндеттілік қатынастарды атап көрсетеді^[131].

Тұтас алғанда, бұл проблема - жаңа емес: белгілі бір анықталған түсінікте әртүрлі топтарға тән белгілер мен қасиеттер болуы мүмкін емес екені әделденген -ді. Мына жағдайда қандай да болсын құбылыстың екі жақтылық табиғаты туралы айту дағдыға айналған. Мұндайда бір зерттеушілер аралас құқықтық қатынастардың бар екенін айтса, екінші біреулері негізгілермен бірге аралас **шопай**да болу м үмкіндігін теріске шығарады. М.Қ.Сүлейменов, Е.Б.Осипов тұжырымдағандай, кепілдік аманат берушілер мен аманат ұстаушылар арасында және аманат ұстаушылар мен зат арасында^[132] қатынастардың екі түрін тудырады, бір жағынан бұл міндеттілік құқықтық қатынас, екінші жағынан, заттық-құқықтық қатынас. А.А.Вишневский міндеттемені жүзеге асырудың заттың тәсілі ретінде аманаттың екі жақты табиғатын тану нысаны ретінде оның заттық-құқықтық немесе міндеттемелік-құқықтық сыпаты туралы дау-дамайды шешуді^[133] ұсынады. Осындай құқықтық институттардың жұмыс істеу М.И.Брагинский, В.В.Витрянский сияқты ғалымдарға былай тұжырым жасауға негіз болды: азаматтық айналымда қалыптасқан құқықтық байланыстардың бір бөлігі шын мәнінде әлде заттық, әлде міндеттілік құқықтық қатынастардың белгілеріне жауап береді, солай бола тұрса да, азаматтық құқықтардың көпшілігі бірдей аралас - «заттық міндеттілік болып табылмайды»^[134]. Алайда, біз осындай тұжырымның негізсіз еместігіне ден қоямыз: азаматтық құқықтық қатынастар әлде заттық, әлде міндеттілік болып қалыптасады, үшінші тәсіл жоқ. Аралас құқықтық қатынастардың болатынын танудың өзі негізгі бөліністің мәнін теріске шығарады. Айтылған мен бірге мұның негізділігіне айғақ бар, қалыптасқан аралас үрдісі тек құқықтық қатынастарды қамтиды. Нормалардың өзіндегі қалыптасқан шектеушілікке әсер етпейді. Сонда құқық нормаларын құрыптау құқықтық қатынастарды құрыптау үйлесе бермейді, демек, заттық және міндеттілік құқықтың бөлінісі тиісті нормалардың бөлінісін туындатады, бірақ тиісті құқықтық қатынастардың бұдан былай бөлінісіне әсер етпейді. Сондықтан мүлктік қатынастар заттық немесе міндеттілік болады екен тұжырыммен келісуге тура келеді.

Инвестициялық құқықтық қатынастар мүлктік қатынастардың түрі ретінде **абсолютті және салыстырмалы қатынастар** болып бөлінеді. Құқықтың жалпы теориясында абсолютті құқықтық қатынастар түсінігі былай айқындалған: басқару - өкілетті тұлғаның құқына қандай да болсын нақты тұлғаның міндеті ғана емес, барлық үшінші тұлғаның міндеті қарсы тұрады, бұл міндет абсолютті құқыққа нұсқан келтіретін кезкелген әрекеттерге бармауды ұсынады. Осыған қарама -қайшы ретінде, салыстырмалы құқықтық қатынастардың абсолюттік қатынастардан өзгешелігі сол - мұнда басқарушы - өкілетті тұлғаның құқықтары нақты субъектілердің міндеттеріне қарсы тұрады, сонымен бірге салыстырмалы құқық үшінші тұлғалардың іс-әрекетіне ықпал жасай алмайды, өйткені ол құқықтық қатынастардың нақты қатысушыларының белсенді әрекеттерге баруын қалайды.

Инвестициялық мүлктік қатынастар, әдеттегідей, салыстырмалы құқықтық қатынастар болып табылады. Инвестициялық қатынастар ретінде тануға болады: инвестициялық

шарттар (келісімшарттар) жасау, оны немесе тоқтату жөніндегі қатынастар; инвестицияларға мемлекеттік қолдау жасау жөніндегі қатынастар; инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөніндегі қатынастар; инвестициялық дау - дамайды шешуге байланысты қатынастар. Сонымен бірге инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде қалыптасқан абсолюттік құқықтық қатынастардың (мысалы, жер қойнауы мен басқа да табиғат ресурстарына мемлекеттік қатынастар бойынша).

Инвестициялық құқықтық қатынастарды **абсолюттік және салыстырмалылық** деп сұрыптаудың инвестициялық қызмет саласында қалыптасқан әртүрлі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің өзгешелігімен тұжырымдалған маңызы бар. Сонымен бірге оның екінші деңгейлі немесе қолданбалы сыпатын мойындаған жөн, өйткені осы сұрыптау инвестициялық қатынастардың барлық түрлерін бөлу үшін жеткіліксіз.

Аталған дәлелге қосарымыз мынау: инвестициялық құқықтық қатынастардың жекеленген түрлерінің сыпатты белгілері мен айырмалық ерекшеліктерін көрсету үшін олардың сұрыптамасын басқа да негіздер бойынша атап айтқанда, инвестициялық құқықтық қатынастардың мазмұны бойынша жүргізуге болады, жүргізу керек. Осыған байланысты В.С.Мартемьянов мынадай бөліністі ұсынады: инвестициялық қатынастары өздері және инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі қатынастар^[135]; құқықтық қатынастардың осы топтарының елеулі айырмашылықтары мынада: әуелгі жағдайда инвестициялық қатынастар инвестициялық шарт жасамай-ақ қалыптасуы мүмкін; екінші жағдайда инвестициялық шарт жасау қажет, өйткені бұл құқықтық қатынастар инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысушылардың барлығымен арадағы қатынастар осы шарт негізінде пайда болады.

Осылайша бөлініс инвестициялық үрдістің мазмұнында емес, негізгі даму сатылары негізінде негізделген деп санаймыз. Демек, мына бойынша құқықтық қатынастарды инвестициялық демей, инвестициялық шарт жасасу алдындағы қатынастар деп атау дұрыс болар (мұндай қатынастар, әдеттегідей, инвестициялық қатынастарға жатпайды). Құқықтық қатынастардың екінші тобы туралы айтсақ, онда бұларды айтсақ, онда бұларды құқықтық қатынастардың дербес екі тобына жатызуға болады: **инвестициялық объектінің жасау жөніндегі қатынастар және оның заңды тағдырын анықтау** (меншікке, оперативтік басқаруға, шаруашылық жүргізуге немесе уақытша пайдалануға) беру жөніндегі қатынастар.

Құқықтық қатынастардың мазмұнын құқықтық қатынастарда барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері мен инвестициялық құқықтық қатынастарды **келісімшарттық және келісімшарттан тыс инвестициялық қатынастарға** бөлуге болады. Құқықтық қатынастардың осындай бөлінісі үшін мына жағдай маңызды: олардың субъектілері шарт қатынастарында тұра ма, жоқ па?; шарт инвестициялық қатынастардың пайда болуының, өзгеруінің немесе тоқтатылуының негізі ретінде әрекет жасай ма, жоқ па? Жалпы ереже бойынша азаматтық - құқықтық міндеттемелер шарт және басқа құқықтық әрекеттерден туындайды, бірақ басқа, көбінесе құқықтық емес әрекеттердің салдарынан пайда болатын міндеттемелердің басқа да тобы^[136] бар. Бұл міндеттемелер шарттардан тыс болып келеді, бұған нұсқан келтіруден туған және негізсіз жолмен баюдан туған (заңды емес, заңсыз әрекеттер - бір жақты өзара мәмілелер шарттан тыс міндеттемелер туғызады) міндеттемелер жатады. Инвестициялар туралы заңға сәйкес инвестор мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заң актыларына әйкес келмейтін актыларын шығару, сондай - ақ азаматтық заңнамаға сәйкес (4 бап 2 тармақ) осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамдығы) нәтижесінде келтірілген зиян орнын толтыруға құқылы. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі орнын толтыру жататын зияндарды ажыратып береді: 1) мемлекеттік органдардың қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келмейтін (акт шығарған органдар мен лауазымды тұлғалардың кінәсіне қарамастан, сот шешімі негізінде зиян орнын толтыруға жататын) актылар шығаруы нәтижесінде келтірілген зиян; 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды тұлғалары келтірілген зиян (жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды тұлғалары келтірілген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді); 3) әкімшілік басқару саласында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамдығы) нәтижесінде

келтірілген зиян (жалпы негізде осы органдардың қолындағы ақша есебінен өтеледі) (ҚР Азаматтық Кодексі 922 бап).

Бұл арада өте маңызды сәттерді атап өткен жөн: біріншіден, мемлекеттік органдардың қолданылып жүрген заң актыларына сәйкес келмейтін актыларын шығару, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамсыздығы) нәтижесінде келтірілген зиянды инвестордың орнына келтіру туралы ережені шығарушы инвестордың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктеріне жатқызған, сөз жоқ, оның маңыздылығын атап көрсеткен; екіншіден, мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ лауазымды тұлғаларының әрекеттері жалпылама-құқықтық сыпат алады, бұл азаматтық - құқықтық (жеке меншік - құқықтық қатынастардың табиғатына сәйкес келмейді, үшіншіден, әңгіме тек лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы болып отыр. Біз ажырасқан ерекшеліктер шарттан тыс инвестициялық қатынастардың өзіндік сыпатын анықтайды.

Сонымен бірге, инвестициялық құқықтық қатынастардың бөліну өлшемдері ретінде инвестициялау **объектісі, мааты және мерзімдері** ажыратылады. Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастар инвестициялау объектісіне қарай меншіктің заттық құқына байланысты құқықтық қатынастар, мүліктік құқықтарға инвестициялар қосуға байланысты қатынастар, зияткерлік меншікке байланысты құқықтық қатынастар болып бөлінеді. Н.Н.Литягин инвестициялау мақсатына байланысты құқықтық қатынастарды былай бөлінеді: инвестициялық қызметтен жеке табыс алумен байланысты құқықтық қатынастар; инвестициялық қызметтен оң әлеуметтік тиімділікке жетісумен байланысты қатынастар. Ең соңында, инвестициялау мерзімдеріне байланысты қатынастар: бір дүркіндік (бағалы қағаздардың сатып алу) және ұзақ мерзімдік (қандайда болсын объектінің құрылысы) инвестициялық құқықтық қатынастар^[137].

Принципінде инвестициялық құқықтық қатынастарды сұрыптаудың осы тәсілін стандартты деп атау болады, онда Ресей заңнамасында бекітілген инвестициялардың негізгі белгілері жүрініс алған. Алайда, құқықтық қатынастардың инвестициялық қызметтен кіріс (пайда) алуға байланысты құқықтарға бөлінісі, біздіңше сәтті бөлініс дей алмаймыз. Шын мәнінде, инвестор қашанда болсын, бір мақсаты - кіріс (пайда) алуды өздейді, егер жоғарыда аталғанды ескерсек, кіріс алуға байланысты құқықтық қатынастар бар, олардан бөлек тек оң әлеуметтік тиімділікке жетуді ғана көздейтін құқықтық қатынастар бар болып шығады. Байқалғанындай, инвестициялық қатынастардың көпшілігі кіріс (пайда) алуға бағыт ұстайды және оң әлеуметтік тиімділікке жетісуді көздейді (өйткені, сайып келгенде, инвестицияларды жүзеге асыру экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатын көтеруге жеткізеді); оң әлеуметтік тиімділікке жетісуді көздейтін инвестициялық құқықтық қатынастар (зияткерлік инвестициялар) кіріс алумен (білім несиесі бойынша алынған сомаларды қайтару) байланысты болуы мүмкін: демек, бірінің екіншісіне қажеттілігі бар. Инвестициялардың мерзімдері туралы айтқанда, мынаны атап өту керек: бағалы қағаздарды сатып алу бір дүркіндік инвестицияларға жатады, егер инвестор оларды дереу сатса, онда қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді, тіпті мерзіммен шектелмеген инвестициялау болуы мүмкін. Демек, осы өлшемге орай **қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді** (мерзіммен шектелмеген) **инвестициялық қатынастарға** бөлуге болады, ал жалпы «бір дүркіндік» терминін инвестицияларға және инвестициялық құқықтық қатынастарға қолдануға болар ма екен.

Инвесторлардың инвестициялық құқықтық қатынастарға қатысушылар ретінде құқықтық қабілетінің сыпатына қарай **инвестицияларды мемлекеттік қолдау туған қатынастар** мен **тиесілі қатынастарға** бөлуге болады. Инвестордың қандай да болсын мемлекетке тиесілілігіне байланысты шетел инвесторларының қатысуымен шетел инвесторларының қатысуымен болған инвестициялық қатынастар және ұлттық инвесторлардың қатысуымен болған инвестициялық қатынастар. Шетелдік және ұлттық инвестициялар болып бөлінуінің негізіне меншік қатынастары^[138] алынған деген пікір әдебиетте кедесіп қалады. Бірақ бұл дұрыс емес, меншік қатынастары құқықтық

категория ретінде инвестициялардың түсінігінің өзінде айқындаушы өлшем болып табылады. Мұнда олардың құқықтық режимі шешуші режим болады, инвестициялар үшін емес, инвестициялық қатынастар субъектілерінің (қатысушыларының) байланысы үшін белгіленеді.

Меншік нысаны - басқа мәселе, мұнда инвестициялардың түрлерге бөлінуі былайша жүреді: **мемлекеттік және жеке меншіктік** (инвестициялар кімнің меншігінде? - бұл ең бастысы). Мемлекет инвестор болып қатысатын инвестициялық қатынастар бас түрлерден жоспарлылығының жоғары деңгейімен ерекшеленеді, мемлекет өзінің органдары арқылы қатаң бақылайды. Олар екі деңгейде: жалпы мемлекеттік (орталық) және жергілікті деңгейде жүзеге асырылады.

Қаржыландыру көздеріне қарай мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар мемлекеттік қаржылар есебінен жүзеге асырылатын (мемлекеттік немесе жергілікті бюджет) және жұмылдырылған қаржылар есебінен (мемлекеттік несиелер және қарыздар) жүзеге асатын инвестициялар болып бөлінеді. Жеке меншік инвестициялар өзіне тиесілі қаржылар немесе жұмылдырылған қаржылар есебінен (оның ішінде мемлекеттік) жүзеге асырылуы мүмкін. Инвестор мемлекеттік қаржыларды жұмылдырылған жағдайда, мемлекетте меншік құқы жоқ, тек талап ету құқы (міндеттілік құқы) ғана бар, сондықтан инвестициялардың осы түрі жеке меншік инвестицияларына жатады.

Мұндайда туындаған барлық инвестициялық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мен өздеріне тән белгілері бар. Мысалы, өз қаржылары есебінен заңды немесе жеке тұлғалар жүзеге асыратын инвестициялар басқа инвестициялардан инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда барынша еркіндігімен және ашықтығымен ерекшеленеді, өйткені инвесторлар объектілерді қаржыландыру көлемін өзі анықтайды. Әріптестерді өздері тандайды, бүкіл инвестициялық үрдісті ұйымдастырады және бақылайды, сонымен бірге инвестициялық қызметке қатысушылармен өзара қатынастардың міндеттері мен кезкелген басқа да шарттарын анықтайды. Егер инвестициялар жұмылдырылған немесе қарыз қаржыларының есебінен жүзеге асырылатын болса, онда инвестициялық қатынастар барынша күрделене түседі, тәуекелділік жоғары, кірістілігі мейлінше төмен болады.

Жоғарыда айтылып, өткеніндей, инвестициялық қатынастарды жүзеге асыру мақсаты бойынша **кіріс алуға бағытталған және оң әлеуметтік тиімділікке жетуге бағытталған** инвестициялар деп бөлуге болады. Бірақ нақты өмірде, практикада инвестициялардың негізгі мақсаты - кіріс немесе пайда алу. Соқпалы болар, қолданылып жүрген заңнамада инвестициялар үшін басқа мақсат бекітілмеген, бұл мақсат болмауы керек деген емес. Инвестициялық жобаларды немесе бағдарламаларды жүзеге асыру тек кіріс алуды ғана емес, экономика үшін, елдің жекеленген азаматтары үшін белгілі бір оң тиімділікті көздеуі керек.

Инвестициялық құқықтық қатынастарды тепе-теңдендіруді басқа өлшемдерге сүйене отырып жүргізуге болады. Мысалы, **инвестициялау объектісі**. Мұнда екі негізгі блокты атауға болады - материалдық активтер және материалдық емес активтер. Инвестициялық қатынастардың **бірінші тобына** объектілері өндірістік инфрақұрылым; ауыл шаруашылығы; көлік; құрылыс; табиғат ресурстары (оның ішінде жер қойнауы); т.б. болатын инвестициялық қатынастар жатады. Екінші тобына объектілері бағалы қағаздар, қызметтер, зияткерлік меншік; меншік құқы және басқа да заттық құқықтар, т.б. болып табылатын қатынастардың аталған қосымша топтарының әрқайсысында қатынастардың, салыстырмалы дербес түрлері бірігіп кеткен. Атап айтқанда, өндірістік инфрақұрылым. Мұнда өндірістің көптеген салалары бойынша да мынадай өлшемдер бойынша да сұрыптаулар жасауда болады: меншікті немесе меншіктік емес өндіріске арналған инвестициялар; өз өндірісінің тиімділігін көтеруге немесе өндірісті ұлғайтуға арналған инвестициялар, өзінің жаңа өндірісін жасауға немесе жаңа технологияларды өз өндірісінде пайдалануға бағытталған инвестициялар, т.б.

Сонымен инвестициялық қатынастарды, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың кезкелген басқа да түрлері сияқты сұрыптауды әртүрлі негіздер бойынша жүргізуге болады. Мұнда ең бастысы - реттеудің тұтастығымен бірлігін бұзбай бөліністің негізіне алынған өлшемнің

мөлдірлігін қамтамасыз ету керек. Сонда ғана инвестициялық құқықтық қатынастардың бүкіл жүйесін онан әрі дамытуға және жетілдіруге болады.

§ 3. Инвестициялық құқықтық қатынастың құрылымы

Құқықтық қатынастар құрылымы мен оның құрылымдық элементтері туралы мәселесі ғалымдардың назарында әрдайым болған. Анағұрлым проблемалар болып қала беретіні - «құрам» немесе «құрылым» түсініктерін пайдаланудың қажеттілігі, сондай-ақ құқықтық қатынастың сандық және сапалық құрамын анықтау.

Құқықтық қатынастың «құрам» терминінің жақтастары, оның ішінде С.С.Алексеев мұндай түсінікті қолдану құқықтық ғылымда қалыптасқан ғылыми дәстүрлеріне және сөз қолданыстарына сәйкес келетінін дәйек етеді. (атап айтқанда, мәні жағынан жақын «нақты құрам», «құқық бұзушылық құрамы»)^[139]. О.С.Иоффе құқық бұзушылық құрамын субъектілер сондай-ақ объектілер құрайтынын алға тартады^[140]. Мұндай тәсілге қарсылар, оның ішінде Р.О.Халфина құқық бұзушылық «құрылымы» түсінігін қолданады, құқықтық қатынас құрылымның элементтеріне оған қатысушыларды, субъективтік құқықтар мен міндеттерді, олардың өзара байланысын, қатысушылардың құқықтар мен міндеттемелерге қатысты әрекеттерін^[141] жатқызады. В.Н.Хропанюк тек төрт элементті қарастырады: субъектілер, объект, құқық және міндет^[142]. Басқа да көзқарастар да кездеседі, атап айтқанда, түсініктерді пайдаланудың дұрыстығы, құқықтық қатынастардың құрамы мен құрылымы негізделеді. Мысалы, В.Н.Протасов ұғас, жүйелі құбылыс ретінде құқықтық қатынастар құрамын оның субъектілері құрайды деп санайды, жүйелік әдіс тұрғысынан олар құқықтық қатынас элементтері деп аталады; қатысушылардың құқықтары мен міндеттері - құқықтық қатынастардың жекеленген элементтері емес, құқықтық қатынас құрылымын анықтайтын заңдық сапалар, элементтердің (субъектілердің) қасиеттері, басқаша айтқанда, құқықтық байланыстар, субъектілер арасындағы қатынастар^[143].

Әдебиетте жоғарыда айтылған пікірлерді сараптай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, егер «құқық бұзушылық» және «құқықтық қатынас құрамын» қатар қойғанда, онда құқық бұзушылық құрамы оның құрылым аша алмайды, оның құрамдас бөліктері құқық бұзушылықтың жекеленген (дербес) элементтері болып табылмайды, керісінше, заңды жауапкершіліктің бірыңғай тұтас негізін құрайды, сондықтан «құрам» терминін құқық бұзушылық, құқықтық қатынастың құрылымын сыпаттауға қолдануға келмейді. Екіншіден, құқықтық қатынастардың элементтері соншалықты өзара байланысты, тұтас құқықтық қатынастың элементтері байланысының ерекше әдісі қажет. Бұл жерде құқықтық қатынастың құрылымы ауызға алынып отыр. Үшіншіден, субъектілер арасындағы тек байланыстар ретінде құқықтық қатынастар құрылымының түсінікті толық әрі дәл болып табылмайды, өйткені байланыстар өздігінен субъектілерден бөлек өмір сүре алмайды, сондықтан құрылымды элементтер мен олардың байланыстарының бірлігі деп түсіну керек. Төртіншіден, заңды мазмұнмен бірге (құқықтар мен міндеттер) нақты мазмұнды (субъектілердің нақты іс-әрекеті) қосып жіберу шектен тыс сияқты көрінеді, өйткені субъектілердің іс-әрекеті құқықтық қатынасты жүзеге асыру нәтижесінде туады және құқықтық қатынас мазмұнының түсінігіне енбейді. Бесіншіден, заң факторларын құқықтық қатынас элементтерінен жатқызу да сенімді емес, өйткені заң факторлары құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру немесе тоқтатылуының бастапқы себептері болып табылады, араларында тығыз және ажырамас байланыстар болып тұрса да, құқықтық қатынастардың элементтері болып танылмайды. Алтыншыдан, субъектілер объект және мазмұн құқықтық қатынастардың элементтері ретінде әрекет жасайды.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастардың құрылымын инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілер, объектілері және олардың мазмұны (субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер) құрайды.

Бақылау сұрақтары

1. Инвестициялық құқықтық қатынас түсінігін анықтаңыз.
2. Инвестициялық құқықтық қатынастың негізгі белгілерін атаңыз.
3. «Кешенді құқықтық қатынас» деген не?
4. Инвестициялық құқықтық қатынастардың сұрыптаудың негізгі өлшемдері қандай?
5. Бір жақты және екі жақты инвестициялық құқықтық қатынастарға сыпаттама беріңіз.
6. Реттеушілік және қорғанымдық инвестициялық құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін тұжырымдаңыз.
7. Жеке меншіктік - құқықтық және жалпылама - құқықтық инвестициялық құқықтық қатынастарға сыпаттама беріңіз.
8. Мүлктік және мүлктік емес инвестициялық құқықтық қатынастардың өзіндік белгілерін ашыңыз.
9. Заттық инвестициялық құқықтық қатынастар мен міндеттілік инвестициялық құқықтық қатынастар арасындағы шекараны түсіндіріңіз.
10. Инвестициялық құқықтық қатынастардың абсолюттік және салыстырмалы болып бөлінуі туралы айтып беріңіз.
11. Шарттық және шарттан тыс инвестициялық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері неде?
12. Инвестициялау объектісі бойынша инвестициялық қатынастардың қандай түрлерін ажыратуға болады?
13. Инвестициялық құқықтық қатынас құрылымына анықтама беріңіз.
14. Инвестициялық құқықтық қатынас құрылым қандай элементтерді қамтиды.

Ұсынылған әдебиеттер

1. Алексеев С.С. Құқық теориясы. М.: «БЕК» баспасы, 1994.
2. Урал цивилистикасының антологиясы: 1925-1989 ж. Мақалалар жинағы. М.: «Статут» баспасы, 2001.
3. Азаматтық құқық: ЖОО -на арналған оқулық (академиялық курс). / Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2000. Т. 1.
4. Волошко С.Д. Халық шаруашылығында азаматтық-құқықтық реттеу. Харьков: «Вища школа» баспасы, 1984.
5. Иоффе О.С. Азаматтық құқық жөніндегі таңдаулы еңбектер: цивилистикалық ойлар тарихынан. Азаматтық құқықтық қатынас. Шаруашылық құқық теориясына. М.: «Статут» баспасы, 2000.
6. Иоффе О.С. Таңдаулы еңбектер. 4 том. Кеңестік азаматтық құқық бойынша құқықтық қатынастар. Кеңестік азаматтық құқық бойынша жауапкершілік. СПб.: «Юридический центр Пресс» баспасы, 2003.
7. Покровский Б.В. Азаматтық құқық жөніндегі таңдаулы еңбектер. Алматы: ҚазақЗУ жекеменшік құқының ҒЗИ-ы, 2003.
8. Покровский Б.В., Сүлейменов М.Қ., Наменгенов Қ.Н. Шаруашылық айналымы саласындағы өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың құқықтық қатынастары. Алматы: «Ғылым», 1985.
9. Протасов В.Н. Құқықтық қатынас жүйе ретінде. М.: Заң әдебиеті, 1991.
10. Толстой Ю.К. Құқықтық қатынас теориясына. Л.: ЛГУ баспасы, 1959.
11. Халфина Р.О. Құқықтық қатынас туралы жалпы ілім. М.: Заң әдебиеті, 1974.

5 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.

Инвестициялық құқықтың қатынас субъектісінің түсінігі. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің түрлері. Инвестор мен инвестициялық қатынастардың басқа да субъектілерінің құқықтық мәртебесі. Инвестициялық қатынастар субъектілері бағалы қағаздар нарығында және олардың құқықтық хал-ахуалы. Жерқойнауын пайдаланушы инвестордың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері.

§ 1. Инвестициялық құқықтық қатынас субъектісінің түсінігі

Құқықтық қатынастардың субъектілері өзара (корреспонденттік) құқықтары мен міндеттемелері бар құқықтық қатынастарға қатысушылар болып табылады. Төңке рiске дейiнгi ғалымдар «субъект» түсiнiгiн аң қатынастарына жатқызып, оны қос мағынада қарастырған: белсендi тарапынан құқық, пассив тарапынан - мiндет (Г.Ф.Шершеневич). Е.Н.Трубецкой заңдық сапасы немесе мәні құқық және құқықтық қатынас объектісі болу адамның табиғи қасиетін құрай алмайды, ал адам - объективтік құқық құраушы^[144], - деп атап жүрсетеді. Осы заманғы ғалымдардың құқықтық қатынастар субъектілері жөнiндегi тұжырымдарында көзқарастарда кейбiр жақындықтар бар. Мысалы, құқықтық қатынастың кiм және қандай жағдайда субъектісі бола алатынын мемлекет қана анықтайды, ал кейбiр конституциялық құжаттарда табиғи құқық теориясынан туындайтын құқық субъектісінің негiзгi құқықтар мен еркiндiктi жүзеге асырушы туралы ережелерде адам мұндай құқықтар мен еркiндiктi табиғи жолмен алатынын (әркiмнiң туған сәтiнен) практикалық шамада тықпалау әрекеттерi тым әдемі декларация болып табылады^[145]. Әрине, табиғатта, қоғамда да құқық субъектілігін (ерекше заңдық қасиет, ол тұлғаға, немесе ұйымға құқық субъектісі болуға мүмкіндік береді) анықтап, белгілемейді. Бірақ адамның табиғи құқықтарға жататын құқығын заңды түрде бекіту оны заңды түрде танылуын растайды. Мысалы, құқықтың өмірге деген табиғаты оны құқықтың маңыздылықтан ажырамайды, бұл қолданылып жүрген заңнамада адамның табиғи құқын бекіту сәтiнен құқық мемлекет таныған және белгілеген құқық болады.

Құқықтық субъектілік объективтік құқық көмегімен ғана азаматтардың немесе ұйымдардың еркі мен тілегіне қарамастан, пайда болады, өзгереді әрекетін тоқтады. Құқықтық субъектілік құқықтық қабілеттілік (құқық пен міндеттер ие болу, қабілеттілігі) пен қабілетсіздікті құқық пен міндеттерді атқару қабілеттілігі) құрайды. Жекеленген авторлар құқықтық субъектілік құрамына деликт қабілеттілігін (тұлғаның өзі жасаған қылықтарға жауап бере алу қабілеттілігі)^[146] қосады, тағы басқа авторлар қабілетсізділік пен өз ісіне жауап беру қабілеттілігін^[147] қатар қарастырады. Біздіңше, деликт қабілеттілігін қабілетсіздіктің құрамдас бөлігі деп қарастырған жөн сияқты.

Құқық теориясында құқықтық қабілеттіліктің үш негiзгi түрi бөлiнедi: жалпы (мемлекеттiң тұлғаны немесе ұйымды құқық субъектісі ретінде тануы); салалық (тұлғаның немесе ұйымның құқықтың қандай болсын бiр саласының субъектісі болуының заңдық қабілеттілігі); арнаулы (тұлғаның белгілі бiр лауазымдық қызметтер атқаруына немесе құқық субъектілерінің белгілі бiр категорияларына қатыстылығына байланысты құқықтық қатынастардың қатысушысы болу қабілеті)^[148]. Басқа да пікірлер айтылып жүр, құқықтық субъективтілікке осылайша сұрыптау жасау шектеулі болуы мүмкін^[149]⁴. Бұл жерде мынадай бiр ерекшелікті атап өткен жөн: мысалы, ұйым (заңды тұлға) қарастырылса, онда құқықтық қабілеттілік пен қабілетсіздік арасында әдеттегідей, алшақтық бар ма? - деген сұрақ туындайды, ал азаматтардың құқықтық қабілеттері мен қабілетсіздігі - құқықтық субъектіліктің мейлінше жеткілікті дербес элементтері, сондықтан элементтердің әрқайсысына жеке қолданылатын бiрыңғай сұрыптау өлшемдерін әңгіме тұтас құқықтық субъектілік туралы болып ғашар пайдалануға болар ма екен. Сондықтан Б.В.Покровскийдің субъективтік құқық ретінде құқықтық субъективтілік - жалпы түсінікте

басқару өкілеттілігі бар тұлғаның еркіндігінің ерекше заңды шарасы деген тұжырымы сенімді деп санаймыз, ал нақты құқықтық қатынастарда субъективтік құқық - басқарушы - өкілетті тұлғаның еркіндігінің заңмен қамтамасыз етілген өлшем бірлігі^[150].

Жеке тұлғалардың азаматтық құқықтық қабілеттілігі жалпы сыпат алады, ал заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігіне сыпаттама бергенде жалпы (әмбебап) және арнаулы (шектеулі) құқықтық қабілеттілікті бөлуге болады. С.И.Климкин атап өткендей, заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігін жалпы (әмбебап) және жартылай (арнаулы, мақсатты) құқықтық қабілеттілікке бөлудің мынада: ұйымдар әмбебап құқықтық қабілеттілікке ие болып, заңмен тыйым салынбаған кезкелген қызмет түрімен айналысуға құқығы^[151]. Е.Б.Осипов заңды тұлғалардың жалпы және арнаулы (жарғылық) құқықтық қабілеттілігімен бірге жүзеге асыру қызметін анықтауда рұқсат ету тәртібі көзделген - лицензиялау тәртібі^[152] қарастырылған арнаулы құқықтық қабілеттіліктің жеке түрін негіздеу қажеттігін алға тартады. Арнаулы құқықтық қабілеттіліктің қосымша түрі туралы ұсыныс - пікір заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі түрлерінің негізгі бөлінісі ешқандай қайшы келмейді, керісінше арнаулы құқықтық қабілеттілігінің басқа да көмекші түрлерін бөліп қарастыруға мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Мысалы, қызмет мақсатына қарай коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың арасына шек қоюға болады, ол арнаулы құқықтық қабілеттілігі әртүрлі болады. Ал К.К.Лебедевтің пікірінше, мәдениет, өнер, ғылым, білім, денсаулық сақтау, дене тәрбиесі және спорттық әртүрлі саласында әрекет ететін көптеген коммерциялық ұйымдары үшін қоғамдық пайдалы мақсаттар, әдеттегідей, бастапқы болып табылады, кіріс алу - екінші еркін мақсат^[153]. Осы жағдайда коммерциялық қызметтің екінші өлшемі - қатысушылар (құрылтайшылар) арасында кірісті бөлу өлшемі қолданылуға тиіс, коммерциялық ұйымға бұл өлшемді қолдануға болмайды.

Теорияда тек тұлғаландырылған құрылым ғана емес, ұлт және халық сияқты^[154] жалпы белгілерді құқық объектісі ретінде негізінде әрекеттер жасалған. Мұндағы негізгі дәйек - социализм кезеңінде конституциялық ережелерде халық пен ұлттық еркін қатысуы мен еркін жариялау білуімді бекітілген. Принципінде, Қазақстан Республикасының Конституциясында әлеуметтік жиынтық ретінде халықтық дербестігін анықтайтын нормалар бар: «біз, Қазақстан халқы», «билікті бірден-бір қайнар көзі халық болып табылады», «халық билікті тікелей республикалық референдум мен еркін сайлау арқылы жүзеге асырады» (ҚР Конституциясы, 3 бап). Алайда, бұл «халық» құқық немесе құқықтық қатынастар субъектісі болады дегенді білдірмейді өзінің белгілі бір ұйымдасқандығына қарамастан, құқықтық қатынастарда «халық» референдум ұйымдастырғанда, бір тұтас тұлға ретінде шығады, өйткені жеке алғанда, әр азаматтық еркін білдіруі халықтың еркін білдіруін қалыптастырады. Басқаша айтқанда, құқық тұрғысынан «халық» өзін құқықтың дербес субъектісі деп тануға жеткілікті мүмкіндіктерге иелік етпейді.

Осы проблемға тегіннен - тегін назар аударып олар жоқпыз: В.С.Афанасьев, Н.Л.Гранат құқықтық қатынастардың субъектілеріне мемлекеттік-аумақтық құрылымдардың (мемлекеттер, қалалар, аудандар халқы сайлау корпусы)²⁾^[155] жатады. Демек, әлеуметтік ортақтылықтар халықты жекеленген топтарға бірігуге мүмкіндік беретін кейбір жеке белгілерге иелік етеді. Бірақ осы тәсілге сәйкес ұлттық белгісі бойынша (аумақтықтан өзгеше) ұлттар, ұлыстар, этникалық топтарды; діни белгісі бойынша - христиан, мұсылман, католик, т.б.; жас өмірі белгісі бойынша; жынысы бойынша, т.б. белгілерге бөлуге болады. Тиісінше, қоғамда көпсанды және саналуан әлеуметтік ортақтылықтар мен топтардың болуы олардың бәрі бірдей құқықтық қатынастарға дербес қатысушы ретінде қатыса алатынын дәлелдемейді. Олар құқықтық қатынастарға тікелей емес, белгілі бір ұйымдар (оның ішінде қоғамдық ұйымдар) және мемлекет арқылы қатысады. Демек, құқықтық қатынастардың ұжымдық субъектілеріне мемлекеттік, қоғамдық, жекеменшік ұйымдар және тұтас алғанда, мемлекет қатысады; бұларда құқықтық субъектілік деп аталатын ерекше заңдық қасиеттері бар екенін тануға мүмкіндік беретін ұйымдасқандық деңгейі болуы керек.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастың субъектісі құқықтық субъектілігі бар тұлға бола алады, басқаша айтқанда, субъективтің құқықтар мен заңдық міндеттерді алып жүре алатын тұлға.

§ 2. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің түрлері

Құқықтық қатынастар субъектілерінің мынадай негізгі түрлері бар: **жеке субъектілер** және **ұжымдық субъектілер**. Ғұрын кеңестік құқық теориясында жеке субъектілерге азаматтар (жеке тұлға), ал ұжымдық субъектілерге, әдеттегідей, заңды тұлғалар жатқызылды, ал қазір және тұлғалар ұжымдық субъектілер болып та құқықтық қатынастарға қатысады (мысалы, серіктестік немесе шаруа жалығы (фермерлік). Ю.Г.Басиннің айтуынша, бұрынғы Азаматтық Кодекс бұл ережені өзгертті және бір ғана қатысушыдан тұратын кейбір заңды тұлғалардың бірігуі мүмкіндігін таныды (жауапкершілігі шектеулі серіктестік, акционерлік қоғам)^[156]. Демек, осы кезде заңды тұлғалар ұйымдар немесе азаматтардың ұжымы (ұжымдық субъектілер) ретінде қарастырылмайды, өйткені қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бір тұлғадан компания құруға болады.

Кеңестік заң әдебиетінде «жеке тұлғалар» терминінің сәтсіздігі аталып өткен, индивид қоғамдық қасиеттерімен ғана емес, белгілі таптың өкілі немесе қоғам мүшесі болғандығынан емес, оның психофизиологиялық ерекшелік сияқты табиғи қасиеттері арқылы құқық субъектісі болатынын білдірді (осы көзқарасты С.Н.Братусь білдірген және О.С.Иоффе қолдаған^[157]). «Жеке тұлғалар» терминін пайдаланудан заң шығарушы да бас тартқан: кеңестік азаматтық заңнамада «азамат» термині қарастырылған (мысалы, КСРО азаматтық заңнамасының негіздерінің 8 бабы, Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 9 бабы)^[158]. ҚР Азаматтық кодексінде «Жеке тұлғалар» деген арнайы бап бар, онда жеке тұлға - ҚР азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар делінген (ҚР АҚ 12 бап). РФ-ның Азаматтық кодексінде мұндай бап жоқ, алайда М.Г.Масевич 17 бапқа түсініктеме бере келіп, осы бап «Азаматтық құқықтық қабілеттілігі» деп аталғанына қарамастан, баптың тек Ресей Федерациясының ғана емес, басқа жеке тұлғаларды, оның ішінде шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ тұлғаларды қамтитынын атап көрсетеді^[159]. Принципіне бұл баппен келісу күрделірек, өйткені бұл бап азаматтығы жоқ тұлғалар қатысатын қатынастарға қолданылады, өйткені мұнда тек «барлық азаматтар» туралы (шетел азаматтары туралы өз болып отырғанын білуге болады) әңгіме болады. РФ Азаматтық Кодексінің осы және басқа баптарын (3 тарау) кеңірек түсіндіргенде, мынаны байқауға болады: баптың өзі «Азаматтар (жеке тұлғалар)» деп аталады, солай бола тұрса да, РФ азаматтарымен бірге шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері бола алады (ҚР Азаматтық Кодексінің үлгісімен) деп жазылуы керек еді. Сонымен бірге, кеңестік және осы заманғы заң ғылымының құқы (құқықтық қатынастар) субъектісі туралы негізгі ережелеріне салыстырмалы талдау жасай келіп, ғалымдардың мемлекет өзінің органдары арқылы құқықтың ерекше субъектісі болып табылады деген тұғырнамасының беріктігін атап өтуге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың жеке құқық және жалпылама құқық саласындағы құқықтық қатынастар үшін құқық субъектілерінің түрлерін әр түрлі сұрыптауға байланысты даулы тұғырнамалары да жеткілікті. Жеке меншік құқық саласында С.С.Алексеев жеке және заңды тұлғаларды бөліп қарастырады; жалпылама құқық саласында - бірінші, жағынан, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар, екінші жағынан - бағынышты және есеп беруші тұлғалар^[160]. Субъектілердің құқықтық жағдайдағы қазіргі ерекшеліктері қандай құқықтық қатынастарға (жекеменшік-құқықтық немесе жалпылама-құқықтық) қатынастарға қатынасына қарамастан, олардың түр-түрлерінің сұрыптамасына әсер етпейді. Сонымен, жалпылама құқықтық қатынастардың субъектілері заңды және жеке тұлғалар, атап айтқанда мемлекеттік орган (заңды тұлға) және есеп беретін тұлға (заңды және жеке тұлға) бола алады. Егер осы пікірдің ізімен кете барсақ, жекеменшік құқықтық қатынастардың субъектілерінің теңдігі оларды, сөз

жоқ, тең етеді. Бірақ бұлай емес, заңды тұлғалар жалпы (тең) құқықтық қабілеттілігі, құқықтық қатынастардың түрлеріне қарамастан, әмбебап (жалпы) құқықтық қабілеттілігіне, иелік ететін жеке тұлғаларға қарағанда, өздерінің мақсаттары мен, міндеттерімен шектелген арнаулы құқықтық қабілеттілікті пайдаланады.

О.С.Иоффе пікірінше, құқықтық қатынас кемінде қарама-қарсы функциялар атқаратын екі субъектіні қосады: олардың бірі - басқару өкілеттілік, екіншісі - міндетті; егер құқықтық қатынастың әр қатысушысы құқықтар мен міндеттер алса, онда басқа қатысушының міндеттері мен құқықтарына қарама-қарсы тұрады, демек, құқықтық қатынас қарама-қарсылықтардың бірлігі, ол өзара күреспен өтеді, қатысушылар арасындағы пайда болған дау-дамай тиісінше қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс жүргізу құқымен шешіледі^[161]. Бұл арада әңгіме азаматтық (жеке меншік-құқықтық) құқық қатынасының субъектілері туралы болып отыр, жалпылама-құқықтық қатынастарға қатысы болса, С.С.Алексеевпен келісуге болады: мемлекеттік органдар олардың лауазымды тұлғалары, ал екінші жағынан - бағынышты және есеп беретін тұлғалар субъектілер бола алады. Сонымен құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері - заңды немесе жеке тұлғалар, құқықтық қатынастардың ұжымдық және жеке тұлғалары, ал құқықтық қатынастардың сыпаты мен түрі олардың құқықтық мәртебесін анықтайды - жалпылама-құқықтық қатынастар билік пен бағыныштылық, ал жекеменшік-құқықтық қатынастар осы құқықтық қатынастардың тепе-теңдігі негіздерінде құрылады.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері немесе қатысушылары инвестициялық қызметті жүзеге асырушы (оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар). Мемлекет өзінің органдары арқылы инвестициялық қатынастарға қосыла алады. Ал мемлекет құқықтық қатынастардың басқа субъектілеріне қарағанда, едәуір басқа жағдайда болады, оның құқықтық субъектілігінің құқықтың басқа субъектілерінің құқықтық субъектілігімен салыстырғанда, елеулі ерекшеліктері бар, өйткені мемлекет қана инвестициялық қызметтің негіздерін және жүзеге асырудың тәртібін заң жүзінде бекітеді, инвесторлардың құқықтық өкілеттілігінің көлемін анықтайды, олар үшін белгілі міндеттерді белгілейді.

Жабық үлгідегі экономика жағдайында мемлекет бірден-бір және бөлінбейтін меншік иесі болды, соның нәтижесінде құқықтың басқа субъектілерімен бір қатарға қоюға болмайтын, ал нарық жағдайында мемлекет нарықтық қатынастардың басқа да қатысушылары сияқты субъект болып отыр. Демек, инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу нарық заңдарының жұмыс істеуі үшін ықтимал және барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталуға тиіс. Нарықтық объективтік заңдарын бұзушылық келеңсіз зардаптарға әкеп соғуы мүмкін, сондықтан тұтас алғанда, экономикалық саясат және инвестициялық саясат, жеке алғанда, ашық экономиканың негізгі принциптеріне негізделуге тиіс, объективтік заңдылықтарды ескеріп, қоғам дамуының осы заманғы талаптарына сай келуі керек.

Қазіргі жағдайда мемлекет жалпылама-құқықтық қатынастардың негізгі және сөзсіз субъектісі бола тұрып, жекеменшіктік-құқықтық қатынастарға да қатыса алады. Азаматтық заңнама мемлекеттің азаматтық-құқықтық (жеке меншіктік-құқықтық) қатынастарға бұл қатынастардың басқа қатысушыларымен тең бастауларда қатысатын белгілейді. Мемлекет пен жекеменшіктік-құқықтық қатынастардың басқа да мүшелерінің заңмен бекітілген теңдігі Қазақстан Республикасының өзінің ішкі істеріне иелік етуінен толық бастартуы болып табылмайды, ендеше мемлекет инвестициялық қатынастар субъектілері арасында ерекше орын алады.

Инвестициялық қатынастардың қатысушысы немесе субъектісі - инвестор. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңымен инвесторлар арасында қандай да болсын тепе-теңдік қарастырылмаған: барлық инвесторлар бір топқа біріктірілген, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асырушы инвесторларды құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне қарсы жеке топқа бөлуге болады. Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыларды - қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану

жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жеке немесе заңды тұлғаларды инвесторлардың дербес тобына біріктіруге болады. Осылайша инвесторлардың басқа да топтарын (мысалы, құрылыс немесе ауыл шаруашылығы саласындағы, т.б. инвесторлар) бөліп алуға болады. Біздің ойымызша, заң шығарушының инвесторларға қатынасы шетелдік және отандық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық реттеліктің белгілеуімен және инвесторларды шетелдік және ұлттық деп бөлуден тиісті бас тартумен түсіндіріледі.

Әуелде (бұрын) ұлттық инвесторларға байланысты арнаулы заңнамада олардың құқықтық мәртебесіне арналған бірде-бір норма болған жоқ. Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңнамалық және қосымша заңнамалық актыларда бекітілген құқықтардың барлық кешенін пайдаланады делінсе де, белгіленген құқықтық нормаларды сақтауға міндетті. Ұлттық инвесторлармен тең құқылы танылса да, шетел инвесторларына олардың өз қызметін жүзеге асыруына қосымша кепілдіктер, оның ішінде заңнаманы өзгертуден, күшпен тартып алудан, мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғау, кірістерді, өзіне тиесілі валюта қаржыларын пайдалану, мемлекеттік тексеру кезіндегі кепілдіктер берілген. (Шетел инвестициялар туралы заң 2 тарау). Шетел инвесторларына ұлттық реттеліктің белгіленуіне байланысты мынаны айту керек - заң әдебиетінде бұл әрдайым оң сәттілік ретінде қабылдана бермейді. Мысалы, Ресей заң ғылымының өкілі А.В.Газизулина былай деп санайды: Ресейдің заңнамалық базасын жетілдірудің түйінді бағыты - шетел инвестицияларын тарту, оларды жүзеге асыру таяудағы жылдары барынша тиімділік беруге тиіс, мақсат - отандық және шетелдік инвесторлардың тең құқылық принципіні ой елегінен қайта өткізіп, шаруашылық қызметтің қолайсыз ұлттық реттелігі шын мәнінде шетел инвесторларын тең құқылы жағдайға қоймайды^[162]. Мұндай ұйғарыммен келісу қиын, өйткені ұлттық инвестор теңсіз жағдайда қалады, мұның өзі ұлттық экономиканы дамытуды және ел халқының әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ете алар ма екен.

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасымен шетел инвесторларымен бірге бекітілген инвесторлар деп аталатын инвесторлар (экономиканың басым секторларына инвестициялар жөніндегі Комитетпен тікелей инвестицияларды жүзеге асыру жөнінде келісімшарт жасасқан инвесторлар) ерекше құқықтық мәртебе берілген: инвестициялық қызмет жүргізуді қамтамасыз етуіне заң түрінде кепілдіктер жасалған. Күшін жойған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңға сәйкес Қазақстан Республикасы тарапынан елеулі кепілдіктер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерістері мен қосымшаларынан қорғау және инвестициялық жобаны жүзеге асыруға байланысты қызметте жариялылықты қамтамасыз ету кепілдіктерін берді. Мұндай ережелер арнаулы нормативтік актыларда қарастырылған, онда экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асыратын бекітілген инвесторлардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері бекітілген. Осы кепілдіктер ұлттық, сондай - ақ шетелдік инвесторларға да берілуі керек еді. Алайда, экономиканың басым секторлары мен әлеуметтік салада шетел инвестициялары үшін қосымша жеңілдіктер белгіленсе де болар еді, бұл шетел инвестициялары туралы заңнамада қарастырылған-ды.

Қазір шетелдік және ұлттық инвесторлардың құқықтық жағынан теңдестірілгеніне қарамастан, белгілі бір ерекшеліктер қала береді, бұл өзгешеліктер әуелбастан инвестициялардың құқықтық реттелуімен емес, олардың ұлттық немесе шетелдік инвесторға қатыстылығымен белгілі болады. Басқа сөзбен айтқанда, шетелдік жекеменшік пен Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының жеке меншігі арасында ерекшеліктер бар және бола береді. Бұрын шетел инвестициялары туралы заңнамамен шетел инвестициялар үшін ұлттық реттедікпен бірге барынша қолайлы хал-ахуал туғзу реттелігі белгіленген еді, ал жаңа инвестициялық заңнама бірыңғай ұлттық реттелік белгіледі. Бұл арада мынаны атап өтуі керек: Қазақстан Республикасының заңнамасы шектеулі иммунитет принципіне (шектеулі егемендік докторинасы мемлекеттік билік ету актысы жасауда иммунитетті пайдаланады, егер әңгіме мемлекеттің жеке тұлға ретіндегі іс - әрекеті туралы болса, онда иммунитет пайдаланылмайды)^[163]. Сондықтан, мемлекет Қазақстан Республикасының

инвестициялар туралы заңы күшіне кіргенге дейін жасалған шетелдік инвестициялар үшін жасалған Келісімшартпен белгіленген жеңілдіктерді сол Келісімшарттарда белгіленген мерзімге дейін сақтайды.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Қазақстанның құрылтайшылары құрған заңды тұлғалар және шетелдік құрылтайшылар құрған заңды тұлғалар өздігінен немесе Қазақстан құрылтайшыларымен бірге Қазақстанның заңды тұлғалары болып табылады, өйткені олардың бәрі тіркеуден кейін Қазақстанның заңды тұлғасының құқықтық мәртебесін алады.

Шетелдік және бірлес кен юсіпорындар үшін бірыңғай ұлттық реттілік заңды түрде бекітілгеніне қарамастан, шетелдік қатысуымен заңды тұлғаларды тіркеу тәртібінің өзінде ерекшеліктер сақталған. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 17 сәуірде қабылданған «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерінің есеп тіркеуі туралы» Заңымен бірінші жағынан, шетелдік қатысуымен заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі, ал екінші жағынан, мынадай қарастырылған: сауда реестірінен жария етілген немесе басқа заңды тұлға етілген, құрылтайшының шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша шетелдік заңды тұлға болып табылатынын растайтын құжат (нотариус растаған, мемлекеттік және орыс тіліне аудармасымен); төлқұжат көшірмесі немесе құрылтайшы (нотариус растаған, мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылған)^[164] шетелдік қатысуымен заңды тұлға тіркеуден өткеннен кейін Қазақстанның заңды тұлғасы мәртебесін алғанына қарамастан, олардың құқықтық субъектілігі өзіне берілген құқықтар мен белгіленген міндеттердің көлеміне қарай ерекшеленеді.

Осының шетелдік жеке тұлғаларға да қатысы бар, олар заңнамаға сәйкес Қазақстанның жеке тұлғаларымен тең құқықтық қабілеттілікте болады, инвестициялық қызметті жүргізуде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат студия дипломатиялық, қызмет бабындағы, іскерлік және басқа да түрлерімен бірге **инвесторлық рұқсатнамалар (визалар)** енгізілді, бұлар Қазақстан Республикасының экономикасын инвестициялауға қатысушы шетелдік фирмалар мен компаниялардың жетекшілеріне басқару аппаратының өкілдеріне, сондай-ақ олардың отбасылары мүшелеріне беріледі. Заңнамада инвесторлық рұқсатнамалардың екі түрі қарастырылған: бір дүркіндік және көп дүркіндік инвесторлық рұқсатнамалар. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі басшылығының нұсқауымен шетел компанияларының ұсынулары болған жағдайда немесе инвестициялар жөніндегі Комитеттің ТМД елдері аумағына енгізуге шекқойылмағанын алдынала тексерген соң, бір дүркіндік инвесторлық рұқсатнамалар, көпдүркіндік инвесторлық рұқсатнамалар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша бір жылға дейін мерзімге әділет органдарында есеп тіркеуі бар заңды тұлғалардың басшыларына, шетелдік компаниялар өкілдіктерінің жетекшілеріне, сондай-ақ олардың отбасылары мүшелеріне беріледі^[165].

Шетел инвесторлары Көсінің мәжілісінде «Қазақстанда жұмыс істейтін шетел инвесторларының этика Кодексі» Декларациясы қабылданды, онда негізгі этикалық принциптері бекітілді, бұларды құрметтеуге және сақтауға шетел инвесторлары ұмтылуға тиіс. Қазақстан республикасында ҚР -ының кезкелген өкілдері мен шетел инвесторларына қолданылатын барлық тиісті заңдарды сақтауға; құқықтық күші жоқ әрекеттер жасамауға, немесе мұндай заңдарды айналып өтпеуге; заңсыз немесе тиесілі емес төлемдерге байланысты әрекеттерге немесе келісімшарттарға тікелей жанама түрде қатыспауға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекпен қамту және еңбек қатынастары жөніндегі стандарттар мен ережелерді сақтауға; Қазақстан Республикасының ұлттық және жергілікті саясатына қандай да болсын заңсыз қатысудан бойды аулақ салуға; Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы мен хауіпсіздігіне байланысты әлеуметтік, аймақтық, ұлттық, экономикалық мүдделерін құрметтеп есте ұстауға^[166], т.б.

Бір жағынан, шетелдік инвесторлардың заңның жоғары мәртебесінің тұрақты және тұтас жүйесін құруға деген оң ұмтылысын, Қазақстан Республикасының экономикалық және

әлеуметтік тұрғыдан қауырт, үйлесімді және әділетті дамуының ең жоғары стандарттарына, гүлденген нарықтық және қуатты демократиясы бар жоғары дамыған ел деңгейіне жеткізу мақсатын тану қажет. Екінші жағынан, нұсқаулық сыпаттағы жалпы ережелерден тұратын осы құжаттың маңызын тым артық бағалаудың қажеті жоқ. Өйткені Декларация принциптерінің үлкен бөлігін шетел инвесторлары құрметтеп қана қоймай, сақтауға міндетті, өйткені Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында (инвестициялық, азаматтық, салық еңбек, әкімшілік заңнамалары мен қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама) бекітілген. Сондай-ақ шетел инвесторларымен Үкімет және басқа да мемлекеттік органдар тарапынан инвестициялық хал-ахуал және қызмет істеп тұрған және мүмкіндігі бар шетелдік инвесторлардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша жоспарланған шаралар мен ұсынылған іс-әрекеттер бойынша алдын-ала жылдасып-кеңесу өткізудің қажеттігі түсініксіз.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының ұлттық хауіпсіздігі туралы» заңын еске түсірген жөн, онда экономикалық хауіпсіздік Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасын оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне хауіп өндіретін ішкі және сыртқы жағдайлар, үрдістер мен факторлардан қорғаныс хал-ахуалы. Экономикалық хауіпсіздік меншіктің нысандарына қарамастан мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың шешімдерімен, іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі^[167].

Бұл ереженің жүзеге асуы, ең алдымен, ұлттық инвесторларға тиісті мәртебе беру және оларға мемлекеттік қолдау көрсетілгенде ғана мүмкін болады. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа инвестициялық заң қабылданғанға дейін белгілі бір қадамдар жасады: «Отандық товар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы»^[168], «Отандық товар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиеленетін инвестициялық жобаларды іріктеу ережелері туралы»^[169] қаулылар қабылданды, осыларға сәйкес өндірісті ұйымдастыру және дамыту жөнінде инвестициялық жобалар несиеленуде. Жарғылық капиталдың 51 пайызы Қазақстанның жеке және заңды тұлғаларының меншігі болып табылатын кәсіпорындарында несиелеу жүзеге асырылады. Мұнда мынадай өлшемдер еске алынады: жобаның импорт алмастырушылық немесе экспортқа бағдарлылығы; нарық сиымдылығы және өнім өндіруге ұсынылған негіздердің толық жеткіліктілігі; жаңадан құрылатын немесе қалпына келтіретін жұмыс органдарының саны; Қазақстан Республикасы немесе оның аймақтары үшін жобаның әлеуметтік маңызы; жобаның бюджеттік тиімділігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылы 14 қарашада қабылданған «Отандық товар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту шаралары туралы» Қаулысына сәйкес мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен «Қазақстан контракт Агенттігі» жабық акционерлік қоғамы құрылды, оның негізгі қызметі: отандық товар өндірушілерді жұмылдыру және олардың Қазақстан Республикасы аумағында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізуде товар, жұмыс, қызмет алу жөніндегі конкурстарда олардың мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан кәсіпорындары мен ұйымдарына озат технологияларды жұмылдыра отырып, жаңа өндірістер жасауға көмектесу^[170]. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі мәселелер бойынша кейбір заң актыларына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» 2004 жылы 1 желтоқсанда қабылданған заңымен «Жер қойнауы және жер қойнауларын пайдалану туралы» заңы жаңа 63-2 баппен («Қазақстан өндірісшілерін қолдау») толықтырылды. Соған сәйкес: 1) жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуде мердігер мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан өндірісшілерінен товар, жұмыс, қызмет алуға міндетті; 2) Қазақстанның сатып алу товарлары, жұмыстар мен қызметі болып тұрғанда конкурстарға кілең шетел ұйымдарын қатыстыруға жол бермеу; 3) конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазын анықтауда конкурсқа қатысушылар - Қазақстан өндірісшілерінің товар, жұмыстары мен қызметтері конкурс талаптары мен белгіленген стандарттарға сәйкес келсе, оның конкурстық сұраныс бағасын 20 пайыз шартты түрде азайта алады^[171].

Еркін кәсіпкерлік қызметті жүргізудегі кедергілерді жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық және жергілікті атқару органдарына қолданылып жүрген заңда қарастырылмаған кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінен төлемдер алу өкілеттіліктер беруге тыйым салды^[172]. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылы 31 қаңтарда қабылданған заңына сәйкес жеке кәсіпкерлікке заңсыз бөгеттер жасайтын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының кез келген әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының заңымен^[173] белгіленген жауапкершілік алады.

Қолданылып жүрген Заңнаманың негізгі ережелерін талдай келіп, мынадай қорытындыға келуге болады: шетел инвесторларының өз қызметін жүзеге асыруға елеулі заңнамалық база жасалды. Сонымен бірге, Қ.С. Мәуленовтің ұйғарымынша, инвестициялар жөніндегі шетел кеңесшілері сыбайлас жемқорлық, келісімшарттарды жиі ұйыстырып, инвестициялауды жүзеге асырудағы жоғары шығындар, рұқсатнамаларды толтырудағы қиындықтар және жергілікті іскер әріптестердің сенімсіздігі туралы көбірек айтады, сондықтан Қазақстан үшін шетел инвесторларын қызықтыратын заңнама жүйесін жасау басты мәселе болып табылады^[174]. Әрине, инвестициялар саласындағы заңнаманың осы заманғы жүйесі бұрынғы жүйеге қарағанда, елеулі өзгергенін теріске шығаруға болмайды. Мұның өзі тегін емес, он жыл бұрын елдің экономикасына кезкелген шетел инвестицияларын тарту керек болды, сапарын сан жағы басым болды. Қазір инвестициялық қызметтің көптеген жағын қайта бағалап шетел капиталын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін ішкі істері туды. Елдің шикізаттық бағд арын және өндірістің қосымша құнын төмен деңгейде сақтауға ынталы шетел компанияларының республикада басым болуына жол бермеу жолында жасаған қадамдарды сипаттап және бағалай келіп, М.Б. Кенжеқозин былай деп санайды; ағымдағы кезеңнің маңызды міндеті - қуатты отандық компанияларды қалыптастыру және дамыту, олардың бірте-бірте шетелдіктерді басты салалардан ығыстырып, әлемдік деңгейге шығу, ұлттық капиталды басқа елдерге шығару^[175]. Осы позициямен ұтасымен келісе отырып, мынаны атап өтуге де болады: отандық өндірісшілерге мемлекеттік қолдауды қарастыратын нормативтік актылар белгілі деңгейде әлі де болсын жалпылама ұран сипатында, өйткені осы құқықтық нормаларды жүзеге асырудың нақты механизмдері жеткілікті анықталмаған.

§ 3. Инвестордың құқықтық мәртебесі

Инвестициялар туралы заң қабылданған соң, инвесторлардың құқықтық мәртебесі айқындарды (ұлттық немесе шетелдік инвестор екеніне қарамастан). Инвестициялық заңнамаға сәйкес, инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады. Инвестор құқылы: 1) Заңнама актыларында қарастырылған жағдайдан басқа, кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілерінде инвестицияларды жүзеге асыру; 2) Қазақстан Республикасының заң актыларына сәйкес келмейтін мемлекеттік органдардың заң актыларын шығару нәтижесінде, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген зиян орнын толтыру; 3) Өз қызметінен алған кірісті, салықтармен басқа да міндетті өтемдерді төлегеннен кейін өзінің қалауынша пайдалану; 4) Қазақстан Республикасының аумағында банктерде ұлттық валютамен немесе шетел валютасымен валюта заңнамасына сәйкес банк есепшоттарын ашу («Инвестициялар туралы» заңның 4,5 баптары).

Сонымен бірге, инвесторлардың тұлғалардың тір келуі, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу, сондай-ақ берілген лицензиялар туралы акпараттар алуға ерікті, ал коммерциялық құпия сипатындағы акпарат заңмен қорғалады. Мемлекет инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, шарттардың өзгерістері тараптардың келісімімен енгізіледі. Бұл кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер және күшіне енуіне немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының өзгерістеріне жатпайды, осы

заңнамалармен импорт, өндіріс, көмекші акциздік товарларды өткізу тәртібі мен шарттары өзгереді, ұлттық және экологиялық қауіпсіздік, денсаулық, ізгілікті қамтамасыз ету мақсатымен заңнамалар актыларына енгізіледі. (Инвестициялар туралы заңның 4 бабы). Бұл ережелерді инвестицияларды, алдымен шетелдік инвестициялардың құқылық реттіліктегі шектеулері ретінде қарастыруға болады. екінші бір шектеулік - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын инвестициялық қызмет шектелетін немесе оған тыйым салынатын аумақта немесе қызмет түрлерін заңды түрде анықтау мүмкіндігі.

Ресей Федерациясының инвестициялық қызмет туралы заңымен инвестициялар нысанында өз, қарыз немесе жұмылдырылған қаржыларды салуды жүзеге асыратын және оларды мақсатты пайдалануды қамтамасыз ететін инвестициялық қызмет субъектілері инвесторлар болып танылады (2 бап). Мемлекеттің және муниципалдық мүлікті немесе мүліктік құқықтарды басқаруға өкілетті органдар; РФ-ының азаматтарды мен заңды тұлғалары, шетелдік жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар инвесторлар бола алады. Инвестордың бәрі инвестициялық қызметті жүргізуге тең құқылы, атап айтқанда, инвестор: 1) заңмен тыйым салынбаған инвестициялық қызметтің объектілерінде мүлікті және мүліктік, құқықтарды инвестициялауды жүзеге асыруға; 2) инвестициялардың көлемін, бағытын, мөлшерімен тиімділігін өздігінен анықтауға; 3) инвестициялардың мақсаткерлікпен пайдаланылуын бақылауға; 4) заңмен белгіленген тәртіппен шарт бойынша инвестициялар жөніндегі құқықтық өкілеттілігі мен олардың нәтижелерін басқа тұлғаға беруге; 5) инвестициялық қызметтің нәтижелері мен объектілеріне иелік етуге, пайдалану және жұмсауға; 6) қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмесе, өзіне қажетті мүлікті көлемі мен түр-түрі бойынша тиісінше алуға (РФ-ының инвестициялық қызмет туралы заңының 5 бабы) құқылы. Инвестициялық қызмет туралы федералдық заңда инвестордың қосымша құқықтары бекітілген: инвестициялық қызметті капитал салымы үрінде жүзеге асыру, заңмен белгіленген тәртіппен қайтарып алу ; 2) келісімшарт негізінде және РФ -ының заңнамасына сәйкес капитал салымдарын бірлесе жүзеге асыру мақсатымен басқа инвесторлардың қаржыларымен бірге өзінің және жұмылдырылған қаржыларды біріктіру (6 бап).

Инвестициялық қызметтің субъектілері (инвесторлар, тапсырыс берушілер, жұмыстарды орындаушылар, инвесторлық қызмет объектілерін пайдаланушылар, басқа да қатысушылар) инвестициялық үрдістің екі және одан да көп қатысушыларының функцияларын бірдей атқаруға құқылы. РФ-ының инвестициялық заңнамасына сәйкес оларға негізгі екі талап қойылады: белгіленген нормалар мен стандарттарды сақтау; өзінің құзыры шеңберінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың талаптарын орындау.

Қазақстан және Ресей заңнамалары бойынша инвесторлардың құқықтық мәртебесін салыстыра келіп, мынадай белгілерді атауы болады: бір жағынан, ресейдің заңнамасымен инвестициялық қызмет субъектілерінің кең өрісі анықталады, ал Қазақстанның заңнамасында мұндай шектер қарастырылмаған. Екінші жағынан, Ресей заңнамасынан өзгешелігі сол - Қазақстанның заңнамасында ұлттық және шетел инвесторлары құқықтық жағдайда тең, сондай - ақ инвесторға елеулі жеңілдіктер мен преференциялар беріледі (инвестициялық салық перференциялары, кеден баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар). Инвестициялы преференциялар инвестормен келісімшарт жасау арқылы мынадай шартпен беріледі: қарастырылған инвестициялық қызметтің басым түрлерімен сәйкестілігі; осы заманға технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістер жасау, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және жаңарту үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының нақтыланған активтерін жүзеге асыру; инвестордың инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қаржы, техникалық, ұйымдастыру мүмкіндіктерін растайтын қажетті құжаттарды түсіру.

Осы арада мынаны ерекше атап өту керек: күшін жойған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңда тура айтылған - инвесторға преференциялар беру үшін ол инвестор ретінде танылып бекітілген болуы керек, ал инвестицияларда жұмалай айтылмайды, инвестордың жалпы анықтамасы бар Қазақстан Республикасында

инвестициялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға. Заң шығарушы бір ғана топты - инвесторларды (инвестициялық қызметті атқарушы шетелдік және ұлттық инвесторлар, олар тең құқықтық және қабілетсіздікті пайдаланады) қарастырған. Солай бола тұрса да, заң ережелерінің мазмұнын талдау инвестициялық преференциялар беру жөніндегі келісімшарт жасасқан инвесторлардың құқықтық елеулі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңында «бекітілген» инвестор термині пайдаланылмайды, бірақосымша жеңілдіктер мен преференциялар (кепілдіктер) беруді көздейтін ерекше құқықтық мәртебе сақталған.

Сонымен, бірге инвестициялық салық жеңілдіктері; кедендік баж салығынан босату; мемлекеттік мүлктік гранттар беріледі. Мемлекеттік гранттар ретінде жер тәлімдері, ғимараттар, үйлер, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшегіш және реттегіш аспаптар мен кондырылар, көлік құралдары (жеңіл көліктер басқасы), өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар беріледі (Инвесторлар туралы заң 18-2 бап).

Жоғарыда айтылғандай, басқа инвесторға қарағанда, ерекше құқықтық мәртебеге ие болатын инвестордың жеке тобы да бар. Оларды заңды түрінде дәл анықтау мақсатымен терминологиялық жағынан белгілеу қажет. Біздіңше, заң шығару «Қазақстан Республикасының келісімшарт жасасқан заңды тұлға» деген тұжырымдаманы пайдаланған, бірақ мұны сәтті аталған тұжырым деген болмас, өйткені осы заңды тұлғаларды басқа инвесторлардан бөліп қана шығарады. Ал, шынында да, бұлай емес - олар да - инвесторлар, жеңілдіктер мен преференциялар алуда ерекше мәртебесі бар. Сонымен, преференциялар туралы келісімшарт жасасқан инвесторлар мен Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар бар болып шығады. Сондықтан Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңының 1 бабынжосымша енгізіп, «бекітілген инвестор» деген түсінік қосқан жөн, бұл инвестициялық қызметтің осы қатысушысының құқықтық хал-ахуалын барынша толық анықтайды.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, **инвестордың құқықтық мәртебесінің** мынадай ерекшеліктерін бөлуге болады: 1) инвестициялар ретінде қолдануға болатын мүлктік және зияткерлік құндылықтарының болуы; 2) инвестициялардың объектісін, нысаны мен көлемін дербес анықтау құқы; 3) шешімдер қабылдауды еріктілік пен тәуелсіздік; 4) инвестициялық қызметті жүргізу үшін инвестордың мүмкіндіктері мен қабілеттерінің болуы; 5) дербес мүлктік жауапкершілік.

§ 4. Инвестициялық қатынастардың бағалы қағаздар нарығындағы субъектілері және олардың құқықтық хал-ахуалы

Халықаралық құқықтық практикада шетелдік және ұлттық инвесторлар болып бөлінуімен бірге мыналар да болады: бағалы қағаздар эмитенттері; жеке инвесторлар, конституциялық инвесторлар^[176]. Бұл арада бірден мынаны айтып кету керек: эмитенттерді инвесторға қосу сенімсіз. Эмитенттер инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері (бір тараптан - эмитенттер қатысады, екінші жағынан - жеке, конституциялық инвесторлар) болып қатысады десек, дұрысырақ болады.

Эмитенттер ретінде заңды тұлғалар және мемлекет өзінің органдары арқылы қатысады, органдар өз атынан бағалы қағаздар иелері алдында олардың осы бағалы қағаздарда бекітілген құқықтарын жүзеге асыру жөнінде жауапкершілік алады. Эмиссиялардың екі түрі қалыптасқан: бағалы қағаздар эмиссиясы және ақша эмиссиясы. Бағалы қағаздар эмиссиясы айналымға акциялар, облигациялар мен басқа да аспаптарды шығару жолымен жүзеге асырылады (эмиссиялық бағалы қағаздар деп жалпы атаумен аталады). Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдар да, мемлекеттік органдар да жүргізеді; ақша эмиссиясын оның барлық нысандарында мемлекет жүргізеді.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасында эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға деген анықтама берілген. Мұнда сонымен бірге жеке және құқықтық инвесторлар, бағалы қағаздар жарығының кәсіби

қатысушылары, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, өзін-өзі реттеуші ұйымдар бағалы қағаздар нарығының субъектілері бола алатыны белгіленген. Күшін жойған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңында жеке инвесторлар бағалы қағаздар нарығының субъектірелі ретінде қарастырылған, онда «инвестор» түсінігінің жалпы анықтамасы ғана айтылған, бағалы қағаздарға өздерінің қаржыларын салуды жүзеге асырушы жеке немесе ~~н~~ ^н тұлға, ал «конституциялық инвестор» өзі жұмылдырған қаржыны бағалы қағаздарға ғана инвестициялаушы заңды тұлға танылған (2 бап)^[177].

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы жаңа заңы **жеке және институциялық инвесторларды** былайша орналастырады: жеке инвесторлар эмиссиялық бағалы қағаздарға инвестицияларды өздігінен немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының (делдалдық-дилерлік қызмет немесе портфельдік инвестицияларды басқару жөніндегі қызмет лицензиялары бар) қызметін пайдалану арқылы жүзеге асырады; конституциялық инвесторлар инвестицияларды бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының (инвестициялық портфельді немесе зейнеткерлік активтерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар) қызметтерін пайдалану арқылы жүзеге асырады (5 бап).

Тиісінше, қолданылып жүрген заңнама бойынша конституциялық инвесторлар мен **бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары** арасындағы өзгешеліктер белгіленген. Халықаралық практика керісінше ~~ө~~рсетеді: қалыптасқан ережелерге сәйкес конституциялық инвесторлар - бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары. Олар: заңды тұлғалар, оның ішінде несие ұйымдары, сондай-ақ делдалдық, дилерлік қызметті, бағалы қағаздарды басқару жөніндегі, депозиттік, өзара міндеттемелерді анықтау жөніндегі, бағалы қағаздар нарығында сауда ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асырушы кәсіпкерлер ретінде тіркеуден өткен жеке тұлғалар^[178].

Біздіңше, осы арада заң шығарушы бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының рөлін жете бағаламайтын сияқты, тепе-теңдіктің басты өлшемі өзінің немесе жұмылдырылған қаржыларды пайдалану болып табылады. Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары - акционерлік қоғамның ұйымдық құқықтың нысанында өзінің қызметін жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеуге лицензиясы бар заңды тұлға. Демек, бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары инвесторлар емес, оларға тек жеке ~~е~~ конституциялық инвесторлар жатады. Бірақ мұнымен де келісуге болмайды, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпкер қатысушыларды бағалы қағаздар нарығының субъектілері, конституциялық инвесторлар ретінде тануға жеткілікті негіздер бар. Сөз жоқ, инвестициялық құқықтық қатынастар субъектісі болуға болар, бірақ инвестор емес. Мысалы, эмитенттер бағалы қағаздар нарығында (өзін-өзі реттеуші ұйымдармен) инвестициялық қатынастардың субъектілері болғанымен, инвесторлар болып табылмайды. Сондықтан, бағалы қағаздар р эмитенттерімен және бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушыларымен өзара қарым-қатынастарды жеке инвестордың құқықтарын тиісінше қорғау үшін оның ерекше мәртебесін бекіту қажет. Конституциялық инвесторларды бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпкер қатысушылардан бөліп қарастырудың қаншалықты қажеттілігі бар - бұл мәселе. Сақтандыру ұйымдары немесе банктер үшін бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялау олар атқаратын қызметтің толып жатқан түрлерінің бірі болып табылады, мысалы, дилерлер үшін бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық шараларды өз атынан және өз есебінен жүргізу бірден-бір негізгі қызмет болып саналады.

Заң шығарушы «инвестициялық қызмет субъектісі» және «бағалы қағаздар нарығының субъектісі» түсініктерін бөліп қарастырған сияқты немесе дәлірек «инвестициялық құқықтық қатынастар субъектісі» және «бағалы қағаздар нарығындағы құқықтық қатынастар субъектісі» деп ~~ұ~~жырымдасақ, онда бағалы қағаздар нарығында әр түрлі құқықтық қатынастар, оның ішінде инвестициялық қатынастар туындайтынын көруге болатын сияқты. Бірақ бұлай емес, инвестициялық қатынастар саналуан инвестициялық қатынастардың тек бір үрі болып табылатын бағалы қағаздар нарығында туған қатынастарды қамтиды.

Жоғарыда айтылғандай, шетелдік теория мен практикада инвестициялық қызмет, ең алдымен, бағалы қағаздарға айналдырылған салымдар жөніндегі қызметпен жымдасып кетеді, оған байланысты инвесторлардың жеке және ұжымдық болып танылған сұрыптамасы туындайды, бұған, ең алдымен, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпкер қатысушылар жатады.

Осыған байланысты бағалы қағаздар нарығында инвесторларды былайша сұрыптауға болады. 1) жеке инвесторлар (жеке тұлғалар); 2) ұжымдық инвесторлар; 3) нарық кәсіпкерлері^[179]. Осы бағалы қағаздар нарығында инвестордың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері ескерілмеген сияқты, өйткені ең алдымен, жеке инвесторлар тек жеке тұлға ғана емес, заңды тұлғалар да болуы мүмкін. Сонымен бірге бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларды инвесторлар ретінде жеке инвесторлар емес, ұжымдық инвесторларға жатқызуға болады. Демек, инвесторлардың жеке және ұжымдық болып бөлінуі негізгі болып табылады. Инвестициялау мақсатына қарай стратегиялық және портфельдік инвесторлардың бөлуге болады. Стратегиялық инвестор меншікке ие болып, акционерлік қоғамға бақылау құқын алып, осы меншікті пайдаланудан акцияларға қарапайым иелік етуден асып түсетін кіріс алуды көздейді; портфельдік инвестор өзіне тиесілі бағалы қағаздардан^[180] ғана пайда алуды мақсат етеді. Инвесторды топтарға бөлудің осы тәсілінде анықтаушы өлшем инвестициялау мақсаты емес, инвестордың белсенділік деңгейі немесе оның қатысу нысаны (инвестордың белсенді немесе баяу қатысуы) алынған, өйткені инвестор инвестициялық қызметке қатысудың белгілі бір нысанын таңдап алады.

Әдебиетте сондай-ақ инвесторлардың негізгі үлгілері де анықталған, атап айтқанда: консервативті инвесторлар (басты мақсаты - салымдардың хауіпсіздігі); орташа өршіл инвесторлар (олардың мақсаты - салымдардың хауіпсіздігі салымдарды қайтарып алу мүмкіндігі); мақсаткер инвесторлар (олардың мақсаты - кірістілік салымдардың өсімі), тәжірибелі инвесторлар (олардың мақсаты кірістілік + салымдар өсімі + салымдарды қайтарып алу); кәнігі инвесторлар (олардың мақсаты - мейлінше кіріс алу)^[181]. Принципіне мұндай сұрыптама болады, мүмкін, бірақ ол қаншалықты қажет: кезкелген инвестор аз мүмкіндікпен мейлінше жоғары кіріс алуға тырысады. Барлық инвесторлар (жеке және ұжымдық) бағалы қағаздар сатып алып, бір ғана мақсат көздейді: салымдардың хауіпсіздігі, кірістілігі, салымдардың өсімі және қайтарымы. Бағалы қағаздар нарығында жалпы ереже-әрекет еткенімен, - кіріс жоғары болса, тәуекелділік көбірек болады (немесе керісінше). Сондықтан инвесторлардың аталған үлгілері қандай да болсын инвестордың тәуелділікке баруға икемділік тұрғысынан ықпал тудырады.

Инвесторларға байланысты сұрыптама жүргізу инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілері - бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпкер қатысушыларға да қатысы бар. Оларды екі топқа бөлуге болады: қорлар делдалдары (эмитенттері мен инвесторларды жалғастырушы бағалы қағаздарды сату-сатып алуға қатысушылар) және бағалы қағаздар нарығы қызмет көрсеткен ұйымдар (бағалы қағаздарды сату-сатып алудан басқа, бағалы қағаздар нарығында барлық функцияларды атқарушы ұйымдар). Осылай сұрыптама жасаудың маңызы бар, өйткені, соның нәтижесінде ұжымдық инвесторлар (қорлар делдалдары - брокері; дилер; бағалы қағаздар портфелі басқарушы) мен бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары бағалы қағаздар жөнінде клирингті жүзеге асыратын ұйым; депозитарийлер; бағалы қағаздар иелерінің тізімі ұстаушы (тіркеуші), қор биржасы арасында айқын шекара қояды.

Инвестициялық қатынастардың жоғарыда аталған қатысушыларының құқықтары мен міндеттері қолданылып жүрген заңнамамен реттелген, бірақ ұжымдық инвесторлардың бір тобы - **инвестициялық кеңесшілері** назардан тыс қалған. Шетелдерде инвестициялық кеңесшілер институты жеткілікті дамыған.

Инвестициялық кеңесшілер инвестициялық қызмет саласында (бағалы қағаздарды шығару және айналымға өткізу; инвестордың өзінің қаржы ресурстарын инвестициялаудың барынша пәрменді тәсілдерін таңдап алу) ақыл-кеңестер береді. Нарық қорында олардың өзіндік хал-ахуалымен үсіндіріл еді. Мысалы; ҚНІ -та 1940 жылы инвестициялы

кеңесшілер туралы арнаулы заң актысы қабылданды, осы заңнама бойынша инвестициялық кеңесші түсінігі мен мәртебесі анықталған: олардың өз қызметін жүргізудің негізгі бастаулар белгіленген және жеке инвестициялық кеңесшілер тарапынан мүмкін болатын асыра сілтеушілікті болдырмау, жеке инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатымен жеке инвесторлардың қызметіндегі шектеулер айқын көрсетілген; тіркеу, есеп-қисапты тұрақты түсіру, жабық аппаратты пайдалану, келісімшарттар жасау және тоқтату, инвестициялық кеңесшілердің қызметін бақылау мен қадағалау мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған^[182].

Ф.Қарағұсов, А.Асильбеков дұрыс атап өткендей, Қазақстан Республикасының заңнамасында «инвестициялық кеңесші» түсінігі қарастырылмаған, бірақ тиісті функцияларды, атап айтқанда, инвестициялық қорларды басқарушылар және зейнеткерлік активтерді басқару жөніндегі басқарушылар функцияларды жүзеге асыру қарастырылған, қазіргі уақытта инвестициялық кеңесшілердің бірқатар функцияларын брокерлер мен дилерлер кеңселері^[183] атқарып жүр. Сонымен, бағалы қағаздар эмитенттері, жеке және ұжымдық инвесторлар, кәсіпкер қатысушылар, бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызмет атқаратын субъектілер тобын, инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің жеке тобын құрайды.

§ 5. Жер қойнауын пайдаланушы инвестордың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

Жер қойнауын пайдалану саласында құқықтық қатынастарды екі тобы көрініс алады. 1) жер қойнауына, оның ішінде пайдалы кен қазбаларына мемлекеттік меншік қатынастары (жер қойнауына мемлекеттік меншік құқының институты); 2) жер қойнауына иелік ету және пайдалану жөніндегі қатынастар (жер қойнауын пайдалану құқының институты).

Жер қойнауына мемлекеттік меншік қатынастары жалпылама - құқықтық қатынастар ретінде әрекет етсе, жер қойнауына иелік ету және пайдалану жөніндегі қатынастар келісімшарттық аумақ шеңберінде жеке меншік құқықты реттеу саласын (ең алдымен азаматтық құқық) құрайды.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамалардың принциптері арасында жер қойнауына мемлекеттік меншік құқының принципі ерекше орын алады: оның мәні - бір жағынан заң шығарушы оны заңнама принциптеріне қоспаған; екінші жағынан - біздің пікірімізше, бұл принцип жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың негізгі принципі болып табылады. Жер қойнауына мемлекеттік меншік принципінің шамалы бұлыңғырлығына қарамастан, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасының бүкіл жүйесінің бойымен өтеді. Жер қойнауына және басқа да табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқы конституциялық принцип бола отырып, табиғат объектілерін иелену және пайдалану өкілеттіліктерін жүзеге асыру ерекшеліктерін анықтап берген. Мемлекет жер қойнауының бірден-бір меншік иесі ретінде жер қойнауын пайдалану және қорғау негіздері мен тәртібін анықтайды, жер қойнауын пайдалану реттелігін белгілейтін құқықтық нормалар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңында **жер қойнауын пайдаланушының құқықтары** қарастырылған: келісімшартқа сәйкес келісімшартпен берілген тиесілі аумақта жер қойнауын пайдалану жөнінде кезкелген заңды әрекеттерді өздігінен жүргізеді; өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде, минералдық шикізатты өз қалауынша пайдаланады; келісімшартпен бөлінген аумақта, қажет болған жағдайда жер асты тәлімдерінде белгіленген тәртіппен жұмыстарды жүргізуге қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін тұрғызады; заңнамамен белгіленген мерзімнен тыс келісімшарт әрекеттерінің мерзімдерін ұзарту жөнінде келіссөздер жүргізеді, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жеке түрлерін атқару үшін бас мердігерлерді жұмылдырады; жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнамамен белгіленген шарттарды сақтай отырып, өзінің құқықтарын

түгелімен немесе бір бөлігін басқа тұлғаларға бере алады; өзінің қызметін заңнама мен келісімшартта белгіленген шарттармен қатады (жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 62-бабы).

Заң шығарушы бекіткен **жер қойнауын пайдаланушының міндеттері** де қомақты, көлемді, сан жағынан алғанда құқықтық өкілеттілік тізімнен екі есе асып түседі. Жер қойнауы жер қойнауын пайдалану туралы заңнамада қарастырылған міндеттерді белгілеумен бірге, келісімшарттарда қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмейтін. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттері де анықталуы мүмкін. Сонымен, инвестор - жер қойнауын пайдаланушының заңмен белгіленген міндеттеріне мыналар жатады: әлемдік практикада қабылданған стандарттарға негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барынша пәрменді әдістері мен технологияларын тандайды; келісімшарт жасалған сәттен барлау немесе өндіру жұмыстарын кіріседі (егер келісімшартта басқа мерзім қарастырылмаса); жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстарды заңнамаға қатаң сәйкестікке атқару; қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің технологиялық нұсқалары мен жобаларын сақтай білу; келісімшартта жүрсетілген аумақта басқа тұлғалардың еркін жүріп тұруына, жалпы қолданыстағы объектілер мен коммуникацияларды пайдалануына немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға бөгет жасамайтын жұмыс атқаруына кедергі келтірмеу; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарынан бұзылған жер телімдері мен басқа да табиғат объектілерін заңнамаға сәйкес онан әрі пайдалануға болатын жағдайға жеткізіп, қалпына келтіру (жер қойнауын пайдаланушының міндеттері көрсетілген барлығы жиырма екі ереже бар, сонымен бірге жер қойнауы туралы заңнамаға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшартта көрсетілген міндеттерден басқа жер қойнауының пайдаланушының заңға қайшы келмейтін басқа да міндеттері болуы мүмкін).

Жоғарыда айтылғаннан көрініп тұрғанындай, заң шығарушы жер қойнауын пайдаланушыларға көтеріңкі талаптар қойған, бұл тегін емес. Мұның өзі табиғат объектісі ретінде жер қойнауының мынадай қасиеттерін еске түсіреді: қайта жаңартылмайды және қорының таусылатыны. Заң шығарушының осы арада тәсілі орынды. Жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтық өкілеттіліктеріне келсек, олар кең көлемді құқықтар алады, жер қойнауын жұмсау құқы - мемлекеттікі. Сонымен бірге, жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің құқықтық өкілеттіліктерін мемлекет белгілеген негізде, тәртіпте және шеңберде жүзеге асыратыны белгілі.

Сондай-ақ заң әдебиетінде осы мәселе бойынша басқа да көзқарастар бар. Мысалы, А.А.Джаналеева мынадай ұйғарым жасайды: мемлекеттің қатысуындағы инвестициялық құқықтық қатынастар едәуір деңгейде азаматтық құқықтық қатынастың элементтері орын алады, өйткені инвестициялық құқықтық қатынас қатысушылардың (заңды немесе жеке тұлғаның) бірінің ғана әрекетіне негізделмеген; бір жағынан, тегісіздікті; ал екінші жағынан - заңды немесе жеке тұлғаның тек міндеттерін қарастырмайды; мемлекеттің мәжбүр ететін күшімен қорғалатынына қарамастан тек бір ғана мемлекетпен қамтамасыз етілмейді; тараптардың келісімшартымен белгіленеді; сондықтан мемлекеттің қатысуындағы инвестициялық қатынаста әкімшіліктік құқықтық қатынастың бір ғана көрініс алады - мемлекеттің міндетті түрде қатысуы және басқа белгілері оны азаматтық құқықтық қатынас ретінде сыпаттайды^[184].

Осы бір ғана белгі - мемлекеттің міндетті түрде қатысуы жеке меншіктік-құқықтық және жалпылама-құқықтық бастаулардың қатысушылар арасындағы өзара қатынастарындағы ерекше үйлесімі туралы айтуға толық жеткілікті. Әрине, мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы инвестициялық қатынастар тек билік пен бағыныштылыққа негізделген деуге болмайды (мемлекет 100 пайыз немесе одан да кемірекше қатысатын мемлекеттік кәсіпорын немесе акционерлік қоғамнан басқа), мемлекет азаматтық-құқықтық қатынастарға осы қатынастардың қатысушыларымен тең деңгейде қатысады. Алайда, практикада мемлекеттік органдар жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарт тараптарының принциптерін бұзу жағдайлары да кездеседі, онда мемлекет инвестордың алдында белгілі бір

міндеттемелер алады, біра бұл шарт тарабының бірі ретінде инвестор бұл міндеттерді белгілейді деген өз емес, жоқ, мемлекет инвестор алдында қандай деңгейде, қаншалықты жауапты екенін өзі анықтайды.

Сонымен, мемлекетқатысатын инвестициялық құқықтық қатынастардың үш тобын бөліп алуға болады: 1) мемлекеттік меншіктің жер қойнауына қатысты қатынастары (**жалпылама - құқықтық қатынастар**); 2) жерқойнауын пайдалануды мемлекеттік заңды тұлғаларға беру жөніндегі қатынастар (көпшілік - құқықтық қатынастар); 3) жер қойнауын пайдалану құқын инвестициялық құқықтық қатынастардың мемлекеттік емес субъектілеріне беру жөніндегі қатынастар (негізінен, шарт (жекеменшіктік-құқықтық) қатынастары, бірақ көпшілік құқық элементтері де қатысады). Бұдан көрініп тұрғанындай, жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық құқықтық қатынастардың үшінші тобы ғана жекеменшік құқық әрекетінің саласына енеді, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану құқын беру және жүзеге асыру тәртібінде көпшілік-құқықтық бастамалар әлі де болсын сақталады.

Демек, **жер қойнауын пайдалану құқын** жер қойнауы тәліміне ие болу және пайдаланудың субъективтік құқы ретінде түсіну керек. Ол келісімшартқа сәйкес туындайды. Ю.Г.Басин осыған байланысты мынаны атап көрсетеді: жер қойнауын пайдалану құқы - ол қашанда болсын, заттық құқық, құқық иесі оны меншік иесінен алып, үшінші тұлғаға емес, (міндеттілік құқықтық қатынастарда) мемлекетке бағытталған^[185].

Инвесторларға берілген жер қойнауын пайдалану құқына мыналар тән: 1) жер қойнауына ие болу және пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастардың пайда болуының басты негізі ретінде жер қойнауына субъективтік құқықты мемлекет береді; 2) Жер қойнауын екінші бір тұлғаларға беру құқы бұған мемлекеттік органның өкілетті тұлғасының рұқсаты арқылы жүзеге асырылады; 3) жер қойнауын пайдалану құқы әмбебап құқық мұрагерлігі тәртібімен өтеді (заңды тұлғаның қайта құрылу жағдайында оған тиесілі жер қойнауын пайдалану құқы оның құқық мұрагеріне немесе құқықтық ізбасарына өтеді); 4) жер қойнауын пайдалану құқын алдын-ала рұқсат алмай-ақ және кепілдік ұстаушыға келісімшарт жасамай-ақ аманатқа беру, құзырлы органда (мемлекеттік өкілетті органда) міндетті түрде тіркеу; 5) жер қойнауын пайдалану құқы тұрақты немесе уақытша, жекеленген немесе жекеленбеген, жылы-пұлды немесе тегін болуы да мүмкін (әдеттегідей, жер қойнауын пайдалану құқы уақытша, ақылы болып табылады); 6) жер қойнауын пайдалану құқық және жер пайдалану құқы өзара байланысты (қолданылып жүрген заңдылыққа сәйкес соңғысы біріншісіне қарағанда бағынышты сыпат алады, ал Ж.Х.Қосанов осы арада «табиғатты пайдаланудың қосыны саны» туралы айта келіп, бірінші орында жер пайдалануды қояды)^[186]; 7) жерқойнауын пайдалану құқының тұрақтылығы (жер қойнауын пайдаланушылардың ешқайсысының жер қойнауына иелік ету және пайдалану құқынан айыру заңда көрсетілген негіздерде ғана жүргізіледі).

Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде жер қойнауын пайдаланушының құқықтық хал-ахуалының ерекшеліктеріне орай, жер қойнауын пайдаланушы - өзінің иелігі мен пайдалануында жер қойнауына субъективтік құқықтар мен заңды міндеттердің иегері болып табылады, соның нәтижесінде жер қойнауын пайдалану және оны қорғау саласында құқықтық қатынастардың дербес қатысушысы ретінде әрекет етеді.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастардың басты субъектісі - инвестор, онымен бірге инвестициялық құқықтық қатынастарға өзінің органдары арқылы мемлекет, бағалы қағаздар нарығының элементтері және басқа да субъектілері, инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде туған құқықтық қатынастарға қосылған басқа да тұлғалар қатысады.

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасымен инвестициялық қызметтің субъектілерінің тең принципі белгіленген, бұл инвесторлар құқықтарының инвестициялық қызметті жүзеге асырудағы теңдігінен көрінеді. Азаматтық құқыққа субъектілердің теңдік принципі ән, ал инвестициялық құқықта бұл ерекше көрініс алады. Ең алдымен, инвестициялық қатынастар субъектілерінің едәуір бөлігі инвестициялар жөніндегі

Комитетпен келісімшарт жасан инвесторлар басқа инвесторларға қарағанда, мол құқықтарға ие болады. (өйткені оларға едәуір жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі). Бағалы қағаздар нарығында өз қызметін атқаратын инвесторлардың құқықтық мәртебесі тиісті заңдылығын алған жоқ. Ең соңында, мемлекеттік меншік объектілеріне инвестициялар туралы (оның ішінде жер қойнауы) сөз болса, онда инвестициялық шарт (келісім шарт) тараптарының теңдігі туралы айтуға болар еді, бірақ инвестор (жер қойнауын пайдаланушы) тек азаматтық -құқықтық қатынастар қатысушы деуге болмайды, ол көпшілік-құқықтық қатынастарға да қатысады, демек, бірдей жағдайда болмайды. Мемлекет мемлекеттік меншік объектілеріне иелік ету және пайдаланудың құқықтық реттелігін жасайды, инвесторлардың құқықтар көлемін анықтайды, оларды жүзеге асыру тәртібі мен негіздерін белгілейді. Сондықтан объективтік экономикалық заңдылықтар мен нарықтық қатынастардың онан әрі дамуын ескере отырып, алда уақытта инвестицияларды жүзеге асырудың бірыңғай бастамаларын жасауға тура келеді, ол инвестициялық құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің тең принципінде атқарылуға тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектісінің түсінігі туралы айтыңыз.
2. Құқықтық субъективтік түсінігін анықтаңыз.
3. Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілерін (қатысушыларын) атаңыз.
4. Инвестициялық қатынас субъектісі ретінде мемлекеттің қатысушының ерекшеліктері.
5. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша шетелдік және ұлттық инвесторлардың құқықтық хал-ахуалының өзіндік белгісі қандай?
6. Қазақстанда ұлттық (отандық) инвесторларға мемлекеттік қолдау мәні неде?
7. Қазақстан Республикасының заңмасы бойынша инвестордың құқықтары қандай?
8. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша инвесторлардың құқықтық мәртебесін салыстырыңыз.
9. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңна масы бойыншақандай инвестициялық кепілдіктер беріледі?
10. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша инвесторлық құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін тұжырымдаңыз.
11. Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қатынастардың негізгі қатысушыларды атаңыз.
12. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында жеке және ұжымдық инвесторлардың құқықтық хал-ахуалын сыпаттаңыз.
13. Инвестор жер қойнауын пайдаланушының құқықтары мен міндеттері қандай?
14. Жер қойнауын пайдалану құқының түсінігін анықтаңыз.
15. Инвесторларға берілген жер қойнауын пайдалану құқының негізгі белгілерін атаңыз.
16. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілердің теңдік принципі қалай жүзеге асырылады?

Ұсынылған әдебиет

1. Жекеменшік құқының көкейтесті проблемалары: халықаралық конференцияның материалдары. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: ҚазМЗУ, 2003.
2. Урал цивилистикасының антологиясы: 1925-1989 ж. Мақалалар жинағы. М.: «Статут» баспасы, 2001.
3. Басин Ю.Г. Азаматтық құқық бойынша таңдаулы еңбектер. / М.Қ.Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: Заң академиясы және жоғары құқық мектебі «Әділет», Қазақ МЗУ, 2003.

4. Басин Ю. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы бойынша заңды тұлғалар: Түсінік және жалпы сипаттама, көмекші оқулық. Алматы: «Әділет» жоғары құқық мектебі, 2000.
5. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л., т.б. Коммерциялық құқық: оқулық. СПб.: СПб-университетінің баспасы, 1998.
6. Қазақстан Республикасындағы заңды құқық. Алматы: «Жеті жарғы», 1999.
7. Ершова И.В., Иванова Т.М. Кәсіпкерлік құқық: оқу құралы. М.: «Юриспруденция» баспасы, 2000.
8. Қарағұсов Ф., Асылбеков А. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық кеңесшілер. Алматы: «Қаржы-Қаражат», 1998.
9. Климкин С.И. Заңды тұлғалар (мақалалар жинағы). Алматы: «НОРМА -К» баспасы, 2004.
10. Кураков В.Л. Ресей Федерациясының бағалы қағаздар нарығында құқықтық реттеу. М.: «Пресс-сервис» баспасы, 1998.
11. Лаптев В.В. Кәсіпкерлік құқық: түсінік және субъектілер. РФА мемлекет және құқық институты. М.: «Юрист» баспасы, 1997.
12. Халықаралық жеке меншік құқық (нормативтік актылар мен халықаралық шарттар). Халықаралық жеке меншіктік құқық субъектілерінің құқықтық хал-ахуалы. Алматы: «Әділет» ЖҚМ, Қазақ МЗУ-нің жеке меншіктің құқықтың ҒЗО-ы, «Әділет-Пресс» баспасы, 1996. 2 том.
13. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лахноның редакциясымен. М.: «Юрист» баспасы, 2006.
14. Өтпелі кезеңде нарықтық экономикада мемлекет пен құқықтың рөлі: халықаралық конференцияның материалдары. Алматы: Әділет, мемлекеттік басқа да ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін көтеру институты ЖАҚ-ы, 2003.
15. Азаматтық құқық субъектілері: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2001. 2 том.
16. Азаматтық құқық субъектілері. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы, Қазақ МЗА-сы жеке меншіктік құқық ҒЗИ-ы, 2004.

6 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері және олардың мазмұны.

Инвестициялық құқықтық қатынас объектісінің түсінігі. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілерінің түрлері. Инвестициялық құқықтық қатынастың мазмұны.

§ 1. Инвестициялық құқықтық қатынас объектісінің түсінігі

Құқықтық қатынастар құрылымы мен құқықтық қатынастың жеке құрылымдық элементтерін (субъект және мазмұн) қарастырумен бірге құқықтық қатынас объектісі туралы мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр. Төңкеріске дейінгі орыс ғалымдары, атап айтқанда, Е.Н.Трубецкой құқық және құқықтық қатынас объектілеріне материалдық және материалдық игіліктердің жиынтығын жатқызған, басқаша айтқанда, адамның сыртқы еркіндігінің саласына жататынның бәрін адамның билік ету негізіне алған, тиісінше, құқықтық қатынастардың объектілері заттық әлемнің дүниелерін (заттар), тұлғалардың әрекеттерін жатқызған (осы тәсілдің жақтаушылары мұны толықтыра түскен: әрекеттердің бәрі бірдей құқық объектісін құрай бермейді, тек экономикалық құндылығын құрайды)^[187]. Н.М.Коркунов басқа пікір айтады: құқық объектісі бүкіл мүдделерді жүзеге асырудың құралы ретінде құқық күші әрекет етеді, осыған байланысты құқық объектілерінің төрт категориясы бөлінеді: құқық субъектілерінің өз күші, табиғат күші, басқа адамдар күші және қоғамның күші^[188].

Атап айтқанда, құқық пен құқықтық қатынастардың мына түрлерін ажырады: материалдық игіліктер (материалдық дүние заттары); материалдық емес игіліктер (жеке мүліктік емес және басқа әлеуметтік игіліктер); зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері; адамдардың қимыл-әрекеттері (анықталған әрекеттері немесе әрекетсіздіктері)^[189]; кейде құқықтық қатынас объектілеріне құжаттарды (төлқұжаттар, куәліктер, дипломдар, тергеу әрекеттерінің хаттамалары т.б.) жатқызады, бұл объектілер әкімшілік және іс жүргізушілік қатыстар үшін барынша үлгі ретінде көрсетіледі^[190].

Осы проблемаға «құқық объектісі» және «құқықтық қатынас объектісі» түсініктерінің арақатынасы туралы мәселенің тікелей қатысы бар. Негізінен ғалымдардың пікірлер тоғыса бермейді: 1) құқық және құқықтық қатынастар объектілерінің бірлігін таниды; 2) құқық және құқықтық қатынастар объектілерін бөліп қарастырады; 3) нормалар жүйесі құқыққа қолданарлық объектінің болғанын теріске шығарады (нормалар жүйесі ретінде құқық болып қоғамдық қатынастар алынады)^[191]. Біз мұнда өзара бір-бірін теріске шығаратын екі позиция орын алып отыр деп санаймыз: әлде құқық және құқықтық қатынастар объектісі - біреу, әлде олар ерекшеленеді (онда бұл жағдайда құқық субъектісі қоғамдық қатынастар болады, соңғы көзқарасты жақтаушылар бар). Соның нәтижесінде құқықтық қатынастан тыс субъективтік құқық болмайды, демек, құқық және құқықтық қатынас объектісі біреу деген қорытынды шығаруға болады (басқашы айтқанда, құқық және құқықтық қатынастар объектісі - біреу). Осы айтылғанмен заң шығарушының пікірі де түйіседі: Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен мүліктік игіліктер мен құқық және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқық азаматтық құқықтар мен азаматтық құқықтық қатынастар объектілері ретінде қарастырылған.

Заң әдебиетінде жинақталған пікірлерді саралай келіп, мынадай тұжырым жасауға болады: құқықтық қатынастың туындауына не себеп болды, құқықтық қатынас неге бағытталды, - міне осының өзі құқықтық қатынас объектісі болады. Бұл - жалпы анықтама. Мұны ғалымдардың көпшілігі қолдайды, бұдан әрі пікір алшақтығы орындалады. Құқықтық қатынас объектілерінің анағұрлым көбірек белгілі болған қасиеттерін атап өтелік: 1) оған қатысушылардың іс-әрекеті^[192]; 2) құқықтық қатынастың басқарушы-өкілеттік тарабының мүдделерін қанағаттандыруға пайдаланылатын материалдық және рухани игіліктер^[193]; 3) әртүрлі нақты қоғамдық қатынастар, ал құқықтық қатынастар мәні - материалдық және материалдық емес игіліктер немесе құқықтық қатынас тудыратын тұлғаның әрекеті^[194]; 4) материалдық игіліктер, рухани шығармашылық игіліктері, жеке материалдық емес игіліктер;

әрекеттер (әрекетсіздіктер); құқықтық қатынастар субъектілерінің әрекет нәтижелерін^[195]; 5) жеке үрде беруге, аманатқа тапсыруға немесе басқаша түрде ақшалауға болатын материалдық емес объектілер^[196]; 6) субъективтік құқық пен заңды міндеттер қорғауға немесе пайдалануға бағытталған жақты игілік^[197]; 7) не саналуан әлеуметтік игіліктер (материалдық игіліктер, зияткерлік игіліктер, әлеуметтік-саяси игіліктер, әлеуметтік - экономикалық игіліктер, эстетикалық игіліктер, жеке игіліктер)^[198].

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылғанның негізінде мынадай тұжырым жасауға болады: құқықтық қатынас объектісі - нақты игілік, қатысушылардың (құқықтық қатынас субъектілерінің) құқықтары мен міндеттері оны пайдалану мен қорғауға бағытталады. Біз ұсынылған нұсқада құқықтық қатынас объектісінің ерекшеліктері барынша дәл көрсетілген. Ең алдымен, игілік (материалдық, материалдық емес) құқықтық қатынастар субъектілері әрекеттерінің нәтижелері мен рухани шығармашылық өнімдерін қамтитын мейлінше ауқымды категория болып табылады. Сонымен бірге В.Н.Протасов игіліктерге жақты әрекетті де, субъективтік заңды құқықты да, құқықтық қатынастың өзін де^[199] қосады. Игілік жақты болуға тиіс, бұл оның құқықтық қатынас субъектісінің санасымен еркіне тәуелді емес деген сөз. Субъективтік құқықтар мен заңды міндеттердің нақты игілікті пайдалануға немесе қорғауға бағыттылығы оның құқықтық қатынас субъектісімен өзара іс-әрекетке сыпаттайды, құқықтық қатынастың барлық үш элементінің (субъект, объект және мазмұн ажырамас байланысын) жүрсетеді. Құқықтық қатынас объектісінің басқа анықтамалар бізге олардың құқықтық объектісі ретіндегі осындай күрделі құбылыстың мәнін толық көлемде анықтауға қабілетсіздігіне байланысты жартыкеш болып көрінеді.

Инвестициялық құқықтық қатынас объектісі туралы мәселе азаматтық құқықтық қатынас объектісінің проблемасымен тікелей байланыстары (бұл жерде мынаны ерекше атап өткен жөн: Осы мәселе әкімшілік, қаржы және басқаға көпшілік - құқықтық қатынастар объектісінің проблемасымен де байланысты, бірақ инвестициялық- құқықтық қатынастардың азаматтық - құқықтық негіздеріне көбірек назар аударылады). Азаматтық құқықтық қатынас объектісін бір мағынада анықтаудың күрделілігі осы проблеманы шешуде қалыптасқан және көрініп жүрген жалпытеориялық әртүрлі пікірлермен ұштасады. Құқықтар объектілер қатарына әрекеттер, жеке материалдық емес игіліктер, заттар және басқа да құндылықтар жатады деген үстем көзқараспен бірге, азаматтық құқықтық қатынас объектісі ретінде субъектілердің іс-әрекеті туралы әзірше көп танымал бола қоймаған екінші бір көзқарас бар. Осы көзқарастың жарқын өкілдерінің бірі - О.С.Иоффенің айтуынша құқық өкілеттілігі мен міндеттің бірыңғай және бірден-бір объектісі өрініс алады, басқаша айтқанда, құқықтық қатынас объектісі - адам іс-әрекет, қызмет немесе адамдардың іс-әрекеттері^[200].

Рас, «объект - іс-әрекет» тұғырнамасын жақтаушылар арасында (тұғырнама негізіне субъективтік құқықтың бағыттылығы және тиісінше белгілі бір іс-әрекетті анықтауды қамтамасыз ететін құқықтық қатынас алынған) проблеманы шешу тәсілдерін түзеуде бірауыздылық жоқ, соның нәтижесінде бірнеше бағыттар пайда болған: 1) Н.Д.Егоровтың айтуынша, кезкелген іс-әрекет емес, материалдық және материалдық емес құндылықтарға бағытталған субъектілердің іс-әрекеті¹ объект бола алады^[201]; 2) Ф.Қарағұсов заңмен немесе келісімшартпен (теориялық жағынан автордың пайым дауынша, мінсіз анықтама) негізделген азаматтық құқықтық қатынастың оның субъектілерінің іс-әрекетін объекті ретінде тани отырып, оны мүлктік және жеке мүлктік емес игіліктер мен құқықтары объектілеріне жатқызуды жоққа шығармайды, соның нәтижесінде бұл объектілер азаматтық заңнамада көрініс алған^[202]; 3) А.П.Дудин субъективтік заңды құқықтық объектісі ретінде басқару - өкілетті тұлғаның іс-әрекетін қарастырған, ал субъективтік заңды міндеттің объектісі ретінде міндетті тұлғаның іс-әрекетін таныған^[203]. Алғашқы пікірге келетін болсақ, ең осал буын материалдық және материалдық емес құндылықтардың саналуан түріне бағыттылық болып табылады, өйткені бір анықтамада бірден екі объект - іс-әрекет және игілік пайда болады. Екінші пікірде - қарсы екі көзқарасты біріктіруге әрекет жасалған, сөйтіп осы екі тәсіл бір-бірін өзара жоққа шығарады, оларды бір мезгілде

пайдалану бұрыс болар ма екен. Үшінші пікір әдебиетте сынға ұшыраған, бұл жағдайда, В.Н.Протасов атап көрсеткеніндей, құқық пен міндет субъектілер рөлін атқаруға тиіс^[204].

Сонымен, субъективтік құқықтық объектісі деп құқық субъектісінің іс-әрекетке бейімділігін айту керек. Субъектілердің қыпал - әсеріне заттар да (материалдық дүние заттары) және іс-әрекеттер де (жұмыстар, қызметтер) ұшырайды, бірақ құқықтық қатынас шегінен шығып кеткен, оның құрылымдық элементі болып табылмайтын субъектілердің іс-әрекеті емес. Сондай-ақ субъективтік құқық тек құқықтық қатынаста болады деген М.Қ.Сүлейменовпен де келісуге болады. Оның ойынша, «азаматтық құқықтар объектілері» және «азаматтық-құқықтық қатынастар объектілері» түсініктері - синонимдер^[205].

Әдебиетте азаматтық құқық объектілерін жіктеудің әртүрлі нұсқалары кездеседі, бірақ тұтас алғанда, мынаған ойысады: 1) заттар (ақша және бағалы қағаздарды қоса есептегенде); 2) қызмет көрсетулер (әрекеттер, жұмыс); 3) шығармашылық қызмет нәтижелері; 4) жеке мүлктік емес игіліктер^[206]. Бұл сұрыптама барынша жалпы сыпат алады және сол себептен азаматтық құқықтардың негізгі түрлерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамамен азаматтық құқықтар объектілері екі топқа бөлінеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 115-бабына өйкес азаматтық құқықтар объектілері мыналар бола алады: 1) мүлктік игіліктер мен құқықтар (заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, бағалы қағаздар, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық қызметтің объектіленген нәтижелері, фирмалық атаулар, товар белгілері, бұйымдарды жекелендірудің басқа да құралдары, мүлктік құқықтар мен басқа мүлік); 2) жеке мүлктік емес игіліктер мен құқықтар (өмір, денсаулық, жеке бастық лайықтылығы, абырой, жеке ~~ән~~ отбасылық құпия, есім құқы, авторлық құқық, шығарманың қолсұғылмаушылық құқы және басқа да материалдық емес игіліктер мен құқықтар). Мұнда «мүлік» түсінігі мүлктік игіліктер мен құқықтарды қамтиды.

РФ-ның азаматтық заңнамасымен азаматтық құқықтарды қандай да болсын топтарға бөлмей олардың тізбелері қарастырылған. Азаматтық құқықтар объектілеріне ақша және бағалы қағаздарды қоса есептегенде, заттар, басқа да мүлік, оның ішінде мүлктік құқықтар; жұмыстар мен қызметтер: ақпарат; зияткерлік қызмет нәтижелері, оның ішінде осыларға ерекше құқықтар (зияткерлік қызмет); материалдық емес игіліктер (РФ Азаматтық Кодексінің 128 бабы^[207]).

Осы ережелердің арақатынасы жалпы белгілерін де айрықша ерекшеліктерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы белгілерге жазылуға болады: бірыңғай азаматтық құқықтар объектілерін» және «азаматтық құқықтық қатынастар объектілерін» тану; заттар мен құқықпен бірге «мүлік» түсінігін жиынтық түсінік ретінде түсіну; қандай жағдайда болмасын азаматтық құқықтар тізбесі таусылатын немесе жабық күйіндегі дүние деуге болмайды. Ең соңында «құқықтың өзі құқық объектісі» немесе «құқықтың өзі құқық» нұсқасына әдістің өзі де жалпы болып табылады.

Осыған байланысты әдебиетте әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Мысалы, Е.А.Суханов, «құқыққа меншік құқының» пайда болуының мүмкіндіктері туралы осы заманғы идеяларды сараптай келіп, осы идеялар затты және міндеттілік құқықтарды^[208] тікелей алмастыруға бағытталғанын айтады. Өз тарапынан, М.И.Брагинский, В.В.Витрянский құқықты меншік құқының объектісі деп тану кеңінен тарағанын атап көрсетеді, демек, меншік құқының объектісі тек заттар ғана емес, сондай-ақ құқықтар^[209]. Рим құқында бөтен затқа құқылыққа бөтен затты (сервитут) пайдалану және бөтен затты жұмсау (аманат) құқы жатқызылған. Осылай тиісінше, құқықты құқық объектісі ретінде тану бастамасына жол ашылды. Ерте дүниенің рим құқының ережелерін талдау негізінде, Д.А.Братусь мынадай Қорытындыға келеді: техникалық прогрестің жылдам дамуы осы заманғы азаматтық айналым нақты материалдық пішіні жоқ, антикалық дәстүрге сай «денесіз» және жетілдірілген заттар^[210] деп аталып жүрген бірегей объектілердің пайда болуына жеткізеді. Демек, осы заманғы жағдайда «Құқық-құқыққа» түсінігін енгізу арқылы меншік құқы түсінігі кеңейіп барады. Л.Г. Ефимова атап өткендей, заңнама бірте-бірте «меншік құқының объектісі заттар ғана емес, құқықтың өзі»^[211] идеясын қабылдап алды, ал Б.В.Покровскийдің пікірінше, азаматтық

құқық теориясында заттар тек заттық қана емес, міндеттілік құқықтардың объектісі бола алады; заттық құқықтар объектілері әрдайым заттарға жатқызыла бермейді^[212]. Ғұтас алғанда, Қазақстан және Ресей заңнамасында азаматтық құқықтар объектілеріне қатысты ережелер тұғырнамасы немесе негізгі шамалары бойынша сай келе бермейді.

Бірақ айырмашылықтар бар. Біріншіден, Ресей заңнамасынан өзгешелігі сол - Қазақстан Республикасының заңнамасында «мүлік» түсінігіне жұмыстар мен қызметтер, сондай-ақ шығармашылық зияткерлік еңбектің объектілендірілген нәтижелері енгізілген. Екіншіден, Қазақстан Республикасының заңнамасымен азаматтық құқықтар объектісі ретінде ақпарат бөлек қарастырылмаған. Үшіншіден, Қазақстан Республикасының заңнамасымен азаматтық құқық объектілерін мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға бөлінісі шығармашылық қызмет нәтижелерін мүлікке жатқызуға байланысты тұжырымдамамен белгілі бір дәйде Ресей заңнамасындағы дәл келе бермейді. (Ресей заңнамасында зияткерлік қызмет құқықтық қатынастардың мүліктік емес объектілер категориясына мүліктік емес объектілер категориясына жатқызылған).

Принципінде осыөзгешеліктердің бәрін мынаған саюға болады. « мүлік» ү сінігін анықтауда әртүрлі пікірлер қалыптасқан М.Қ.Сүлейменов Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен мүліктің мына құрылымы айқындалғанын атап көрсетеді: заттар (ақша және бағалы қағаздарды қоса есептегенде, жұмыстар және қызметтер, зияткерлік меншік; мүліктік құқықтар (талаптар құқықтары); міндеттер (қарыздар)^[213]. Ресей заңнамасына сәйкес мүлікке заттар (ақша, бағалы қағаздарды қоса есептегенде), басқа мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар. Т.Л.Левшина мүлік түсінігіне заттар, мүліктік құқықтар мен міндеттер, оның ішінде ерекше құқықтар жиынтығы енеді деп санайды; мүлік мұрагерлік құқықта басқаша айқындалады - мұра ретінде мүлікке заттар, сондай-ақ мұра қалдырушының мүліктік құқықтары мен міндеттері енеді, мұра қалдырушының жеке басымен байланысты (мұра қалдырушының өмірі мен денсаулығына келтірілген нұсқанды жою талабы, алимент алжұқы, ғылым, әдебиет, өнер шығармаларына тапсырыс беру жөніндегі авторлық шарт бойынша, сондай-ақ басқа да құқықтар)^[214].

Отандық ғалымдар басқа көзқарастарды ұстанады. Атап айтқанда, М.Қ.Сүлейменов мүлік - саналуан түсінік екенін айтады, мүлік: белгілі бір тұлғаның меншік құқындағы заттар мен материалдық игіліктердің немесе басқа заттық құқық жиынтығын, заттар және басқа тұлғалардан (актив) заттар немесе басқа мүліктік қанағаттанушылық алудың мүліктік құқықтар жиынтығын; әмбебап құқықтық мұрагерліктің (актив, пассив)^[215] мүліктік хал-ахуалын сыпаттайтын заттар, мүліктік құқықтар жиынтығын көрсетеді.

«Мүлік» түсінік заң тұрғысынан анықтаудың сараптамасында белгілі бір мәселелер туындайды. Азаматтық құқық теориясының тұрғысынан қарағанда, «мүлік» құрамына жұмыстар мен қызметтер, сондай-ақ шығармашылық қызмет нәтижелері енгенімен келісу қиын. Жұмыстар мен қызметтер өздігінен мүлік болып таныла алмайды (жұмыстарға қарағанда, қызмет көрсету затқа айналдырылған нәтиже бермейді). Басқаша айтқанда, заң шығарушы азаматтық құқықтар объектілерге белгілі бір іс-әрекеттердің аяқталуын жатқызады - жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету, дәлірек айтқанда мүлікке олардың нәтижелері емес, іс-әрекеттерін алға тартады. Бұл жерде осы іс-әрекеттердің заттандырылған нәтижелері туралы сөз болуы керек еді. Шығармашылық қызмет нәтижелері немесе зияткерлік меншік азаматтық құқықтардың мүліктік емес объектілері болып табылады, осының нәтижесінде оларды мүлікке қосуға бола ма? Заң ғылымы мүліктің мынадай түсінігін жасаған: мүлік- тұлғаға тиесілі заттар, талап құқықтары мен міндеттер (борыштар)^[216] жиынтығы. Қажетті және жеткілікті белгілері жоқ элементтерді енгізу есебінен ұғымды кеңейту қаншалықты қажет? Осы проблеманы шешу нұсқаларының бірі - «игілік» терминінқолдану болар еді (бұл арада материалдық нем есе материалдық емес игілік). Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен «игілік» түсінігі «мүлік» пен «игілік» категорияларының басқа арақатынасында қолданылады. Б.В.Покровский заң мәтінін басшылыққа ала отырып, мүлік мүліктік игіліктер мен мүліктік құқықтарды қамтиды деген

қорытынды жасайды^[217], демек «мүлік» түсінігі «мүліктік игілік» түсінігіне қарағанда кеңірек.

Төңкеріске дейінгі әдебиетте Г.Ф.Шершеневич материалдық игіліктерді «экономикалық» деп атады, оған: заттар (материалдық дүние заттары), заттарды беру, жеке қызметтер көрсету, өзінің жұмыс күшін ұсынуға қатысатын басқа тұлғалардың іс-әрекеттері^[218] жатқызылған. Осы заманғы отандық әдебиетте, мысалы Б.В.Покровский материалдық игіліктерге құқық субъектілерінің материалдық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және азаматтық құқықпен^[219] реттелетін қатынастар саласына жұмылдырылған материалдық дүниелер мен басқа да құндылықтарды жатқызған. Біздің ойымызша, мүліктік игіліктердің емес, заттардың мәнін ашып көрсетуге мұндай анықтама мейлінше қолданарлық. «Мүлік» категориясының заңды анықтамасына келетін болсақ, ол ең алдымен практиканың мүдделеріне жауап бере алады. Мұндай көзқарас «мүлік» түсінігін дәлелдеуде қарама-қайшылықтан бой тартуға мүмкіндік береді, азаматтық заңнама нормаларын барынша айқын және дәл сақтауға көмектеседі. Бұл практиканың қажеттерімен айқындалса, сайып келгенде, азаматтық заңдылықтың пәрменділігін көтеруге бағытталса, қандай да болсын теориялық тап-тауырында айналып өтуге болады.

Сонымен бірге, отандық заң әдебиетінде «мүлік» түсінігін неғұрлым тар шеңберде түсіндірудің басқа да тәсілдері бар. Мысалы, С.В.Скрябин: «мүлік» термині тек бір ғана мағынада пайдаланыла алады - субъективтік заттық құқықтар арқылы белгілі бір тұлғаға тиесілі зат немесе заттар жиынтығы^[220]. Біз, солай бола ұрса да, «мүлік» түсінігін «зат» түсінігімен шектей салуға болмайды деп санаймыз, оны «мүлік» терминін пайдаланудың арқасында «азаматтық құқықтар объектілері» сияқты осынша күрделі түсінікті анықтауда туындайтын көптеген терминологиялық қиындықтарды кездестірмей өтуге болады. «Мүлік» деген жинақты түсінік қана азаматтық құқықтардың әртүрлі объектілерін олардың әрқайсысының айрықша белгілерін қамти алады.

Инвестициялық құқықтық қатынастар мүліктік қатынастар бола отырып, заттық немесе міндеттілік құқықтық қатынастар бола алады, объектілері - заттар (материалдық дүние заттары), мүліктік құқықтар мен міндеттер, іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер). Инвестициялық мүліктік емес қатынастардың объектілері - рухани шығармашылық өнімдері, мүліктік емес құқықтар мен міндеттер, іс-әрекеттер (әрекеттер нәтижелері).

Сонымен, **инвестициялық құқықтық қатынас объектісі** - қатысушылардың (субъектілердің) құқықтары мен міндеттері пайдалану немесе қорғауға бағытталған нақты игілік. Нақты игіліктің айрықша белгілерін инвестициялық қатынастардың құқықтары мен міндеттемелерінің сыпаты анықтайды: бағалы қағаздардың қосалқы табиғаты (оларға инвестициялар ретінде және инвестициялар объектісі ретінде қатысуға мүмкіндік береді) бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қатынастар қатысушыларының ерекше құқықтық мәртебесін анықтайды; инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде жер қойнауының құқықтық табиғаты инвестициялық қатынастардың субъектілері - жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттеріне ықпал жасайды. Соның нәтижесінде инвестициялық қатынастар объектілерін, олардың айрықша белгілері мен сыпатты нысандарын зерттеу ерекше маңыздылық пен көкейтестілікке ие болады.

§ 2. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілерінің түрлері

Заңнамалық деңгейде инвестициялық құқықтық қатынастардың объектілері туралы мәселе шешімін таппаған күйінде қалды. Қазақстан Республикасында инвестициялар туралы Заңында «Инвестициялық қызмет объектілері» деп аталатын жеке бап бар. Алайда, осы объектілер кәсіпкерлік қызмет объектілерімен (3 бап) теңестірілген. Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау^[221] туралы арнаулы заңнамада «кәсіпкерлік қызметтің объектілерін» қалай түсінуге болатыны анықталмаған. Кәсіпкерлік қызметтің заңнамалық анықтамасына талдау жасауға мынаны белгілеуге мүмкіндік берді: кәсіпкерлік қызмет объектісі -

халықтың немесе қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын товарлар өндірісі мен қызметтер. Қазақстан Республикасының 2006 жылы 31 қаңтарда қабылданған «Жеке кәсіпкерлік туралы» жаңа Заңына сәйкес «Жеке кәсіпкерлік - жеке әсіпкерлік субъектілерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген, жеке кәсіпкерлік субъектілері атынан олардың мүліктік жауапкершілігімен атқарылатын кіріс алуға бағытталған бастамашыл қызметі» делінген. Бұл анықтамада кәсіпкерлік қызметтің белгілері өрініс алған, бірақ кәсіпкерлік қызметтің объектілері туралы (тіісінше инвестициялық қызметтің объектілері туралы) мәселе ашық қалған.

РФ заңнамасымен инвестициялық қызмет объектілері ретінде халық шаруашылығының барлық салалары мен буындарында жаңадан жасалған және модельдендірілген негізгі қорлар мен айналымқаржылары, бағалы қағаздар, мақсаткерлік ақша салымдары, ғылыми - техникалық өнім, меншіктің басқа объектілері, сондай-ақ мүліктік құқықтар және меншік құқықтары айқындалған. (РФ инвестициялық қызмет туралы Заңы 3 бап). Сонымен бірге инвестициялық қызметтің кейбір шектеулері де белгіленген: 1) заң мен белгіленген экологиялық және санитарлық-гигиеналық нормаларға талаптарына сай келмейтін азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтарына мен мүдделеріне нұсқан келтіретін объектілерді инвестициялауға, құру және пайдалануға тыйым салынады (РФ инвестициялық қызмет туралы Заңы 3 бап); 2) РФ заңнамасына және белгіленген әртіппен бекітілген стандарттарға сәйкес келмейтін объектілерге капитал салымдарын құю ға, оны жасап, пайдалануға тыйым салынады (Капитал саылмдары нысанындағы инвестициялық қызмет туралы Федералдық заң 3 бап); 3) сондай-ақ инвестордың құқықтық мәртебесі мен инвестициялық қызмет түрлеріне байланысты шектеулер бар. Ёң соңында және Федерация с объектілерінің заңнамасымен инвестициялау объектілері анықталған, бұл осы объектілерге меншік құқын алуды көздемейді, бірақ кейін оларға иелік ету мен басқару мүмкіндігін, сондай-ақ инвестордың осы объектілерді пайдаланудан түскен кіріске қатысуын жоққа шы ғармайды. (РФ Инвестициялық қызмет туралы Заңының 5-5 бабы).

Сонымен, мынадайқорытынды шығаруға болады: Қазақстан заңнамасына қарағанда, Ресей заңнамасында инвестициялық қызметтің объектісі товарлар мен қызметтер өндірісі емес (кәсіпкерлік қызмет объектісі сияқты), халық шаруашылығының барлық салалары мен буындарында жаңадан жасалған және моделдендірілген негізгі қорлар және айналым қаржылары, мүліктің әралуан түрлері мен зияткерлік қызмет болып табылады. Тиісінше, азаматтық құқықтардың сан алуан түрлері, ең алдымен мүліктің кез келген түрлері инвестициялық қызметтің объектілері бола алады.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы Заңында инвестициялық қызмет - коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу жөніндегі немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау және ұлғайту жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың қызметі делінген (1-2 бап). Бірағанда, айқын сияқты, инвестициялық қызмет жарғылық капиталға, немесе нақтыланған активтерді жасау мен ұлғайтуға қатысуды білдіреді. Бірақ инвестициялық қызмет объектісін анықтау әрекеті елеулі қарама -қайшылықтың шығуына әкеп соғады. Инвестициялар туралы заңда инвестиция объектісінің анықтамасы айтылмағанына қарамастан, «Инвестициялар» түсінігінің өзін талдай келіп, заңды тұлғаның жарғылық капиталы немесе кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау және ұлғайту ретінде олардың объектісін анықтауға болады (1 -1 бап); осының 3 -бабында инвестор әсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілері мен түрлерінде жүзеге асыруа құқылы делінген. Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес инвестициялық қызметтің объектілері, бір жағынан, жарғылық капитал немесе нақтыланған активтерді ұлғайту, екінші жағынан - кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілері бола алады. Инвестициялық қызметтің объектісінің заң жағынан тұжырымдаудың айқынсыздығын ескере отырып, бұл объектілерді сұрыптау мейлінше күрделірек. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасына жасалған талдау инвестициялық қызмет объектілері ретінде, ең алдымен, мемлекет к өтермелейтін

инвестициялау қызметтің қай саласын қамтиды, соны анықтауға мүмкіндік береді. Әуелде бұлар экономиканың басым секторлары болды - заңнамалық тәртіппен инвестициялар тартудың бес басым секторы анықталды (оның ішінде өндірістік инфрақұрылым; ұқсатушы өнеркәсіп; Астана қаласының объектілері; тұрғын үй; әлеуметтік сала және туризм объектілері; ауыл шаруашылығы). Кейін экономикалық қызметтің биік деңгейдегі басым салаларына құйылған инвестицияларға жеңілдіктер мен кепілдіктер берілді (оның ішінде, ауыл шаруашылығы, аң шаруашылығы - орман шаруашылығы, балық шаруашылығы; балық аулау; азық-түлік; сусындар өндірісі; тоқыма өндірісі; киім өндірісі, былғары өңдеу, бояу, т.б. бұл шараларға қызметтер ұсынылды. Барлығы 35 қызмет түрі).

Осыған байланысты Үндістандағы инвестициялау тәжірибесі назар аударарлық. Ұлттық инвесторлар үшін барынша маңызды инвестициялар объектісі - қаржы активтері деп аталатын бағалы қағаздар. Сонымен бірге Үндістанда оннан астам қор биржалары жұмыс істейді, олардың кейбіреулері биржа жұмыс істейтін аймақта акцияларға қосымша акциялар сатумен айналысады (салыстырғанда 19 дамыған елде 32 қор биржасы қызмет атқарады)^[222]. Сонсоң, ұлттық инвесторларға тартымды объектілер - жылжымайтын мүлік, тұрғын үй құрылысы, ең соңында өндірістік инфрақұрылым^[223]. Егер шетел инвестицияларының объектілерін инвестициялау көлеміне ашып қарасақ, онда өндірістік инфрақұрылым атап айтқанда, химиялық дәрі-дәрмектер өндірісі және олармен байланысты бұйымдар; машина жабдығы мен станоктар өндірісі; электр энергиясының өндірісі; көлік жабдықтары; азық-түлік және сусындар өндірісі; тоқыма өнеркәсібі; металл металдан бұйымдар өндірісі. Бұдан әрі ауыл шаруашылығы; құрылыс; көлік; қалдықтарды ұқсату; жер қойнауын игеру (оның ішінде мұнай өндіру)^[224]. Көрініп отырғанындай, жер қойнауын игеру (пайдалы қазбалар шығару) Үндістан экономикасына шетел капиталын құю көлемі жағынан соңғы орындардың бірін алады. Бұл жер қойнауын пайдалануда шетел капиталының қатысу үлесін төмендетуге, мұнай кен орындарын игеруге шетел инвестицияларын жұмылдырудан бұдан былай бас тартуға бағытталған жүргізіліп отырған саясатпен түсіндіріледі.

Әлемнің ірі деген компанияларының салалық бағдарлығы туралы айта келіп, мынаны атап өруге болады: ірі деген 100 қаржылық емес трансұлттық корпорациялар мына салаларға шоғырландырылған: автомобиль өнеркәсібі, электротехника, электр жабдығы өндірісі, мұнай өнеркәсібі, химия/фармацевтика өнеркәсібі; ал ірі деген 50 қаржылық емес трансұлттық корпорациялар дамушы елдерде база құрып, экономиканың мынадай секторларына шоғырланған: - азық-түлік және сусын өндірісі, мұнай өнеркәсібі, құрылыс және диверсификацияланған операциялар^[225]. Дамған және дамушы елдердің компаниялары үшін экономиканың әртүрлі салаларының тартымдылығындағы елеулі өзгешеліктерге қарамастан, олардың бәріне ортақтық - экономиканың мұнай өнеркәсібі сияқты секторының инвестициялық тартымдылығы.

Қазақстан Республикасы бұл салада жалғыз болған жоқ, экономиканың осы саласы барынша даму алдында осы уақытқа дейін ұлттық инвесторлар үшін де, шетел инвесторлары үшін де инвестициялық тартымдылығын сақтап отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы сәтінен инвестициялық қатынастар (алдымен, шетел инвесторларының қатысуымен) жер қойнауын игеруге байланысты. Тек **жер қойнауы** мемлекеттік меншік құқықты өзіндік объектісі ретінде жер қойнауын пайдалануға байланысты барлық қатынастарды - кен, инвестициялық құқықтық қатынастарды біріктіріп отыр. Заң әдебиетінде «жер қойнауы» түсінігін анықтауға әртүрлі тәсілдер қалыптасты. Бұдан екі негізгі түсінікті бөліп алуға болады: 1) «Жер қойнауы» және «пайдалы қазбалар»^[226] түсініктерінің теңдестірілуі; 2) Жер қойнауы - жер үстіндегінің бәрі^[227], Жер қойнауы пайдалы қазбаларға^[228] қарағанда, неғұрлым кең мағына алады.

Жоғарыда айтылғандай, адамзат қоғамының дамуы жер қойнауында да жатқан минералдық шикізаттарды пайдаланумен мейлінше тығыз байланысты. Қазір қоғамның минералдық шикізатты пайдаланудағы қажеттіліктері өсіп отыр, бұл ең алдымен пайдалы қазбаларды шығару және жұмсау көлемінің үнемі өсуіне әкеліп отыр. Солай бола тұрса да, «Жер қойнауы» мен «пайдалы қазбалар» түсініктері теңдеседі деген сөз емес. Қазақстан

Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңымен минералдық шикізат жерүстіне шығарылған пайдалы қазбалар бар жер қойнауының бөлігі; пайдалы қазбалар - жер қойнауындағы қатты, сұйық немесе газ түрінде (емдік балшықтар), материалдық өндірісте пайдалануға жарамды минералдық құрылым ретінде қарастырылған; сондай-ақ техногендік минералдық құрылымдар - минералдық құрылымдар, тау-кен жыныстары, тау-кен, байыту, металлургия және жер қойнауын пайдаланушылар өндірістерінің басқа түрлерінің қалдықтары болып табылатын пайдалы қазбалар компоненттері бар сұйықтар мен аралас жыныстар үшін ерекше құқықтық реттілік көзделген (1 бап, 12, 13, 19 тармақтар). Тиісінше, қолданылып жүрген заңнамада «жер қойнауы», «минералды шикізат», «пайдалы қазбалар, техногендік минералдық құрылымдар» түсініктерінің ара жігі ашыла түседі.

Алайда, егер жер қойнауы мен пайдалы қазбаларды теңдестірген алғашқы пікір, қазірдің өзінде бір шама ескерді, екінші көзқарас уақыттың шамамен бір кезеңінде қалыптасса да, әлі де болсын, өзінің көкейтестілігін сақтаған. Заң шығарушы осы жолмен отырып, мынаны белгілегенін айтса, та жеткілікті: Жер қойнауы - Жер қабатының бөлігі, топырақтың қатпарынан төмен орналасқан, ал жердің үстінгі қабатынан және теңіз, өзен және басқа да су көздерінің түбінен тереңіне дейінгі көлемде көсіліп жатса, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге мүмкіндік болса (Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңына 1 бабы, 15 тармағы). ТМД елдерінде де мәселе заңнама түрінде осылай шешіледі. Мысалы, РФ-ның 1992 жылғы 21 ақпандағы «Жер қойнауы» туралы Заңымен жер қойнауы жер қабатының бөлігі ретінде топырақ қатпарынан төмен орналасқан, ал ол болмаған жағдайда - жер бетінен және теңіз, басқа да су көздерінің түбінен тереңіне дейін орналасқан жер қойнауы, геологиялық зерттеу мен игеруге болатын жер бөлігі,^[229] - деп анықтама берілген.

Көрініп отырғандай, екі жағдайда да, жер қойнауының топырақ қатпарынан төмен орналасуы айқындаушы белгі болып отыр. Бұл арада мынаны ерекше атап өткен жөн: Қандай жағдай да болсын, пайдалы қазбалардың кен орындарының жер бетіне шығу мүмкіндіктері ескерілмеген. Демек, пайдалы қазбалардың жер бетіне шығуы қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауы деп тануға болмайды, олардың құқық реттілігі айқындалмаған күйінде қалады. Жер қойнауын осылай түсіндіруді болдырмас үшін Ресей заңнамасы белгілі деңгейде осы терминнің нақтысызды мен дәлсіздігін басқа терминмен толықтырған. РФ-ның жер қойнауы туралы Заңнамасында «пайдалы қазбалар» түсінігінің анықтамасы былай берілген: жер қойнауының құрамдас бөлігі қатты, сұйық немесе газ түрінде болып келеді, оны өнеркәсіптік мақсатпен жер тереңінен шығару немесе қай тереңдікте жатқанына қарамастан, ажырату жолымен сыртқа шығару.

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңнамасында пайдалы қазбалардың жер үстіне шығу мүмкіндігі қарастырылмаған, мұны дұрыс деп тануға болмайды. пайдалы қазбалар құрамына енгізілген жер асты суларына келетін болса, заң жасаушының позициясы түсінікті: жарасты суларын іздестіру, барлау және шығару пайдалы қазбаларды өндіру тәсілдерімен бірдей. Жер асты сулары өзінің табиғи орналасуына қарай пайдалы қазбалардың орналасуына әсер етеді (мұнай және газ кен орындарында әдеттегідей қатпардың жоғары бөлігінде газ, одан төмен мұнай, одан төмен - су^[230]). Сондықтан жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнама жер асты суларын пайдалану және қорғау жөніндегі қатынастарды да реттейді, тұтас алғанда, жер асты сулары бірыңғай су қорының құрамдас бөлігі ретінде сулардың құқықтық реттелуіне бағынуға тиіс.

Жер қойнауын және табиғаттың басқа да түрлерін пайдаланудың (жер, су пайдалану, т.б.) аражігінің өлшемі туралы айта келіп, бұрынғы заң шығару практикасына, атап айтқанда, КСРО-ның 1927 жылғы Тау-кен Ережесінде өрініс тапқан жер қойнауын жерден шектеу өлшемдерін еске түсірелік, онда пайдалы қазбалар жер қойнауының құрамдас бөлігі болып табылады, өнеркәсіптік мақсатпен жақын және тереңде жатқанына қарамастан, оларды ажырату немесе бөліп алу арқылы сыртқа шығарады^[231]. Бұл анықтамада «ажырату» және

«бөліп алу» терминдері әкті қолданылады, өйткені жер тереңіне қарай ұмтылу - жер қойнауын пайдаланушыларға да, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға да ортақ әрекет. Ал жер қойнауын пайдаланушылар үшін пайдалы қазбаларды ажырату, бөліп шығару міндетті іс болса, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушылар үшін тіпті міндетті емес; сондықтан мұндағы басты өлшем - жер үстін пайдаланудың нысаны мен мақсатында.

Сонымен, жерқойнауы - жер қабатының бөлігі, материалдық өндіріс саласында пайдаланатын пайдалықазбаларды сыртқа шығаратын бөлігі. Бұл арада мынаны ескеру керек: құқық үшін жер, жер қойнауы, су мен басқа да табиғат ресурстары арасында аумақтық немесе кеңестік шекаралары тіпті де маңыз алмайды, өйткені құқық табиғаттық әртүрлі объектілерінің арақатынасын емес, табиғат ортасы мен оның құрамдас бөлігін белгілі мақсаттарға байланысты пайдалану үрдісінде туындаған қоғамдық қатынастарды реттейді. Құқық тұрғысынан пайдалы қазбаларды сыртқа шығару жер қойнауын пайдалану болып табылады, ал құбырлар немесе коммуникациялар жүргізу үшін жер тереңіне қарай ену жерді пайдалану болады. Сондықтан жоғарыда келтірілген анықтамада біз жер қойнауының құқықтық табиғатын ашатын елеулі белгілеріне негізгі назарды аудардық мүмкін кейбір тетіктер ескерілмей қалуы да мүмкін, ендеше проблеманы онан әрі зерттеу қажет.

Инвестициялардың объектілерін сұрыптауда негізгі өлшем - инвестициялар жүзеге асырылып жатқан материалдық өндіріс, саласы. Сонымен бірге шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, инвестициялар объектілерін сұрыптау басқа да негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін. Мысалы, АҚШ-та инвестициялардың барлық объектілері екі топқа бөлінеді: **материалдық активтер** және **материалдық емес активтер**. Материалдық активтер - жылжымайтын мүлік, энергетикалық ресурстар (мұнай, газ, көмір); алтын және басқа да бағалы металдар (платина, күміс); стратегиялық металдар (кадмий, селен, титан, ванадий); бағалы тастар (алмас, жақұт, зұбаржат); жинақ дүниелері (күміс ақшалар, почта маркалары, өнер туындылары, антиквариаттар). Материалдық активтерге айналдырылған инвестициялар танымал, кірісті, жоғары инфляция жағдайының өзінде аса тартымды емес, ал инфляция төмендегенде, пайдалы. Қазіргі уақытта қаржы активтеріне материалдық емес айналдырылған инвестициялар мейлінше тиімді. Бұған нақтыланған кірісі бар бағалы қағаздар (облигациялар, депозиттік сертификаттар, вексельдер); қатыланбаған кірісі бар бағалы қағаздар (АҚ-дардың акциялары, акциялар сертификаттары, т.б.) және аралас нысандар (опциондар, фьючерстер, т.б. жатады)^[232].

Бұрын Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңымен бағалы қағаздар инвестициялар объектісі емес, инвестициялар түрі ретінде (1 бап) анықталды. Бірақ бұл осы құбылыстың мәнін өзгертпейді, өйткені инвестициялар объектілерінде де, инвестициялық аспаптың өзі ретінде де шығуы мүмкін. Мысалы, еркін ақша қаржылары бағалы қағаздарға айналдырылғанда, олар инвестициялар объектілері болып табылады, ал оларды бұдан әрі орналастырғанда, бағалы қағаздар инвестициялық кіріс алу мақсатымен салынған инвестициялар болады. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес бағалы қағаздар нарығының объектілері: Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; халықаралық қаржы ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары; мемлекеттік эмиссиялық қағаздар; шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, топтастырылған бағалы қағаздар мен басқа да қаржы аспаптары (4 бап).

Қорытындылар шығара отырып, мынаны атап өтуге болады: инвестициялық қатынастар өз табиғатына қарай азаматтық құқықтық қатынастар болып табылады, мүлік салымына қарай қалыптасады, оның ішінде барынша көбірек таралған түрі - **заттар**. А.П.Сергеев мұны былай түсіндіреді заттар - материалдық және рухани мәдениеттің дүниелері ретінде адам еңбегінің нәтижесі, табиғаттың өзі жасаған заттарды адамдар өзінің өмірлік қызметіне пайдаланады (жер, пайдалы қазбалар, өсімдіктер т.б.); мұндайда заттар мәртебесіне пайдалы қасиеттерін сезініп, игерген материалдық құндылықтар ие болады^[233]. Б.В. Покровский көрсеткендей, мүлік ретінде заттың мәні оның табиғи қасиеттерінде ғана емес, адамдардың

қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, әдеттегідей ақша белгісі мен айналымға қабілетті материалдық игілік ретінде қоғамдық қасиеттерінде көрінеді^[234].

Осы айтылғандарды ескере отырып, табиғаттан бастау **алған заттар (құндылықтар)** және **адамның еңбегімен жасалған**, азаматтық құқықтар объектілері ретінде әрекеттерге қабілетті **заттар** бар деген ұғарым жасауға болады. Басқаша айтқанда, қоғамның сыртқы әлемі адам еңбегінсіз-ақ өмір сүретін материалдық құндылықтардан (дүниелерден), сондай-ақ қолы тиген заттардан құралады. Оның алғашқысына жер, жер қойнауы, орман, сулар және табиғаттың басқа да объектілері екіншісіне - товар қасиеттеріне ие материалдық құндылықтар жатады. Сөз жоқ, товар-материалдық құндылықтардың құқықтық реттілігі табиғат объектілерінің құқықтық реттелуінен ерекшеленеді. **Ұм**ң өзі табиғат ресурстарының басқа материалдық құндылықтармен салыстырғанда ерекше экономикалық маңыз алуына байланысты. Товар - материалдық құндылықтардың меншік иесі мүлікке иелік ету, пайдалану және жұмсау жөніндегі өзінің құқықтарын жүзеге асыру нысандары мен әдістерін еркін таңдайды және өзінің өкілеттіліктерін жүзеге асырады; табиғат пайдалану жөнінде операцияларды жүзеге асыру құқына иелік ететін заңды және жеке тұлғалар осындай еркін таңдау жасай алады^[235]. Тиісінше, К.М.Ильясованың пікірі көңіл аударарлық, ол меншік құқы шексіз құқық болып табылмайды, меншік иесі қоғамдық немесе жеке мүдделерде әртүрлі шектеулерге кез келеді, белгілі бір тірегі болу керек^[236].

Сондай-ақ мынаны ерекше атап көрсеткен жөн. Табиғат объектілерінің маңыздылығы құқықтық өкілеттіліктің сондай көлемін бұрынырақ анықтап бергенімен, ол жеке азаматтарды классикалық мағынада меншік иелеріне айналдыра алмайды. Өйткені дамыған экономикасы бар елдердің өзінде жерге және басқа да табиғат байлықтарына жеке меншік құқы абсолютті және шексіз болып табылмайды, өйткені құқық қоғамның (мемлекеттің) мүдделеріне жегілген, белгілі бір, топ елеулі шектеулер жағдайында жүзеге асырылады. Мысалы, бұл салада мемлекеттік шараларының арасында мыналарды бөлуге болады: әртүрлі салық реттілігін (оның ішінде жеңілдік) белгілеу; жерді қоғамдық мақсаттарға қайтарып алу, меншік иесіне өтемдерді қайтару; артында мұрагері жоқ, дүние салған меншік иесінің жерінің мемлекет меншігіне өтуі; табиғат объектілерін меншік иесінің өзбетінше өзгертуіне жауапкершілік белгілеу, т.б. Екінші жағынан, табиғат объектілерінің айрықша ерекшеліктері азаматтық-құқықтық мағынада бұлар заттар болып табылады деп айтуға әлі де болсын жеткіліксіз.

Табиғат ресурстары қатынастарын реттеу мен көпшілік - құқықтық реттеудің осы заманғы арақатынасы мынаған әкеп соқты, көпшілік құқықтың дәстүрлі салалары - жер, су, орман, тау-кен құқықтар жеке меншік құқықтың ықпалына көбірек түседі. Бұл, атап айтқанда, Рим құқы заманынан бергі заттардың жылжымалы және жылжымайтын болып бөлінісінде көрініс алған, бұлар азаматтық құқықтар объектілерінің қасиеттерімен әйгіленеді. А.П.Сергеевтің пікірінше, жылжымайтын заттар үнемі бір орында тұрады, жеке белгілері бар, ауыстырылмайды; ~~ба~~ сөзбен айтқанда жылжымайтын мүлік объектілері басым көпшілігіне тән белгі олардың жермен ажырамас байланысы, соның нәтижесінде әдетте көтеріңкі құнға ие болады^[237]. О.М.Козырь, С.А.Степановтың көзқарастары тұрғысынан қарағанда, осы ережеден тұжырым туындайды: кәсіпорын жермен тығыз байланысты болуына орай жылжымайтын мүлік болып табылады, ал заң жасаушының шешімімен жылжымайтын мүлікке белгіленген құқықтық реттіліктің ерешеліктерін осы бір өзіндік объектіге тарату болады; кәсіпорын жылжымайтын және жылжымалы заттар сұрыптамасынан «шығып қалатын» объект болып табылады, кәсіпорын - мүлік (зат) болғанымен, тіпті күрделі бола қоймайды^[238].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар, мүліктер) жермен байланысты жер тәлімдері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық жасыл желектер және басқа да мүлік жатады, бұл объектілердің орнын ауыстырып, жылжыту орнын толтыру оңайға түспейтін нұқсандар келтіреді (117 бап). Ресей азаматтық заңнамасы бойынша жылжымайтын мүлікке жер қойнауының тәлімдері және жекеленген су объектілері жатады (РФАК 130 бап). Т.Л.Левшина осы байланысты

мынаны атап көрсетеді: табиғат ресурстары туралы заңнама азаматтық заңнамаға қарағанда, осы объектілерді біраз ңде басқаша анықтайды: мысалы, жер қойнауы туралы заңнамамен жер қойнауы мемлекеттік меншік объектісі болып танылады, жер қойнауының тәлімдерін заңнама пайдалануға берілетін объектілер^[239] ретінде қарастырады. Г.В.Мерцалованың пікірінше, жер қойнауы және пайдалы қазбалар - мемлекеттің меншігі, оларды тиімді пайдалануға елдің әл-ауқаты тікелей байланысты^[240]. Бұл арада мынаны біраз нақтылай түскен орынды - табиғи қалпында тұрған пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болады, егер адам еңбегі жұмсалып, сыртқа шығарыла, товар болады, оны өндірген тұлғаның меншігінде қалады.

Тиісінше, шек-аражікті ашу төмендегідей жүргізіледі: жер қойнауы және су мемлекеттік меншікте болады, пайдалануға жер қойнауының тәлімі (кең аумағы) және су үстінің тәлімі (су объектісінің бөлігі) берілуі мүмкін, су объектілері мемлекеттік, сондай-ақ муниципалдық меншікте болады. Б.В.Покровский «жер» және «жер тәлімі» түсініктерінің аражігін былай бөледі: азаматтық құқықтар объектілеріс- жер емес, жерәлімдері^[241] болып табылады. С.А.Боголюбов мынаны атап көрсетеді: жер қойнауының тәлімдері және оларды пайдалану құқықтары сатыпалу-сату, сыйа тарту, мұра етіп қалдыру, салым, аманат заты бола алмайды, басқа нысанда қайтарып алуға болмайды (Жер қойнауы туралы Заңда көрсетілген жағдайлардан басқа); Жер қойнауынан шығарылған пайдалы қазбалар (мұнда олар қоршаған ортаны қорғау объектісі болудан қалады, өйткені онымен байланысын жоғалтты) - лицензия шарттары бойынша федералдық мемлекеттік меншікте, РФ субъектілерінің меншігінде, жеке және меншіктің басқа да нысандарында^[242] болады. Н.В.Кузнецова да: жер қойнауының тәлімдері ымыралық және басқа нысанда қайтарып алу нысаны болмайды, бірақ жер қойнауын пайдалану құқықтарының айналымына жол беріледі, заңмен белгіленген шеңберде пайдалану құқы бір тұлғадан екінші тұлғаға^[243] өтеді. Н.Н.Веденин осы ойды былай дамыта түседі, Ресей Федерациясының қолданылып жүрген заңнамасы жер қойнауының өзіндік ерекшеліктерін ескере келіп, жер қойнауынан шығарылған пайдалы қазбаларға және басқа да ресурстарға жеке меншік құқын таниды, энергетикалық және басқа ресурстар мемлекеттік меншік болып табылады^[244]. Біздіңше, РФ Азаматтық кодексімен жер тәлімдері, жер қойнауының тәлімдері, судың үстіңгі қабатының тәлімдері жылжымайтын мүлікке жатады, сондықтан оларды пайдалану үрдісінде туындаған қатынастар көпшілік-жекеменшіктік емес, жеке меншіктік құқықтық сыпатталады.

К.М.Ильсова Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде заңды түрде бекітілген белгілерді ескере келіп жылжымайтын мүлікке мыналарды жатқызады: аяқталмаған құрылыс, автомобиль жолдары, жер қойнауының тәлімдері, жерасты ғимараттары - мұнан бәрі жермен берік байланыста, оларды ауыстыру үшін қыруар нұсқандарға бару керек^[245]. Ал К.М.Ильсова сұқбырларына, жоғары вольтты желілерді, жермен берік байланысы болаұрса да, жылжымалы мүлік реттелігіне жатқызу жөнінде ұсыныс білдіреді, оның пікірінше осы объектілерді жылжымайтын мүлікке жатқызу бұларға құқықты қажет етеді, бұл осы объектілердің құқын мойындауды, олармен операциялар жүргізуді аяқтауды қиындатады^[246]. Соңғы ұйғарыммен келісуге болар еді, құбырлар, жоғары вольтты линиялар - жылжымайтын мүлік болғанымен жылжымалы мүлікке теңестірілген. Аяқталмаған құрылысты жылжымайтын мүлікке жатқызуға келсек, бұл жерде кезкелген аяқталмаған құрылысты жылжымайтын мүлікке жатқызуға болар ма екен, осы арада оның күрделі құрылыс екенін анықтау керек. Н.В.Кусяпова «күрделірек» белгі үй, немесе ғимаратты жылжымайтын мүлік деп танудың сөзсіз шарты деп ұсынады, осы белгіні үй, ғимараттың сүйреткіш қаңқаларының болуын және олардың жермен байланысы іргетасы арқылы^[247]. Тұтас алғанда, мұндай тұжырыммен келісуге болады, керісінше, іргетасын қаласа болды - мұндай құрылыс аяқталмаған болып саналады, дербес объект ретінде жылжымайтын мүлік қатарына жатады.

Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері саналуан және әртүрлі, олардың жекеленген түрлері ғана қарастырылды. Инвестициялық қатынастар өте жылдам дамуда, мазмұны, пайда болу нысандары жағынан күрделіленіп барады. Соның салдарынан

инвестициялық қызметтің көптеген негіздері тиісті заңды бекітілуін алған жоқ. Мынадай келеңсіз сәттерді атап кетуге болады: Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында инвестициялық құқықтық қатынастар объектілеріне арналған нормалар, инвестициялық қызмет және инвестициялар объектілерін анықтауда айқындылық жоқ, жылжымайтын мүлікке байланысты бірыңғай тұғырнама жасалмаған, атап айтқанда жер қойнауы және жабық (жекеленген) су объектілері жылжымайтын мүлікке жата ма? - мұнда да айқындылық жоқ.

§3. Инвестициялық құқықтық қатынастың мазмұны

Заң әдебиетінде құқықтық қатынастың мазмұны туралы мәселе әлі де болсын дау туғызуда. Негізінен үш тәсіл қалыптасқан: 1) А.В.Мицкевичтің пікірінше, құқықтық қатынас мазмұны құрылымдық элемент болып табылады және субъектілердің өзара құқықтары мен міндеттерін қамтиды ^[248]. Ең қосымша, С.С.Алексеев құқықтық қатынас мазмұнына субъектілердің іс-әрекетін қосады ^[249]; 2) В.Н.Хропанюктің пікірінше, құқықтық құрылымының дербес элементтері субъектілердің құқықтары мен міндеттері (құқық пен міндеттер жиынтық емес, бір-бірінен бөлек әрекетке енеді) ^[250]; 4) В.Н.Протасов мазмұн жеке алынған элементпен теңдестіріліп қана қоймай, құраммен тұтас теңдестірілетінін атап көрсетеді; құрам элементі - мазмұн емес, керісінше, құрам құрылыммен бірге мазмұнның тараптарының бірі; демек, мазмұн құрам мен құрылымның бірлігі - элементтердің құрылымдық - ұйымдық тұтастығы ^[251].

Тәсілдерде елеулі өзгешеліктердің болғанына карамастан, құрылымдық элементтерден тұратын күрделі құбылыс ретінде құқық қатынасты түсінуде бірауыздылық бар. Айырмашылықты былай сұрыптауға болады: құқықтық қатынастың мазмұнын құрылымдық элемент екенін мойындау және оны жоққа шығару «мазмұн» ұғымына тек заң мазмұнын, немесе нақты мазмұнды қосу; құқықтық қатынас мазмұнын құрайтын жиынтықтар ретінде құқықтар мен міндеттерді қарастыру. Ең алдымен, біздің ойымызша, құрылымдық элемент шеңберінен асып, «мазмұн» түсінігінің өзін шексіз кеңейту өзін анықтамайтын сияқты. Жалпы философиялық тұрғылардан мазмұнды құқықтық қатынастың құрылымымен, құрамымен теңдестіруге болар, бірақ жалпы құқықтық тұрғыдан бұл - мақсатсыз, өйткені басқа түсініктер есебінен (құрылым мен құрам) бір ғана түсінік (мазмұн) кеңейтіліп отыр. Құқықтық қатынастың мазмұны - құрылымдық элемент болып табылады, соның нәтижесінде жеке аянда құрылымның басқа элементтерінсіз (құқықтық қатынас субъектілері мен объектілерінсіз) өмір сүре алмайды. Барлық үш элементтің ажырамас байланысы ғана құқықтық қатынас құрылымын жасайды. Құқықтық қатынас оған қатысушылар (субъектілер) арасындағы өзара байланысты көрсетеді, байланыс қатысушыларға жүктелген заңды міндеттер мен субьективтік құқықтарды жүзеге асырады.

Бұдан әрі, «мазмұн» түсінігін тар мағынада да (бұл жерде оның заңдық мазмұны ескеріліп отыр) және кең мағынада да (нақты мазмұнды қоса) қарастыруға болады. Бірақ тағы да осының өзі қажет пе деген мәселе көтеріледі: заңдық мазмұн нақты мазмұнды анықтайды, басқаша айтқанда, құқықтық қатынас нақты қоғамдық қатынастың заңды нысаны ретінде өрінеді. Құқықтар мен міндеттерді құқықтық қатынас құрылымының дербес элементтері ретінде қарастыру жалпы белгілі факт болып табылады, дәлелдеуді қажет етпейді. Субьективтік құқықтар мен міндеттердің ажырамас байланысы ғана құқықтық қатынас мазмұнын құрайды. О.С.Иоффе: егер мемлекет азаматтардың іс-әрекетіне тікелей, объективтік құқықтық нормаларының көмегімен, заңмен белгіленген міндеттерді оларға жүктеумен реттейтін болса, онда бұл міндеттер мемлекеттің алдында орындауға тиіс; іс-әрекет құқықтық нормалармен тікелей, сондай-ақ субьективтік құқықтардың көмегімен реттелмесе, онда анықталған іс-әрекетті міндеттенген тұлғалардан талап ету құқын, ең алдымен, мемлекеттен емес, субьективтік құқықтар берілген тұлғадан талап ету керек ^[252]. Субьективтік заңды құқық - бұл қандай да болсын - іс-әрекеттің нақты мүмкіндігі ғана емес, іс-әрекеттің мемлекеттік қорғаған мүмкіндігі, өйткені субьективтік құқық анықталған іс-

әрекеттерді міндеттенген тараптан талап ету құқын, тиісті мемлекеттік органға өзін қорғау жөнінде өтіну құқын, бұрмаланған құқын өзінің қорғауына мүмкіндік береді іс-әрекет еркіндігін беретін субъективтік құқыққа сай заңды міндет субъективтік құқыққа сәйкес келуі керек, субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер өзара байланысы көріне еді.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастың **мазмұны** осы құқықтық қатынастардың субъектілерінің (қатысушыларының) субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерінің жиынтығын құрайды.

Бақылау сұрақтары

1. Төңкеріске дейінгі ғалымдар «құқықтық қатынас объектісін» қалай түсінген?
2. «Құқықтық қатынастар объектісінің» осы заманғы тұжырымын айтыңыз.
3. «Құқық объектісі» және «құқықтық қатынас объектісі» түсініктерінің арақатынасын ашыңыз.
4. Инвестициялық құқықтық қатынас объектісінің түсінігін анықтаңыз.
5. Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша азаматтық құқықтар объектілерінің түрлерін атаңыз.
6. «Мүлік» категориясының түсінігін беріңіз
7. Инвестициялық қызмет объектілерінің түрлерін атаңыз.
8. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектісі ретінде жер қойнауын сыпаттаңыз.
9. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектісі ретінде жерқойнауының белгілерін тұжырымдамаңыз.
10. Жерқойнауын пайдалану және табиғат пайдаланудың басқа да түрлерінің аражігін ашу өлшемін анықтаңыз.
11. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектісі ретінде бағалы қағаздарға сыпаттама беріңіз.
12. Мүліктің қандай түрлері инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері болып табылады?
13. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектісі ретінде жылжымайтын мүлік түсінігі нені анықтайды?
14. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектісі ретінде жылжымайтын мүліктің құқықтық реттілігінің ерекшеліктері неде?
15. Инвестициялық құқықтық қатынас мазмұнын ашыңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Қазақстан Республикасындағы заттық құқықтар. / М.Қ.Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: «Жеті жарғы», 1999.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Түсініктемелер (баптар бойынша) 2 кітап. / М.Қ.Сүлейменов, Ю.Г.Басинның редакциясымен Алматы: «Жеті жарғы», 2003. 1 кітап.
3. Дойников И.В. Кәсіпкерлік құқық. М.: «ПРИОР» баспасы, 1998.
4. Дудин А.П. Құқықтық қатынас объектісі: Теория мәселелері. Саратов: Саратов университетінің баспасы, 1980.
5. Иоффе О.С. Азаматтық құқық жөніндегі таңдамалы еңбектер: Цивилистикалық ой тарихынан. Азаматтық құқықтық қатынас. «Шаруашылық құқық» теориясына сын. М.: «Статут» баспасы, 2000.
6. Қарағұсов Ф.С. Азаматтық құқықтар жүйесіндегі бағалы қағаздар мен ақша. Алматы: «Жеті Жарғы», 2002.
7. Ресей Азаматтық кодексіне түсініктеме. 1 бөлім (баптар бойынша). / О.Н.Садиковтың жауапты редакторлығымен. М.: «Контракт; ИНФРА-М» Заң фирмасы, 1998.

8. Лапач В.А. Азаматтық құқықтар объектілерінің жүйесі: Теория және сот практикасы. СПб.: «Юридический центр Пресс» баспасы, 2002.
9. Мартемьянов В.С. Шаруашылыққық. Жалпы ережелер, лекциялар курсы. М.: «Юрист» баспасы, 1994.
10. Азаматтық құқықтар объектілері: халықаралық конференция материалдарының жинағы. / Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: ҚазақМЗУ, 2004.
11. Протасов В.Н. Құқықтық қатынас - жүйе. М.: «Заң әдебиеті», 1991.
12. Степанов С.А. Азаматтыққықтағы мүліктік кешендер. // Азаматтық құқық теориясының проблемалары. М.: «Статут» баспасы, 2003.
13. Халфина Р.О. Құқықтық қатынас туралы жалпы ілім. М: «Заң әдебиеті», 1974.

7 дәріс. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу ерекшеліктері.

Инвестициялық қызмет (түсінік, белгілер, түрлер). Инвестициялық қызметті мемлекеттік бағару және реттеу. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің әдістері мен бағыттары. Инвестициялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру проблемалары.

§ 1. Инвестициялық қызмет (түсінік, белгілер, түрлер)

«Инвестициялық қызмет» және «инвестициялау» ұғымдарының арақатынасы туралы мәселеге қайта оралып, инвестициялық қызмет инвестициялауды (инвестициялар салымы деп ұғыну керек) және инвестицияларды (оларды жүзеге асырудың практикалық іс - әрекеттердің жиынтығы) жүзеге асыруды қамтиды. Демек, **инвестициялық қызмет** инвестициялар салымы және инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет ретінде сыпатталады.

Инвестициялар жөніндегі заңға сәйкес инвестициялық қызмет жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау немесе ұлғайту жөніндегі қызметті көрсетеді (1 бап 2 тармақ). Көрсетілген анықтамада Инвестициялық қызмет ұғымы мейлінше тарылған: біріншіден, инвестициялық қызмет субъектілерінің шеңбері шектелген (мемлекет және халықаралық ұйымдар алынып тасталған); екіншіден, инвестициялық қызмет коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу қатысу жөніндегі қызметпен шектелген; үшіншіден, қызмет кәсіпкерлік қызмет үшін нақтыланған активтерді пайдалану немесе ұлғайту қызметімен шектелген.

Біздіңше, инвестициялық қызмет коммерциялық (кәсіпкерлік) қызмет түрінде ғана емес, коммерциялық емес қызмет түрінде де танылуға тиіс. Сондықтан инвестициялық қызметке кәсіпкерліктің мынадай белгілері тән: дербестілік, бастамашылық, тәуекелдік сыпат. Бірақ сонымен бірге инвестициялық қызмет материалдық немесе рухани игіліктерді (инвестициялық қызмет объектісі) жасауға бағдарлығымен сыпатталады және бір мақсатты кіріс (пайда) алу немесе оң әлеуметтік тиімділікке жетуді көздейді.

Инвестициялық қызметті инвестициялық қызмет объектісін жасау жөніндегі үрдіс (инвестицияларды тікелей нысанада) ретінде қарастыра отырып, екі негізгі сатыны бөлуге болады: 1) инвестициялау алдындағы саты (инвестициялар салымы); 2) инвестициялық кеңістік сатысы (инвестициялық қызмет объектісін жасаудан кейін басталады, инвестордың объектіні пайдалану, немесе сатуы, жалберу, т.б., басқаша айтқанда, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтау). Инвестициялау алдындағы саты бірқатар дәйектілікпен аяқталатын іс - әрекеттерден құралады - инвестордың инвестициялық қызметті атқару жөнінде шешім қабылдауы; инвестицияланатын объектіні таңдап алу; инвестициялық жоба жасау; инвестициялық шарт жасау (инвестициялық келісімшарт талаптарын келісу). Инвестициялық кеңістік сатысы, негізінен, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтауға бағытталады.

Өз тарапынан, инвестициялық қызмет объектісін жасаумен байланысты емес инвестициялық қызмет (инвестицияларды жанама және несиені нысанада жүзеге асыру), сондай-ақ біршама басқа мазмұндағы екі сатыны қамтиды; 1) Инвестициялау алдындағы саты (инвестициялар салу, оның ішінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру туралы шешім қабылдау, инвестициялық шарт талаптарын келісу және оны жасау); 2) Инвестициялық кеңістік сатысы (инвестициялардан кіріс (пайда) алу).

Инвестициялық қызмет **түрлерін** инвестициялау инвестициялар салымы мен жүзеге асыру саласына қарай сұрыптауға болады - жер қойнауын пайдалану, құрылыс саласы, бағалы қағаздар нарығы, банк саласы, коммерциялық емес сала, т.б.; субъектісіне орай жеке тұлғалардың инвестициялық қызметі (оның ішінде, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар), заңды тұлғалар, мемлекет (оның ішінде шетел

мемлекеттері), халықаралық ұйымдардың инвестициялық қызметі, мемлекеттік қолдауға байланысты шетелдік инвестициялық жеңілдіктерсіз жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет, инвестициялық преференциялар беру туралы келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының инвестициялық қызметі, т.б.

§ 2. Инвестициялық қызметті мемлекеттік басқару және реттеу

Мемлекет инвестициялық қатынастарды реттей отырып, инвестициялық қызмет субъектілерінің іс-әрекетіне ықпал етудің әртүрлі нысандары мен әдеттерін қолданады, мемлекеттік меншік объектілерінің иесі, мемлекеттік меншікте жатпайтын объектілер бойынша инвестициялық қатынастардың реттеушісі болады. Әдеттегідей, алғашқы жағдайда әңгіме мемлекеттік басқару туралы, екіншісінде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу туралы болады.

Мемлекеттік басқару - мемлекеттік меншік институтымен тікелей байланысты құқықтық институт, өйткені басқару меншік қатынастарын көрсететін әдіс. Мемлекеттік меншік объектілерін мемлекеттік басқару тиісті мемлекеттік органдар, заңды және тұлғалар - басқару субъектілері арқылы жүзеге асырылады. Бір жағынан, жер қойнауын басқару жөніндегі қоғамдық қатынастар жүйе жер қойнауын пайдаланушылар (қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге құқылы жеке немесе заңды тұлғалар); екінші жағынан мемлекеттік басқарудың тиісті органдары (министрліктер, комитеттер, т.б.). Мұндай қоғамдық қатынастар аталған субъектілер арасында қалыптасады, жоғарыдан төмен басқарушылық құқықтық қатынастар бола алады, тұтасымен және толық билік пен бағыныштылық тұғырда (мысалы, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау саласында), сондай-ақ көлбей бағыттағы қоғамдық қатынастар (мұнда қандай да болсын, бағыныштылық жоқ) қалыптасады.

Мемлекеттің азаматтық құқықтық қатынастарға қатысуының өзіндік ерекшелігі, Ю.В.Романецтің пікірінше, екі нысанада көрінеді: біріншіден, мемлекет бүкіл қоғамның белгілі бір қажеттілігін, өзінің қоғамдық міндеттемелерге қатысуын жоспарлауға және осы жоспарлардың орындалуына жетісуге мүмкіндік беретін қажетті құқықтық тетікті қамтамасыз етуі керек, екіншіден, мемлекеттік меншік көпшіліктің қаржыларымен жасалып, көпшілік мақсаттарға жұмсалады, демек, оның құрылуымен пайдаланылуының ерекше бақылау қажет; басқаша айтқанда, мемлекеттік меншікпен байланысты азаматтық қатынастарды құқықтық реттеуде мемлекетке жүктелген міндетті тиісінше орындауды қамтамасыз ететін^[253] көпшілік бастау айқын көрініс алуы керек. Сонымен бірге мемлекеттік меншікпен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуде көпшілік бастауларды сақтау туралы ұжымды дұрыс дей алмаймыз, керісінше, мемлекеттік меншік объектілері бойынша қалыптасқан азаматтық қатынастарды реттеу тек жеке меншік-құқықтық бастамаларды ғана құралуы керек.

Осыған байланысты М.Қ.Сүлейменовтің пікірімен санасуға болады: мемлекет, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатыса отырып, жеке құқық субъектісі ретінде әрекет етеді, мұндайда мемлекет мемлекеттік және әлеуметтік мүдделерді, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтық мүдделерін қорғауға бағытталған өзінің көпшілік функцияларын жүзеге асыруды сақтайды; мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу проблемасын шешуде осы кешенді қатынастарды құқықтық реттеудің жеке-құқықтық және көпшілік-құқықтық әдістердің айқын тұғырнамалық негізделген аражігін анықтау - басты мақсат^[254]. Сондықтан таяудағы жылдары заңнамалық нысанда мемлекеттің коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалармен қатынасқа ену проблемасын шешу керек.

Мемлекеттік басқарудың^[255] жүйесін қайта құрудың нәтижесінде инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың орталық атқару органы ҚР Индустрия және сауда министрлігі болды. Министрліктің бұл саладағы стратегиялық функциялары мыналар: Қазақстан Республикасында инвестициялық хал-ахуалды жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс; жеке меншік секторы инвестицияларын мемлекеттік қолдау

шараларының пәрменділігінің бағасын қамтамасыз ету; жеке меншік секторының инвестициялық белсенділігін ынталандыру, Қазақстан Республикасында инвестициялық хал-ахуалды жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыруды үйлестіру; инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласында инвестициялық хал-ахуалды жақсарту жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; сондай-ақ инвестициялық кепілдіктер беру үшін қызметтің басым түрлерінің тізбесін анықтау; инвестициялық міндеттемелердің орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөнінде шаралар жасау^[256].

Қазақстан Республикасында Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі Комитеті Республикасында инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында - салааралық үйлестіруді, арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын министрліктің ведомствосы болып табылады. Әуелде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы Қаулысымен инвестициялар жөніндегі Комитеттің негізгі міндеттерінің мейлінше кең тізбесі бекітілді атап айтқанда: Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту көмектесу; елде инвестициялар тарту жөнінде қолайлы хал-ахуал туғызу жөнінде шаралар жасап, жүзеге асыру; мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмысын үйлестіру; Шетел инвесторлары Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік бадарламаларды, басым жобаларды жүзеге асыруға қаржы ресурстарын жұмылдыруға көмектесу; инвесторлармен өзара іс-әрекеттің пәрменді жүйесін жасау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кепілдіктердің сақталуын, сондай-ақ инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету^[257]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы Қаулысымен бекітілген инвестициялар жөніндегі Комитет туралы Ережеге сәйкес Комитеттің негізгі міндеттері ретінде екі міндет көрсетілген: 1) Инвестицияларға мемлекеттік қолдау шараларын келісімшарт жасау арқылы көрсету; 2) Қазақстан Республикасының шикізат емес секторына ірі шетел компанияларын тарту^[258]. Шын мәнінде бұл міндеттер емес, Инвестициялар жөніндегі Комитет қызметінің анағұрлым маңызды және басым бағыттары.

Қолданылып жүрген заңнамаға жасалған сараптама инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде пайда болған қатынастарды реттеудің мына ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Инвестициялық қатынастарды **мемлекеттік реттеу** дегеніміз инвестициялық құқық институты, оның екіге бөлінеді: **тікелей мемлекеттік реттеу** мемлекеттік **инвестициялар саласында**; жеройнауын пайдалану және табиғат пайдаланудың басқа да түрлері саласында; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру саласында, т.б. жүзеге асырады. Екінші құрамдас бөлігі - елдегі инвестициялық үрдістерді **жанама реттеу**, бұл мемлекеттің инвесторлар құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуін, экономиканың басым секторларында қызмет атқаратын инвесторларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтиды (инвестициялық салық жеңілдіктерін беру, кедендік баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар беру жолымен). Тиісінше, тікелей мемлекеттік реттеуіштік шаралар мен ықпал ету тәсілдерімен, жанама реттеу ынталандыру сыпатындағы экономикалық шараларды басымырақ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, жанама реттеудің инвестициялық қызметке мемлекеттің қатысуымен толық бас тарту болмайды. Әлемдік практикада мемлекеттің экономикалық проблемаларға араласатыны дәлелденген. Мысалы, Францияда нарықтық экономиканың стратегиялық сараптамасы жүргізіледі, мемлекет барлық қажетті жағдайларда компаниялар мен корпорациялардың қызмет жоспарларына^[259] түзетулер енгізеді. Шынында да, мұндай практика басқа да елдерде де қалыпта сқан. Соғыстан кейінгі уақытта дамыған елдерде президенттік билікті күрт күшейгені байқалады, мемлекет басшысының қолына функциялар шоғырланды, министрліктер мен орталық ведомстволар санын ұлғайту есебінен мемлекеттік аппарат өсті. (1963 жылы Англияда - 42 министрлік пен 60-қа жуық ведомство болды, бұл аппаратты қысқартуға әкеп соқты, 1970 жылы министрлік саны 14-ке дейін қысқартылды)^[260]. Еркін коммерцияның қамалы болған АҚШ-тың өзінде экономиканың осы

заманғы даму деңгейін тек нарықтық заңдарының ықпалымен ғана болды деуге болмас, федеральдық және штаттар деңгейінде^[261] бизнеске (оның ішінде шағын, орта бизнеске) мемлекеттік қолдау жасауға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеудің объективтілік шарттылығы туралы айтуға болады, бұл инвестициялық салада толық көрініс алады.

§ 3. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің әдістері мен бағыттары

Қазіргі жағдайда мемлекет субъект ретінде инвестициялық қатынастарға көпшілік - құқық реттеу (мемлекеттік инвестицияларды тікелей басқара отырып) және жекешелік-құқықтық реттеу (келісімшарт қатынастарына - азаматтық-құқықтық қатынастарға қатыса келіп) арқылы әсер етеді. Мұндайда жалпы (көпшілік) - құқықтық реттеу саласында тікелей (орталықтандырылған әкімшілік) және тікелей емес (ең алдымен, ынталандыру) ықпалын бөлуге болады. Демек, инвестициялық қатынастарға ықпал етудің негізгі екі тәсілі бар: жекешелік-құқықтық (диспозитивтік) және көпшілік-құқықтық (императивтік). Аталған әдістер жалпы болып табылады, сонда инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің арнаулы тілдер қолданылады - инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер, шетел инвесторларына ұлттық рет тілік, инвестициялық салада салық жүйесін жетілдіру, инвесторлардың құқын қорғау т.б.

Инвестицияларды мемлекеттік реттеу бағыттарының бірі - **республикалық және жергілікті инвестициялық бюджеттік жобалар (бағдарламалар) жасап, қабылдау және жүзеге асыру**. Бюджеттік инвестициялар бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялық бағдарламалар арқылы, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық қорын қалыптастырып, ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылады. Шешілетін мәселелердің маңыздылық деңгейіне қарай бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) болып бөлінеді: бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) мүліктің меншік құқының (республикалық немесе коммуналдық) туындарына байланысты республикалық немесе жергілікті екенін анықтайтын меншік түрі бойынша өлшем; 2) бюджеттік инвестициялық жобаның бағдарламаның республикалық екенін анықтайтын өлшем - егер бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) жүзеге асырушылар - субъектілер екі, одан да көбі болса, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан болса, - республикалық; егер бюджеттік инвестициялық бюджеттік жобаны (бағдарламаны) орындаудан экономикалық пайда табушылар, бір облыс, республикалық маңызы бар қаладан, астана дан болса - жергілікті болады (Бюджет кодексінің 47 бабы). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы Қаулысымен бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қараудың Ережелеріне сәйкес республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады, республикалық бюджет қаржылары есебінен қаржыландырылады; жергілікті бюджеттік инвестициялық (жобаларды бағдарламаларды) жергілікті атқару органдары жүзеге асырады, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады^[262].

Ресей Федерациясында инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу ұқсас бастауларда жүзеге асырылады: Федералдық Бюджет құрамында Федералдық Бюджеттің күрделі шығындары құрамында қалыптасқан және инвестициялық жобаларды несиелеу, инвестициялау және кепілдік қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын Даму бюджеті қалыптастырады, федералдық және аймақтық инвестициялық бағдарламалар (мысалы, Федералдық атаулы инвестициялық бағдарлама)^[263] жасалып, қабылданады. Мұнда мемлекеттік мекемелер меңбегімен ғана емес, жеке тұлғаларды да инвестициялау практикасы мейлінше көп тараған. РФ Президентінің 1994 жылғы 17 қыркүйектегі «Ресей Федерациясында жеке меншік инвестициялар туралы» Жарлығында инвестициялық жоба конкурсында жеңіп шыққан инвестор өзі ұсынған жобаны қаржымен қамтамасыз етуде мемлекет қатысуының әртүрлі нысандарын өзі таңдауға құқылы екені қарастырылған^[264].

Ресей Федерациясының бюджет заңнамасына сәйкес^[265], мемлекеттік немесе муниципалдық кәсіпорындар болып табылмайтын заңды тұлғаларға бюджеттік инвестицияларды ұсыну аталған тұлғалардың жарғылық капиталы мен мүлкінің эквиваленттік бөлігіне мемлекеттік немесе муниципалдық меншік құқын туғызады (80 бап). Ақша қаражаттарын бөлудің шарттары: 1) басқа инвестициялық жобалардың федералдық бюджетке қайтарым деңгейінің мейлінше жоғары болуы; 2) қарыз алушының инвестициялық жобаны қаржыландырудың толық көлемінің кемінде 20 пайыз мөлшерінде, ал ірі инвестициялық жобалар бойынша кемінде 50 млн. АҚШ доллары - көрсетілген көлемнің 10 пайызы мөлшерінде өз қаржысы болуы керек; 3) мемлекеттің жекеменшік капиталмен қатысуы (қаржы беруге әзір қосалқы жеке меншік инвесторлар мен несие берушілерді болуы); 4) инвестордың мемлекеттік кепілдікке жатпаған өз қаржысының болуы.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттік қолдаудың нысандары мынадай: федералдық бюджет қаржыларын қайтарым негізінде кемінде 24 айға босату; құрылатын акционерлік қоғамдардың акциялар бөлігін мемлекеттік меншікке бекіту шартымен мемлекеттік инвестициялық ресурстар босату; инвестициялық жобаны орындаудың бұзылуы инвестордың кінәсінен болмаған жағдайда, инвестор салған қаржы ресурстарының бөлігін федералдық бюджет қаржылары есебінен өтеу жөнінде мемлекеттік кепілдіктер беру^[266]. Ерекше белгілер ретінде мынаны атау болады: Ресейде жекеменшік инвестициялар мемлекеттік қолдау ақша қаржыларын бөлу және жеке тұлғаларға (инвесторларға) мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы жүзеге асырылады. Ал Қазақстан Республикасында инвестициялар жөніндегі Комитетпен келісімшарт жасасқан инвесторларға инвестициялық жеңілдік, кепілдіктер берілгенімен, республикалық бюджетпен ақша қаржыларын босату немесе мемлекеттік кепілдіктер беру көзделмеген.

Сонымен бірге мына факт назар аудартады: инвестициялық қызмет туралы Федералдық заңда капитал салымдары түрінде инвестициялық қызметті дамытуға инвестициялық қызметке капитал салымы және мемлекеттің тікелей қатысуы бойынша қолайлы жағдай туғызу көзделген. Бірақ қандай жеңілдіктер мен кепілдіктер инвестициялық қызметтің осы түрін ынталандыру үшін берілетінін айтылмаған (тек инвестициялық қызмет субъектілеріне жер және басқа да табиғат ресурстарын пайдалануда, РФ заңнамасына қайшы келмейтін жеңілдік шарттары берілетіні көзделген 11 бап 2 тармақ).

Бұған қарама-қарсы Қазақстан Республикасында инвестициялық кепілдіктер үш шартты орындаған жағдайда беріледі: қарастырылып отырған инвестициялық қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкестігі; инвестордың жобаны жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктерінің бар екенін растайтын құжаттарды түсіру; заңды тұлғаның осы заманғы технологияларды қолдана отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістердің жаңа асын жасау, кеңейту және жаңарту үшін нақтыланған активтерге айналдырылған инвестицияларын (бұған мазмұны бойынша «капитал салымы» ұғымы өте - мөте жақын, Ресей заңнамасы бойынша капитал салымы - инвестицияларға (негізгі қаржыларға) айналдырылған инвестициялар, оның ішінде жаңа құрылыс, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, қайта құру және техникалық жағынан қайта жарақтандыру, машиналар, құрал-жабдық, аспаптар, құрал-сайман алу, жобалау - іздестіру жұмыстары мен басқа да шығындар). Капитал салымдары ретіндегі инвестициялық қызмет туралы Федералдық заң. 1 бап). Тиісінше, инвесторлардың әртүрлі әдістері қолданылады: Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асыратын инвесторларға едәуір инвестициялық қосымша көмектер беріледі, ол шарт мерзімі аяқталғанша, оның тиісінше орындалғанша ұзақ мерзімге қайтаруға жатпайды (5 жылға дейін). Ал Ресейде қаржылар тек қайтарым негізінде босатылады және уақыты қысқа мерзіммен шектеледі (кемінде 24 ай); капитал салымдары түрінде жүзеге асырылатын инвестициялар жөнінде, олардың экономиканы дамытудағы маңыздылығы белгіленгенімен, инвесторларға қандай да болсын жеңілдіктер, немесе көмекші қаржы беру жағы қарастырылмаған. Мұны елеулі қателік деп санаймыз, осы заң актысын негізгі мәні - капитал

салымы түріндегі инвестициялық қызметті дамытуға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мәні жойылады.

Ресейде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу үш деңгейде жүзеге асырылады: 1) РФ республикалық және муниципалдық органдармен экономиканы дамыту жөніндегі әртүрлі бағдарламалар жасап жүзеге асырады; 2) Федерация құрамындағы республикалар өз аумағында өзінің құзыры шеңберінде инвестицияларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді және оларды қорғауды қамтамасыз етеді; 3) биліктің жергілікті органдары өзігінен, жоғары органдармен келіспей-ақ жергілікті бюджет және жұмылдырылған несиелер есебінен жүзеге асырылатын инвестицияларды пайдалануды бағыттарын анықтайды, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды ұйымдастырады. Ресей аумағында инвестициялар бо йынша шешімдер мен Федералды меншік, республикалар меншігі, сондай -ақ Федерация мен республикалардың бірлескен меншік объектілерін инвестициялау шарттарын қабылдау құқы арнаулы республикааралық шарттар^[267] негізінде анықталады.

Ресейдің жергілікті атқару органдары Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарына қарағанда, инвестициялаудың нысандары мен әдістерін таңдауда мейлінше еркін. Сонымен бірге Ресейдің жергілікті атқару органдары жоғары органдарымен келіспей-ақ инвестицияларды пайдаланудың бағыттарын анықтап қоймай, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды ұйымдастырады. Керісінше, Қазақстанның жергілікті атқару органдары бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша жоспарлау жөніндегі экономикалық өкілетті органға сұраныстар түсіреді, ол бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) экономикалық сараптама бойынша оң қорытындылар негізінде (кейін басым бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) тізіміне қосылған, жүзеге асыру мерзімі жоспарланған кезеңнің бірінші немесе екінші жылында басталатын) іріктеу жасайды. Сонымен бірге жергілікті инвестициялық жоба бағдарлама бойынша бағдарламалар әкімгері: 1) инвестициялық жоба (бағдарлама) туралы қарыз қаржыларын пайдалану және сол бойынша қосарланған қаржыландыру басынан бастап, инвестициялық жоба (бағдарлама) құрамдары бойынша орындалуын қоса есептегенде, жоба (бағдарлама) құрамдары бойынша орындалуын қоса есептегенде, жоба құрамдарына қарай

қаржылардың орындалуы туралы есеп, өткен жылы бюджеттік бағдарламада көрсетілген қаржылардың игерілмеу себебін анықтау жөнінде анықтама-ақпарат түсіреді; 2) қосалқы бағдарламалар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша (шығындар бойынша) негіздер мен есептер; сондай-ақ қосымша: 1) бюджеттік бағдарламаның бюджеттік несиелеу арқылы жүзеге асырудың мақсаткерлігін негіздеу - бюджеттік бағдарламаның бюджеттік несиелеудің мақсатына, принциптеріне, өлшемдері мен бағыттарына сәйкестігін негіздеу; 2) бюджеттік несиелеудің объектілері немесе бағыттарын қажетсінушілікті негіздеу; 3) бюджеттік несиелер шарттар негіздеу; 4) бюджеттік несиелеуді қайтарым есебі; 5) сенім білдірілген агенттердің қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін негіздеу^[268]. Осы айтылғандар Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарының Ресей жергілікті атқару органдарына қарағанда, дербестігі шектеулі, инвестициялық қызметті реттеуде тыс орталықтандыру және артық әкімшілік жергілікті атқару органдарының қолын байлайды, аймақтардың экономикалық дамуына тежейді.

§ 4. Инвестициялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу

Европа елдерінде инвестициялық қызметті мемлекеттік тікелей реттеу мұнай дағдарысынан кейін күйзелген аймақтарда шиеленіскен проблемаларды шешудің қажеттігінен туындады. Мемлекеттің араласуы қандай да болсын бір аймақта экономиканың дамуына қатысуға ұлттық және шетелдік инвесторларда мүдделіліктің болмауынан туды. Соның нәтижесінде мемлекеттік инвестициялық компаниялар құрылды, олар күйзелген аймақтарға жаңа инвесторлар тарту, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кәйітуде, қайта құруда және жаңа өндірістер құрылуына көмектесу мақсатымен құрылды. Мұндайда мынадай шараларға ең басты маңыз берілді:

өнімнің жаңа түрлерін шығару; осы заманғы технологияларды енгізу; өндірістің жаңаруы мен өсуі; шетел капиталын қатыстыра отырып, біріккен кәсіпорындар ұйымдастыру; қалдықсыз және аз қалдықты жаңа өнімдер және жаңа технологиялар жасау жөнінде зерттеулер жүргізу.

Әртүрлі елдерде мемлекеттік инвестициялық компаниялар құру осындай шараларға мұқтаж аймақтарда инвесторлардың қызметін мемлекеттік ынталандырудың қажеттігінен туды. Мысалы, АҚШ-та елдің оңтүстік-шығысында жеті штаттың аумағын (Теннесси өзенінің бойындағы жазық) қамтыған ауқымды күйзелген аймақтың экономикасын көтеру мақсатымен арнаулы мемлекеттік корпорация - Теннесси жазығының Басқармасы (Әкімшілігі) құрылған^[269]. Бельгияда даму банкінің функциясын атқаратын аймақтық инвестициялық компаниялар бар, атап айтқанда: жаңа жекеменшік компаниялар құруды, қайта құру мен жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуді көтермелеу; жаңа мемлекеттік компаниялардың құрылуына көмектесу; аймақтарда мемлекеттік экономикалық саясатты жүргізу. Швецияда проблемалары бар аймақтарда көмектің дәстүрлі түрлерінің төмен пәрменділігін ескеріп, кәсіпорындар мен ұйымдарды қайта құруға үлестік қытасуды қабылдап, қаржы көмегін көрсету үшін мемлекеттік аймақтық компаниялар құрылуда, олар шағын және орта бизнесті қолдайды. Нидерландыда аймақтық дамудың бес мемлекеттік компаниясы құрылған, олар әртүрлі аймақтардың өз потенциалын дамытуына қолқабыс жасайды, аймақтық және жалпыұлттық өнеркәсіп арасында байланыстарды күшейтеді, жұмыс істеп тұрған фирмаларға, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсетеді, жекеленген фирмалардың^[270] қызметіне үлесімен қатысады.

Айтылғандарды қорытындылай келіп, мынадай қорытындыларға келуге болады. Біріншіден, аймақтардың экономикасын дамытпай, бүкіл елдің нақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Екіншіден, экономиканың басым секторларында жүзеге асырылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдауды дамытумен бірге, елдің мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуіне мейлінше мұқтаж аймақтарының экономикалық артта қалушылығы жоюға бағытталған шаралардың кешенін жасау қажет (ең алдымен ынталандыру сыпатында).

Қалыптасқан жағдайды шешуге қабілетті мына нақты шараларды атап өтуге болады: мемлекеттік инвестициялық компаниялар құру; аймақтарды дамытудың нақты бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру; жекеленген өндірістерді жасауға (қалпына келтіруге) бағытталған жобаларды жүзеге асыру, т.б. Амап қанша, жергілікті органдардың қызметі практикада формалды сыпат алып отыр және оң нәтижелер бере алмайды. Жергілікті атқару органдарының дербестігін ұлғайту және инвестициялық жөніндегі Комитеттің аймақтық буындарының инвесторлардың қызметіне мониторинг және бақылауды жүзеге асырудың жаңа ережелерін белгілеуден гөрі аймақтық және аймақаралық жобаларға инвестициялар жұмылдыру саласында өкілеттілігін кеңейту керек шығар. (бұл арада Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитеті төрағасының «Инвестициялық қолдаулар қарастырылған инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған келісімшарт талаптарын сақтауға бақылау мен мониторингті жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы жөнінде болып отыр 2005 жылғы 9 тамыздағы^[271]).

Қорытындылай келіп, мынаны атап өткен жөн: мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды **тікелей мемлекеттік реттеуді** жетілдіру жөнінде белгілі бір шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ҚР Үкіметі бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) әзірлеу, сараптау, сараптамадан өткізу және іріктеу талаптарын көтеріп, тәртіпке келтіру ниетінде. Мемлекеттік инвестициялар Бағдарламаларын жасаудың бастапқы кезеңінде экономиканың белгілі бір секторының нақты басымдылығы сияқты маңызды сәтінің әрдайым ескеріле бермейді. Мысалы, бөлінген білім, денсаулық, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық тәртіп және хауіпсіздік сияқты секторлар қаржыландыру көлемдері жағынан жалпы сыпаттағы басым секторларды басым озады. Мемлекеттік қызмет саласындағы инвестициялық жобалардың өздерінде (Қазыналықты моделдендіру, Қаржы секторын дамыту, техникалық көмек қарызы,

жылжымайтын мүлік және олармен ымыралар жасау құқықтарын тіркеу өңіндегі сырғымалы жоба) қауіпсіздік, ішкі істер органдарын техникалық жарақтандыру, базалық білімді дамыту немесе денсаулық секторындағы реформа сияқты мемлекеттік жобалардан анағұрлым басым деп атауға болмас. Сондықтан бюджеттік инвестициялық жобалар және бюджеттік инвестициялық бағдарламалар сәйкес келетін өлшемдерді айқын анықтап алу, оларды іріктеп алу өңінде шешім қабылдаған лауазымды тұлғалардың, сондай -ақ оларды жүзеге асырумен айналысатын тұлғалардың жеке жауапкершілігін белгілеу қажет.

§5. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдірудің проблемалары

Дамушы нарықтардың шетелдік зерттеушісі М.Мобиус шапшаң өркендердің өзекті сәті салықтың төмендігі, бақылауға алынған мемлекеттік шығындар, тұрақты валюта, ашық нарық және нарыққа жіберілген баға (осындай баға қозғалыстары экономикалық жүйе үшін өмірлік маңызы бар ақпарат қайнар көзін құрайды)^[272] болып табылатынын атап өрсетеді. Тұтас алғанда, дамыған нарықтық экономиканы жасау жөніндегі ұсынылып отырған шаралар кешені ~~жа~~ шығармай, мемлекеттік шығындарды қысқартудың және жеке секторға қаржы ресурстарын босатудың ең пәрменді әдістерінің бірі - **жекешелендіру туралы** сөз қозғасақ, артық болмас.

Ұлыбританияның бұл саласындағы табысты тәжірибесі өрсеткендей, мемлекеттік өндірістің барлық салаларына шектен асқан бақылауы экономиканың дамуына теріс әсер етеді. Мемлекет меншігіне алғанға дейін экономиканың көмір, болат құю, газбен жабдықтау өнеркәсібі энергиясын өндіру, телекоммуникация, авиация, кеме жасау өнеркәсібі сияқты салаларында еңбек өнімділігі төмен, шығын жоғары болды, ресурстар тиімсіз пайдаланылды, қызмет көрсету сапасы ойдағыдай болды. М.Мобиустың пікірінше, Ұлыбританияда жүргізілген жекешелендіру бұрын мемлекет меншігіне алынған салаларда еңбек өнімділігін жақсартты, мемлекеттің меншік иесі емес, реттеуші ретінде рөлінің маңызын дәлелдеп берді.^[273]

Алайда мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру ~~не~~ Одағының бұрынғы республикаларында ойдағыдай өтті деуге болмады, халық арасында мемлекеттік мүлкін «жымқыру» деген теріс атағымен ел есінде қалды. Ресейдегі инвестициялық дағдарыстың негізгі себептерінің арасында, С.А.Павлова, Д.Б.Филимоновтың айтуынша, мынадай кемшіліктер болды: жекешелендіру кәте жүргізілді; ойланыстырылған өнеркәсіп саясаты болмады, ~~оны~~ ішінде мемлекеттік жоспардың айқын басымдылығы сезілмеді, конверсияның бірыңғай тұғырнамасы болмады, т.б.^[274] Н.Н.Жансеитов Қазақстанда жекешелендірудің бастапқы кезеңдеріндегі қорытындыларды жинақтай келіп, мынадай тұжырым жасайды: бұл үрдіс мемлекеттік емес сектордың пәрменді қызмет етуіне жеткізетін нарықтық механизмдер кешенін қалыптастыру және институттарының пайда болуы жолымен жүрмеді, жекешелендірілетін мүлікті талан -таражыға салуға және тым арзанға сатуға әкеп соқты.^[275]

Осының бәрі мынаған үйретеді: дамыған елдердің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға болмайды, бір кездерде үлгі ретінде ұсынылған көптеген дамушы елдер (мысалы, Аргентина, Оңтүстік - Шығыс Азия елдері) жіберген қателіктерді қайталамау керек, шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, ~~әне~~ қоғамдық дамудың экономикалық заңдылықтарын ескеріп, экономикалық даму теориясына өзіндік тұғырнамалар жасап, америкалық, немістік немесе француздық емес, өзінің экономикалық моделін жасау қажет.

Тұрақты экономикалық өсуге жетісу елде инвестициялық белсенділікті көтермейінше мүмкін емес. Өз тарапынан, инвестициялық белсенділікті шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін **тартымды инвестициялық хал -ахуал** қалыптастыруды қамтамасыз ету керек. Инвестициялық салада инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдігі заңмен бекітілді: шетелдік ~~және~~ ұлттық инвесторларға тең дәрежеде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, инвестициялар туралы ~~заң~~ басқа да нормативтік құқықтық

актылармен, сондай-ақ ҚР бекіткен халықаралық шарттармен инвесторлар толық және сөзсіз қорғалады (ҚР инвестициялар туралы Заңының 4 бабы).

Мемлекеттің «еркін нарық» жағдайындағы ролі туралы айта келіп, Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменов, Е.Б.Жүсупов мынаны атап көрсетті: қазір мемлекет нарықтық қатынастарды дамытудың, кәсіпкерлердің оның ішінде инвесторлардың бастамасы мен ынталылығын көтерудің жаңа нысандарын іздестіруде: экономиканың онан әрі дамуы бұйрықтар мен толып жан талаптар қою жолымен емес, нарықтық қатынастарды мемлекеттік басаруды күшейтуді, мемлекеттік шектеуді, сындарлы, ойластырылған тексерістерді, қатаң есеп-қисапты, кәсіпкерлердің мемлекет үшін қажетті экономикалық және әлеуметтік мақсаттарға^[276] қаржылылық ынталылығының бағытын айқын белгілеуді өте-мөте қажет етеді. Демек, шектеулер, тыйым салулар және еріктілік беру, кепілдіктер-жеңілдіктер арақатынасы ықтимал болуға тиіс: мемлекет қоғамдық (көпшілік) мүдделерді қорғауы керек.

Біздің еліміз жер астындағы пайдалы қазбалар қорымен белгілі және басты міндет мынада: оларды ұқыпты және тиімді пайдалану. Дж.Стиглиц атап көрсеткеніндей табиғат ресурстарына бай бірқатар елдер мұндай ресурстарға ие болмай отырған елдерге қарағанда, өсудің жоғары қарқынымен немесе басқа да экономикалық жетістіктерімен мақтана алмайды, (мұнайға бай Нигерия мұнайдан түскен триллион табыстың төрттен бір бөлігін шығындады, қазір қарызға батқан, Венесуэла халқының үштен екі бөлігі - кедей)^[277]. Сондықтан табиғат берген байлықты қазіргі және ертеңгі ұрпақ мүдделері үшін ұқыпты пайдалануымыз керек.

Елімізде инвестициялық хал-ахуалды жақсартуға қолданылып жүрген инвестициялық заңнама тікелей және алдымен ықпал жасауға тиіс. Алайда, Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы»~~ны~~ күткенімізге қарамастан, инвестициялық қатынастарды реттеу саласындағы негізгі арнаулы акт ретінде өзінің міндетін жеткілікті түрде атқарып жүр деуден аулапыз. Сондықтан алды уақытта инвестициялар туралы Заңның негізгі ережелерін атап айқанда, инвестициялық қатынастарды тұтасымен реттейтін нормативтік актыларды жетілдіру жөнінде елеулі түрде пысықтап көп жұмыстар атқаруға тура келеді. Тағы да мынаны атап өту қажет: құқықтық реттеу - елдің экономикасына шетелдік және ұлттық (отандық) инвестицияларды тартуға бағытталған мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі, мұның өзі нарық жағдайында инвестициялық қатынастар субъектісі ретінде мемлекеттің қатысу ерекшелігін айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, инвестицияларды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттарын былай тұжырымдауға болады: инвестицияларды құқықтық реттеуді жетілдіру қолданылып жүрген салық жүйесін салық салмағын төмендеуге (жеңілдетуге) қарай реформалау; экономиканың басым секторларында жүзеге асырылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын онан әрі дамыту және жетілдіру; отандық эмитенттердің бағалы қағаздарының тартымдылығын көтеру; бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін жасау; халықтың инвестициялық белсенділігін көтеру.

Бақылау сұрақтары

1. Инвестициялық қызмет ұғымын анықтаңыз.
2. Инвестициялық қызметтің белгілерін атаңыз
3. Инвестициялық қызметтің негізгі түрлері қандай?
4. Инвестициялар саласында мемлекеттік басқаруды сыпаттаңыз.
5. Мемлекеттің азаматтық құқықтық қатынастарға қатысу ерекшелігін ашыңыз.
6. ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы негізгі функциялары қандай?
7. ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитетінің инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы міндеттері қандай?

8. Инвестициялық құқық институты ретінде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу деген не?
9. Инвестициялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу ұғымын анықтаңыз.
10. Инвестициялық қызметті жанама мемлекеттік реттеудің ерекшеліктерін атаңыз.
11. Мемлекеттің инвестициялық қатынастарға ықпал әдістері қандай?
12. Қазақстан мен Ресейде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің салыстырмалы сараптамасын келтіріңіз.
13. Шетелдерде инвестициялық қызметті тікелей мемлекеттік реттеу қашан және қалай пайда болды?
14. Мемлекеттік инвестициялық компаниялар не үшін құрылады.
15. Тартымды инвестициялық хал-ахуалды қалыптастыру үшін не қажет?
16. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары қандай?

Ұсынылатын әдебиет

1. Богатырев А.Г. Инвестициялық құқық. М.: Ресей құқығы, 1992.
2. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л., т.б. Коммерциялық құқық: Оқулық. СПб.: СПбУ баспасы, 1998. 2 бөлім.
3. Воронин В.Г. Инвестицияларды ұйымдастыру және қаржыландыру. Омск: «Омбы баспасөз үйі» баспасы, 1999.
4. Мемлекет. Құқық. Экономика. / В.М. Чхиквадзедің жауапты редакторлығымен. М.: «Заң әдебиеті», 1970.
5. Дойников И.В. Кәсіпкерлік құқық. М.: «ПРИОР» баспасы, 1998.
6. Ершова И.В., Иванова Е.П. Кәсіпкерлік құқық. Көмекші оқулық. М.: «Юриспруденция» баспасы, 2000.
7. Кирич А.В. Мемлекет пен инвесторлар қатынастарының құқықтық негіздері. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1998.
8. Круглова Н.Ю. Шаруашылық құқық. М.: «Орыс іскерлік әдебиеті», 1998.
9. Лаптев В.В. Кәсіпкерлік құқық: ұғым және субъектілер. / РҒА мемлекет және құқық институты. М.: «Юрист» баспасы, 1997.
10. Мартемьянов В.С. Шаруашылық құқық. Жалпы ережелер. Лекциялар курсы. М.: «Юрист» баспасы, 1994. 1 том.
11. Ресей Федерациясында кәсіпкерлік құқық. / Е.П. Губин, П.Г. Лахноның редакциясымен. М.: «Юрист» баспасы, 2006.
12. Өтпелі кезеңде нарықтық экономикада мемлекет пен құқықтың рөлі: халықаралық конференцияның материалдары. Алматы: Әділет, мемлекеттік басқару және ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін көтеру институты ЖАҚ-ы, 2003.
13. Самарходжаев Б. Узбекистан Республикасындағы инвестициялар. Ташкент: «Академия» баспасы, 2003.
14. Азаматтық құқық субъектілері. / М.Қ. Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы, Қазақ МЗА-сы жеке меншіктік құқық ҒЗИ-ы, 2004.
15. Шеремет В.В., Павлюченко В.М., Шапиро В.Д. Дүниежүзіндегі басқару Инвестицияларды басқару. 2 том. М.: «Жоғары мектеп», 1998.
16. Штоф А. Тау-кен құқығы. СПб.: М.М. Стасюлевич баспаханасы, 1896.
17. Шумилов В.П. Халықаралық көпшілік экономикалық құқық: оқу құралы. М.: «НИМП» баспасы, 2001.

8 дәріс. Инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері.

Инвестициялық-құқықтық жауапкершілік. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік. Жер қойнауын пайдалану саласында материалдық жауапкершілік. Жер қойнауын пайдалану сапасында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық-құқықтық жауапкершілік.

§ 1. Инвестициялық-құқықтық жауапкершілік

Инвестициялық құқықта заң жауапкершілігінің институты меншік институтымен бірге салааралық құқықтық институттар қатарына қосылса да, әлі де болсын, қалыптасу сатысында. Бұған теориялық, практикалық сыпат ретінде бірқатар себептер бар. Осы уақытқа дейін құқық теориясында екі негізгі мәселеге бір текті жауаптар берілмеген: позитивті заң жауапкершілігі және заң жауапкершілігінің мамандырылған түрлері.

Социалистік құқық теориясында келеңсіз - ретроспективтік ұрғыдағы жауапкершілікпен бірге жауапкершіліктің позитивтік - перспективалық нысаны кең тараған. Л.В.Ильяшенконың пікірінше, азаматтық, қылмыстық сияқты құқық салалары үшін жауапкершілік негізінен міндеттемелерді орындамау құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік, ал мемлекеттік, еңбек, колхоз, отбасы, т.б. құқықтың бірқатар салалары үшін жауапкершілік оның жалпы позитивтік мағынасында болады ^[278]. Л.Р.Насырованың ұғымынша, құқыққа позитивтік (оң) және негативтік (келеңсіз) жауапкершілікті, көтермелеу және қарсы әрекеттерді (шараларды) теңдестіру тән; әлеуметтік пайдалы әрекеттерді құқық неғұрлым көтермелесе, соғұрлым әлеуметтік күш-қуаттың оң көріністері үшін мол мүмкіндіктер туады, әлеуметтік сырқат аз болса, жазалау шараларына қажеттілік ^[279] сонша төмендейді. Демек, **оң жауапкершілік** заң жауапкершілігіне кең ұғым тудырады, осыған сәйкес құқықты бұзғаны үшін жауапкершілікпен бірге осы жағдайдың және уақыт мұраттарының объективті талаптарына сай келетіні оң іс-әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілік те болады. Сонымен И.А.Иконниковамен келісуге тура келеді: заң алдындағы жауапкершілік қашан да болсын өткен, жасаған іс-әрекет үшін болады, басқаша айтқанда, қылмыс жасамаған тұлға құқықтық жауапкершілік алады; ғылыми болжамдар да, сондай-ақ практиканың мүдделері де құқық бұзушылықтың нәтижесі ретінде заң алдындағы жауапкершілігі үшін көзқарасын қайта қарауға негіз болмайды ^[280]. Оң жауапкершілікті жақтаушылардан қарсылары көбірек. Бұл тегін емес. Өйткені оң жауапкершілік мемлекеттің құқықтық ережелерді және заңда қарастырылған тиісті тыйым салуларды орындамағанын айыптауы ретінде жауапкершілікті заңдық мәнінің өзін теріске шығарады. Жалпы, осы болжам біршама (ойдан шығарылған) сыпат ала дамыған социализм мен коммунистік қоғам орнату заманының лебі мен ұмтылысын танытады.

Ал бастапқы мәселе, біздіңше, қазіргі жағдайда өзінің көкейтестілігін жоғалтса, онда екінші мәселе нарықтық қатынастар мен оның дамуына өту маңыздырақ бола бастайды. Шынында да, бүгінгі таңда заң алдындағы жауапкершіліктің классикалық түрлері ретінде танылған жауапкершілік (азаматтық, материалдық, тәртіптілік, әкімшілік және қылмыстық) қолданылып жүрген заңнаманы бұзушыларға ықпал етудің қолда бар әдістерін түгел қамти алмайды. Сондай-ақ, сөзсіз, салалық белгілер бойынша жауапкершілік түрлерінің ажыратылуы (бөлінісі) шындап келгенде, құқықтық салалық құрылымымен (құқық салалары жауапкершілік түрлерінен көп; материалдық және тәртіптілік жауапкершілік құқықтың бір саласына еңбек құқығына тән; заң жауапкершілігінің бір түрі құқықтың әртүрлі нормаларын бұзғаны үшін қолданыла алады) үйлесе бермейді. Ең соңында, жауапкершіліктің түрлерінің салалық болып бөлінуі дәстүрге айналған, бұл құқықтың іргелі салалары болып танылған азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқықтың әбден зерттеліп, кеңінен қарастырылғанын көрсетеді.

Заң жауапкершілігі түрлерінің көптілігі - заңды құбылыс, заң әдебиетінде жауапкершіліктің мамандырылған түрлерінің мәнін ашып анықтауға әлденеше рет әрекеттер жасалған. Мысалы, Р.А.Белоусов, В.И.Павлюченко жауапкершіліктің мына түрін - экономикалық жауапкершілікті ұсынады: біріншіден, әрбір өндірісшінің қоғам алдындағы халық шаруашылықтық қажеттіліктерді қанағаттандыру және мемлекет берген ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру жолындағы жауапкершілігі (өндіргіштік және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру; ресурстарды пайдаланудың олармен байланысты шаруашылық есептің тиімділік нормативтерін сақтау); екіншіден, өндірісшілердің тікелей тұтынушылар алдында өнімдері мен қызметтері сұраныстар мен шаруашылық шарттарға, өнімді жеткізу жоспарларында, көлбеу экономикалық байланыстарға^[281] негізделген жауапкершілігі. Осыұсынылған тұғырнамада «Экономикалық жауапкершілік» түсінігі арқылы өзара бір-бірімен сиыспайтын екі ұғымды біріктіруге әрекет жасалған: оң жауапкершілік және азаматтық -құқықтық жауапкершілік. Бұл тәсіл мынаны ұсынады: «Экономикалық» жауапкершілік заң жауапкершілігімен бірге қолданылады, оның шеңбері кең, өйткені «бұл жауапкершілік құқық бұзушылық пайда болудан бұрын-ақ жұмыс істеп жатады, демек, заң жағынан жаза алатын іс -әрекет»^[282]. Сондықтан бұл жерде заң жауапкершілігі туралы сөз болмауға тиіс.

Сонымен бірге «экономикалық» жауапкершілік шаруашылық құқық теориясында ғана емес, экологиялық құқықтың категориясы ретінде қарастырылады. Сонымен экономикалық жауапкершілік қоршаған ортаға құқықтық әрекеттер жағдайында зиян келтіргені үшін көрініс алады. Заңсыз әрекеттер нәтижесінде келтірген зиян үшін заң алдындағы жауапкершілік. Экономикалық жауапкершілік институтын енгізудің қажеттілігі оны жақтаушылардың пікірінше, үш жағдайға байланысты: біріншіден, табиғат ортасына зиян құқықтық емес қызмет нәтижесінде келтіргенде, онда заң жауапкершілігінің механизмін қолдануға болар еді, бірақ табиғат ортасына мемлекет рұқсат еткен құқықты іс-әрекеттер нәтижесінде зиян келтірілсе, зиян келтірушінің кінасы анықталмайды; екіншіден, барлық елдерде табиғатты пайдаланудың барлық түрлеріне белгіленген табиғатты пайдаланудың барлық түрлеріне қатысты ақылық, оң және келеңсіз (ауаны, суды, жерді зиянды қалдықтарды шығару нәтижесінде ластандыру); (жерді пайдалану, суды тұтыну, аң аулау, ағаш дайындау, т.б.); үшіншіден, қоғам мен табиғаттың үйлесімдік қатынастарын қамтамасыз ету үшін келтірілген зиянның орнын толтыру, табиғат ортасының орналасуына алда болатын қауіптілікті жою қажеттігі^[283]. Әлеуметтік жауапкершілік институты ретінде «экономикалық жауапкершілік» ұғымы «заң алдындағы жауапкершілігінің» ұжымын ауыстыруға тиіс емес. Сондай-ақ «экономикалық ықпал шаралары» ұғымын «құқықтық (заң) ықпал шараларымен» алмастыруға болмайды.

Біздіңше, тау-кен, жер, су, орман және экологиялық құқықта табиғатты пайдалану саласында арнаулы (өзіндік) түрлерінің пайда болғаны туралы тұжырымдар анағұрлым негізді болып табылады. И.А.Иконницкая атап өткеніндей, табиғат объектілерін пайдалану және қорғауды реттейтін құқық салаларына лайықталған жауапкершіліктің арнаулы түрлерін құрастыру аталған салаларды қоғамдық қатынастар бойынша құру принципінен туындайды^[284]. Тиісінше, заң жауапкершілігінің салалық (дәстүрлі) түрлерімен бірге тау-кен - құқықтық, жер-құқықтық, су-құқықтық, орман-құқықтық және экология-құқықтық жауапкершілік бөлініп шығады. Мысалы, жер қойнауын пайдалану құқын тоқтату, жер қойнауын пайдалы қазбаларды барлау немесе шығару кезінде геологиялық зерттеу кезінде ұсынылған талаптарды бұзуда жұмысты тоқтата тұру немесе мүлдем тоқтату, т.б. жағдайларда, ықпал шаралері ретінде әкімшілік-құқықтық тәртіпте көрініс алып жүрсе де, тау-кен - құқық жауапкершілігі^[285] қолданылады.

Л.В.Ильяшенко ұсынғандай, мұны жинақталған түрінде былай орналастыруға болады: 1) тұрақты сыпаты бар жер пайдалану ережелеріне үнемі бұзуға жол берген жер пайдаланушылардан жерді айттарып алу, ал дүркіндік сыпаты бар құқықтық бұзушылықтарды жоюға бағытталған шаралардың бүкіл пәрменділігі жағдайында әкімшіліктің басқа шаралары (айыппұл, ақшадай жаза); 2) жер тәлімін пайдалануға берген

органның қаулысымен жер қайтарылып алынады, басқа да жер заңнамасын бұзғандарға әкімшілік ықпал шараларын қолдануға өкілетті мемлекеттік органдар әкімшілік комиссиялар, т.б.) қолданады; 3) жер тәлімін қайтару алуда жауапкершілік субъектісі жер пайдаланушы, әкімшілік жауапкершіліктің субъектісі - жер пайдаланушылардың лауазымды тұлғасы^[286]. Жер пайдаланушылардың бәрін әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігін заңды түрде маңыздылығын жойған соңғы тезистен басқа қалған түрлер заң жауапкершілігінің арнаулы түрлері болып табылады. Солай бола тұрса да, заң шығарушы арнаулы (өзіндік) жауапкершілік те, арнаулы жауапкершіліктің қандай да болсын (мысалы, жер-құқықтық немесе тау-кен-құқықтық жауапкершілік) бөліп, ажыратпаған айтып өткен жөн.

Тұтас алғанда, заң шығарушы инвестициялық заңнаманың пәрменділігін көтерудің әдістері ретінде заң жауапкершілігінің ролі мен маңызын жете бағаламайтынын атап өту керек. Мысалы, инвестициялар туралы заң Қазақстан Республикасының салықтардың өтелмеген сомасын және қолданылып жүрген заңмен қарастырылған тиісті айыппұл санкцияларын қолданып инвестициялық кепілдіктер шарты бойынша кеден баж салықтарын қайтару жөнінде келісім шарт жасасқан заңды тұлғасының жауапкершілігі жалпы нысанада белгіленген. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамадағы бағалы қағаздар нарығына кәсіпкер қатысушылардың жауапкершілігі туралы нормалар айқын еместігі соншалық, оларды практикада жүзеге асыру мүмкін емес, немесе формалды. Мысалы, кәсіби қатысушы қызметтің белгіленген ережелерін бұзуға жол берсе, тіпті өрсекел жағдайдың өзінде-ақ бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия оған берген лицензияларды тоқтата тұрады, ал анықталған бұзушылықты жойғаннан кейін лицензияның іс-әрекеті қалпына келтіріледі, соның нәтижесінде жауапкершілік бұзушы ешқандай материалдық жауапкершілік алмайды^[287].

Демек, заң шығарушы инвесторлар мен инвестициялық қызметтің басқа да субъектілері үшін шартты және шарттан тыс жауапкершілігінің іске кірісу мүмкіндігін алға тартады. Бастапқы сәтте жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жауапкершілік туындайды, басқаша айтқанда, әңгіме азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы болып отыр, ал белгіленген санкциялар әкімшілік - құқықтық сыпат алады, сонымен бір мезгілде айыппұл санкциялары қолданылады. Қазақстан Республикасының 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексында жаңа 134-1 («Мемлекеттік жағы гранттарды қайтарудың мерзімдерін бұзушылық») бап пайда болды, онда мемлекеттік таза гранттарды қайтару мерзімдерін бұзушылық үшін жауапкершілік қарастырылған: шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалар үшін бес жүзден мың айлық есеп - айырысу өрсеткіштерге дейін; ірі кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін бір мыңнан екі мың айлық есеп көрсеткіштеріне дейін^[288] айыппұл. Сонымен бірге мынаны атап өткен дұрыс: заң шығарушы ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитетіне Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Кодекстің 134-1 бабында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істер қарау және әкімшілік жазалар белгілеу жөнінде өкілеттіліктер берген. Бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары әкімшілік немесе материалдық деп тануға болмайтын жауапкершілік алады, өйткені әкімшілік заңнама лицензиялардың әрекетін қалпына келтіру сияқты жаза түрлерін білмейді, ал келтірілген нұқсан үшін материалдық және азаматтық құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылуы да мүмкін. Сондықтан, заң жауапкершілігінің жаңа арнаулы түрі - инвестициялық-құқықтық жауапкершіліктің пайда болды деген қорытынды шығаруға болады.

Жер қойнауын пайдалану саласында инвестордың заң алдында жауапкершілігі өзгешелігі мынадан көрінеді: жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі Заңда құқық бұзушылықтардың нақты түрлері мен солар үшін жауапкершілік шараларын қарастыратын нормалар өрсетілмеген. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы¹ белгілеген жалпы принцип әрекет етеді, соған сәйкес қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзушылыққа жол берген кінәлы - жеке және заңды тұлғалар ҚР

Заңнамасына өйкес жауапкершілік алады. Демек, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту арнаулы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады (сол сияқты табиғат ресурстарын пайдалануды реттейтін заңнама нормаларын бұзушылық осылай шешіледі).

§ 2. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Нарықтық қатынастар жағдайында жер қойнауын пайдаланудың тиімділігіне елеулі түрде әсер етуге қабілетті заң жауапкершілігінің түрлеріне азаматтық-құқықтық жауапкершілік жатады. В.П.Грибанов азаматты -құқықтық жауапкершіліктің негізгі белгілері ретінде мынаны біріп қарастырады: азаматтық -құқықтық жауапкершілік құқық бұзушыға мемлекеттік-құқықтық ықпал нысандарының бірі; 2) азаматты -құқықтық жауапкершілік мүліктік сыпатта, құқық бұзушыға мүліктік ықпал етудің сыпатында; 3) азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтарды немесе міндеттерді бұзушылыққа жол берген тұлғаға мүліктік зардаптары жүктеу; 4) азаматтық-құқықтық жауапкершілік санкциялар^[289] қолданумен байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді бұзушыға мүліктік тиісті зардаптары жүктеу. Сонымен бірге азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің өзіндік белгілері арасында оның мүліктік - қалпына келтіру сыпатын атауға болады.

Міндеттемелерді бұзушылық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік, Е.Б.Осиповтың пікірінше, мына нысанада өрінеді: шығындардың орнын толтыру; тұрақсыздықты төлеу; аманатты жоғалту немесе аманаттың қайтарылған сомасынан тыс аманат сомасынқосымша төлеу; қылмыстық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған ымыра бойынша алынғанның бәрін мемлекет кірісіне әркілеу, аманатқа салынған мүлікке меншіктену құқынан айырылу; сондай-ақ пайдалану құқымен ұстап отырған мүлікке деген құқықты жоғалту, т.б.; мұнда неғұрлым көп тараған, міндеттемелерді бұзушылық үшін жауапкершіліктің бірден-бір нысандары болмаса да - шығындардың орнын толтыру және тұрақсыздықты өтеу^[290]. Бұл арада мынаны да атап өткен орынды: әдебиетте кейде жер қойнауы туралы заңнаманы бұзушылық арқылы келтірілген шығындарды өтеуге байланысты пікірлер кездесіп жатады, мұндайда шығындар туралы азаматтық заңнаманың нормалары қолдануға қолайлы емес: атап айтқанда, Н.Б.Мухитдиновтің көзқарасынша, бұл жерде мәселе - формалды күйде емес, соған сәйкес жер, тау-кен және табиғатты пайдаланудың басқа да қатынастары азаматтық заңнамамен реттеле алмайды, проблеманың мәнінде - жер қойнауы товар болып табылмайтын, ақшадай құны жоқ ерекше табиғат объектісі^[291]. Сондай-ақ Н.Б.Мухитдинов шығындар туралы азаматтық заңнаманың нормаларын пайдаланудың мүмкін еместігін былай дәлелдейді: жер қойнауы туралы заңнаманы бұзу арқылы келтірілген шығындарды қалпына келтіру қатынастарында шығынды заттай күйінде орнын толтыру туралы мәселе қою мүмкін емес, өйткені шығару ережелерінің бұзылуы нәтижесінде жер астында қалған пайдалы қазбалар заттық күйін мәңгі жоғалтады, ең соңында азаматтық -құқықтық жауапкершіліктен өзгешелігі сол - жер қойнауын пайдаланушылардан шығын орнын толық қалпына келтіруді талап ету мүмкін емес^[292].

Біз: 1) жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде азаматтық құқықпен реттелетін азаматтық (шарттық) қатынастар пайда болады; 2) жер қойнауын пайдаланушы шарттан туындайтын қабылдаған міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда азаматтық -құқықтық жауапкершілік туады; 3) азаматтық-құқықтық қатынастарда шығынды заттық күйінде толтыру туралы әмелесіні әрдайым қоя беруге болмайды: азаматтық заңнамамен міндеттемені орындамау жағдайында шығындарды қалпына келтіру және орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемін өтеу борышкерді егер заңнама немесе келісімшартта басқаша көзделмесе, шығынды заттай күйінде өтеуді атқарудан босатады. (ҚР АҚ-і 354 бап 2 тармақ) - деген тұғырнамамен де келісе алмаймыз. Соғы ережеге тоқталсақ, мынаны мойындау керек: қоршаған ортаға

келтірілген нұқсанды толық қалпына келтіру принципі әрдайым жеткілікті деңгей жүзеге асырыла бермейді.

Біріншіден, келтірілген шығын мен жоғалтылған пайданы қоса есептегенде, нұқсандар мөлшерін белгілеу барынша қиын (мысалы, Б.Д.Елеманов, М.Қ.Сартбаев атап көрсеткеніндей, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуінен теңіз бетін ластанудан келген шығын, оның ішінде бүлінген мұнай құйылған кемелерді жетекке алып, жеткізу, оларды сұйықтан босату, тесіктерді жамау, қоршаулар қою, дисперсантистарды кесіп тастау, жағдайларды тазарту, т.б.), порттар мен кемелерге сай жабдықтарының құны, сондай-ақ жағалау аймақтардың қоршаған ортаға келтірілген шығынды қалпына келтіруге бағыттылған^[293] шаралардың құны; солай бола тұрса да, шығындар мөлшерін анықтаудың осы тәсілін әмбебап тануға болмайды, өйткені: ол мүмкін бола тын келеңсіз зардаптарды болжауға мүмкіндік бермейді, бұл зардаптар кейде апатты сыпат алуы мүмкін; сондықтан келтірілген зиянды толық көлемінде өтеуді талап ету экономикалық жағынан әрдайым нақты болып шыға бермейді.

Екіншіден, келтірілмеген зиян үшін то лық көлемде өтем талап ету экономикалық жағынан әрқашан мақсаткерлік бола бермейді: И.И.Русин әділ атап өткеніндей, жер қойнауын пайдаланушылардан пайдалы қазбаларды шығаруда жоғалған табиғат ресурстарын сақтау немесе пайдалануды талап ету ақылға сыймайды¹ (пайдалы қазбалармен аралас кендер)^[294]; бұдан әрі, жер қойнауын пайдаланушы бұзушылықты тоқтату және басталған келеңсіз зардаптарды жоюға өзінің жеткілікті күш-мүмкіндігі болу керек (мысалы, аймақтың қоршаған ортасын сауықтыру шараларын жүргізу немесе тазартқыш ғимараттарды жөндеу, т.б.).

Үшіншіден, әңгіме жеке тұлғалар жөнінде болса, шығын орнын толық толтыру принципі сөзсіз қолданылуы керек. (заңда тура белгіленген: қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзушылық салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян зардап шеккен тұлғаның еңбек қабілетін жоғалту деңгейін ескере отырып, оны күтіп -бағу шығындары, басқа да шығындар мен нұқсан толық көлемінде өтеуге жатады; азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян шамасқолданылып жүрген заңға сәйкес анықталады, ал нұқсан орнын толтыру сот шешімімен белгіленеді; мұнда сонымен бірге азаматтық заңнамамен белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзушылықтан келтірілген моральдық шығын да өтеуге жатады).

Төртіншіден, нұқсан заңды тұлғалар арқылы келтіріліп, ол қайтарылмас сыпатталса, онда нұқсан орнын толық қалпына келтіруді қамтамасыз ету әрдайым мүмкін емес; мұнда нарық заңдарының талаптарына сай келетін қоршаған табиғат ортасын қорғауды қамтамасыз еткен жағдайда экономиканың онан әрі даму механизмі жасалуы керек (басқаша айтқанда, экономикалық және экологиялық мүдделерді үйлестіру).

Бесіншіден, қызметі қоршаған орта үшін көтеріңкі хауіп тудыратын заңды және жеке тұлғалар егер нұқсан сыртқы күшпен зардап шегушінің ойынан туғанына дәлелдей алмаса, келтірген зиянды өтеуге тиіс Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында Жерқойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге Модельді келісім шартты бекіту туралы» 2001 жылы 31 шілдедабылданған Қаулысымен (23.1 тармақ) ереже қарастырылған: соған сәйкес келісімшарт тараптары әрқайсысы сыртқы күштердің (форс-мажор)^[295] әсерінен болған міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды. Бұғалықтауға келмейтін күштерге төтенше және осы кезде болжамаған жағдайлар, мысалы, әскери қақтығыстар, табиғат апаттары, өздігінен болған апаттар (өрттер), т.б. жатады.

Алтыншыдан, қорғаудағы табиғат объектілеріне келтірілген толық шығынды әрдайым анықтау мүмкін болмайды, қолайсыз факторлардың, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы көрініп тұратын қосымша зардаптардың бүкіл кешенін сан және құн жағынан есептеу керек (қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамамен қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, ұйымдардың, азаматтар мен мемлекеттің мүлкіне экологиялық құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін заңды және жеке тұлғалардың қолданылып жүрген нормаға сәйкес, шығынды

ерікті түрде немесе сот шешімімен, белгіленге тәртіппен төлеуге тиістігі қарастырылған, шығынды өтеу тәртібі және шығынды есептеу әдістемесімен, ал бұлар болмаған жағдайда, - келтірілген зияндарды есептей отырып қоршаған ортаның бұзылған хал - ахуалын қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша есептеледі).

Жетіншіден, әдеттегідей, табиғаттың объектілерін ұқыпсыз және бейберекет пайдаланғаны үшін бюджет қосылатын сомалар мен төлемдердің «қайдан түскені» белгісіз, бұл оларды тиісті құқық бұзушылықтан болған зардаптарды онан әрі толық және дер кезінде пайдалануды бақылау мүмкін емес (қоршаған орта қорғау туралы Заңның 86-бабына сәйкес, шығын орнын толтыруға алынған сома қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қорларға, және заңмен белгіленген жағдайларда зардап шеккен заңды немесе жеке тұлғаға аударылады). Сондықтан экологиялық құқықта және құқықтың табиғат ресурстарын қорғау салаларында зиянды толық өтеудің азаматтық-құқықтық принципін жүзеге асыру құқық реттеудің мәніне тиесілі белгілермен сыпатталатын белгілі ерекшеліктерге байланысты.

Мынаны мойындауға тура келеді: табиғатты пайдалану саласындағы азаматтық - құқықтық жауапкершілік, тұтас алғанда, жер қойнауын пайдаланудағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік, жеке алғанда, әлі де болсын, жеткілікті түрде пәрменді емес. Ж.С.Елюбаев орынды атап өткеніндей, азаматтық - құқықтық қатынастар саласында даулы әмелдерді шешу үрдісінде мемлекеттің, мемлекеттік қызметінің^[296] өктемдігі болмауға тиіс. Алайда, мұндай фактылар әлі де болсын орын алуда, сондықтан, біздің ойымызша, мемлекеттік органдардың тарапынан озбырлық пен заңдылықты болдырмауға қабілетті барлық тұтқаларды барынша пәрменді пайдалану керек. Азаматтық заңнаманың пәрменділігін көтеруге елеулі ықпал жасай алатын маңызды сәт - азаматтық айналымға қатысушылардың келісімшарт тәртібін сақтау маңызды. Осыған байланысты төрелік соттар институттарын (оның ішінде халықаралық коммерциялық төрелік сот) енгізу оң әсер етуге тиіс.

§ 3. Жер қойнауын пайдалану саласындағы материалдық жауапкершілік

Материалдық жауапкершілік айта келіп, мынаны еске салуға болады: ол азаматтық - құқықтық жауапкершілікпен жақын байланысты, материалдық жауапкершілікте болсын, азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болсын, әңгіме материалдық зиян орнын толтыру жайында. Ұйым жерде Н.В.Шукинаның ұйғарымын қолдауға болады, реттелетін қатынастардың ұқсастығына, сондай-ақ еңбек құқы өзінің тамырымен азаматтық құқыққа еніп, одан құқықтың дербес саласы ретінде бөлініп шыққанына қарамастан, еңбек құқының өзіне тән белгілері бар дербес институты ретінде материалдық жауапкершілік нормалары туралы айтуға болады^[297].

Материалдық жауапкершілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік - заң жауапкершілігінің дербес түрлері және құқықтың әртүрлі салаларының институттары (тиісінше еңбек және азаматтық). Заң жауапкершілігінің осы түрлері арасындағы дәстүрлі ерекшеліктерден басқа мынаны атауға болады: азаматтық-құқықтық жауапкершілік нақты зиян мен жоғалған табысты қалпына келтіруді қаласа, материалдық жауапкершілік тікелей нақты нұқсанның мөлшерімен шектеледі, материалдық жауапкершілікке қарағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілік моральдық шығын орнын толтыруды көздейді.

Демек, азаматтық - құқықтық жауапкершілік келтірілген зиян орнын толық қалпына келтіруге негізделген, ал материалдық жауапкершілік шектеулі болады. Қолдан ылып жүрген заңға сәйкес қызметкерлер өздерінің кінасынан келтірілген зиянды толық мөлшерде өтеуге материалдық мына жағдайда жауапкершілік алады: 1) қызметкер мен жұмыс берушінің арасында қызметкерге берілген мүлік пен басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін толық материалдық жауапкершілік қабылдағаны жөнінде жазбаша келісімшарт жасалса; 2) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жұмыс берушіге еңбек міндеттерін орындауда келтірілген зиян үшін толық материалдық жауапкершілік жүктелген; 3) мүлік пен басқа да құндылықтарды қызметкер бір дүркін немесе бірнеше дүркіндік құжаттар бойынша қабылдап алған; 4) қызметкер мас, наша тарту немесе

токсикомандық күйде болғанда, зиян келтірсе; 5) зиян материалдардың жартылай фабрикаттардың, бұйымдардың (өнімдердің), кем болуынан, қысқаша жою немесе әдейі білдіруден, оның ішінде оларды дайындау кезінде білдіруден, сондай-ақ, өлшегіш аспаптар, құрал-саймандар, арнаулы киім, ғша басқа заттардың сақталмағанынан келтірілсе; 6) коммерциялық құпияны жария етудің салдарынан келген зиян; 7) ылымстық тәртіппен қудаланатын әрекеттері бар қызметкер келтірген зиян^[298]. Осы тізбе жабж болып келеді, басқа қалған жағдайларда қызметкердің материалдық жауапкершілігі шектеулі болады.

Қазіргі жағдайда жер қойнауын ұқыпты және кешенді пайдалануды қамтамасыз етудің құралы ретінде материалдық жауапкершіліктің маңызын бағаламау әділетсіздік болады. Нарық жағдайында жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық жауапкершілігі, сондай-ақ тәртіптілік жауапкершілігі заң жауапкершілігінің басқа түрлеріне қарағанда анағұрлым пәрменді болуға тиіс.

§ 4. Жер қойнауын пайдалану жүйесіндегі тәртіптілік жауапкершілігі

В.М.Огрызков атапкеніндей, жұмысшылар мен қызметшілердің тәртіптілік жауапкершілігі қызм еткер тәртіптілік әрекет жасаған сәтте көрінеді және мейлінше жеке сыпат алады^[299], сондай-ақ тәртіптілік жауапкершіліктің ерекшеліктері сол жедел түрде қызметкерлердің барлық категорияларына қолданылуымен сыпатталады. О.В.Даниленконың пікірінше, тәртіптілік жауапкершілік кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер жұмысшылары мен қызметшілерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мүшелерінің қызмет бабында бағыныштылық тәртіппен жасаған теріс әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілік, егер осы әрекеттері өздерінің деңгейіне қарай қоғамдық хауіптілік туғызбаса, қылмыстық іс немесе әкімшілік әрекеттер ретінде жіктелмесе, онда тәртіптілік жауапкершілікке тартылады^[300].

Жер қойнауын пайдалану саласында ғы тәртіптілік жауапкершілік жер қойнауы жөніндегі қатынастар саласында тәртіптілік әрекеттер жасағаны үшін қолданылады. Дәл осы жағдайда тәртіптілік әрекетке қызметкерлердің (жұмысшылар немесе қызметшілердің) өздерінің жер қойнауын ұқыпты және кешенді пайдалануды, сондай-ақ оларды қорғауды қамтамасыз етуге байланысты еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны жатады. Қазақстан Республикасының 1999 жылы 10 қарашадан қабылданған «Еңбек туралы» Заңымен тәртіптілік жазалардың мынадай түрлері белгіленген: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; жеке еңбек шартын бұзу (жұмыстан босату). Аталған Заңның 95-бабына сәйкес тәртіптілік әрекеттерді анықтап, жаза белгілеуде жұмыс беруші теріс әрекеттің ауыр-жеңілдігін, себебін, қызметкердің тәртібін, еңбекке көзқарасын, сондай-ақ тәртіптілік жазасының теріс әрекетке сәйкестігін ескеруі керек. Тұтас алғанда, тәртіптілік жауапкершілік мемлекеттік юсіпорындарда да, мемлекеттік емес кәсіпорындарда да (оның ішінде шетелдікқатысуы бар кәсіпорындарда), жасалған еңбек шар ты мен келісімшарт бойынша лауазымдыұлғаларға (басшыларға), сондай -ақ қызметкерлердің басқа да категорияларына (жұмысшылар мен қызметшілер) қолданылады.

§ 5. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік

Жер қойнауын пайдалану саласындағы заң жауапкершілігінің бір түрі - **әкімшілік-құқықтық жауапкершілік**. Н.А.Теплованың пікірінше, әкімшілік жауапкершілік әкімшілік-құқық бұзушылық жасалғанда көрінеді, мемлекеттік, қоғамдық құрылысқа, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғуға бағытталған, құқыққа қарсы, кіналы (әдейі немесе байқаусызда) іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасалғанда, әрекет етеді^[301]. Л.Р.Насырова былай деп атап өрсетеді; жер қойнауын па йдалану саласындағы әкімшілік жауапкершілік табиғатқа зиян келтіретін әрекеттерді олардың пайда болу сәтінен жолын

кесуге баытталады, басқаша айтқанда, құқықтық емес қызметтің қылмыстық жазалауға жетпеуіне және қоғамға (табиғатқа) зиян келтіріп, неғұрлым қатал шаралар қолдануға жетпеуін қадағалайды^[302].

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінде (259, 275 баптары) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың он алты құралы бекітілген. Атап айтқанда, келісімшартсыз жер қойнауын геологиялық зерттеу жөнінде жұмыстар жүргізу; жер қойнауын геологиялық зерттеу құқын бұзу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдаланылған суды ағызу ережелерін бұзу; минералдық шикізатты өндіру және өңдеу жөніндегі ұйымдар жобаларын жасау ережелерін бұзу; минералдық шикізатты шығару және өңдеу ұйымдарын салу және пайдалануға беруде жер қойнауын қорғау ережелерін қамтамасыз етпеген; жер қойнауын пайдалану мен минералдық шикізатты өңдеуде экологиялық нормаларды бұзу, т.б.

А.Б.Агапов әкімшілік жауапкершілікке сыпаттама бере келіп, оның үш ерекшелігін бөліп алады: 1) жоғары деңгейде қоғамдық хауіптілік келтірмейтін құқықтық бұзушылық үшін Әкімшілік жауапкершілік қолданылады; 2) жеке немесе заңды тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан әкімшілік құқық алдындағы жауапкершілігі; 3) әкімшілік жауапкершілік жекеменшік-құқықтық мүдделер емес^[303] жалпы мемлекеттік мүдделер саласында құқықтық бұзушылықтар бұзылғанда әрекет етеді. Біздіңше, әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің ерекшеліктеріне мынаны қосуға болады, ол оперативті сыпат алады; бұл әртүрлі өкілетті органдар, мемлекеттік органдар (олардың лауазымды тұлғалары) қолданатын шаралар; әкімшілік заңнама нормаларына сәйкес әрекет етіп, сақтандыру, ескерту сыпатын алады.

§ 6. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық-құқықтық жауапкершілік

Жер қойнауын ұлттық және шетелдік инвесторлардың дұрыс пайдалануын қамтамасыз етудің ерекше әдісі **қылмыстық-құқықтық жауапкершілік** болып табылады. Қылмыстық жауапкершілік мемлекеттік көндірумен астасып жатады және құқық бұзушыға ықпал етудің ең қатал шарасы ретінде қабылданады. Сонымен бірге, Г.Г.Криволапов атап көрсеткендей, қылмыстық жауапкершілік бойынша кінәлі белгілі игіліктерден айырылады, қылмыскер келтірген зиянға мемлекет ынта аударады^[304].

Қазақстан Республикасының Қылмыс кодексі (1997 жылы 16 шілдеде қабылданған) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға арналған екі арнаулы құрамы бар: 245 бап (тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізуде хауіпсіздік ережелерін бұзу) және 286 бап (жер қойнауын пайдалану мен қорғау ережелерін бұзу)^[305]. Жер қойнауын пайдалану және қорғау ережелерін бұзуға тікелей қатысы жоқ қылмыстар арасында оған белгілі бір қатысы бар тағы да үш құқық бұзушылықты атауға болады: шаруашылық және басқа қызметке экологиялық талаптарды бұзу (ҚРҚК 277 бап); тағыз саласын ластау (ҚРҚК 283 бап) және Қазақстан Республикасының құрғақтағы теңіз сілемдері туралы Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағы туралы (ҚРҚК 284 бап) заңнамасын бұзу.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қылмыстық жауапкершілік туралы айта келіп, мынаны есте ұстаған дұрыс: оның субъектілері - ұлттық инвесторлар ғана емес, шетелдік инвесторлар. Осыған байланысты цивилист А.М.Винавердің пікірі өзіне назар аудартады: егер бұл іс-әрекет қылмыс тәртібімен тыйым салынбаса, бұл жалпы құқықтық деген сөз емес, қандай-да болсын негіздер ютижесінде тыйым салынған іс -әрекеттер тобына еніп кетуі де мүмкін, бірақ жекеменшік-құқықтық тәртіппен тыйым салынған болуы да мүмкін^[306]. Сондықтан И.Гальпериннің айтқан ұсынысы көңілге қонымды сияқты: қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шараларын^[307] жекеменшік иелік саласында жасалған қылмыстар үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларына аудара салуға болмайды, бір құқықтық институтты (азаматтық-құқықтық жауапкершілікті) оған басқа бір құқықтық

институттың (қылмыстық-құқықтық жауапкершіліктің) нормаларын енгізу арқылы кеңейтуге болмайды, оның үстіне келтірілген материалдық зиян орнын ғана толтыруды заңсыз және адал емес юсіпкерлікпен күрестің пәрменді құралы деп тануға болмайды. Әрине, Е.В.Горячеваның мына бір пікірі әділ сияқты, ол былай дейді: кәсіпкерлердің жауапкершілігін ютеру жөніндегі заңнама ережелері кәсіпкерлерге белгілі бір сақтандыру ықпалын жасайды^[308]. Мұндай ықпалдыасыра бағалауға да болмайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытындылар шығаруға болады: біріншіден, құқықтық кешенді саласы ретінде инвестициялық құқық шеңберінде белгілі бір құқықтық институттар, онң ішінде заң жауапкершілігінің институты қалыптасады. Екіншіден, азаматты -құқықтық, әкімшілік-құқықтық немесе қылмыстық-құқықтық жауапкершілік өздерінің тиісті құқық салаларының институттары болып қала береді, ал инвестициялық құқық саласында осы және басқа да жауапкершілік түрлері инвестициялық құқық бірыңғай институтына - инвестициялық - құқықтық жауапкершілік институтына бірігеді. Үшіншіден, инвестициялық құқық салаларына жатып, әлі де болсын тиісті теориялық негіздемелерін алмаған және даму сатында ұрғандықтан, инвестициялық заңнаманы - инвестициялық құқықтың ерекше институтын бұзғаны үшін заң жауапкершілігін зерттеу маңызды деп санаймыз.

Бақылау сұрақтары

1. Оң заң жауапкершілігі деген не?
2. Заң жауапкершілігінің негізгі түрлері қандай?
3. Заң жауапкершілігінің көп түрлілігінің мәні неде?
4. Заң жауапкершілігінің арнаулы (өзіндік) түрлерін қалай түсінесіз?
5. Инвестициялж қатынастардың субъектілері мен инвестициялардың келісімшарт жауапкершілігін сыпаттаңыз.
6. Инвесторлар туралы заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық -құқықтық жауапкершіліктің мәні неде?
7. Инвестициялар туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік -құқықтық жауапкершілік қандай?
8. Жерқойнауын пайдалану саласындағы заң жауапкершілігінің өзіндік сыпаты неде көрінеді?
9. Жерқойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке сыпаттама беріңіз.
10. Материалдық жауапкершіліктің азаматтық -құқықтық жауапкершіліктен өзгешілігін атаңыз.
11. Жерқойнауын пайдаланушы и нвесторлардың материалдық жауапкершілігі ұғымын анықтаңыз.
12. Жерқойнауын пайдалану саласында инвесторлардың тәртіптілік жауапкершілігінің маңызы қандай?

13. Жерқойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің мазмұнын ашыңыз.

14. Инвестициялы заңнаманың пәрменділігін көтеруде қылмыстық -құқықтық жауапкершілік ролі қандай?

Ұсынылатын әдебиет

1. Агапов А.Б. Әкімшілік жауапкершілік: Оқулық. М.: «Статут» баспасы, 2000.
2. Урал цивилистикасының антологиясы: 1925-1989 ж. Мақалалар жинағы. М.: «Статут» баспасы, 2001.
3. Грибанов В.П. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау. М.: «Статут» баспасы, 2000.
4. Еренов А.Е., Мухитдинов Н.Б., Ильяшенко Л.В. Табиғи ұқыпты пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету. Алматы: «Ғылым», 1985.
5. Иоффе О.С. Табиғи еңбектер. 4 том. СПб.: «Юридический центр -Пресс» баспасы, 2003. Т. 1.
6. Кирич А.В. Мемлекет және инвесторлар қатынастарының құқықтық негіздері. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1998.
7. Мухитдинов Н.Б., Мороз С.П. Қазақстан Республикасының тау-кен құқығы. Көмекші оқулық. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
8. Бақару жүйесіндегі жауапкершілік (теория практика мәселелері). М.: «Прогресс» баспасы, 1987.
9. Табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану. / А.Е.Еренов , Н.Ж.Жалғасовтың редакциялауымен. Алма-Ата: «Ғылым», 1981.
10. Шығыс Еуропа елдерінде қоршаған ортаны құқықтық қорғау: ЖОО -на арналған: көмекші оқу құралы. / В.В. Петровтың редакциялауымен. М.: «Жоғары мектеп», 1990.
11. Субъективтік азаматтық құқық және оны қамтамасыз ету тәсілдері: халықаралық конференцияның материалдары. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА-сы жеке меншіктік құқық ҒЗИ-ы, 2005.
12. Бағалы қағаздар нарығы саласында инвесторлардың құқықтардың қорғау нысандары. / М.К.Треушниковтың редакциялауымен. М.: Городец, 2000.
13. Табиғат қорғау заңнамасының тиімділігі. (Қазақстан материалдарынан). Алматы: «Ғылым», 1988.
14. Табиғат қорғау шараларының тиімділігі. / Т.С.Хачатуров, К.В.Папенковтың редакциялауымен. М.: МГУ баспасы, 1990.
15. Қоршаған ортаны қорғауда заң жауапкершілігінің тиімділігі. / О.С.Колбасов, Н.И.Красновтің жауапты редакторлығымен. М.: «Ғылым», 1985.

9 дәріс. Экономиканың әртүрлі салаларында инвестицияларды құқықтық реттеу.

Жер қойнауын пайдалану саласында инвестицияларды құқықтық реттеу. Бағалы қағаздар нарығында инвестицияларды құқықтық реттеу ерекшеліктері. Банк жүйесінде инвестицияларды құқықтық реттеу.

§ 1. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестицияларды құқықтық реттеу

Жер қойнауын пайдалану үрдісінде құқықтық қатынастардың екі тобы көрініс алады: біріншіден, жерқойнауына меншік қатынастары; екіншіден, жер қойнауы иелік ету және пайдалану жөніндегі қатынастар. Жер қойнауына меншік қатынастарын реттейтін құқықтық қатынастар жер қойнауына мемлекеттік меншік институтына кұрайды. Өз тарапынан, келісімшарттық аумақтық шеңберінде қойнауына ие болу және пайдалану жөніндегі қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар өзінің жиынтығында ерекше құқықтық институт - жер қойнауын пайдалану институтын кұрайды. Жер қойнауына мемлекеттік меншік институты - көпшілік құқық институты, ал жер қойнауын пайдалану институты - бұл жеке меншік құқының институты (бірақ жекеменшік құқық пен көпшілік құқық арасында әрдайым айқын шек белгілеу мүмкін емес, мұндайда ерекше жекеменшік - көпшілік кұрылым пайда болуы мүмкін).

Н.Б.Мухитдиновтың пікірінше, ең алдымен, басқару үшін билік функцияларын жүзеге асыру сыпат алады, тиісті мемлекеттік органдар берілген өкілеттілікпен кәсіпорындар, мекемелер, азаматтардың қызметін қоғамға қажетті арнаға бағыттайды; сондықтан басқару қатынастарын кейде билік қатынастары^[309] деп те атайды. Р.О.Халфинаның пікірінше, қызметтің барлық салаларында сатылы және көлбеу жүйелердің аражігін айқын ашудың елеулі маңызы бар, осы жүйелердің әрқайсысына лайықты өзіндік нысандар жасалған осы нысандар олардың өзара байланысын^[310] қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде басқару тек қана әрекетсіздік емес, құқықтық қатынастарға қатысушылардың (субъектілердің өзара іс-әрекетті, өзара көмегі).

Жер қойнауын басқару мемлекеттік органдардың атқару-нұсқаушылық қызметі ретінде көптеген мәселелермен бетпе-бет келеді: жалпы және жекеменшік, басты және жаңама^[311]. Жалпы мәселелер қатарына жер қойнауын пайдалану қатынастары саласында заңдылықты нығайту міндеттері жатады, жекеменшік мәселелерге заңнамамен белгіленген жер қойнауын пайдаланудың тәртібін тиісті атқарушы органдар немесе нақты жер қойнауын пайдаланушылардың сақтау жөніндегі міндеттер жатады. Мемлекеттік басқарудың басты міндеттері арасында Қазақстан Республикасының мүдделері мен оның табиғи ресурстарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалану қатынастарын реттеу жөніндегі міндеттерді атауға болады; жаңама міндеттерге жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу жөніндегі міндеттер жатады. Жер қойнауын мемлекеттік басқару міндеттері жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы арнаулы заңнамада ғана емес, басқа да заң актыларында, ең алдымен, жер қойнауын пайдалану және қорғауды ұйымдастыру жөнінде әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметіндегі негізгі бағыттар мен құзырды анықтайтын қосалқы актыларда да тұжырымдалған.

Ю.А.Тихомиров атап өткеніндей, мемлекеттік басқарудың икемділігі қоғамдық дамудың құбылмалы өзгерістеріне мемлекеттің бейімделуін байқатады^[312]. Елде жүріп жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты жер қойнауына мемлекеттік басқарудың саналуан функцияларының сыпаты да, мазмұны да өзгерді. Мұндайда кейбір функциялар жоғалады, олардың орнына нарықтық экономика дамуының объективтік заңдарын барынша дәл көрсете алатын жаңа функциялар пайда болады.

Атап айтқанда, бұрын табиғат ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану мен жер қойнауын пайдалануға шетел және отандық капиталдың кұйылуын ұлғайту үшін инвестициялар жөніндегі Агенттікке Үкіметтің жер қойнауын лицензиялау жөніндегі

жұмысшы органының функциялары жүктелген және инвестициялар жөніндегі Агенттік Үкіметтің заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге (жалпы танымал пайдалықазбалардан басқа) ^[313] құқық алған жер қойнауын пайдаланушылармен (мердігерлермен) келісімшарттар әзірлеу және жасау жөніндегі бірден бір құзырлы органы болып табылады. Бұдан әрі мемлекеттік органдардың жүйесін қайта құру нәтижесінде осы функциялар мен мекенділіктер, сондай-ақ бұрын Қазақстан Республикасының табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелген геология жер қойнауын қорғау саласындағы функциялар мен өкілеттіліктер ҚР Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығына ^[314] сәйкес қайта құрылған ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне берілді. Кейін ҚР Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін онан әрі жетілдіру туралы» Жарлығына сәйкес ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігі болып қайта құрылып, оған жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау - қадағалау функциялары берілді ^[315]. Біз мұны дұрыс дей алмаймыз, өйткені жер қойнауы және оны пайдалануды құқықтық қорғау мәселелері жасанды түрде бөлініп кетті. Біздің мемлекеттің тарихында мұндай тәжірибе болған, сайып келгенде, 2000 жылы бұған бас тартылды, алайда тағы да күн тәртібіне жалпы (қоғамдық) мүдделер емес, жекеленген министрліктердің тар ведомстволық мүдделері қойылған. Практикада бұл мынаған әкеп соғады: Жер қойнауын пайдаланушы - инвесторлардың хал-ахуалы нашарлайды: жер қойнауын пайдалану саласында құзырлы (өкілетті) орган біреу болса, енді екеу - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігі және Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі. Мұнда жер қойнауын пайдалану мәселелері Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің құзырында, жер қойнауын қорғау - қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзырында; ал энергетикалық ұйымдардың күзгі-қысқы маусымға әзірлігін ұйымдастыру (ұлттық компанияларды қызметін үйлестіруден басқа) - жөніндегі функциялар жергілікті атқарушы органдарға берілген. Бұл мақсаткерлік және мақұлдауға болады деген келісу қиын, түбінде уақыт өте осы хал-ахуал өзгертін болады.

ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі - экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көздейтін орталық атқарушы орган, жер қойнауын пайдалану саласында мына функцияларды жүзеге асырады: жер қойнауын пайдалану саласында өнім бөлісі туралы келісімдерде мемлекеттің мүдделерін көздейді; жер қойнауын пайдалануға қатысты шетелдік және отандық инвестициялар тасқынының қозғалысына талдау жүргізеді; оларды жинақлау мен ынталандырудың әлемдік тәжірибесін зерттеп жинақтайды; Қазақстан Республикасында инвестициялық хал-ахуалды жақсартуға оның ішінде заңнаманы жетілдіруге бағытталған сондай-ақ халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты дамыту ұсыныстар дайындайды; жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізу құқықтарына кен орындары мен аумақтардың тізбесін жасайды; инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын ұйымдастырады және жер қойнауын пайдалану жөнінде тікелей келіссөздер жүргізеді; келісімшарт талаптары бойынша келіссөздер жүргізеді; келісімшарттар жасасады; жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шарттарын тіркейді ^[316].

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің геология және қойнауын пайдалану жөніндегі Комитеті 2004 жылы құрылды, Министрліктің қайта құрылуы мен геология және жер қойнауы Комитетін тарату нәтижесінде жер қойнауын қорғау саласында бақылау-қадағалау функциялар ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің табиғатты қорғау бақылау Комитетіне берілген функцияларды атқарып келеді. Геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жер қойнауын мемлекеттік басқару мен жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұқыпты және кешенді пайдалану саласында арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

ҚР Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігі (оның ішінде геология және жер қойнауы Комитеті) және оның аумақтық органдары **жер қойнауының арнаулы мемлекеттік басқару** органдарының жүйесін құрады. Сонымен бірге жер қойнауын арнаулы

басқару органдарының құзырына жер қойнауымен пайдалану саласында инвестициялық қызметті жүзеге асырумен байланысты мәселелер енеді. Жоғарыда айтылғандай, жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық қызметті реттеу мәселелері бір мемлекеттік органның (инвестициялар жөніндегі Агенттіктің) қарауына беру тәжірибесі болды, бірақ бұл күткен нәтижеге жеткізбеді: мемлекеттік реттеу, егер ол бір айқын анықталған салада тұтас болмаса, өрменді бола алмайды; өкілеттіліктерді жадағай ұзу және оларды әртүрлі ведомстволық бағыныштылықтағы органдарға беру тұтастылық жасай алмайды. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы Қаулысымен ҚР Индустрия және сауда министрлігіне жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар және мұнай операцияларын жүргізуге жасалған келісімшарттардың, өнім бөлінісі туралы келісімдердің орындалуына мониторинг жүргізу тапсырылды. Сонымен бірге ҚР Үкіметі энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне заңнамамен белгіленген тәртіппен Индустрия және сауда министрлігіне товар, жұмыс, қызметтерді міндетті түрде алу жөнінде жасалған келісімшарттардың орындалуы, жер қойнауын пайдалану жөнінде және мұнай операцияларын жүргізу жөнінде жасалған келісімшарттар жобаларының орындалуы туралы қажетті ақпарат түсіруді міндеттеді. Бұл келісімшарттарда отандық өндірісшілердің товарларын, жұмыс және қызметтерін жұмылдыру міндетті талаптар ретінде көрсетіледі^[317].

Мемлекет жерқойнауын ұқыпты және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық субъектілер үшін жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасаудың, орындау мен оны тоқтатудың бірыңғай ережелерін айқындап берді, жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттері белгілеп, құқықтарын бекітті, сондай -ақ жер қойнауын пайдаланушылар құқықтарын қорғау кепілдіктерін берді.

Ал нарық заңдары мемлекеттік басқару мәні мен шектеулерді анықтауға, «мемлекеттік басқару - мемлекеттік реттеудің арақатынасының өзгеруіне жаңаша қарауды енгізіп отыр. Жер қойнауын пайдалану саласында, бұл «жер қойнауын пайдалану құқының» жаңа нұсқасы пайда болғанда меншік құқығы, шаруашылықты жүргізу, жер пайдалану сияқты басқа заттық құқықтарға ұқсас заттық құқық ретінде шықты, бұл құқық Қазақстан Республикасының заңнамасында кеңінен бекітілген^[318].

Сонымен жерқойнауын пайдалану саласындағы инвестицияларды құқықтық реттеу тараптардың теңдігінде емес, мейлінше билікке бағыныштылық бастамасында жүзеге асырылады. Сондықтан бұл салада инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді онан әрі дамыту және жетілдіру жалпы (көпшілік) құқықтық реттеу құралдарын бірте-бірте жекешелік-құқықтық құралдармен бірте-бірте ауыстырумен жүруі қажет.

§ 2. Бағалы қағаздар нарығында инвестицияларды құқықтық реттеудің ерекшеліктері

Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің маңызды құрамдас бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды айналымға шығару болып табылады. ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі Қаулысымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазыналық міндеттемелерін шығару, орналастыру, айналымға шығару және қызмет көрсету мен өтеу Ережелері бекітілді^[319]. Қазыналық міндеттемелер эмиссияланған мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады. Оларды құжатсызданған нысанада ҚР Үкіметінің атынан Қаржы министрлігі шығады. Қазыналық міндеттемелердің түрлер тізбесі мынаны қамтиды: 1) қысқа мерзімдік қазыналық міндеттемелер; 2) орта мерзімдік қазыналық міндеттемелер; 3) ұзақ мерзімдік қазыналық міндеттемелер; 4) орта мерзімді индекстендірілген қазыналық міндеттемелер; 5) ұзақ мерзімдік индекстендірілген қазыналық міндеттемелер; 6) ұзақ мерзімдік жинақтық қазыналық міндеттемелер.

Егер бағалы қағаздар нарығы туралы айтсақ, бұл салада мемлекеттік реттеуді жетілдірудің басты бағыттарының инвесторлардың заңмен қорғалатын мүдделерімен құқықтарын пәрменді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қор нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті шешу үшін

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау туралы» Заңын жасап, ақырында шығару болып табылады. Мұндай заң Ресейде 1999 жылы 5 наурызда қабылданды. Оның мақсаты - инвестициялау объектісі эмиссиялық және бағалы қағаздар болып табылатын жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын мемлекеттік және қоғамдық қорғауды, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында эмитенттер мен басқа да қатысушылардың заңсыз әр екеттерімен инвесторларға келтірілген зиян орнын толтыру үшін өтемдер төлеу тәртібін қамтамасыз ету болып табылады.

Қор қызметінде белгілі бір табыстар мен жетістіктермен бірге мемлекет әлі де болсын қор нарығын нақты күшейтіп, инвестициялық үрдіске барлық мүмкіндігі бар қатысушыларды - бағалы қағаздар эмитенттерін, инвестицияларды молырақ жұмылдыруы керек. ҚР Үкіметі елде бағалы қағаздар нарығын дамытуға келеңсіз әсерін тигізген негізгі объективтік себептердің бірі дамыған елдердің нарықтарындағы (1997 жылдың аяғындағы) жаппай дұрыс деп санайды. Ресейде әлемдік қаржы дағдарысы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына өз әсерін тигізді, мемлекеттік бағалы нарығына өз әсерін тигізді, мемлекеттік қысқа мерзімдік облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлер өсті, мемлекеттік қысқа мерзімдік облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлер өсті, мемлекеттік қысқа мерзімдік облигациялар мен федералды заемның өтелуін төмендетті; осының бәрі, В.П.Кураков айтуынша, өз тарапынан, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығынан ақша қаржыларының валюта нарығына құйылуына әкеп соқты^[320].

Қазақстан және Ресейдің бағалы қағаздар нарықтары алдында тұрған проблемалардың ортақтылығын атап өткен дұрыс. Сол проблемалардың бірі - қор нарығында отандық кәсіпорындардың бағалы қағаздарының аз мөлшерде болып келгені. Ал дамыған елдерде бағалы қағаздар нарығының негізгі бөлігін құрайды. АҚШ-та, мысалы, бағалы қағаздар қор нарығының 70 пайызға жуығын құрайды. Мамандардың болжамы бойынша 2000 жылы юсипорындардың бағалы қағаздар айналымы 30 млрд-тан 80-млрд-қа дейін АҚШ долларында болды^[321]. А.Ю.Алимов Ресейді бағалы қағаздар нарығында бәсекелестікті елеулі түрде шектейтін проблемалар қатарына әкімшілік кедергілерді, негізделмеген жәлдіктер мен кепілдіктер, атқарушы билік органдарының асыра сілтеушілігін жатқызады^[322].

Айтылғанға дәлел ретінде - Ресейдің қор нарығында В.П.Кураковтың айтуынша, Ресейдің Қаржы министрлігі мен Орталық банкі арасында жария етілмеген бақталыстықтың нәтижесінде тиісінше қор нарығының американдық және неміс нұсқасына ден қойып отыр⁴, бұл екі нұсканың арасында елеулі өзгешеліктер бар. АҚШ-та бағалы қағаздардың негізгі түрі - акциялардың атаулы сертификаттары, басқа бағалы қағаздар түрлерінен өзгешелігі сол - акцияларға меншік құқықтарын беру бухгалтерлік тіркеу арқылы жүзеге асырылады; қор нарығының немістік нұсқасының негізгі түрі - ұсынушының қолындағы купоны бар акциялар, бұлар дивидендтер алуға құқық береді. Неміс жүйесінің артықшылықтарына акцияға меншік құқық беру - қарапайым формальдылық. Сонымен бірге мынаны ерекше атап өрсету керек, қор нарығының белгілі нұсқаларының кезкелгенінің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар, бағалы қағаздар нарығының өз нұсқасын қалыптастыруда ескеру қажет.

§3. Банк жүйесінде инвестицияларды құқықтық реттеу

Инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласына мемлекеттік қарыз алу және ҚР мемлекеттік емес қарыздар резиденттері, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекет кепілдік еткен қарыздарды басқару үрдісінде пайда болған қатынастар енеді. Мемлекет басқа емес өзі нарықтық қатынастар жүйесінде инвестициялық үрдістің серпіні мен даму сапасына ықпал ете алады, ұмда нарықтық экономиканың барынша жеткілікті қаржы ресурстарына, ұйымдастыру және зияткерлік мүмкіндіктерге ие болып отырған барынша ықшам және икемді агенттер ретінде банк институттарын белсендірек тартуды реттеуді аспаптарының бірі болып табылады; банктердің мүмкіндіктерін белсендірек пайдаланудың

пәрменділігі, мемлекет ұрғысынан несиелер мен қарыздарды берудің шетелдік дамыған батыс елдерінің тәжірибесі^[323]. Халықаралық қаржы ұйымдарының осындай несиелері мен қарыздары Қазақстанның экономикасына түсетін шетелдік капитал салымдарының едәуір бөлігін құрайды.

Қолданылып жүрген заңнамамен халықаралық қаржы ұйымдары мен экономикалық ұйымдар және Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына ресми көмек шеңберінде көмек көрсетуші елдердің қарыздары мен гранттары арқылы республикалық бюджеттен қосарлана қаржыландырылатын жобаларды жүзеге асыруға мемлекеттің қатысуы қарастырылған^[324]. Республикалық бюджеттен қайтарымсыз негізде жобаларды қосарлана қаржыландыруды ҚР Қаржы министрлігі соңғы қарыз иелерін тікелей қаржыландыру; екінші деңгейдегі банктерге соңғы қарыз алушыларға мақсат көздеген несиелер беру; оларды қызмет көрсетуші банк агентін анықтай отырып несиелеу арқылы жүзеге асырады. Мұндайда Үкіметтің Қаулыларымен қарастырылған жағдайда, заңнамамен белгіленген мұндай жобаларды қосарлана қаржыландыру қайтарымсыз негізде жүзеге асырылатын болады.

Банктер бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызметтің белсенді қатысушылары болып табылады, өйткені олар бағалы қағаздар нарығында инвестициялық операциялар атқаруға және басқа эмитенттердің бағалы қағаздарын сатып алуға құқы бар. Бағалы қағаздармен операциялар жасауға маманданған мұндай банктер инвестициялық банктер деп аталады. Инвестициялық банктердің қызметі мынада: 1) жеке өзінің бағалы қағаздарын немесе басқа шаруашылық субъектілері - эмитенттерінің бағалы қағаздарын (эмитентке қажетті қаржы ресурстарын құрайды) орналастыру; 2) екінші деңгейдегі нарықта бағалы қағаздарды сатып алу-сату (қаржы ресурстары қайта бөлініске түседі)^[325]. Инвестициялық банктердің барынша көбірек тараған операцияларына андеррайтинг (эмитент пен инвестициялық банк арасында бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі келісім, соған сәйкес банк эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алады және оған бағалы қағаздарды сатудан үскен соманы кепілдік етеді). Қазіргі жағдайларда несиелік ұйымында банк операцияларын (депозиттерді жинау және несиелер босату) және бағалы қағаздар нарығында қызметін (бағалы қағаздар шығару, андеррайтинг, компаниялардың бағалы қағаздарын орналастыру және оның саудасын ұйымдастыру) әмбебап коммерциялық банктің^[326] еуропалық нұсқасын көрсетеді. Сонымен бірге АҚШ - та банк және банк - инвестициялық қызметті ажырату өзіндік сыпат алады. АҚШ Үкіметі экономиканың сыртқа ұшыраған 1929-1933 жылдарынан кейінгі нарығында алыпсатарлық операциялар жүргізу үшін салымдардың қаржыларын белсендірек пайдаланған инвестициялық банктердің үштен екі бөлігі, коммерциялық банктердің 40 пайызға жуығы банкротқа ұшырады^[327]. ҚР - ның «Банк және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына сәйкес^[328] банктер өздерінің бағалы қағаздарын (акциялардан басқа) шығару мен бағалы қағаздар нарығында кәсіпкерлік қызметінің жекеленген түрлерін, атап айтқанда, брокерлік және дилерлік қызметті (Қазақстан Республикасының және басқа да елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, сондай-ақ қосалқы бағалы қағаздармен) жүзеге асыруға құқылы. Сонымен бірге банктер өкілетті органның (ҚР Ұлттық банкінің) лицензиясы болған жағдайда мынадай операциялар жасауға құқылы: 1) лизингтік қызмет; 2) факторинг операциялары; 3) форфейтинг операциялары; 4) сенімділік операциялары; т.б. (Банктер және банк қызметі туралы Заңның 30-11 бабы).

Қазақстанда банктер банк операцияларын бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен алмастыруға құқылы болды, олар эмитент ретінде, бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушысы ретінде қатыса алды.

Демек, банктер бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызметінің әртүрлі қатысушыларының функцияларын алмастыра алады: 1) эмитенттің қызметі (өзінің акциялардан басқа бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыра отырып); 2) инвестордың қызметі (өз қаржыларын есебінен басқа эмитенттердің бағалы қағаздарын алу); 3) бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушысының қызметі (брокер немесе дилер функцияларын атқара отырып). Мұндайда банктер тек бағалы қағаздар нарығында инвестициялық

қызметпен ғана айналысып қоймайды, қызметтің басқа да түрлерін (мысалы, лизингтік қызмет, факторинг және форфрейтинг операциялары, т.б.) атқарады.

Бақылау сұрақтары

1. Жер қойнауын мемлекеттік басқару ұғымын анықтаңыз.
2. Жер қойнауын пайдалану саласында арнаулы мемлекеттік басқару органын сыпаттаңыз.
3. ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің негізгі функцияларын атаңыз.
4. Жер қойнауын пайдалану саласында өкілетті органдардың құзырын шектеуді көрсетіңіз.
5. ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің геология және жер қойнауы Комитетінің функциялары қандай?
6. «Мемлекеттік басқару» және «мемлекеттік реттеу»
7. Қазыналық міндеттемелердің негізгі түрлерін атаңыз.
8. ҚР-ның қор нарығын мемлекеттік реттеу жүйесі туралы атаңыз.
9. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызметтің дамуына не бөгет болып отыр?
10. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызметті құқықтық реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары қандай?
11. Банктердің инвестициялық қызметіне сыпаттама беріңіз.
12. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызметке банктердің қатысу ерекшеліктерін тұжырымдаңыз.
13. Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметтің қатысушыларын банктер алмастыра алады?

Ұсынылатын әдебиет

1. Алексеева Д.Г., Пыхтин С.В., Хоменко Е.Г. Банк ісі: оқулық. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
2. Басин Ю.Г. Азаматтық құқық жөніндегі таңдамалы шығармалар. Алматы: АЮ -ВШП «Әділет», Қазақ МЗУ, 2003.
3. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л. т.б. Коммерциялық құқық: оқулық. СПб.: СПб. университеті, 1998. 2 б.
4. Ефимова Л.Г. Банк ісі: оқу және практикалық көмекші құрал. М.: «БЕК» баспасы, 1994.
5. Қарағұсов Ф.С. Бағалы қағаздар және азаматтық құқықтар объектілері жүйесіндегі ақша. Алматы: «Жеті Жарғы», 2002.
6. Кураков В.Л. РФ бағалы қағаздар нарығында құқықтық реттеу. М.: «Пресс -сервис» баспасы, 1998.
7. Мухитдинов Н.Б., Мороз С. Қазақстан Республикасының тау -кен құқығы: оқу құралы. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
8. Перчик А.И. Тау-кен құқығы: оқулық. М.: «Филология три» баспа үйі, 2002.

9. Бал ы қағаздар нарығының құқықтық негіздері. / А.Е.Шерстобитовтың редакциясымен. М.: «Деловой Экспресс» баспасы, 1997.
10. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2001.
11. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лахноның редакциясымен. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
12. Бағалы қағаздар нарығы: оқулық. / В.А.Галанов, А.И.Басовтың редакциясымен. М.: «Қаржы және статистика», 1999.
13. Тосунян Г.А., Викулин А.Ю., Экмалян А.М. РФ банк құқығы. Жалпы бөлім. Оқулық. М.: «Юристъ» баспасы, 2003.
14. Эриашвили Н.Д. Банк құқығы: ЖОО -на арналған оқулық. М.: «Заң және құқық, ЮНИТИ-ДАНА», 1999.

10 дәріс. Мұнай және газ кен орындары -инвестициялық құқықтық қатынастардың объектісі ретінде.

Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібін елді дағдарыстан шығаратын негізгі күш есебінде тану әбден орнықты. Қазақстан Республикасы Президентінің елдің стратегиялық дамуының 2050 жылдарға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасында «Бұл с аланың дамуы республиканың экономикалық өсуінің басымдығына саналды. Республиканың мұнай-газ саласы өнеркәсіптік ерешелігіне сәйкес негізгі төрт салаға жіктеледі. Олар: мұнай өндіруші, мұнайды қайта өңдеуші, газ өндіруші, газды қайта өңдеуші. Бұл салалар өзара тығыз бірлікте, өздерінің жұмыс процесінде бір-бірін толықтырып жатады» делінген болатын. Мұнай өңдеу экономиканың маңызды стратегиялық саласы ретінде, елімізді ұзақ уақыт бойы тұрақты және берік даму сипатында ұстап, ірі валюталық түсімдердің болуын қамтамасыз етті. Біздің еліміздің халқының тығыздығы әр түрлі болып келетін үлкен аумағы және көлемді ресурстарының экономикалық әлеуеті бар. Елімізде жүргізіліп отырған реформалардың көбісі, негізінен, аймақтандыру мен орталықтандыруға бағытталады. Яғни, оның негізінде негізгі жасалушы іс-шаралар аймақ деңгейінде орындалып, еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістігінде интеграцияланып, мемлекеттің дамуына бағытталады. Мұның бәрі аймақтық, экономикалық реттеу мен басқаруды жүргізе отырып, нарық жағдайының өзіне тән сипатты белгілерін сақтап қалуға мүмкіндік туғызады. Аймақтық реттеу мен басқару сол жердің әлеуметтік -экономикалық дамуын, өндіріс күштерінің орналасуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің тұрақты саяси -экономикалық дамуына маңызды әсер етеді. Аймақтық басқару органдары халықпен тығыз қарым-қатынаста әрекет ететіндіктен, азаматтар көптеген қиындықтарды шешу мен дағдарыстан шығу үшін осы органдардың көмегіне сүйенеді. Аймақтық басқару Үкіметтің үш негізгі қайнар көзі арқылы жүзеге асады. Олар: Республика Үкімет органы, атқарушы Үкіметтің аймақтық органы мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Басқарудың осы үлгісін қолдану өндірісті тиімді орналастыруға, аумақтың арнайы және кешенді дамуын тереңдетуге, олардың экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін теңестіруге, сол сияқты басқа да мемлекеттік аймақтық саясатты шешуге бағытталған. Ол республикалық және аймақтық үкімет органдарының арасындағы құқық пен жауапкершілік аясында жүзеге асырылады. Аймақтық басқару жалпымемлекеттік басқаруда аймақтардың өзіндік ерекшелігін ескеру арқылы тиімді басқарумен тікелей байланысты. Бұл басқарудың ерекше аспектілерін жоққа шығармайды. Керісінше, ерекшеліктерді ескеру орталықтандыру мен бюрократизмнен сақтап қалады. Экономикалық механизмнің аясында субъект неғұрлым еркін әрекет етсе, басқарудың тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Аймақтық дамуды экономикалық әдістердің көмегімен мемлекеттік реттеу әр түрлі басқару деңгейлерінде жүзеге асырылады: республикалық, аймақтық және жергілікті. Ең алдымен, республикалық органдар өткенше аудандардағы өндірісті ұйымдастыру процесін реттеу керек. Өзін-өзі басқаруды дамыту, тек орталық және жергілікті органдардың өзара құзырларын дәл және нақты бөлу негізінде жүзеге асырылады. Әлемнің мұнай өнеркәсібінің дамуы соңғы жүз жылдықта шаруашылықтың көптеген салаларының дамуына және мемлекет саясатына өте күшті әсер етті. Ол мұнай өндірудің жалпы өсуімен және мұнай өндіретін елдер санының өсуімен байланысты болып отырды. Мысалы, егер осыдан аз уақыт бұрын мұнайды өндіретін елдер санаулы ғана болатын болса, қазір мұнай өндірудің географиялық аумағы кеңейді. 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясында өнеркәсіп саласындағы мұнай-газ кешенінің рөлі зор. Мұнай-газ өнімдерін ұзақ мерзімді басымдылық деп қарай отырып, халық жағдайын жақсарту мен экономиканың тұрақты өсуіне оны тиімді пайдалануға жәрдемдесе отырып, бағдарлама мұнай-газ кешеніндегі негізі бар ұрақтарды шешуді көздейді, сонымен қатар отын -энергетикалық кешен халық шаруашылығының барлық салаларымен тығыз байланысқан және маңызды мөлшерде өндіргіш күштердің өсу қарқыны мен көлемін, орналасуын, өндірісті интенсификациялау жолдарын анықтайды. Қазақстан Республикасы дәстүрлі мұнай -газ өндіруші елге жатады. Бүгінгі күні Қазақстанда 14 барланған перспективалы мұнай-газ

бассейндері белгілі. Олар елдің барлық территориясында орналасқан. Бұл бассейндерде 2,8 млрд. тонна мұнай мен конденсат және 1,8 трлн. текше метр табиғи газдың алынатын қоры бар. Мұнай қорларының негізгі көлемі Атырау (40,5%) және Маңғыстау (32,4%) облыстарының үлесінде. Интенсификация бойынша іздеу жұмыстары нәтижесінің арқасында көптеген кен орындары ашылды, бұл Қазақстан Республикасының әлемде ірі мұнай-газ қоры бар жүйелі елдер қатарына шығуына әсер етті. Кейінгі жылдары ашылған Теңіз және Королев мұнай-газ орындары, Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орындарына үлкен мән беріліп отыр, өйткені бұлар көптеген экономика секторының даму қарқынында, бюджеттің кірісін құруда, мұнай саласының барлық бөлімдерінде, қайта құрылым жасау мүмкіншілігінде, аймаққа валютаның мол түсуінде шешуші рөл атқарады. Қазақстан мұнай қорларының көп бөлігі жоғары жабысқақтықпен және біртүстіліксіздікпен сипатталады. Мұнайдағы парафин мен смолалар мөлшері тұздар, сулар, механикалық қоспалар мөлшерінен асып отыр. Майлы фракциялардың көп мөлшері Қазақстан мұнайының ең бір ерекшелігі. Елдегі жылдық тұтыну 3 млн. тонна деп алғанда, өзіндік майлайтын майлар өндірісін жасауға болады. Мысалы, 2 млн. тонна мұнайды өндеуден 450 мың. тонна майлайтын майлардың химия өнеркәсібінің шикізатын алуға болады. Бұл жағдайда Ембі мұнайы ең жақсы шикізат, ал Теңіз және Жаңажол мұнайын нейтрализацияланғаннан кейін мұнай өнімдерінің мөлшері көбейе бастайды. Ал Өзен, Жетібай, Құмкөл кен көздерінің мұнайы парафин мөлшерінің көптігімен сипатталады. Одан сұйық және қатты парафиндерді, церезинді бөлуге болады. Мұнай-газ шикізатын кешенді пайдалану аз қалдықты және қалдық шығармайтын технологияны құрайтын негіз. Оны таратудың негізгі принциптері қосымша шығын шығару, өйткені осы шикізаттың бір түрінен бірнеше, әсіресе көп мақсатта жиі қолданылатын бірнеше өнім түрлерін алуға мүмкіндік жасау. Алайда тәжірибе жүзінде Қазақстан Республикасы мұнай-газ жобаларында көптеген қиыншылықтарға тіреледі, соның ішінде шикізаттың бағыттылық, соның әсерінен ел экономикасының дамуына әсері аз болғандықтан, бұл саладағы құрылымның біржақтылығы көптеген жылдар сақталып қалуда. Бүгінгі күні Қазақстанның кен көздерінің көбі өз "иелерін" тапты. Бірақ, бұл факт инвесторлар қызығушылығын төмендетпейді, ел аумағының көп жерлері әлі зерттелмеген. Олардың ішінде Арал, Іле, Алакөл, Зайсан, Балқаш, Орталық және Шығыс Қазақстанның бірқатар өңірлері бар. Бұл аймақтарда және Батыс Қазақстанда көлемі шамамен 1 млрд. тонна мұнай қорлары ашылуы мүмкін, Сонымен қатар кен көздерінің көбі, соның ішінде Теңіз де, толық зерттелмеген. Ірі мұнай-газ құрылымы көптеген шетелдік компаниялардың, әсіресе осы саладағы жетекші компаниялардың бұрын-соңды болмаған коммерциялық қызығушылықтарын туғызды. Соның нәтижесінде қысқа мерзімде көптеген бірлескен кәсіпорындар құрылды. Мұндай жағдайлар қазір Каспий теңізінің көмірсутегі шельфті бөлшегі, Оңтүстік Торғай мұнай-газ аймағы бүгінгі күні жаңа болашақты аймақ болады деп саналады. Мұнда шет ел компанияларының осы өрісті кеңейту әрекетіндегі негізгі бағыттары тек барлау жұмыстары мен шикізат игіліктерін алумен байқалады. Сонымен қатар мұнай-газ саласын дамытудағы мемлекеттік бағдарламада әлі де шешілмеген мәселелер бар: олар жаңа өндеу өрістерін құру мерзімі, соның ішінде мұнайхимиялық жағынан бәсекеге сай өнім өндіру және оны болашақта болжау қарқынының негізгі міндеттері. 90-шы жылдардың ортасында мұнай өндіру саласында және көмірсутегі өндіру көлемінің өсуінде жағымды өзгерістер болды. Он жыл ішінде жеке мұнай-газ құрылымын дамытуда шет ел инвестицияларының үлесі ұлттық экономика саласында жыл сайын 70-80% жетті. Бұл процестің нәтижесінде мұнай-газ және мұнай-газ конденсатының кен орындарында көмірсутегінің жылдық көлемі өсті, техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша кәсіпорын салаларындағы өндірістік әрекеттер ұлғайды, экспорттық әлеуеті өсті. Қазақстандағы негізгі шикізат базасы мұнай және газ конденсаттарын өндіру көлемдерінен тұрады. Ондаған жылдар бойы мұнай өндіруді дамытуда көптеген инвестициялар іске асты, солардың негізгі сферасының әрекеті шетелдік және ұлттық компаниялардың жаңа қорларды құру дайындығы болып табылды. Қордың басым жағы Теңіз, Қарашығанақ, Кенбай, Жаңажол, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас, Өзен, Құмкөл ірі кен орындары. Шығыс Қашаған

кен орнындағы мұнай қоры Теңіз қорынан бірнеше есе артық. Шетел капиталы тартылған жобаларды, компанияларды іске асырудың негізгі факторы болып елдің заңды базасы болып табылады. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне әсер етеді. Соған байланысты, шетел инвестициясын тарту стратегиясын, сонымен қатар инвестициялар қажетті және оларды қолдану тиімді салаларды анықтап алу қажет. Тікелей шетел инвестицияларын тартуда мемлекеттің саясаты келесі басты принциптерге негізделеді: 1. Тұрақтылық пен болжамдылық. Көптеген инвесторлар үшін мемлекеттің инвестициялық ахуалының сапасы көрсетілетін жеңілдіктер мен преференциялардың көлемімен емес, әлеуметтік-саяси және макроэкономикалық тұрақтылықпен анықталады, себебі тәжірибе жүзінде олар әдетте саяси тәуекелдер үшін өтемақы ретінде қабылданады. 2. Инвестициялық қызметті реттейтін әлемдік стандарттарға сай нақты, мөлдір және бірінғай құқықтық нысандардың болуы. Инвестициялық «ойын шарты» бюрократизм мен сыбайлас жемқорлыққа, сонымен қатар заңды емес жолдар арқылы жеңілдіктер мен артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік бермеуі тиіс. Инвестициялар кедергі келтіретін барлық тосқауылдардың кезекпен жойылуы, өндіріс пен сауданың дамуы – инвестициялық саясаттың құраушы бөлігі болып табылады. 3. Инвесторлардың құқықтық мәртебесін қорғау. Биліктің барлық деңгейлерінде инвесторлардың құқығын қорғау мен олардың қолданылуын қамтамасыз ету керек. 4. Отандық және шетел инвесторларының қызметі үшін бірдей мүмкіндіктер жасау. Аталған шарт Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасымен көзделген, алайда ол барлық жергілікті және орталық атқарушы органдармен сақталуы керек. Жекелеген инвесторлардың пайдасына әкелетін артықшылықтар, ерекшеліктер мен талғамдар болмай, барлығына бірдей жағдай жасалуы керек. 5. Келісім-шарттар мен халықаралық келісімдердің ережелерін сақтау Қазақстан Республикасына деген сенімділік деңгейін арттырып, тікелей шетел инвестицияларының көлемінің өсуіне әкеледі. Келісім-шарт немесе кез-келген келісімнің ережелерін себепсіз бір жақты бұзған жағдайда, инвесторлар тарапынан жағымсыз жауап қайтаруына негіз болады. Тәжірибе көрсеткендей, инвестициялық даудың туындауына жекешелендіру келісім-шарттарын антимонопольды заңнама жағынан және Қазақстанның ұлттық қызығушылығын қорғау жағынан толығымен қарастырмау, сонымен қатар инвесторларға кәсіпорынның қаржылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері туралы жалған ақпарат беру себеп болады. 6. Шетел капиталының қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорын қызметінің нәтижелілігі мен табыстылығы. Инвестор кез-келген инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін салынған инвестициядан табыс алуға, қазақстандық экономиканың дамуына қайта инвестициялауға және оны қайта қайтаруға құқылы. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы жаңа кәсіпорындарды құруға, тауарлар мен қызметтердің өндірісін арттыруға, қосымша жұмыс орындарын құруға, алдыңғы қатарлы технологияларға, жаңа техника мен ноу-хауға, маркетинг пен менеджмент салаларының жақсаруына, салық салу базасының кеңеюіне қызығушылық танытады. 7. Экономиканың басым секторларына тікелей шетел инвестицияларын тартуды ынталандыру. Көрсетілетін жеңілдіктер мен преференциялар біріншіден, ұлттық экономиканың модернизациясына, оның жұмыс істеуі мен бәсеке қабілеттілігіне, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның дамуына көмектесетін басты мәселелері шешілетін аймақтар мен салаларға берілуі тиіс. 8. Қоршаған ортаны қорғау. Жер қойнауы мен тауарлар мен өнімдер өндірісінің дамуына салынатын тікелей шетел инвестициясы экологиялық жүйенің бұзылмауына әкелмеуі керек. Шетел капиталын тарту кезінде ұлттық мүдделерді қорғайтын міндеттер сақталу керек. Шетел инвесторларына берілетін салықтық, кедендік және валюта-саудалық артықшылықтардың шамадан тыс кеңею қаупін ескеру керек. Типтік контракт құрған кезде сенімді басқару кезінде кәсіпорынның қаржылық жағдайының нәтижелері үшін басқарушының тікелей жауапкершілігі туралы ережені қосу қажет. Мұнай-газ секторының тиімді дамуы үшін жаңа құрылған кәсіпорындарға тиімді жұмыс істеу аймағын анықтау, алдын ала қатысушылардың тізімін құру мен қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін кеңестер беру керек. Мұнай-газ өндірісінде туындаған мәселелер бірден шешілмейді, ол

үшін уақыт қажет, серіктестерді дұрыс таңдай білу керек, алыс және жақын шет елдерден, сонымен қатар ұлттық, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардан қажетті инвестициялық қорларды тарту қажет. Мұнай мен газ өнімдері еліміздің әлеуметтік - экономикалық өсу дәрежесін айқындайтын негізгі факторларды бірі болғандықтан оларды барынша тиімді пайдалану жағын назардан тыс қалдырмауымыз қажет.

Мысалы, **Атырау экономикасы үшін мұнай өнеркәсіптерінің тигізетін әсері туралы айтсақ**, Атырау экономикасы үшін мұнай өнеркәсіптерінің тигізетін әсері. Облыс экономикасында тарихи тұрғыдан басымдық орынды мұнай газ өндіру саласы алады, бұл қолда бар елеулі көмірсутек шикізатының қорына байланысты. Бұл салада басқа өнеркәсіп салаларына қарағанда көтеріңкі инвестициялық тартымдылық бар, ол қалыптасқан жағдайларда өңдеу және қайта салаларын дамыту үшін тежеуші фактордың болып табылады. Оның үстіне, осы салада шетел капиталының (трансұлттық компаниялар) елеулі үлесінің болуы озық технологияларды игеру және қазіргі заманғы жабдықтарды енгізу үшін жеткілікті ресурстары болмастан, инвесторлар қызметтерді Еуропаның, АҚШ пен Азия, дамыған елдерінен импорттайын ірі халықаралық сервистік компаниялармен бәсекеге түсуге мәжбүр жергілікті сервистік компанияларды дамуын белгілі шамада тежейді.

Атырау облысы аумағында көмірсутек шикізатының бірегей кен орындары ашылған, олардың өнеркәсіптік геологиялық қорлары Қазақстандағы қорлардың жартысынан асады. Тарихи қалыптасқан нәрсе – облыс экономикасының құрылымында мұнай-газ кешені басымдықты орын алады.

Атырау облысында 15 кәсіпорын мұнай өндірумен айналысады. Шикі мұнай өндіруде ең үлкен үлес салмағын «Теңізшевройл» ЖШС және «Ембімұнайгаз» ӨФ алады. «Теңізшевройл» ЖШС – Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан Теңіз алып кен орнында және көрші Королевское кен орнында шикі мұнайды өңдеу және сату жұмысын жүргізеді. 2007 жылы 13,9 млн. тонна мұнай өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкесті кезеңінен 1,1 есеге артық, 7247,7 млн. текше метр ілеспе мұнай газы өндірілді (104,9%).

Теңіз және Королевское кен орындарын өңдеуші «Теңізшевройл» ЖШС Екінші Буын және қабатқа шикі газ айдау зауытын (ЕБЗ/ШГЗ) пайдалануға енгізді. ШГЗ жобасы қабатқа ілеспе газды қайта айдауға мүмкіндік береді. Бұл мұнай қабаттарының қайтарымын елеулі түрде арттырып, күкірт түзілуін азайтады және алауларда газ жағуды ең төменгі деңгейге жеткізуге мүмкіндік м береді.

Берілген жобалар Теңіз Кен орнынан жылына тұрақты шикі мұнайды өндіру деңгейін 12-ден 24 тоннаға дейін арттыруға және газдың бір бөлігін қайтадан коллекторға айдауға мүмкіндік береді.

Облыстың жалпы қоғамдық өндірісінде өнеркәсіптің үлес салмағы-44,1%, құрылыс-22,0%, сауда, материалдық жабдықтау және дайындау-4,6%, көлік қатынасы және байланыс – 4,0%, ауыл шаруашылығы 3,9%-ды құрайды (1998ж). Тұтастай республикалық өндіріс көлеміне шаққанда, облыстың үлес салмағы мұнайдан (газ конденсатын қоса есептегенде)-58,8%, табиғи газдан -10,6%, балық аулаумен басқада теңіз өнімдерін өндіру мен құты жасаудан-65,5%. Электр қуатын өндіру бойынша- 3,4%. Мұнай және газ кешені облыс экономикасының тарихи қалыптасуында да сондайақ оның бүгінгі мен келешегінде де жетекші рөл атқарады. 1999 ж облыста мұнай өндіру деңгейі 12,3 млн тоннаға жетті, яғни 1998 жылғы өндірілген өнімнен 1,2 млн тонна, 1995 жылғыдан 7,1 млн тонна артық болды. Облыс аумағында өте сирек кездесетін мұнай –газ кен орындары мен газ конденсатының шикізат көздері табылды. Мұнайдың негізгі қоры Теңіз кен орны мен Каспий теңізі қайраңының үлесіне тиеді, бұл қазір Қазақстан бойынша анықталған қорлар мен ресурстардың 80%-ын құрайды. Облыс аумағында екі ірі мұнай кәсіп орны «Қазақойл - Ембі» ААҚ, «Теңізшевройл» БК жұмыс істейді және 8 жеке бірлескен мұнай компаниялары бар. Олардың бюджеттік төлемдермен салықтар аударылымы жалпы республикалық үлестің 9% ң. те

1999 жылы Бірлескен неже отандық кәсіп орындардың негізгі капиталына инвестициялық құйылымның жандану үрдісі байқалды. Отандық инвесторлар қаржыларын

банкрот шегінде ұрған кәсіпорындарды сауықтыруға және дамытуға сала бастады. «Қазақойл-Ембі» АЖ Қызылқоға ауданының Қондыбай, Уәз кенорындарын барлау, бұрғылау жұмыстарын қаржыландыруда. Каспий теңізі акваториясы Каспий ойпатындағы тұз асты кешеніндегі мұнай мен газдың сандық бағасы, яғни көмірсутегі шикізатының геологиялық ресурсы 23 млрд тоннадан арқы екенін, өндірілетіні 12 млрд тоннаға бағаланатынын, газдың 4,3 трлн м³ –ден жоғары екенін көрсетеді. Өндіріске әзір және жұмыс істеп тұрған кен орнындарындағы өнеркәсіп санаттарының мұнай қоры 876 млн тонна, оның негізгі бөлігі Теңіз кенорынының үлесіне тиеді. Осы ретте Қазақстан Республикасы мен Шеврон американ корпорациясымен «ТеңізШевройл» бірлескен кәсіпорны табысты еңбек етуде. Бұл жоба Теңіз кәсіпшілігінде мұнай өндіруді және 6-9 млрд баррелдей мұнайды тұрақты валютамен экспортқа шығаруды қарастырады. «Шевронның» Атырау жеріне келуі біздің облысымызға көптеген батыс инвесторларының бет бұруына жол ашты. Облыс 50-ден астам таяу және алыс шетелдермен қарым қатынас жасайды (Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Франция т.б.), аймақта шет елдердің қатысуымен 55 бірлескен кәсіпорындар жұмыс істейді. Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың күшімен игерілген күрделі қаржының көлемі Қазақстан бойынша барлық инвестицияның 41 құрайды (2000ж). Каспий тұрба құбырының консорциумы құрылды, ол Қара теңізден ресейлік терминалдар арқылы мұнайды экспортқа шығару көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Желінің бастапқы жобалау көлемі жылына 28,2 млн тонна құрайды және үнемі жетілдіру барысында 4 рет жүйелі кезеңмен өрістетудің арқасында көлемі жылына 67 млн тоннаға жетеді. Атырау-Самара құбырының мұнай өнімін өткізу қабілетін жылына 12-15 млн тоннаға ұлғайту жоспарлануда. Каспийдің солтүстігінде құрамына бірнеше шетел компаниялары кіретін Қашаған құрылымы негізінде бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Коммерциялық өндірістің басталуына дейінгі жоба бөлінген инвестиция КШМ млрдларына А жуық.

Мұнай-газ саласы экономиканың басқа салаларының дамуына мүмкіндік бере отырып, мультипликативті нәтижені қамтиды: өндіру, өңдеу және көп мөлшердегі мұнай мен газ тасымалдау, отандық мұнай -газ, энергетика, өлік қатынасы, машина құрылысы, телекоммуникация, автожол құрылысын және сервистік инфрақұрылымын дамытудың алғышарттарын құрайды. Бұл осы салалардағы ғылым және жоғары технологияның дамуына күш береді. Кейінгі жылдары бензинге, мазутқа, дизельге және пешке жағатын отынның 50%-ға жуығы, реактивті отынға ішкі мұқтаждықтың 80%-ын өз өндірісі есебінен қамтамасыз етіп отыр.

Атырау облысы инвестиция тартуда республика бойынша үшінші орынды басында келеді. Сонау 1991 жылы инвестиция 24 млрд. теңгені құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 1 трлн. 105 млрд. теңгеге жетіп, бүкіл республиканың инвестициялар көлемінің 28%-ын құрап отыр. Мұнай саласындағы көрсеткіш те таңдай қақтырарлық. 2010 жылы 30 млн. тонна мұнай, 13,6 млрд. текше метр ілеспе газ өндірілді. Президент Н. Назарбаевтың тікелей араласуымен құрылған «Теңізшевройл» кәсіпорны Атырау облысының ғана емес, күллі Қазақстан экономикасының флагманына айналып, бүгінде ел игілігіне қызмет етіп отыр. Компания құрылысы биыл басталатын үшінші буын зауытын салуды да жоспарлап отыр.

Ұсынылатын әдебиет

1. Алексеева Д.Г., Пыхтин С.В., Хоменко Е.Г. Банк ісі: оқулық. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
2. Басин Ю.Г. Азаматтық құқық жөніндегі таңдамалы шығармалар. Алматы: АЮ -ВШП «Әділет», Қазақ МЗУ, 2003.
3. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л. т.б. Коммерциялық құқық: оқулық. СПб.: СПб. университеті, 1998. 2 б.
4. Ефимова Л.Г. Банк ісі: оқу және практикалық көмекші құрал. М.: «БЕК» баспасы, 1994.
5. Қарағұсов Ф.С. Бағалы қағаздар және азаматтық құқықтар объектілері жүйесіндегі ақша. Алматы: «Жеті Жарғы», 2002.

6. Кураков В.Л. РФ бағалы қағаздар нарығында құқықтық реттеу. М.: «Пресс -сервис» баспасы, 1998.
7. Мухитдинов Н.Б., Мороз С.П. Қазақстан Республикасының тау -кен құқығы: оқу құралы. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
8. Перчик А.И. Тау-кен құқығы: оқулық. М.: «Филология три» баспа үйі, 2002.
9. Бағалы қағаздар нарығының құқықтық негіздері. / А.Е.Шерстобитовтың редакциясымен. М.: «Деловой Экспресс» баспасы, 1997.
10. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2001.
11. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лахноның редакциясымен. М.: «Юрист» баспасы, 2006.
12. Бағалы қағаздар нарығы: оқулық. / В.А.Галанов, А.И.Басовтың редакциясымен. М.: «Қаржы және статистика», 1999.
13. Тосунян Г.А., Викулин А.Ю., Экмалян А.М. РФ банкқұқығы. Жалпы бөлім. Оқулық. М.: «Юрист» баспасы, 2003.
14. Эриашвили Н.Д. Банк құқығы: ЖОО-на арналған оқулық. М.: «Заң және құқық, ЮНИТИ-ДАНА», 1999.

11 дәріс. Шетел инвестицияларды құқық реттеу мәселелері.

Шетел инвестицияларын ұлттық -құқықтық реттеу. Шетел инвестициялардың құқықтық реттелігі. Шетел инвестицияларын арнаулы мемлекеттік реттеу органдары. ҚР Президенті жанындағы шетел инвесторларының кеңесі. Шетел инвестицияларын валюталық реттеу. Шетел инвестицияларын лицензиялық реттеу. Шетел инвестицияларын салық пен реттеу. Шетел инвестицияларын кедендік реттеу. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеуді жетілдіру проблемалары.

§ 1. Шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын ұлттық -құқықтық реттеу инвестициялық қатынастарда маңызды роль атқарады. Негізінен шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеуде екі тәсіл қалыптасқан: дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде (ҚА, Германия, Ұлыбритания, Франция) шетел инвестициялары туралы арнайы заңдар жоқ; шетел инвесторларына ұлттық инвесторларға қолданылатын нормалар мен ережелер қолданылады. Экономикасы өп сатылы елдерде (Африка, Латин Америкасы, Азия елдері) шетел инвестициялары туралы арнайы заң бар (шетел инвестициялары туралы Кодекстерді немесе шетел инвестициялары туралы заңды, немесе басқа да инвестициялық заңдарды қамтиды)^[329]. Тұтасымен алғанда, халықаралық көрсетіп отырғанындай, шетел инвестициялары саласында арнайы заң қабылдау елдің экономикасына шетел инвестицияларын тарту.

Шетел инвестициялары үшін қолайлы хал -ахуал және жеңілдік реттілігін жасау мақсатын көздейді. Экономикалық даму жағдайына орай шетел инвесторлары үшін ерекше жағдайлар туғызу қажеттігі болмай қалғанда, бұл саладағы арнаулы заңдар күшін жояды. Мысалы, Жапония соғыстан кейінгі алғашқы жылда шетел инвестициялары туралы арнайы заңнама қабылдады, кейін оны жойды^[330]. (өйткені экономиканың даму деңгейіне қол жетті). Тиісінше, әртүрлі елдердің шетел инвестициялары туралы ұлттық заңнаманың дамуында жалпы белгіні айыруға болады - экономиканың өсуі мен халықтың әл-ауқатының артуына жеткізетін инвестициялық саясатты дәйектілікпен жүргізу нәтижесінде шетелдік және ұлттық инвестициялардың құқықтық реттілігі арасында айырмашылықтардың жойылу үрдісі жүреді. Өз тарапынан, бұл мынаған жеткізеді: Шетел инвестициялары саласында арнаулы реттеу ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілетін жалпы реттеумен (инвестициялық азаматтық, т.б.) алмастырылады.

Қазақстан Республикасында шетел инвестициялары туралы арнайы заңнама 13 жыл бұрын бойы жұмыс істеді. Бұл саладағы алғашқы Заң 1990 жылы 7 желтоқсанда қабылданды, ол «Шетел инвестициялар туралы» Заң, бұдан кейін 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициялары туралы» Заңы қабылданған соң, алғашқы Заң күшін жойды. 2003 жылы 8 қаңтарда қабылданған Заңнан кейін 1994 жылғы Заң күшін жойды. Бастапқы заңнама шетел инвестицияларын ұлттық реттілік пен қолайлы инвестициялық хал-ахуал туғызуды бекітті; шетел инвестицияларына тұтас жеңілдіктер кепілдіктерін берді, сондай-ақ шетел инвестициялары үшін экономиканың басым секторларында және әлеуметтік салада қосымша жеңілдіктер белгілеу мүмкіндіктері қарастырылды (4-13 баптар)^[331]. Сонымен бірге заңнамалық тәртіппен шектеулер енгізу мүмкіндігі де белгіленген. Біріншіден, шетел инвестициялары кезкелген объектілері мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызмет түрлеріне салынады; екіншіден, шетел инвесторлары немесе шетелдік қатысуы бар кәсіпорындар инвестициялық қызмет жүргізетін аумақтар, шектеулер мен тыйым салынатын тәлімдер қарастырылады, осыдан ұлттық хауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Ұлттық хауіпсіздік туралы заңнама ҚР-ның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатымен, оның ішінде өнеркәсіп қуатын сақтау мен нығайту үшін мемлекет шетел инвесторларына берген кепілдіктерді сақтай отырып, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдар мен шетел қатысуындағы ұйымдардың басқаруы мен меншігіндегі объектілерінің хал-ахуалына

және пайдаланылуына бақылау жасайды^[332]. Сонымен бірге ұлттық хауіпсіздікті міндетті түрде қамтамасыз ету жніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісімшарттарда, оларды орындау мен бақылау жасауда ескеріледі. Ең соңында, осы актыда мынадай ереже енгізілген: Қазақстан Республикасының ұлттық хауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе оның тәуелсіздігін жоғалтуға әкеп соғатын және егемендік құқықтарын тарылтатын халықаралық келісімшарттар жасауға жол берілмейді. Шетел инвесторлары үшін белгіленген шектеулер стандартты болып табылады, әлемдік практикада кеңінен қолданылады.

§ 2. Шетел инвестицияларының құқықтық реттілігі

Осы кезеңге дейін инвестициялық реттеліктердің мына нұсқалары қалыптасты: ұлттық реттілік, кемсітпеушілік реттілігі, барынша қолайлылық туғызу реттілігі және кепілдіктер реттілігі. Шетел инвестицияларына ұлттық реттілік дегеніміз ұлттық (отандық) инвесторларға берілген құқықтармен бірдейлестіру, яғни бірыңғай реттілік белгілеу. Кемсітпеушілік реттілігі ~~жаралық~~ құқық институтымен тығыз байланысты. Кемсітпеушілік реттілігінің мәні мынада: сауда-экономикалық қатынастар саласында шетел инвесторларына, олардың қай мемлекетке жататыны мен қай қоғамдық - саяси жүйеден екеніне қарамастан, кемсітпеушілікке жол бермеуге тиіс ^[333]. Барынша қолайлылық реттілігімен шетел инвесторлары өзінің қызметін қабылдаушы мемлекет аумағында жүргізе отырып, басқа да шетел инвесторлары сияқты құқықтарға ие болады. Барынша қолайлылық реттілігі мемлекеттер - Әлемдік сауда ұйымының (ӘСҰ) мүшелері, Солтүстік Америка еркін сауда аймағына қатысушылар (НАФТА) (мұның құқықтық негіздері АҚШ, Канада және Мексика арасындағы еркін сауда аймағын жасау туралы 1992 жылғы Шартпен орныққан болатын^[334]) арасында өзара қарым - қатынастарды реттеудің негізі болды. Мұның жеңілдіктер саласындағы ерекшелігі сол - инвесторлардың жекеленген категорияларына мен жеңілдіктер беріледі. Бұл кейде ұлттық инвесторларға қарағанда, шетелдік инвесторлардың басымдық жағдайы қарастырылған, бірақ халықаралық инвестициялауда бұл реттілік кеңінен тарай қоймаған. Қазақстан Республикасында, жоғарыда атап өтілгендей, шетелдік инвестицияларға ұлттық реттілік берілген.

Біздіңше, шетелдік инвесторлардың қатысуындағы қызметті тиісінше құқықтық реттеудің проблемасы шетел инвестициялары үшін қолайлы хал-ахуал жасау мен оларды жүзеге асыру кепілдіктерін бекітуге ғана тіреліп қоймайды, қоғамдық (көпшілік) мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету бағытталған. Сондықтан мемлекет шетел инвестицияларын жүзеге асыруда белгілі бір шектеулер белгілей алады. Шетел капиталын ~~жұмылдырудың~~ қалыптасқан халықаралық практикасына сәйкес, шетелдік инвестицияларды орналастыруда шектеулерді алып тастау ~~жне~~ сақтау шетел инвесторларының қызметін барынша толық ырыққа жіберу жағдайында мүмкін. Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы капитал салымдарын ютермелеу және өзара қорғау туралы Шартқа Қосымшада анықталғандай, шетелдік инвестициялар үшін тыйым салынған болып саналады: ұлттық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мен егемендікті сақтауға байланысты өзекті салалар (әскери және өнім шығарушы өнеркәсіптің кейбір салалары, темір жол және әуе көлігі, өзен және теңіз кеме қозғалысы, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, балық аулау, бұқаралық ақпарат құралдары, банк және сақтандыру ісі, бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызмет); жер, жер қойнауын және басқа да табиғат ресурстарын пайдалану, оның ішінде теңіз аймағында; мемлекеттік ~~жне~~ мемлекет қатысуындағы жекеменшік монополия (почта, телеграф, телекоммуникациялар, электр энергиясын өндіру және жабдықтау, алкогольдік және темекі бұйымдарын өндіру және сату)^[335] салалары.

АҚШ-тың 1934 жылғы заң шетелдік тұлғаларға теле-радио станцияларын пайдалануға беруге тыйым салды; 1920 жылдан ~~ҚАШ~~ -тың сауда жүзу кемесіне; ал 1958 жылдан әуе тасымалы жүйесіне тек АҚШ резиденттеріне, 1972 жылы шахталар туралы Заң бойынша бұл салада резиденттерге ғана рұқсат етілді; атом энергия туралы Заң атом энергиясын өндіру

мен пайдалану және атом қондырғыларына иелік ету жөнінде лицензиялар тек АҚШ азаматтарына берілді; Федералдық байланыс құралдары туралы Заң телеграф компанияларын біріктіруге тыйым салады, сондықтан олардың акцияларының 20 пайыздан астамы шетелдіктердің қолында және бақылауында қалған; АҚШ -та шетелдіктерге кемесінде немесе ішкі су жолдары кемелерінде меншіктің 25 пайыздық үлесіне иелік етуге құқылы емес; 1990 жылғы тікелей инвестициялар туралы Заңмен АҚШ Конгресінде АҚШ-тағы шетел инвестициялармен жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметі туралы есепті үнемі талқылау қарастырылған^[336].

Бұл мейлінше көп таралған практика, мемлекет ұлттық (отандық) инвесторлар мүддесін көздеп, экономиканың белгілі бір салалары мен буындарында оларды шетелдік бәсекелестіктен қорғауға тиіс. Дамыған экономикасы бар мемлекеттерге келетін болсақ, олар отандық өндірісшілерді ел экономикасы үшін стратегиялық маңызды салаларда шетелдік бәсекелестіктен қорғауға тырысады. Егер экономикасы дамымаған мемлекеттер туралы айтсақ, олар үшін шетелдік бәсекелестік қажет емес, өйткені ұлттық инвесторлар әлі де болсын шетел инвесторларымен теңәрекетте бәсекелесе алмайды. Демек, шектеу сыпатындағы шаралар экономиканың жекеленген салаларында шетел инвесторларының монополиялау қаупі ғана қолданылуы мүмкін, бұл тұтас алғанда, бәсекеге қабілеттіліктің хал-ахуалына келеңсіз әсер етеді. Тиісінше, шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеудің маңызды бағыттары қатарына антимонополиялық реттеуді де қосуға болады.

Сонымен бірге, шетел инвестицияларын ұлттық -құқықтық реттеу практикасында мемлекет өзінің ішкі құқығының аумақтан тыс әрекетін халықаралық инвестициялық салаға енгізуге тырысатын жағдайлар кездеседі. Атап айтқанда, АҚШ -та 1996 жылы наурызда қол қойылған Хелмс-Бэртон заңы әрекет етеді, оның негізгі мақсаты - Кубаны оқшау қалдыру. Осы заңның көмегімен үшінші бір елдерді жекеменшік тұлғаларына өздерінің инвестицияларын Кубаға салмау үшін қысым жасай алады. Хелмс-Бэртон заңымен АҚШ -тың жеке немесе заңды тұлғалары Кубада экспроприацияланған меншікпен сауда мәселелерін жасайтын кез келген шетелдік тұлғаға қарсы АҚШ -тың Федералдық сотына арыз түсіре алады, сондай-ақ Кубада тәркіленген меншікпен сауда-саттық жасауды жүзеге асырушы кез келген тұлғаға рұқсат беруден бас тартуға құқылы^[337]. Әрине, бұл заң көптеген шет елдердің, сондай-ақ жекеленген мемлекеттердің (Европа Одағы, Канада, Мексика, т.б.) ғалым заңгерлері тарапынан қатаң сынға ілікті. Европа Одағының Комиссиясы 1996 жылы қарашада АҚШ-тың өз шекарасынан тыс әрекет ететін жоғарыда аталған заңы мен басқа да шетелдік ұқсас заңдарын бейтараптандыру жөнінде № 22713/06 арнаулы акт қабылдады; Европа Одағы АҚШ Үкіметіне егер аталған заң Европа Одағының азаматтары мен компанияларына қарсы қолданылатын болса, АҚШ-тың Европадағы активтерін тоқтататыны жөнінде ескерту жасады^[338]. Біздіңше, Хелмс -Бэртон заңының ережелерін басқа мемлекеттердің ішкі істеріне (мысалы, Куба) араласу, үшінші бір елдердің азаматтарының инвестицияларды жүзеге асыру құқықтарын, басқаша айтқанда, инвесторлардың реципиент - елді өздігінен таңдау құқын шектеу деп бағалау керек.

§ 3. Шетел инвестицияларын мемлекеттік реттеудің арнаулы органдары

Отандық әдебиетте шетел инвестицияларын басқару жөнінде арнаулы мемлекеттік реттеу органының қажеттігі туралы мәселе көтерілді, халықаралық практика көрсетіп отырғандай, бірқатар елдерде мұндай органдар жоқ. Шетелдердің (Финляндия, Канада, Португалия, Мексика, Ресей, Грузия, т.б.) ірібесін талдау негізінде Қ.С.Мәуленов мынадай тұжырым жасайды: Қазақстанда шетел капиталыны, шетел инвестицияларының қызмет атқарып отырғаны күнделікті іске айналды, барлық принциптік (тіпті практикалық) мәселелер шешілгенде, инвестициялар жөніндегі Комитеттің өкілеттіліктерін доғаруға болады, бірақ мұндай орган әзірше қажет, таяудағы 10-15 жылда оны тарату мәселесі күн тәртібіне қойылмайды^[339].

Шынында да, ~~ұндай~~ арнаулы органдардың қажеттігін ТМД елдерінің практикасы дәлелдеп отыр. Беларусь Республикасында, 1985 жылғы Сеул конвенциясына сәйкес шетел инвестицияларының мәселелері бойынша Агенттік құрылды^[340]. Өзбекстан Республикасында Өзбекстан Республикасының Президенттің «Сыртқы экономикалық байланыстар, шетел инвестицияларын тарту саласында ~~бас~~ру жүйесін жетілдіру туралы». 20 05 жылғы 21 шілдедегі Жарлығына сәйкес сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі Агенттік Өзбекстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар, инвестициялар және сауда Министрлігі болып қайта құрылды^[341].

Ресей заң әдебиетінде бұл салада арнаулы мемлекеттік органның сақталуы қажет деп саналады. М.М.Богуславский мемлекеттің ролінің әлсіреуі жүріп жатқан жағдайында шетел инвестициялары саласында ақарушы және үйлестіруші орган құру қажеттігінің маңызын атап көрсетеді^[342]. Ресей Федерациясында мұндай арнаулы орган - РФ Қаржы министрлігінің жанында әуелде инвестициялар жөніндегі Комитет құрылды. Кейін бұл Комитет шетел инвестицияларын тартудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру мақс атымен құрылған халықаралық ынтымақтастық және дамытудың Ресей агенттігінің құрамына енді. Ресей атқарушы билігінің федералдық органдарының бүкіл құрылымын қайта құрудың нәтижесінде халықаралық ынтымақтастық Ресей агенттігі РФ Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің қарауына берілді^[343]. 1992 жылы құрылған инвестицияларға қолдау жасау жөніндегі Мемлекет ақпарат орталығы^[344]. 1994 жылы Мемлекеттік апарат орталығы РФ Экономика министрлігі және РФ мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекет Комитет жанындағы Мемлекеттік ақпарат орталығына айналды^[345]. 1994 жылы тағы бір орган - РФ Үкіметінің Төрағасының басшылығымен шетел инвестициялары жөнінде Консультативтік Кеңес құрамында инвестициялық хал -ахуалды жетілдіру және РФ Үкіметіне шетел инвесторларының қызметі үшін экономикалық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмысшы топтары құрылды¹.

Қазақстан Республикасында да осындай үрдістер өтті: 1992 жылы ҚР шетел инвестициялары жөнінде Ұлттық агенттік құрылды, 1993 жылы ҚР Экономика министрлігі жанындағы шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікке 1995 жылы ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі Комитетке айналды, сол 1995 жылы ҚР Қаржы министрлігі жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі Комитет болып қайта құрылды. 1997 жылы ҚР инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылды, кейін ол 1999 жылы ҚР инвестициялар жөніндегі Агенттігі болып қайта құрылды, 2001 жылы ҚР Сыртқы істер министрлігі жанындағы инвестициялар жөніндегі Комитетке айналды, ең соңында, 2002 жылы **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитет** болды. Инвестициялар жөніндегі Комитетті қайта құру және оның функциялары менөкілеттіліктерін неғұрлым айқын анықтау Қазақстан Республикасында инвестициялық қатынастарды онан әрі дамыту және Комитет қызметінің пәрменділігін көтеруге жеткізуге тиіс.

Қазақстан экономикасына тікелей, портфельдік және инвестициялардың басқа да түрлерін жұмылдыруға бағытталған қызметті жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты Инвестицияларға қолдау жасау жөніндегі орталық - шаруашылық жүргізу құқында республикалық мемлекеттік кәсіпорын құрылды. Кейін мемлекет жүз пайыз қатыса алатын жабық акционерлік қоғамға айналдыру жолымен қайта құрылды, инвестициялар жөніндегі Комитетке мемлекеттік акциялар пакетіне иелік етуге пайдалану құқы берілді^[346]. Сонымен бірге ҚР Индустрия және сауда министрлігіне «Қазақстанның инвестициялық қоры» инвестициялық компаниясы, Қазақстанның даму банкі, ұлттық инвестициялық Қор акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқықтары берілді. Сонымен, ҚР Индустрия және сауда министрлігі және инвестициялар жөніндегі Комитет инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу саласындағы арнаулы органдар болып табылады. Мемлекеттің нарықтық қатынастардың орнығыуы мен дамуының осы заманғы жағдайында мемлекеттік басқарудан мемлекеттік реттеуге көшуі экономикаға мемлекеттік ықпал етуден толық бас тарту болып табылмайды, өйткені экономика толық

өзін-өзі реттеумен жүзеге аспайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, нарықтық үлгідегі экономика жағдайында мемлекеттік реттеу қажеттігі туады, мемлекет өзін ің органдары арқылы экономикалық қызметтің барлық нысандарына қатыса алады, қажет болған жағдайда кәсіпкерлік қызмет субъектілері мен тұтынушылар құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен белгілі бір деңгейде қызметті нақтылап, бағыттап отырады, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің жалпы мүдделерін қорғайды^[347]. Сондықтан шетел инвестициялары саласында мемлекеттік реттеуді оңарі дамыту мен жетілдіру әкімшілік шаралардан гөрі экономикалық шаралардың басымдылығы арқылы жүзеге асады.

§ 4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы шетел инвесторларының Кеңесі

ҚР тікелей инвестициялар туралы Заңды қабылдау сәтінен (қазір күшін жойған) басталған өзгеріске ұшыраған инвестициялық саясат жағдайында, шетел инвесторларына олардың қызметін жүргізуі үшін қосымша кепілдіктер беру қажеттігі туды. Соның нәтижесінде **Қазақстан Республикасы Президентінің жанында шетел инвесторларының Кеңесі** - консультативтік кеңесші орган құрылды^[348]. Кеңесті Қазақстан Республикасының Президенті басақарады - кеңестің қызметіне басшылық етеді, оның ішінде Кеңестің күн тәртібін белгілейді, мәжілістерінде төрағалық етеді. Кеңес құрамына Қазақстаннан лауазымына қарай ҚР Премьер-министрі, Ұлттық Банк төрағасы, ҚР Сыртқы істер министрі инвестициялар жөніндегі Комитеттің төрағасы, шетел инвесторларының өтініштер қарау жөніндегі ведомстволық комиссия төрағасы енеді. Кеңес құрамына халықаралық қаржы ұйымдарынан, шетел компанияларынан олардың бірінші басшылары (немесе) орынбасарлары деңгейіндегі өкілдері енеді. ҚР Президенті бекіткен Кеңес құрамына халықаралық ұйымдар мен шетел компанияларынан «Би Жи Групп» компаниясының атқарушы директоры, «Дойче банк» директорлар кеңесінің мүшесі. «Миттал Стил Ко» төрағасы және басқарушы директоры, «Кредит Свис Групп» компаниясының бас басқарушы директоры, «Самсунг» корпорациясының президенті, ЕҚДБ президенті Еуро -Азия өнеркәсіп ассоциациясының президенті, «Шеврон-Мексако» корпорациясының атқарушы вице - президенті, Европа бойыншақарма бас тығы және «Митсубиси Интернешнл» корпорациясының президенті, «Лукойл» ААҚ-ының президенті, т.б.^[349] енді.

Шетел инвесторларының өтініштерін дер кезінде қарауды қамтамасыз ету мақсатымен шетел инвесторларының өтініштерін қарау жөнінде ведомствоаралық комиссия құрылды^[350]. Ол ҚР Үкіметінің жанындағы консультативтік - кеңесші орган болды. Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеті - елде инвестициялық хал -ахуалды жетілдіруді оңарі жетілдіру шараларын жүзеге асыруға көмектесу. ҚР Үкіметінің бұл комиссия өз жұмысын тоқтатты. Ведомствоаралық комиссияға «Тұлпар Мұнай ЛТД» бірлескен кәсіпорны, «Central Asia Cement» АҚ -ы, «Аксесс Энерго», «АБН Амро Банк Қазақстан» ЖАҚ -ы «Ақтөбе Пройссаг Мұнай ЛТД» бірлескен кәсіпорны, «Инказ Лтд», «Тепко», Алматыдағы Неміс экономикалық клубы (DWK) компаниялары, т.б. ведомствоаралық комиссияларға өтініш жасады; инвесторлардың басым көпшілігі салық салу, заңнаманың тұрақтылық кепілдіктері, қосымша құн салығын өлеу проблемаларын шешім, ҚР заңнамасының дұрыстығын анықтау, сондай-ақ қызмет жүргізуге лицензиялар беру мен қайтарып алудың заңдылықтары^[351] мәселелері бойынша өтініштер түсірді.

Шетел инвесторлары Кеңесінің бірінші мәжілісінің нұсқаулары мен ұсыныстарын жүзеге асыру үшін ҚР Премьер -министрінің жарлығымен ҚР жағынан заңнама, салық, шетел инвесторларының ағымдағы қызметі. ҚР инвестициялық тартымдылығын көтеру мәселелері бойынша жұмысшы топтарының құрамдары бекітілді және жұмысшы топтарының тең төрағаларына өкілеттіліктер берілді. Кеңес шараларының жоспары бекітілді^[352]. Шетел инвесторлары Кеңесінің екінші мәжілісінде ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген бірлескен жұмысшы топтарының іс-әрекеттерінің жоспары жасалды^[353]. ҚР Президентінің Жарлығымен жұмысшы топтарының тең төрағалары шетел инвесторлары Кеңесінің

ұсыныстары мен нұсқауларын жүзеге асыру жөнінде шаралар жоспарын жасауға және бекітуге өкілетті; орталық және жергілікті атқару органдары бірінші басшының орынбасары деңгейінде бірлескен жұмысшы топтарының бірлескен іс-әрекеттерінің жоспарын орындау және шетел инвесторларының Кеңесімен, оның бірлескен жұмысшы топтарымен, инвестициялар жөніндегі Комитетпен^[354] өзара іс-қимылы үшін жауапты тұлға тағайындауға тиіс.

Шетел инвесторлары Кеңесінің төртінші мәжілісінде «Қазақстанда жұмыс істейтін шетел инвесторларының этика Кодексі туралы» Декларациясы қабылданды, шетел инвесторларының Кеңесі оны мақұлдап, ҚР Үкіметі және басқа да мемлекеттік органдары Кеңес пен оның жұмысшы топтарын әрдайым тиімді пайдаланатынына, сондай-ақ Қазақстанда жұмыс істейтін шет инвесторларының негізгі іскерлік және индустриалды ассоциацияларымен тығыз ынтымақтастық орнататынына сенім білдіреді.

Шетел инвесторларының Кеңесі елдің инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру үрдісіне жеткілікті түрде белсене араласып келеді. Өзінің консультативтік орган мәртебесіне қарамастан, Кеңестің болып жатқан инвестициялық үрдістерге ықпал етуге нақты мүмкіндігі бар және біздің мемлекеттің инвестициялық беделін жасауға оң әсер ете алады.

Шетел инвестициялары туралы арнаулы Заңнаманы жою жағдайында мұндай органның ролі маңызды әрі көкейтесті. Шетел және ұлттық инвесторлар үшін бірыңғай құқықтық мәртебені бекіткен жаңа инвестициялық заңның қабылдануымен, шетел инвесторларына тиісті қорғау мен кепілдіктерді сақтауды қамтамасыз ету проблемасы алға шығады. Осыған байланысты мынаны атап өрсеткен жөн: инвестициялар туралы Заң белгілі бір деңгейде шетел инвесторларының қатысуындағы қатынастарды реттеудің ерекшеліктерін сақтайды. Инвестициялар туралы Заңда, егер шетел мемлекеті немесе ол өкілеттілік берген мемлекеттік орган ҚР аумағында жүзеге асырылатын инвестицияларға байланысты кепілдіктер (сақтандыру шартымен) бойынша инвестор пайдасына төлем жүргізсе, онда осы шетел мемлекеті мен өкілеттілік берген мемлекеттік органға аталған инвестицияларға инвестордың құқықтары (талаптар) өтеді, құқықтардың былайша өтуі Қазақстан Республикасында инвестор жүзеге асырып жатқан инвестициялар оның келісімшарттық міндеттемелерінде көрініс алған жағдайда құқылықты деп саналады (10 бап). Сөз жоқ, бұл арада әңгіме шетел инвесторлар жайында болып отыр. Бірақ әрі инвестициялар туралы Заңда мынадай айқындаушы ереже бар: егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттық ережелері қолданылады (2 бап 4 тармақ). Осы халықаралық шарттармен инвестицияларды жүзеге асырудың ерекше талаптары, саналуан кепілдіктері анықталады. Сондықтан ұлттық және шетел инвесторларының құқықтық реттелігінде өзгешеліктер жоқ деу ертерек.

§ 5. Шетел инвестицияларын валюталық реттеу

Шетел инвесторлары қатысуындағы қатынастарды реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі - валюталық реттеу. Инвестициялар туралы Заңмен ҚР аумағында банк және валюта заңнамаларымен (5 бап 2 тармақ) инвесторлар банктерде ұлттық немесе шетел валютасымен банк есепшоттарын ашуға анықталған. ҚР 2005 жылы 13 маусымдағы «Валюталық реттеу туралы» Заңына сәйкес валюталық реттеу мақсаты - тұрақты экономикалық өсуге жетісу мен экономикалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қолқабыс жасау^[355]. Қазақстан Республикасында валюталық реттеудің негізгі органы - ҚР Ұлттық банкі; Үкімет және басқа да мемлекеттік органдар ҚР заңнамасына сәйкес өз құзырлары шеңберінде валюталық реттеуді жүзеге асырады.

ҚР Үкіметі валюталық реттеуді ырықна жіберу саясатын ұстанды, осыған сәйкес мыналар ұсынылады: инвестициялық портфельді диверсификациялау үшін инвестицияларды валюталық реттеу тәртібін жұмсарту жолымен инвестициялық сапаның нерезиденттерін бағалы қағаздарға айналдыруға жағдайлар туғызу; республиканың өндірістік потенциалын

кеңейтетін шетелден түскен тікелей инвестицияларды көтермелеу; барынша маңыз алатын валюта операцияларына, сондай-ақ сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыруда тым асқынған әкімшілік кедергілерді жоюға байланысты валюталық реттеу мен экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың пәрменділігін көтеру^[356]. Әрине, нарықтық қатынастар жағдайында қызметтің осы саласына мемлекеттің араласуы азғантай болуы керек.

Әдебиетте, қолданылып жүрген Заңнамамен белгіленген ҚР Ұлттық банкінің ерекше құқықтық мәртебесіне байланысты елеулі күдіктер айтылып жүр. А.И.Худяковтың пікірінше, бұл мынаған саяды: 1) Ұлттық банк валюта мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актылар шығарушы мемлекеттік орган; 2) өзінің нормативтік актысын жүзеге асыруға бағытталған дербес актылар қабылдаған субъект; 3) тиісті келісімшарт тарабы бола отырып (шетел валютасын сатып алу-сату келісімшарты), валюта операцияларды жүзеге асырушы шаруашылық субъектісі; 4) валюталық заңнаманы (өзі қабылдаған заңнаманы) бұзғаны үшін жауапқа тартатын орган^[357]. Бұл арада мынаны еске алған жөн: валюталық реттеу туралы Заң бұл саладағы негізгі заңнама актысы болуға тиіс, бірақ ол дәл сондай заң болмай отыр, ережелері көпшілігі сілтеу салу сыпатында, қандай да болсын мәселелерді шешу Ұлттық банктің ұйғарымына қалдырылған. Сондықтан Ұлттық банктің қосалқы заңнамалық нормативтік актыларын валюталық заңнаманың өзі құрайды. Ұлттық банктің өкілеттілігінің шектен тыс кеңіюі валюталық реттеу мәселелерінде ғана емес, басқа да (мысалы, бағалы қағаздар айналымы саласында сақтандыру қызметінде ұйымдар, олардың филиалдары мен өкілдіктерінде т.б.) мәселелерде де байқалады.

Тұтас алғанда, валюталық реттеу мен валюталық бақылау Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тартуға елеулі ықпал жасайды. Салықтық реттеумен салыстырғанда, шетел инвесторларының қызметін валюталық реттеуді мемлекет аз ғана деңгейде бақылап, реттей алады, валюталық бақылау функциялары өкілетті банктерге жүктелген, өйткені нерезиденттер бұларда өз есеп - шоттарын ұстайды (олар - қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес валюталық бақылау агенттері).

§ 6. Шетел инвестицияларын лицензиялық реттеу

Валюталық реттеу бұл салада **лицензиялық реттеумен** тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі валюталық операциялардың мына түрлерін лицензиялайды: Нерезиденттердің бағалы қағаздарын резиденттердің сатып алуы; резиденттердің инвестициялық қорлар - нерезиденттердің үлесін алуы; нерезиденттердің жарғылық капиталына қатысуды қамтамасыз ету мақсатымен резиденттердің салым салуы; резиденттер мен нерезиденттер арасында қаржы аспаптарымен операциялар^[358]. Е.В.Салогубованың атап өткеніндей, лицензиялау кең мағынада лицензияны нарық қатысушысына бір дүркіндік беру актысы емес, әңгіме нақты кәсіпкерлік қызметті жүргізуге лицензия алудан туындайтын талаптарды орындау жайында болуға тиіс^[359].

Лицензияда қарастырылған талаптарды бұзушылық жағдайында мемлекеттік органдар талаптарды бұзушыларға әкімшілік-құқықтық тәртіппен ықпал етіп, талаптарды тиісінше орындауға мәжбүр етеді. Егер бұрын ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі Қаулысымен бекітілген валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау туралы Ережелерде жауапкершілік шарасы ретінде лицензияны қайтарып алу немесе лицензияның әрекетін 6 ай мерзімге^[360] тоқтата тұру нысанында болса, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Басқармасының 2005 жылы 29 қазандағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асырудың қолданылып жүрген Ережелерімен ҚР Ұлттық банкі ҚР валюталық заңнамасын бұзушылық байқалғанда, лицензия әрекеттерін тоқтатуға құқылы^[361]. Сонымен бірге, лицензиат қызметіне жеткілікті қатаң бақылау жүйесіне қарамастан, ҚР Ұлттық банкі берілген лицензия негізінде жүргізілген операциялар бойынша резиденттің міндеттемелеріне жауап бермейді.

§ 7. Шетел инвестицияларын салықтық реттеу

Салықтық реттеу мен инвесторлары қатысуындағы қатынастарды мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл саладағы реттеудің ерекшеліктер, ең алдымен, реттеу объектісі ретінде инвестициялық қызметінің өзіндік ерекшелігімен емес, баға да төлем түрлерінен өзгешеленетін салық белгілерімен сыпатталады. А.И.Худяковтың айтуынша міндетті төлемдердің мына ерекшеліктері жалпы танымал болып табылады: 1) салық - оны әрдайым мемлекет белгілейді, мемлекеттен басқа ешкім салық енгізуге және алуға құқылы емес; 2) салық - оны мемлекет салық төлеушілердің келісімін талап етпейтін, өзі бір жақты белгілейді; 3) салық - әрдайым ақша төлемі; 4) салық - ақшаны әрдайым еріксіз алу жолы; 5) салық - ақшаны заңды түрде алу; 6) салық - міндетті төлем; 7) салық - қайтарылуға жатпайтын ақша; 8) салық - эквивалентсіз төлем болып табылады; 9) салық тұрақты ақша міндеттемелерін туғызады; 10) салық тек құқықтық нысанда болады; 11) салық әрдайым мемлекет кірісіне қосылады; 12) салық меншік нысанының ауысуымен сыпатталатын төлем түрі (салық төлеу үрдісінде ақша жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ауысады)^[362]. тиісінше, салықтық реттеу көпшілік сыпат алады, өйткені ол тек мемлекеттік жеке дара шара болып табылады. Сондықтан салықтық қатынастардың субъектісі - шетел немесе ұлттық инвестор ма, жеке немесе конституциялық инвестор ма, - бәрібір құқықтық қатынастар негізіне билік пен бағыншылық бастауы алынған. Инвестициялар туралы Заңға сәйкес салық жеңілдіктері берілетін экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асыратын инвесторлар бойынша ынталандыру сыпатындағы жеңілдіктер алып тастау мүмкін болады, салық төлеушілердің резиденттердің де, нерезиденттердің де салық заңнамасын бұзғаны анықталса, шектеу сыпатындағы жеңілдіктер алынып тасталады.

Инвестициялық салық жеңілдіктері - корпоративтік кіріс салығын төлеуден босату немесе салық төлеуші - инвесторлардың жылдық жиынтық кірісінен қосымша мөлшер есептеу құқық беру, инвестициялық жобамен пайдалануға берілген жаңа нақтыланған активтер бойынша мүлікке салық төлеуден босату, сондай-ақ жер тәлімдері бойынша жер салығынан босату. Салық заңнамасына сәйкес, инвестициялық салық жеңілдіктері жасалған келісімшартпен корпоративтік табыс салығы, жер салығы, мүлік салығы бойынша беріл еді. Инвестициялық салық жеңілдіктерін қолдану бастамасы былай белгіленеді: жылдың 1 қаңтарынан, нақтыланған активтерін пайдалануға берілуден бір жыл өткен соң, - келісімшарт жасасқан сәттен шаруашылық қызмет жүргізуші салық төлеушілер үшін; мемлекеттік қабылдау комиссияларының өндірістік мақсаттағы объектілерді қабылдау сәтінен - жаңа құрылған салық төлеушілер үшін.

Мысал ретінде ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 6 желтоқсандағы Қаулысымен мақұлданған «Каспий труба құбыры консорциумы-Р» және «Каспий труба құбыры консорциумы-К ЖАҚ-ын құру», Каспий труба құбыры консорциумын қайта құру туралы және Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Оман Сұлтанаты Үкіметтері арасындағы «Оман Ойл Компани Лимитед», «Шеврон Оверсиз Петролиум Инк» компаниялары, «Лукойл» ұнай компаниясы ААҚ-ы, «Мобил Корпорейшн», «Роснефть» ұнай компаниясы ААҚ -ы, «Аджип СПА», «Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн» компаниялары. Мемлекеттік ұнай Газ» холдингтік компаниясы, «Орикс Лимитед» компаниялары арасында шарттар; салық заңнамасына сәйкес сұйық көмір-сутегін халықаралық тасымалдау бойынша халықаралық келісімшарттарда жүрсетілгеннен басқа қызметтерге салық нөлдік ставкамен белгіленеді; Каспий труба құбырларының активтерін Қазақстан Республикасынан КТК-К пайдасына беру және осы активтерді Қазақстан Республикасына мүмкін болатын қайтару қосымша құн салығынан босатылады^[363].

Тұтасымен алғанда, салық жеңілдіктері мен кепілдіктер беру - шетел инвестицияларын қабылдаушы мемлекеттердің кәдімгі практикасы. Мысалы, Бенилюкс елдерінде (Бельгия, Нидерланд, Люксембург) шетел инвестициялары салық басқа қаржы жеңілдіктері мен кепілдіктер мен едәуір мөлшерде ынталандырылады; Италия мен Испанияның заңнамасы осы елдерді аумағында алған кірісін ұлттық өнеркәсіпті дамытуға сал ушы шетел

инвесторларын салықты бәсеңсіту арқылы көтермелейді^[364]. Жабьқ экономиканың негізгі бастаулары сақталған бірқатар елдер де салықтық реттеудің дәстүрлі әкімшілік әдістерінен реттеудің экономикалық әдістеріне көшуде. Мысалы, Тәжікстан Республикасы Украинамен, Беларусь Республикасымен «Салық заңнамасын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара көмек туралы» (1999 ж.); Ресеймен, Қырғызстанмен «Қосарланған салықтан бойды аулақ салу туралы» (1998 ж.) және т.б.^[365] шарттар жасасты. Бұл жерде ынталандыру шараларына негізделген инвестициялық қызмет саласында салықтық реттеудің маңыздылығы байқалады.

§8. Шетел инвестицияларын кедендік реттеу

Шетел инвесторларының қатысуын дағы инвестициялық қатынастарды реттеуде кедендік реттеу маңызды роль атқарады. Бұл саладағы танымал жетістіктер - еркін сауда аймағының товарларының еркін қозғалысын қамтамасыз ету мен кеден одақтары. Мысалы, Латын Америкалық еркін сауда аймағы және Солтүстік Америкалық еркін сауда аймағы; Европа Одағы елдерінің Кеден одағы, ТМД елдерінің Кеден Одағы. Кеден одағы еркін сауда аймағына қарағанда, барынша жоғары деңгейлі бірлестігі. Соның нәтижесінде қатысушы елдер өндірген товарлар еркін сауда аймағында баж салығынан және басқа да төлемдерден босатылады, ал кеден одағының аумағында барлық товарлар еркін қозғалыста болады (бұл товарлардың жалпы кеден шекарасынан заңды негізде өтсе - болғаны).

Европа Одағы елдерінің Кеден одағы өзі құрылған сәттен қауымдастықтың негізі болып танылады және Б.Н.Топорниннің пікірінше екі басты белгімен ерекшеленеді: біріншіден, мүше-мемлекет арасындағы сауда

қатынастарында импорттық және экспорттық кеден баж салығы мен кезкелген тең мәнді салықтарға тыйым салу қарастырылған; екіншіден, мүше-мемлекеттердің үшінші бір елдермен қатынастарда жалпы кедендік реттілік белгілейді (үшінші елдердің өкімдері мүше-мемлекеттерде еркін айналымды өнімдер ретінде қарастырылады, егер сол өнімдерге байланысты барлық импорттық формальдылықтар орындалса, барлық кедендік баж салығы немесе соған деңгейлес салықтар төленсе, егер өнімдер осы баж салығы мен соған деңгейлес салықтарды толық немесе жартылай қайтару нәтижесінде барынша қолайсыз жағдайда қалмаса)^[366].

ТМД елдерінің Кеден одағының мақсаты, Е.Г.Моисеев айтқандай: шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында еркін экономикалық өзара іс-әрекеттерге тосқауылдарды жою жолымен өз елдерінің әлеуметтік-экономикалық прогресін бірлескен іс-әрекеттермен қамтамасыз ету; экономикасының қалыпты дамуына, еркін товар айналымы мен адал бәсекелестікке кепілдік беру; өз елдерінің экономикалық саясатын үйлестіруді нығайту және ұлттық халық шаруашылығын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ету; жалпы экономикалық кеңестік жасау үшін қолайлы жағдайлар туғызу; Кеден одағына қатысушы - мемлекеттердің әлемдік нарыққа еркін шығуына жағдайлар туғызу^[367]. Атап айтқанда, тарифтік кепілдіктер Бірыңғай экономикалық кеңістікте Кеден одағы туралы Шартқа (Мәскеу, 1999 жылы 26 ақпан) және Еуро-Азиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы Шартқа (Астана, 2000 жылы 10 қазан) қатысушы ТМД елдері үшін белгіленген.

Сонымен бірге С.Әлібековтың пікірімен келісуге болады: ТМД құрылған сәттен бастап, едәуір құжаттар қабылданды, бірақ аяғына жеткізіле бірі де орындалған жоқ, ең алдымен, кедендік тетік ұмыс істемеді, ал кеден кедергілері кезкелген интеграциялық үрдістерге бөгет жасады^[368]. ТМД елдерінің ынтымақтастығы көп жағдайда ұран сыпатында болып келді, практикада нақты және пәрменді жүзеге асырылған жоқ. Жалпы, шетел инвестицияларын кедендік реттеу сипаттары заң әдебиетінде кеңінен сөз болды^[369], сондықтан ҚР Кеден кодексінде (2003 жылы 5 сәуірде қабылданған)^[370] инвестициялық жобаны жүзеге асыруға жеткізілетін жабдық және оған қосалқы тетіктерді кеден баж салығынан босату туралы Ереже енгізілген.

§ 9. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеуді жетілдіру проблемалары

Траншекаралық жымдасулар мен товарлар алу қабылдаушы мемлекеттің экономикасының дамуына әрдайым оң сәт бола бермейді. Мүмкін болатын келеңсіз негізгі себептері арасында транстық компаниялардың коммерциялық мақсаттары мен инвестицияларды қабылдаушы мемлекеттің даму мақсаттары үйлесе бермеуі мүмкін; тұтас алғанда, маңызды кәсіпорындарға меншік құқын шетел инвесторларының қолына беру ұлттық егемендікке хауіп туғызу немесе қайта отарландыру ретінде қарастырылады^[371]. Мұндай алаңдаушылық тек дамушы елдерде ғана емес, дамыған елдерде де орын алады (траншекаралық жымдасып, үйлесулер 109 мега-шараларды қамтиды, жалпы сомасы 1 млрд-тан астам АҚШ долларын құрайды әр мега-шара, бұл дамыған елдерде орын алып отыр^[372]). Мысалы, жапон инвесторларының Нью-Йоркте Рокфеллер орталығы мен Голливудтағы киностудияда ымыралық шаралар жасағанда, американ баспасөзінде қызу қарсылық көрсетілді^[373]. Мұның өзі шетел инвестицияларын ұмылдыру мен пайдалануға ойластырылған және тиімді тәсіл қажеттігін көрсетеді, шетел капиталын инвестициялауға байланысты шараларды жан-жақты сараптап, оның оң және теріс сәттерін безбендеп алу керек.

Жаңа инвестициялық заңның қабылдануына байланысты шетел инвестицияларын реттеуде халықаралық тәжірибені оқып үйрену көкейтесті мәселе бола қоймайды, ұлттық реттеліктен шетел инвесторлығына байланысты шектеулерді алаып тастау халықаралық шарттар шеңберінде ғана қолданылады, басқа барлық жағдайларда шектеу шараларын ұлттық инвесторлар қызметіне пайдалануға болар ма екен. Тіпті инвестициялар туралы Заңның өзіндегі (3 бап 2 тармақ) жалпы тұжырымды ескерсек, ұлттық хауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігінен қарасақ, заң актыларымен қызмет түрлері және (немесе) аумақтар айқындалуы мүмкін, онда инвестициялық қызметке қай жерде шектеу қойылатыны немесе тыйым салынатыны қарастырылады. Принципіне бұл ереже ұлттық және шетел инвесторларына бірдей және тең реттілік жағдайында мәнінен айырылады, өйткені заңнама бойынша шектеулер ұлттық немесе шетел инвесторлары болсын бір мезгілде қолданылады, сонда мұнда ұлттық хауіпсіздік мүддесі қайда қалады? Осы жағы түсініксіз күйде қалады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, шетел инвестициялары үшін әртүрлі жеңілдіктер белгілеумен бірге белгілі бір шектеулер орнату дамыған экономикасы бар елде кеңінен қолданылады, бұл үшін осы салада арнайы актының болуы тіпті қажет емес. Сондықтан, біз шетел инвестициялары туралы Заңды жою шетел және ұлттық инвестициялардың құқықтық реттілігін бірден автоматты түрде теңестіруге әкеп соға алмайды деп санаймыз. Өйткені Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының жеке меншігі мен шетел жеке меншік арасында елеулі ерекшеліктер бар. Шет елдердің тәжірибесін зерттеу көрсеткеніндей, ерекшеліктерді сақталуы шетел инвестициялары үшін жалпы ұлттық реттілікті орнықтырумен толық үйлесе алады, бұл, ең алдымен, экономикалық және саяси тәуелсіздігін сақтауға, сондай-ақ отандық инвесторларды ынталандыруға қабылдаушы мемлекет мүдделерін көздейді.

Мысалы, шетел капиталын жұмылдырудың Ресей практикасы көрсетіп отырғанындай, ел экономикасындағы оң немесе келеңсіз нәтижелер жұмылдырылған шетел капиталының шамасына сонша байланысты емес, оның құрылымы мен ұлттық экономикасының жекеленген салалары мен буындарына сәйкестігіне байланысты^[374]. Халықаралық тәжірибе дәлелдеп отырғандай, онша дамымаған елдердің басты мақсаты - тікелей шетел инвестицияларын тарту ғана емес, инвестициялардың барынша жоғары сапасына ден қояды, мұндағы мақсат - ұлттық экономикамен¹ тығыз байланыс, экспорттық бағдар, озат технология, қызметкерлердің жоғары біліктілігі және басқа да игі іс-әрекеттер^[375]. Сондықтан қазіргі уақытта тікелей шетел инвестицияларын тартуға қолайлы жағдайлар туғызу маңыздырақ, қысқа мерзімді (сауда-саттық сыпаттағы) шетел инвестицияларын тарту емес, қолайлы инвестициялық хал - ахуалды қалыптастыруға бағытталған шаралардың тұтас кешенін жасап жүзеге асыру. Мұнда бір

қиындықтан өту керек, тікелей шетел инвестициялары экономиканың бір секторына барынша мол салынады (1993-2000 жылдары арасында ^[376]); Қазақстан экономикасының басқа да секторына тікелей шетел инвестицияларын жұмылдыру жөнінде жұмысты жандандыру керек.

Осыған байланысты инвестицияларын жұмылдыру саласындағы шет елдер практикасына деңгеуіге тура келеді. Мысалы, Малайзия, Сингапур және Тайландта қабылданған тәсіл тікелей шетел инвестицияларына, экономиканы трансұлттық корпорациялардың өндірістік жүйелеріне интеграциялауға елеулі бағдар ұстады; Корея Республикасы мен Тайвань қабылдаған тәсіл отандық кәсіпорындарды, өзінің инновациялық дамыту мен технологияны қайнар көзі (оларды экономикалық құрылымдарға интеграциясыз енгізу) ретінде транснационалдық компанияларды көздейді; Гонконг әкімшілігі (Қытай) қабылдаған тәсіл жалпы басқару мен инфрақұрылымды қамтамасыз етуді мақсат етеді; ресурстар едәуір мөлшерде нарықтық күштердің көмегімен жүзеге асырылады ^[377]. Азияда шетел инвестицияларын алушы - Қытай. 1998 жылы инвестициялар тасқыны 45 млрд АҚШ долларын құрады (салыстырмалылық ретінде - Ресейде 1998 жылы жұмылдырылған шетел инвестицияларының көлемі барлығы 2 млрд. АҚШ доллары болды) ^[378]. Демек, шетел инвестицияларына қолайлы хал - ахуал тузуға бағытталған жалпы ережелер мен стандарттарды сақтай отырып, әр ел шетел инвестицияларын жұмылдыру мен пайдаланудың өз стратегия жасауы қажет, онда нақты экономикалық қажетсінушіліктер мен мүмкіндіктер (оның ішінде экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, қолда бар потенциалдық ресурстар, экономикалық саяси тұрақтылық деңгейі, т.б.) мейлінше толық ескерілуі қажет.

Қорытындыларды жинақтай келіп, мынаны айтуға болады: шетел инвестицияларын реттеудегі негізгі кемшіліктердің бірі бұл салада заңнаманың әлі де болсын жетілдірілмегені және тұрақтанбағаны (тек қана инвестициялық заңнама ғана емес, валюталық реттеу заңнамасы, салықтық реттеу заңнамасы, кеден заңнамасы, банк заңнамасы т.б.). Әрине, реттеудегі кемістіктер инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы екі жақты халықаралық келісімдер мен инвестициялық шартта жекеленген ережелер мен талаптарды анықтау мүмкіндігімен толықтырылуда, мұны жеткілікті деуге болмайды.

Шетел инвесторлары қатысуындағы қызметті құқықтық реттеу экономикасының басым секторларында қызмет жүргізетін шетел инвесторларына мемлекеттік кепілдіктер берумен және мемлекеттік қолдау көрсетумен бірге мынаны қамтиды: валюталық реттеу; лицензиялық реттеу; салықтық реттеу; кедендік реттеу; антимонополиялық реттеу. Мемлекет реттеудің (ықпал ету тәсілдері мен құралдары) әртүрлі шараларын қолданады: көтермелеу сыпатындағы шаралар (инвестициялық жеңілдіктер); бақылау сыпатындағы шаралар (мемлекеттік нормалар, стандарттар мен ережелерге бақылау жасау); сондай - ақ мәжбүр ету сыпатындағы шаралар (қолданылып жүрген заңнама нормаларын инвесторлар бұзған жағдайда).

Қазір нарықтық қатынастарды реттеуде мемлекеттің рөлінің өзгеруі байқалады, тікелей (әкімшілік) реттеу шамаларынан гөрі жанама (экономикалық) реттеу шаралары көбірек қолданылады. Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайына көпшілік - құқықтық реттеумен салыстырғанда жекешелік-құқықтық реттеудің үлес салмағы артып келеді. Ең алдымен, мемлекеттік меншік объектілерін пайдалануын анықтаған көпшілік - құқықтық нормалар орнын жекешелік-құқықтық нормалар басады. Сонымен бірге, жекеленген ғалымдар кері үрдіс - жекешелік құқық салмағының өсетініне болжам айтады. Мысалы, Т.В. Кашанина айқандай, бұдан әрі көпшілік құқының үлесі өсе түсетін болады, өйткені қоғамдық байланыстар барған сайын саналуан түрлі, тар шеңберде болып барады, көпшілік құқықтың ролі мен маңызы арта түседі ^[379]. Мұнымен келісуге болмас, біздің мемлекеттің тарихында көпшілік құқықты «гүлденген кезеңі» өтті, оның алдағы уақытта қайталануы екі талай. Бірақ мынаны ерекше атап өткен жөн: дәстүр бойынша көпшілік-құқықтық салалар болып келген буындарда жекешелік-құқықтық реттеудің онан әрі дамуы мен кеңейе түсуі көпшілік құқықтың жекешелік құқықта жоғалып кетуіне әкеліп соқпайды, жекешелік -

құқықтық және көпшілік - құқықтық бастамалардың заңнама жүйесінде, тиісінше құқық жүйесінде ықтимал үйлесіміне жетісу керек.

Сонымен, шетел және ұлттық инвесторларды құқықтық жағынан теңдестіруге және отандық товар өндірісшілерді ынталандыруға бағытталған инвестициялық жүргізудің нәтижесінде шетел инвестициялары туралы арнаулы Заңнаманың қажеттігі болмай қалды. Бұл инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға инвесторларын тарту үшін құқықтық негіздер болмайды деген өз емес. Бірыңғай инвестициялық заңның қабылдануымен шетел инвестицияларын жүзеге асырудың негізгі бастаулары салынды, ал Қазақстан Республикасында дамыған экономиканы жасау ісінде шетел инвестицияларын мемлекеттік реттеу маңызды болып қала береді.

Бақылау сұрақтары

1. Шетел инвестициялары саласында арнаулы заңдар қабылдау себептері неде?
2. Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы арнаулы заңнамасын сыпаттаңыз.
3. Қазіргі уақытта инвестициялық реттеліктердің қандай нұсқаулары қолданылады?
4. Қабылдаушы мемлекеттер шетел инвестицияларын жүзеге асыруда қандай шектеулер белгілейді?
5. АҚШ-та шетел инвестицияларын құқықтық реттеудің ерекшеліктері қандай?
6. Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларын арнаулы мемлекеттік реттеудің органдарын атаңыз.
7. ҚР Президенті жанында шетел инвесторларының Кеңесі не мақсатпен құрылды?
8. ҚР Президенті жанындағы шетел инвесторлары Кеңесі қызметінің негізгі бағыттарын сыпаттаңыз.
9. Шетел инвестицияларын валюталық реттеу ұғымын ашыңыз.
10. Шетел инвестицияларын лицензиялық реттеу мәні неде?
11. Шетел инвестицияларын салықтық реттеудің ерекшеліктері қандай?
12. Қазақстан Республикасында қандай инвестициялық салық жеңілдіктері беріледі?
13. Шетел инвестицияларын кедендік реттеудің мәнін ашыңыз.
14. Қабылдаушы мемлекет экономикасына шетел инвестицияларының оң және келеңсіз әсері неде?
15. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеуді жетілдірудің проблемалары қандай?

Ұсынылатын әдебиет

1. Әлібеков С.Т. Кеден құқы (Ішкі және халықаралық мәселелер). Оқу және практикалық көмекші құрал. Алматы: «Әділет-Пресс» баспасы, 1997.
2. Белых В.С. Ресейдегі кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу. М.: «Прспект» баспасы, 2005.
3. Богатырев А.Г. Инвестициялық құқық. М.: «Ресей құқығы», 1992.
4. Богуславский М.М. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. М.: «БЕК» баспасы, 1996.
5. Доронина Н.Б., Семилютина Н.Г. Ресейдегі шетелде шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. М.: «ФинСтатИнформ» баспасы, 1993.
6. Киринов А.В. Мемлекет және инвесторлар қатынастарының құқықтық негіздері. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1998.
7. Лабин Д.К. Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу. М., 2001.
8. Лисица В.Н. Халықаралық инвестициялық келісімдер. Новосибирск, 2004.
9. Халықаралық коммерциялық құқық: көмекші оқулық. Құқық және мемлекет институтының Санкт-Петербург филиалы / А.Ю.Бушев және басқалар. / В.Ф.Попондопулоның жалпы редакциясымен. 2-ші басылым. М.: «Омега-Л» баспасы, 2006.

10. Халықаралық жекешелік құқық: Оқулық. / Л.П.Ануфриева, К.А.Бякешев, Г.К.Дмитриева және басқалар. / Г.К.Дмитриева жалпы редакциясымен. М.: «ТК Велби», «Проспект» баспасы, 2004.
11. Шетел инвестицияларының құқықтық қолдау. М.: «Альпиана Бизнес Букс» баспасы, 2006.
12. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2001.
13. Фархутдинов И.З., Трапезников В.А. Инвестициялық: оқу - практикалық көмекші құрал. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.
14. Шаблинский И.Г. Шетел инвестицияларының құқықтық қолдау. М.: «Альпиана Бизнес Букс» баспасы, 2006.
15. Шумилов В.П. Халықаралық қаржы құқық: оқулық. М.: Халықаралық қатынастар, 2005.

12 дәріс. Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық -құқықтық реттеу. Шетел инвестицияларын аймақтық халықаралық-құқықтық реттеу. Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықтық реттеу. Мемлекетаралық инвестициялық қатынастар саласындағы халықаралық ұйымдар. Трансұлттық корпорациялар.

§1. Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын халықаралық -құқықтық реттеу ұлттық-құқықтық реттеу сияқты XIX ғасырдың аяғында пайда болды, осы уақытқа дейін қалыптасып үлгірген және дәстүрлі атанған теңіз және сауда құқының нормалары мен институттарын пайдаланды. Шетел инвестицияларын реттеуде халықаралық сауда шарттарының ережелері қолданылды, бастапқыда, шетелдік инвестициялау саласында мемлекетаралық қатынастарды реттеудің нысаны сауда, тіз қатынасы, концессиялар туралы екі жақты келісімшарттар болды. Мысалы, Қытай, Ұлыбритания (1842 ж.), АҚШ (1844 ж.), Франция (1844 ж.), Ресей (1858 ж.), Германия (1861 ж.), Австро-Венгрия (1869 ж.) және Жапония (1871 ж.) сияқты мемлекеттермен екі жақты шарттар жасасты, бұл келісімшарттар көмір өнеркәсібі мен темір жол құрылысы саласында концессиялық қызмет барысында шетел кәсіпкерлерінің құқықтық реттілігін жүзеге асырды^[380].

XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ және басқа капитал экспорттаушы елдер инвестициялық қатынастарды екі жақты негізде реттеу жөнінде арнаулы халықаралық шарттар мен келісімдер жасай бастады^[381]. Өткен ғасырдың 60-90 жылдарықал ыптасқан инвестициялық қатынастарды екі жақты реттеудің екі негізгі бағытын бөліп қарауға болады: АҚШ инвестициялардың кепілдіктері туралы келісімдер жасасты; Германия шетел инвестицияларын көтермелеу, қолқабыс жасау және қорғау туралы шарттар жасасты. Егер алғашқы келісімдер қарапайым нұсқада жасасалса, екіншісі, керісінше, келіссөз және бекіту үрдістерін орындай отырып жасалды. АҚШ-тың келісімдерінде шетел инвестицияларын саяси әрекеттерден қорғау көзделсе, Германияның екі жақты шарттары қатынастардың барынша көп кешенін қамтиды, шетел капитал салымдарына кепілдіктер беру көзделді. Осы шарттардың бәрі арнаулы халықаралық келісімдер болды, шетел капиталын инвестициялауға байланысты қатынастарды реттеу - басты нысаны болды. 1980 жылдың аяғында әлемде екі жақты инвестициялық келісімдердің саны 181-ге жетті, ал 1999 жылдың аяғына 1856 -ға^[382] жетті, 1998 жылы жасалған 170 шарттың 40 пайызы дамушы елдермен жасалды^[383]. халықаралық инвестициялық жүйеде «орталық күштер» - АҚШ, Еуропа Одағы мемлекеттері және Жапония, бұлар негізгі инвесторлар және инвестициялар алушылар (көпшілік және жекеменшік деңгейде), осы инвестициялық орталықтардың капиталдарының өзара жымдасуы әлемді тұтас алғандағыдан жылдам жүріп отыр^[384].

Бұрынырақ айтылғандай, бұрынғы КСРО ЭӨК шеңберінде социалистік елдермен ынтымақтастық жасады, бұл елдерге ірі ауқымды көмек көрсетті. Ал капиталистік елдер мен КСРО-ның арасында капитал салымдарын өзара көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдер тек XX ғасырдың 80 жылдарында жасалды. Атап айтқанда КСРО мен Финляндия арасында (1989 жылғы 8 ақпандағы); КСРО мен Люксембург, Бельгия арасында (1989 жылғы 9 ақпандағы); КСРО мен Ұлыбритания Біріккен корольдігі мен солтүстік Ирландия арасында (1989 жылғы 6 сәуірде); КСРО мен Германия Федеративтік Республикасы арасында (1989 жылғы 13 маусымдағы); КСРО мен Француз Республикасы арасында (1989 жылғы 4 шілдеде); КСРО мен Нидерланд Корольдігі арасында (1989 жылғы 5 қазандағы); Канада мен КСРО арасында (1989 жылғы 20 ақпандағы); КСРО мен Италия Республикасы арасында (1989 жылғы 30 ақпандағы); КСРО мен Австрия Республикасы арасында (1990 жылғы 8 ақпандағы); КСРО мен Испания арасында (1990 жылғы 26 қазандағы), КСРО

Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасында (1990 жылы 1 желтоқсанда) капитал салымдарын өзара көтермелеу және өзара қорғау жөнінде келісімдер жасалды.

КСРО атынан барлығы шетелдік мемлекеттермен 14 келісім жасалды. Ресей Федерациясы КСРО-ның заңды мұрагері ретінде (ТМД құру жөніндегі Келісімге^[385] сәйкес Ресей КСРО-ның жасаған халықаралық шарттары бойынша барлық құқықтар мен міндеттерді өзіне қабылдады, 1991 жылы РФ Сыртқы істер министрлігі шетел инвестицияларын қорғау туралы екі жақты келісімдерді растаған арнаулы нота жариялады) халықаралық нормаларды басшылыққа алып, халықаралық келісімшарттарын жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялаған сәтінен **инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдер** жасау үрдісіне батыл кірісті. Алдымен ҚР мен АҚШ арасында капитал салымдарын көтермелеу және өзара қорғау туралы шарт жасалып, бекітілді, содан кейін инвестицияларды көтермелеу^[386] және қорғау туралы Шарттар Қазақстан Республикасы мен: Түрік Республикасы (1993 жылғы 29 қаңтардағы); Германия Федеративтік Республикасы (1993 жылғы 29 қаңтардағы); Қытай Халық Республикасы (1994 жылғы 8 маусымдағы); Литва Республикасы (1995 жылғы 20 ақпандағы).

Аздаған бәсеңдіктен кейін халықаралық шарттарды бекіту 90-шы жылдардың аяғында ғана жандана түсті: Украина Үкіметі (жылы 20 сәуірде); Испания Корольдігі (1995 жылы 26 сәуірде); Монғолия Үкіметі (1995 жылы 29 сәуірде); Венгер Үкіметі (1999 жылы 12 мамырда); Польша Үкіметі (1999 жылы 12 мамырда); Италия Республикасы (1995 жылы 22 мамырда); Египет Араб Республикасы (1995 жылғы 5 қыркүйектегі); Иран Ислам Республикасы (1996 жылы 2 шілдеде); Израиль Мемлекеттік Республикасы (1996 жылы 12 шілдеде); Румыния Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Ұлыбританияның Солтүстік Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Корея Республикасы Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Чех Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 11 маусымдағы); Малайзия Үкіметі (1997 жылғы 11 маусымдағы); Қырғыз Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 28 қазандағы); Финляндия Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 30 қазандағы); Әзірбайжан Республикасы Үкіметі (1997 жылы 5 желтоқсанда); Грузия Үкіметі (1997 жылы 5 желтоқсанда); Үндістан Республикасы Үкіметі (1998 жылы 8 мамырда); Швейцария Федералдық Кеңесі (1998 жылы 8 мамырда); Ресей Федерациясы Үкіметі (1998 жылы 11 желтоқсанда); Бельгия -Люксембург Экономикалық Одағы (1999 жылы 30 желтоқсанда); Француз Республикасы Үкіметі (2000 жылы 5 шілдеде); Кувейт Мемлекеті (2000 жылы 22 желтоқсанда); Болгария Республикасы Үкіметі (2001 жылы 15 мамырда); Тәжікстан Республикасы Үкіметі (2001 жылғы 17 қазандағы); Латвия Республикасы Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы); Швеция Корольдігі Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы); Пәкістан Ислам Республикасы Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы).

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 29 тамыздағы Қаулысымен бекітілген Келісімшарт, Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметімен сауда -экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдениет салаларындағы, сондай-ақ спорт және жастар істері жөніндегі Бас келісім жасалды. Бұл Келісім ҚР Үкіметінің 1995 жылғы 13 ақпандағы қаулысымен бекітілді.

Д.К.Лабин былай санайды: еуелде екі жақты шарттар капитал салымдарын қорғау туралы шарттар деп аталды, кейін капитал салымдарының көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімдер деп атады^[387]. Бұл тараптарды тең жағдайға қою үшін жасалды. Бастапқы орынға инвестицияларды көтермелеу, екінші, орынға - оларды қорғау қойылды. М.М.Богуславский ұндай Келісімнің мақсатын капитал салымдарын қолайлы инвестициялық хал-ахуал жасау жолымен өзара жүзеге асыру деп санайды^[388]. Н.А.Ушаков осыған байланысты мынаны атап көрсетеді: мемлекет өзінің егемендігіне қарай жалпы халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін кезкелген шарт жасауға, оның ішінде барынша қолайлы ұлттық реттілік міндеттемелері бар шарттар жасауға құқылы^[389].

Қазақстан Республикасы жасасқан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімдерде қатысушы - мемлекеттердің инвесторларына өзара негізде екі реттілік беріледі: барынша қолайлы реттілік немесе ұлттық реттілік Г.С.Сатарова мынаны атап көрсетеді: инвестор әрбір жақты жағдайда реттілікті таңдап алуға құқылы^[390]. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі және Грузия Үкіметі арасында жасалған инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімдерде әр келісуші жақ өз аумағында екінші келісуші жақтың инвесторларының инвестицияларына бірдей қолайлы, әділ, тең реттілік жасауға тиіс. Осы ережеде бір еске алатын жайт: бұл реттіліктен келісуші жақтардың бірі кезкелген Кеден одағына немесе еркін сауданың экономикалық одағына немесе аймақтық ынтымақтастықтың басқа да нысандарына бірлесіп қатысушы жекеленген елдердің инвесторларына беретін артықшылықтар, сондай-ақ келісуші жақтардың бірі жекеленген елдердің инвесторлары қосарланған салықтан, немесе салық мәселелері бойынша басқа да артықшылықтары пайдаланбайды. Мемлекетаралық келісімдерде қарастырылған құқықтық механизмдер елден тыс жерлерде ірі инвестициялық жобаларды^[391] жүзеге асырушы компаниялардың салық ауыртпалығын жеңілдетуге тиіс.

Қазақстан Республикасының екі жақты келісімдерінің басым көпшілігінде (АҚШ-пен жасалған Шарттан басқалары) шетел инвестициялары қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатыны көзделген. Мұндай әдіс қабылдаушы мемлекетке экономиканың белгілі бір салаларында шетел инвестицияларын шектеуге немесе тыйым салуға, ұлттық инвесторларға шетел инвесторларына қарағанда қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беруге мүмкіндік жасайды. Оң сәттер қатарына мынаны қосуға болады: инвестор барынша қолайлылық реттілігін, немесе ұлттық реттілікті, нақты жағдайда өзіне барынша қолайлы сәтті еркін таңдай алады. Қазақстан - АҚШ арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Шартқа біршама өзгеше тәсіл бекітілген - мемлекеттер инвестицияларды жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде (инвестициялаудың алдындағы), кезкелген уақытта (инвестицияларды жүзеге асыру барысында) мейлінше қолайлы немесе ұлттық реттілікті ұсынуға міндеттеледі.

М.М.Богуславский екі жақты келісімдерді жасаудың негізгі себептері негізінде мынаны ұсынады: 1) осындай шарттың арқасында келісім жасасқан әр мемлекет өз азаматтарының құқықтарын басқа елде жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді; 2) кезкелген елдің шетел инвесторының капитал салымын қорғау қамтамасыз етіледі; 3) шарт бойынша болашақта әріптес - елде мүмкін болатын заңнамалық өзгерістерге қарамастан, инвестициялар үшін келісімде қарастырылған реттілікті қолдануға белгілі бір кепілдік жасалады^[392]. Принципіне осындай ұйғарыммен келісе отырып, біз былай деп санаймыз: екі жақты келісімдердің негізгі мәні тәуелсіз және егеменді мемлекеттердің өздеріне өзара міндеттемелер қабылдауында, мұның өзі аймақтық немесе көпжақты келісімдердің жалпы және нұсқаулық сыпаттағы ережелеріне қарағанда жеткілікті айқын және нақты сыпат алады.

§2. Шетел инвестицияларын аймақтық реттеу

Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларын аймақтық реттеу тәуелсіз мемлекеттердің ынтымақтастығы шеңберінде жүзеге асырылады. Сонымен тәуелсіз мемлекеттер Достастығының құрылғанынан бері бес жылда ұжымдық хауіпсіздікті бірге есептегенде, ынтымақтастық, өндірістік, әлеуметтік гуманитарлық салаларда^[393] 1300-ден астам келісім жасалды (атақандай «Достастыққа қатысушы - мемлекеттердің шаруашылық заңнамасын жақындастыру принциптері туралы» Келісім^[394]; Өндірістік, Коммерциялық, Несие-Қаржы, сақтандыру және Трансұлттық бірлестіктер құруға және дамытуға көмектесу туралы» Келісім^[395], т.б.).

Инвестициялық қызмет саласында Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдава Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы және

Украинамен жасалған Келісім (Ашхабат, 1993 жылы 24 желтоқсанда) аймақтық өзара қимылдың деректі үлгісі бола алады. Осы келісімді онан әрі нығайту мемлекеттер басшыларының Кеңесі «Инвестор құқықтарын қорғау туралы» Конвенцияны мақұлдады. Конвенцияның мақсаты жалпы кепілдендірілген инвестициялық кеңістік жасау болып табылады. Ол 1997 жылы 28 наурызда Астанада қабылданып қол қойылды. ҚР Заңымен 1999 жылы 30 желтоқсанда бекітілді. Қазақстан үшін 2000 жылы 16 мамырда күшіне енді. Инвестордың құқықтарын қорғау туралы Конвенцияда қатысушы елдер аумақтарында тіркелген инвестициялардың санлауан түрлерін жүзеге асырудың құқықтық негіздері мен кепілдіктері және олардан алына тын кірістер анықталған. Жалпы алғанда, Конвенция қатысушы мемлекеттердің ұлттық экономикасына инвестициялар тартуға көмектесуге, инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты мәселелерді үйлестіріп шешуге жағдай жасауға бағытталған. Сонымен бірге 1998 жылы 6 наурызда қол қойылған трансұлттық корпорациялар туралы Конвенция және 1998 жылы 29 қарашада қол қойылған Мемлекетаралық лизинг туралы Конвенция да ТМД елдерін қамтиды.

Сондай-ақ ТМД шеңберінде интеграция үрдісі көп жағдайда формальды сыпатталады және объективтік және субъективтік факторлармен қиындай түседі. А.Маковский ТМД елдерінің 8 конвенцияға қатысуына талдау жасаған: 8 конвенциясының үшеуіне ТМД елдерінің жартысынан астамы қатысқан, оның ішінде Армения мен Тәжікстан екі конвенцияға; Қазақстан мен Қырғызстан үш конвенцияға; Молдова мен Украина - 4 конвенцияға; Әзірбайжан - 5 конвенцияға; Грузия, Ресей, Өзбекстан - 6 конвенцияға; Түрікменстан 7 конвенцияға^[396] қатысқан. Ал ТМД елдерінің бағалы қағаздар нарығындағы қызметін үйлестіру туралы Конвенцияға (1998 жылы 25 қарашада қол қойылған) бірде-бір мемлекет қатыспайды (бұл Конвенция Беларусь Республикасында күшіне енді). Амал қанша, әзірше ТМД елдері бірыңғай экономикалық кеңістік жасай алмай жатыр және басқа қауымдастықтарда (мысалы, Европа Қауымдастығы, мұнайлы елдер қауымдастығы, Анд тобыны елдері) инвестицияларды пәрменді аймақтық реттеу мүмкін болмай отыр, солай бола тұрса да, экономикалық мүдделер саяси үрдістерден басым түсіп, ТМД елдерінің ынтымақтастығы таяудағы уақытта жаңа деңгейге көтерілетін болады.

Аймақтық деңгейде интеграциялау ісінде Европалық одақ елдері анағұрлым жоғары нәтижелерге жетісті. 2005 жылға дейін Европа Одағының мүшелері: Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Франция, Финляндия, Швеция, Кипр, Чехия, Эстония, Венгрия, Латвия, Мальта, Польша, Словения, Словакия, Литва^[397]. Европа одағының ақтық мақсаты кеден, экономикалық және саяси одақтар құру болып табылады. Бұл бағыттарды қатысушы мемлекеттер өзара саудада баж салығын толық жоюға, бірыңғай сыртқы кеден тарифін белгілеуге; дамушы елдерді бірқатарымен өзара саудада шектеулер санын жоюға, шекарадан адамдардың, товарлар мен капиталдың еркін өтуіне, бірыңғай сауда саясатын жүргізуге, жалпы есеп айырысу бірлігі (эю) бар үйлестірмелі валюта-қаржы жүйесін жасауға, халық үшін әлеуметтік құқықтарды жақындастыруға бірыңғай патенттік жүйе жасауға жетісті^[398]. Тұтас алғанда, Европа Одағының елдері егемендік пен тәуелсіздікті сақтай отырып, ортақ нарық жасауға жетісті.

§3. Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықтық реттеу екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады, бұл салада көп жақты Конвенциялар жасау әрекеттері ертерек басталған - ды. 1929 жылы Парижде Ұлттар Лигасының бастамасымен шетелдіктер мен олардың мүліктерінің айналымы жөнінде көпжақты халықаралық конвенция жасау мақсатымен конференция шақырылды. Жоба ережелерінің мәніне қарай шетелдіктер мен олардың меншігіне ұлттық құқықтық реттілікке қарағанда барынша қолайлы құқықтық реттілік тудырылуға тиіс болды. **1965 жылы** «Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасында

инвестициялық дау-дамайларды реттеу әрті туралы» **Вашингтон конвенциясы** қабылданды. Осыған сәйкес инвестициялық дау-дамайларды реттеу жөнінде Халықаралық орталық (ИКСИД) құрылды.

Вашингтон конвенциясы 1966 жылы 14 қазанда күшіне кірді, 2001 жылы қыркүйекке дейінгі жағдай бойынша 149 мемлекет^[399] (оның ішінде Қазақстан Республикасы, конвенция ҚР үшін 2000 жылы 21 қазанда күшіне енді). 149 қол қойған мемлекеттің 134-і бұл шартты бекітті, 15 мемлекет қол қойғанымен, конвенцияны бекіткен жоқ (салыстырмалы ретінде мынадай цифрлар келтірейік: 1996 жылы Вашингтон конвенциясына 139 мемлекет қойды, оның 120-ы бұл шартты бекітті^[400]). Конвенция даулы мәселелерді шешу үшін тараптардың соттарына жүгінуді, мемлекеттік егемендікке сілтеме жасауды жоққа шығарды. ИКСИД практикасында шетел инвесторының заңдық құқықтарын қорғау автономиялық біліктілік нормаларынан қолдану жолымен (ішкі құқықтық материалдық нормаларынан тәуелсіз әр алуан ұлттық жүйелердің ұғымдарын жинақтау негізінде) жүзеге асырылады^[401]. Мұндайда Конвенциямен әлемдік коммерциялық аралық сот практикасындағы ішкі бақылаудың бірегей жүйесі қарастырылған: ұтылған тарап ИКСИД-тің Бас хатшысына шешімді жою туралы өтініш жасауға құқылы (бұл талап қатаң белгілі бір негіздермен ұсынылуы керек, оны қарау үшін арнаулы комитет құрылады, ол шешімді жартылай немесе толық жоюға құқылы^[402]).

1985 жылы қарашада Халықаралық даму және қайта құру банкінің (МБРР) сессиясында, Сеулде «Инвестициялардың кепілдіктері жөніндегі Көптарапты агенттік құру туралы» Конвенцияға (**Сеул конвенциясы**) қол қойылды. Сеул конвенциясы инвестициялық салада халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарды сақтау кепілдіктерін қамтамасыз етуге тиіс болды. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Инвестициялардың кепілдіктері жөніндегі Көптарапты агенттік (МАГИ) заңды тұлға болып табылады және келісімшарт жасауға; жылжымайтын, жылжымалы мүлік алуға және сатуға құқылы. МАГИ-дің негізгі міндеті - мүше мемлекет арасында инвестициялар тасқынын әсіресе дамушы елдерге реттеу, сөйтіп МБРР, МФК және басқа да халықаралық қаржы мекемелерінің жұмысын толықтыра түседі. Осы мақсатқа жетісу үшін МАГИ: басқа мүше-елдерден қандай да болсын мүше елде жүзеге асырылып жатқан инвестициялардан коммерциялық емес шаралардан қайталама және бірлескен сақтандыруды бірге алғанда, кепілдіктер береді; дамушы мүше-елдерге және олардың арасында инвестициялардың тасқынына көмектесу жөнінде қосымша тиісті қызмет жүргізеді; белгілі мақсатқа жетуге^[403] қажетті басқа да қосымша өкілеттіліктерді пайдаланады. Сеул конвенциясы 1988 жылы әуірде күшіне енді (21 мемлекет бекіткен соң және жарғылық капиталдың кемінде үштен бір-бөлігіндей мөлшерде қаржы енгізгеннен кейін) қазір МАГИ-ге 150-ге жуық мемлекет қатысады^[404].

Шетел инвестицияларын реттейтін көптарапты шарттар арасында **1994 жылы Лиссабонда қол қойылған Энергетикалық Хартияға қосымша Шарт** ерекше орын алады. Оның негізгі мақсаты - энергетика саласында инвестициялардың өткізгіштігін арттыру, энергетика нарықтарына еркін енуі және энергетикалық ресурстарды еркін тасымалдауды қамтамасыз етуге жағдайлар туғызу. Энергетикалық қауымдастық жасаумен және өзара іс-әрекетті қалыптастыру және әлемдік экономикаға интеграциялау үшін келісімшартқа қатысушы - ел бірақатар халықаралық ұйымдардың мүшесі болады. Отандық әдебиетте Энергетикалық хартияға Қосымша шартқа қол қойылуы Қазақстан Республикасының мүдделерімен толық үйлеседі, аздаған кемшілігі болғанымен инвесторлардың құқықтарын қорғауға толық бағытталған, қабылдаушы мемлекет ретінде Қазақстан өз құқықтарының біразынан бас тартуын шектеуге дейін барды, атап айтқанда, сот билігінің тәуелсіздігінен бас тартты; өйтіп мемлекеттік шенеуніктер тарапынан қолсұғушылықтан қорғау жолымен шетел инвесторларына кепілдіктерді күшейтті^[405]. Тиісінше, бұл Шарттың ерекшелігі сол - Қазақстан әуелбастан-ақ Шартқа қатысушы елдердің инвесторлары үшін қабылдаушы жақ ретінде шығады. Ресей әдебиетінде мына жайт атап өтілді: Еуропалық Энергетикалық Хартия бірте-бірте жапондық сыпат алып барады, Еуропа шегінен асып шықты - Ресей, Жапония, Австралия және Орта Азия елдері бұл үрдіске белсене арала суда,

солай бола тұрса да толық ауқымды жаһандық өлшемге жете қойған жоқ, өйткені АҚШ пен Канада Энергетикалық Хартияға көмекші Шартқа қол қойғанымен, Шартқа қосылмай, Хартияның құрылу үрдісінде тек бақылаушылар ретінде қалып отыр^[406].

Шетел инвестицияларын Дүниежүзілік (сауда Ұйымы (ДСҰ) шеңберінде халықаралық - құқықтық реттеу сонымен бірге көптарапты сыпат алып отыр (қазір ДСҰ-на әлемнің 140 елі мүше екенін ескргенде). Атап айтқанда, инвестициялық қызметті реттеу үш негізгі актымен жүзеге асырылады: **Сауда саласындағы инвестиция қатынастарындағы шаралар туралы Келісім (ТРИМС), қызметтер саудасы туралы Бас келісім (ГАТС) және саудаға қатысты зияткерлік меншік құқықтарының мәні туралы Келісім (ТРИПС)**^[407]. ТРИМС-тің негізгі маңызы мынада: ол шетел инвестицияларын жүзеге асыруға теріс әсер ететін, ұлттық реттілік принципіне және сандық шектеулерді тыю принципіне қайшы келетін сауда саясатының шараларын қолдануға тыйым салады^[408]. Осындай шаралардың ішінен шетел қатысуындағы кәсіпорындарға қойылатын талаптарды өндірісте пайдалану және өндірілген өнімнің нақты бір бөлігін міндетті түрде экспортқа шығару талаптарын ерекше бөліп алуға болады. ТРИМС ережелеріне сәйкес осындай шараларды жою үшін дамыған және дамушы елдер үшін әртүрлі мерзімдер ұсынылады: дамыған елдер үшін ТРИМС-тің күшіне ену сәтінен екі жыл ішінде; дамушы елдер үшін 5 жыл. ТРИМС шын мәнінде тікелей шетел инвестицияларын орналастыру әртібін реттейтін құқықтық нормалардың онан әрі дамуына негіз болып табылады^[409].

1995 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйым (ОЭСР) - дамыған елдердің мүдделерін көздейтін және 1961 жылы құрылған халықаралық ұйым шеңберінде екі тұрақты Комитет құрылды: Халықаралық трансұлттық корпорациялар жөніндегі Комитет және Капитал қозғалысы мен жасырын операциялар қозғалысы жөніндегі Комитет. Инвестициялар бойынша Көп жақты Келісім жасау жөнінде келіссөздер басталды. 1995 жылдың қыркүйегінен 1997 жылдың басына дейін келіссөз үрдісі тек техникалық сыпатта болды; 1997 жылдан бастап осы Келісімнің ережелерін жасау үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ынталы тараптардың толастамаған назарында болды^[410]. 1998 жылы Келісімнің жасалған жобасын Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі Ұйымға қатысушы елдердің министрлері бекітіп, талқылауға ұсынылды.

Инвестициялар жөніндегі Көп жақты келісім, оны жасаушылардың пікірі бойынша, инвестициялық реттеліктерді ыркына жіберу, инвестицияларды дау-дамайларды шешу принциптеріне негізделген халықаралық инвестициялық қатынастарды реттеудің көп жақты механизмін көңірек бекітеді. Жоба шет инвесторларына және олардың инвестицияларына хауіпсіздікті қамтамасыз ететін, сондай-ақ олардың қызметін ықтимал реттеуді белгілейтін ережелерге негізделген, бұл өз тарапынан капитал салымдарының негізгі қатысушылары арасында құқықтық қатынастарды болжай білудің жоғары деңгейін енгізген болар еді^[411]. Осы жобаның жағымдылығының негіздеріне мынаны жатқызуға болады: 1) барлық инвесторларға келісім ережелері қарастырылмаған; 2) «Инвестицияның» ұғымы кеңінен жеткілікті анықталған және кезкелген шетелдік жекеменшікті барлық көріністерін де қамтиды. Ұйғарым бойынша, Инвестициялар жөніндегі көп жақты Келісім Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі Ұйымға және Европа Одағына қатысушы мемлекеттердің бәріне, сондай-ақ аталған халықаралық ұйымдарға мүше болып табылмайтын, бірақ Келісімде қарастырылған міндеттерді орындауға әзір барлық ынталы мемлекеттердің кіруіне есік ашық. Негізгі ережелерді келісу үрдісі, содан кейін инвестициялар жөніндегі Көп жақты келісімді қабылдап, қатысушы мемлекеттердің қол қоюы ұзаққа созылатын іс болғанымен, бұл халықаралық инвестициялық қатынастарды жан-жақты реттеу ісіндегі елеулі қадам болып табылады.

Сонымен, шетел инвестицияларын халықаралық - құқықтық реттеу үш деңгейде: атап айтқанда, екі жақты, аймақтық және көп жақты реттеу арқылы жүзеге асырылады.

§4. Мемлекетаралық инвестициялық қатынастардың саласындағы халықаралық ұйымдар

Халықаралық валюта қоры (МВФ) 1944 жылы жасалған МВФ туралы Шартқа сәйкес құрылған. Келісімнің ресми күшіне енуі 1945 жылы 27 желтоқсан, бірақ МВФ-ының тек 1947 жылы наурызда басталады. Сол жыл Қордың мүшелері 49 ел болса, қазір онда 179 мемлекет мүше, оның қатарында Қазақстан Республикасы да бар. Осы халықаралық валюталық-қаржылық ұйымының негізгі міндеті халықаралық сауда мен валюталық ынтымақтастықтың дамуына валюталық бағамдарды реттеу нормаларын белгілеп, оларды бақылауды сақтай отырып, валюталардың орнықтылығын қамтамасыз ету, төлемдердің көпжақты жүйесін жасау, валюталық шектеулерді жою, сондай-ақ төлем баланстарының ауытқуларына байланысты туындаған валюталық қиындықтарда өз мүшелері несиелесу ресурстарын беру жолымен өмектесу болып табылады ^[412]. 1944 жылы МВФ-ының Жарғысына енгізілген ереже бойынша қатысушы мемлекеттер капиталдардың халықаралық қозғалысын реттеу жолымен қажетті бақылауды жүзеге асыра алады, алайда ағымдағы келісімшарттар бойынша төлемдердің шектелуі немесе қабылданған міндеттемелер бойынша ақша аударымдарының кешігуі орын алса, мұндай бақылау жүзеге асырылмайды. (6 бап, 3 тармақ) ^[413].

1946 жылы маусымда құрылған қайта құру және дамудың **Халықаралық банкі (МБРР)** үкіметаралық несиелесу - қаржы ұйымы болып табылады. Ол негізінен дамушы елдерге ұзақ мерзімді қарыздар босатады, ал 80-ші жылдардың аяғынан Шығыс Еуропа мемлекеттерге қарыздар босаты. Несиелердің негізгі бөлігі жекеменшік коммерциялық қарыздар түрінде, жоғары пайызбен босатылады; жекеменшік кәсіпорындар өз үкіметтерінің кепілдіктері болған жағдайда ғана; сондай -ақ МБРР-дың қарыз алушы мемлекеттің экономикалық, көбінесе әлеуметтік дамуына қатысты нұсқауларын орындаған жағдайда қарыз ала алады. Мемлекеттердің социалистік және капиталистік блоктарының қарама-қарсы тұрған кезеңінде барынша дамыған мемлекеттердің «Экономикалық жағынан бұғауда» мемлекеттерден басымдылығынан көрініс алатын әлемнің үшінші топтағы елдеріне «нағыз демократияны» енгізу бағытын жүргізуші ролін атқарады. МБРР -дың Президенті болып Банкте барынша көп дауысқа ие болып отырған АҚШ өкілі сайланды. МВФ-дағыдай дауыс құқы елдің банк капиталына қосқан жарнамасы мөлшерімен есептеледі: жеті жетекші мемлекет барынша **жары** квотаға (Германия, Ұлыбритания, Қытай, Франция, Сауд Арабиясы, АҚШ, Жапония), Банктегі барлық дауыстың жартысынан астамына иелік етеді, ал АҚШ жүз дамушы елдердің дауысына пара-пар дауысқа ие ^[414]. МБРР формальды түрде БҰҰ-ның мамандырылған мекемесі болып табылады. Алайда оның Жарғысына және БҰҰ және МБРР арасындағы келісімге сәйкес МБРР өз шешімдерінде тәуелсіз.

МБРР жанында екі филиалды - **Халықаралық қаржы корпорациясы (МФК)** және **Халықаралық даму ассоциациясы (МАР)** құрылуы әртүрлі, бірақ өзара байланысты себептерден туындайды. МФК 1956 жылы дамуы кенжеленген елдерге көмек көрсету мақсатында құрылған. Бұл елдердің Экономикасының жеке секторды кеңейту жолымен көмек көрсетеді. МБРР қарыздар босату саясатынан өзгешелігі сол - МФК қарызын алуда, біріншіден, жеке меншік кәсіпорындардан мемлекеттік кепілдіктер талап етілмейді; екіншіден, несиелер жеке меншік секторын дамытуға жұмсалады. 1960 жылы осындай принциппен МАР құрылды, ол МБРР-ға қарағанда қаржы көмегімен мейлінше жұмсақ талаптармен өрсететін мекеме (пайызсыз және ұзақ мерзімге). Әлемдік Банк институттарының қызметіне қосымша ретінде 1988 жылы инвестицияларға кепілдіктер жөнінде Көпжақты агенттік (МАГИ) құрылды, ол МБРР-ға еншілес ұйым болып табылады, заң және қаржылық тәуелсіздікке иелік етеді. МАГИ мүше дамушы елдерде жүзеге асырылатын инвестицияларды саяси ықпалдылықтан сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Аймақтық деңгейде, сондай-ақ тиісті халықаралық ұйымдар құрыла бастады. 1957 жылғы Рим Шартына сәйкес **Европалық Экономикалық Қауымдастық (ЕЭС)** құрылды. Ол он екі батыс еуропалық мемлекеттерді (Бельгия, Ұлыбритания, Грекия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланд, Португалия, Франция, Германия) қамтыды. Сонымен бірге 1951 жылы Европалық көмір және болат бірлестігі (ЕОУС) және 1957 жылы

Атомэнергиясы жөніндегі Европалық қауымдастық (ЕВРАТОМ) құрылды, бұлар ЕЭЖ -пен бірге формальды дербес, бірақ өзара байланысты аймақтық экономикалық ұйымдар болды (ЕУОС, ЕВРАТОМ және ЕЭС бірігуі нәтижесінде 1957 жылы Европалық одақ (ЕС) ^[415] құрылды.

Сондай-ақ халықаралық қаржы жүйесінің берік ірге тасының бірі Европалық даму және қайта құру банкі (ЕБРР) болды, ол 1990 жылы бұрынғы КСРО-ның мемлекеттерінде, Европаны Орталық және Шығыс елдерінде нарықтық экономикаға көшуге, кәсіпорындарды жекешелендіру және мемлекет меншігінен алуға, қайта құру мен модерлендіруге көмектесу мақсатымен құрылды. Басқа да халықаралық институттар сияқты (мысалы, МБРР, МВФ) ЕБРР мақсатты инвестициялармен дамудың бағдарламаларын жасауда консультативтік қызметтер көрсететін болды^[416].

Ең соңында, 2000 жылы Қазақстан Республикасының бастамасымен **Евро-Азиялық экономикалық қауымдастық** (ЕврАзЭС) құрылды, ол Кеден одағы мен бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыруды мақсат етті. ЕврАзЭС-тің мүшелері Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан болды^[417]. ТМД елдерінің ішінде халықаралық-құқықтық реттеуде орын алып отырған белгілі қиындықтарды ескеріп, жаңа халықаралық ұйым экономикалық салада халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін көтеру мен мемлекетаралық инвестициялық қатынастарды дамытуға әсер ететін болады.

§5. Трансұлттық корпорациялар

Трансұлттық компаниялар, осы заманғы халықаралық инвестициялық үрдістің белсенді қатысушылары болып табылады. Трансұлттық корпорациялардың мынадай белгілері анықталған: 1) осы жүйеге енетін, әртүрлі елдерде шашырай орналасқан саналуан құрылымдардың әрқайсысы өзінің жеке статусы бар заңды тұлға (инкорпорация немесе доминиция белгісі бойынша) болып саналады; 2) ұйымына тәуелділігі немесе өзара тәуелділігі бүкіл акцияларды немесе басқа еншілес кәсіпорындар акцияларының бақылау пакетін қолында ұстап отырған холдингтік компания - акционерлік қоғамның көмегімен жиі жүзеге асырылады; 3) еншілес кәсіпорындардың әкімшілік құрамына бас компанияның нұсқауымен директорларды немесе басқарушыларды тағайындау жолымен жүзеге асырылатын басқару бірлігінің анықталған нысаны^[418].

Сонымен бірге трансұлттық корпорациялар негізгі үш топқа бөлінеді: монополиялар өзінің капиталы бойынша ұлттық, бірақ қызмет саласы бойынша халықаралық (ұлттық қоғамдар, трестер, шетелдерде көптеген филиалдары, еншілес қоғамдары бар компаниялар); қызмет саласында ғана емес, капиталы бойынша халықаралық болып табылатын трестер, концерндер; заңды тұлғалар болып табылмайтын өндірістік және ғылыми -техникалық бірлестіктердің халықаралық картельдері, синдикаттары^[419]. Трансұлттық корпорациялардың құрылу үрдісінің өзі - объективті құбылыс сияқты, осы жағдайдың өзінде де капиталды сыртқа шығару туралы айту дағдылы жай болса да, мұны капиталдың шоғырлану үрдісі ретінде сыпаттау орынды. Капиталды қыршығару бір мемлекетте құрылған кәсіпорынның екінші мемлекеттегі кәсіпорынға толық немесе жартылай тәуелділігіне әкеп соғады. Сайып келгенде, трансұлттық корпорациялардың көмегімен жекеленген елдерде экономикалық үстемдік саяси үстемдікке әкеп соғады, бұған мысалдар жеткілікті. Бірақ, капиталдың бұрын болмаған шоғырлануының осы үрдісінің одан әрі дамуы, біздіңше, өзінің объективті құбылыс сыпатын жойып та келеді, өйткені әлемдік экономикалық үстемдікке жету мақсаты қиял, қолжетпейтін жай.

Бақылау сұрақтары

1. Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық -құқықты реттеуде негізгі бағыттары қандай?

2. Қазақстан Республикасы жасасқан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдерді атаңыз.
3. Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдерді қабылдаудың себептері қандай?
4. Қазақстан Республикасы жасасқан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдердің көпшілігіне не тән?
5. Қазақстан Республикасы жасасқан екі жақты келісімдерге сәйкес инвестицияларға қандай реттілік беріледі?
6. Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық-құқықтық реттеудің мәні неде?
7. ТМД шеңберінде шетел инвестицияларын аймақтық халықаралық-құқықтық реттеуді сыпаттаңыз.
8. Еуропа одағы елдерінде шетел инвестицияларын аймақтық реттеудің ерекшеліктерін атаңыз.
9. Шетел инвестицияларын не жақты халықаралық -құқықтық реттеу қашан пайда болды?
10. Қашан және қандай мақсатпен Вашингтон конвенциясы қабылданды?
11. Сеул конвенциясына сыпаттама беріңіз.
12. МАГИ-дің құқықтық хал-ахуалының ерекшеліктерін ашыңыз.
13. Қазақстан Республикасының Энергетика Хартиясы қосымша Шартқа қатысу мәні неде?
14. ДСҰ - шеңберінде шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу қандай бастамаларда құрылады?
15. Инвестициялар жөнінде Көпжақты келісімге сыпаттама беріңіз.
16. Мемлекетаралық инвестициялық қатынастар саласында негізгі халықаралық ұйымдарды атаңыз.
17. Халықаралық инвестициялық үрдіске трансұлттық корпорациялардың қатысу ерекшеліктерін анықтаңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Бирюков В.П. Халықаралық құқық: Оқу құралы. М.: «Юрист» баспасы, 2006.
2. Богуславский М.М. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. М.: «БЕК» баспасы, 1996.
3. Вознесенская Н.Н. Шетел инвестициялары Африка елдеріндегі аралас кәсіпорындар. М.: «Наука» баспасы, 1975.
4. Кулагин М.И. Мемлекеттік-монополистік капитализм және заңды тұлға. М.: УДН баспасы, 1987.
5. Кулагин М.И. Дамушы елдерде шетел капитал салымдарын құқықтық реттеу (Африка және Араб Шығыс елдері). М.: УДН баспасы, 1991.
6. Лабин Д.К. Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу. М., 2001.
7. Лунц Л.А. Халықаралық жекешелік құқық бағыты. Ерекше бөлім. М.: «Заң әдебиеті», 1975.
8. Халықаралық құқық: ЖОО арналған оқулық. / Г.В.Игнатенко мен О.И.Тиуновтың редакциясымен. М.: «НОРМА-Инфра.М» баспа тобы, 1999.
9. Мозолин В.П. АҚШ Монополиясы, корпорациялары және құқығы. М.: МГУ баспасы, 1966.
10. Қазақстан Республикасындағы құқық және шетел инвестициялары. / М.К.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.
11. КСРО аумағындағы бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар. Нормативтік актылар, түсініктемелер. / Г.Д.Голубовтың жауапты редакторлығымен. М.: «Заң әдебиеті», 1989.
12. Ушаков Н.А. Халықаралық құқық: Оқулық. М.: «Юрист» баспасы, 2000.

13. Фархутдинов И.З. Халықаралық инвестициялық құқық: теория және практика. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.
14. Шлянцев Д.А. Халықаралық құқық: лекциялар курсы. М.: «Юстицинформ» баспасы, 2006.
15. Шумилов В.П. Халықаралық қаржы құқық: оқулық. М.: «Халықаралық қатынастар», 2005.

13 дәріс. Инвестициялық шарт. Инвестициялық шарттар жүйесі.

Инвестициялық шарт ұғымы. Инвестициялық шарттың функциялары. Инвестициялық шарттың талаптары. Инвестициялық кепілдіктер беру туралы келісімшарт.

§1. Инвестициялық шарт ұғымы

Кезкелген құқықтық қатынастар сияқты инвестициялық құқықтық қатынастар өздігінен пайда бола бермейді. Инвестициялық қатынастардың пайда болуының, өзгеруі мен тоқталуының басты негізі шарт болып табылады. Практикада инвестициялық шарттардың мейлінше кең тарағанына қарамастан, ҚР Заңнамасында оның ұғымы туралы тікелей нұсқау жоқ, тым жалпы нұсқада инвестициялық келісімшарт - инвестициялық жеңілдіктер қарастырылған инвестицияларды жүзеге асыру Шарты (мұнда экономика басым секторларында қызметті жүзеге асыратын инвесторға көтермелеу шараларын көрсету туралы келісімшарттар ескеріліп отыр).

Инвестициялық келісімшарттардың заң жүзіндегі анықтамасының болмауы мынада: шарттың ұғымы мен мәні толық көлемде азаматтық заңнамамен сыпатталады, онда Шарттар мен ымыралықтар арасында айқын шек жүргізілген. Әрбір шарт - ымыра, мәміле, келісім, бірақ әрбір ымыра шарт болып табылмайды. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) бір жақты мәмілелер үшін бір тараптың ерік білдіруі жеткілікті, оны шартқа жатқызуға болмайды, өйткені шарт жасасу үшін екі және одан да көп тараптың келісілген ерік міндетті түрде болуы керек (ҚР АҚ 148 бап). Басқаша айтқанда, екі-көп жақты мәмілелер шарт бола алады.

Сонымен бірге заң әдебиетінде шарт ұғымында бірауыздылық жоқ. Осы проблемаға көзқарас, ұғымының әртүрлі болуының бастауы Рим құқына созылады. Оның ережелеріне сәйкес Шарт құқықтық қатынастың пайда болуының негізі деп қарастырылған, ал құқықтық қатынастың өзі осы негізден бастау алады, нысан ретінде тиісті құқық қатынасты қабылдайды. Шарт туралы осы заманғы түсініктер жоғарыда аталған ұғымдарды қамтиды, екі және одан да тараптардың келісімдерін шарт деп танумен бірге азаматтық құқықтардың пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы, мысалы, О.С.Иоффенің пікірінше, кейде осындай келісімшарттардан туындайтын міндеттемелердің өзі, кейде бұл термин барлық қатысушылардың еркімен пайда болған міндеттемелерді нақтылаушы акт^[420]. М.Қ.Сүлейменов, Б.В.Покровский шарт заң фактысы ретінде құқықтық қатынас немесе шарттық құқықтық қатынастар ретінде^[421] шарттың пайда болуының негізі болып қызмет етеді, - деп нақтылай түседі. Н.Д.Егоровтың айтуынша шарт - міндеттемелік құқықтық қатынастың негізіне алынған заң фактысы^[422]. Сондай - ақ Р.О.Халфина айтқан пікірі де бар: екі немесе бірнеше тұлғаның еркін келістірумен бірге Шартқа өзара азаматтық құқықтар мен міндеттер енгізілген^[423]. Шарттық көп ұғымдылығы жоққа шығарылса да, шарттың ұғымына құқықтар мен міндеттердің енгізілуі кері түсінікті көрсетеді - өйткені құқықтар мен міндеттер құқықтық қатынастардан үзіліп қалмайды. Демек, шарттың құқықтық қатынастар ретіндегі ұғымын жоққа шығару әрекетіне қарамастан, бұл әрекеттен ештеңе шықпағанын атап өту керек. Тиісінше, шарт - заң фактысы, құқықтық қатынас.

Шаруашылық құқының табиғатын зерттеуде құқық саласы ретінде шаруашылық құқының өз дербестігін жақтаушылар шарттың мәнін түсінуге ерекше ден қояды. Атап айтқанда, Д.Н.Сафиуллин^[424] пікірінше, шаруашылық шарт міндеттемелердің пайда болуының негізі болғанның өзінде ымыралық қарағанда, барынша күрделі құбылыс; бір шарттың шеңберінде саналуан ұйымдық және мүліктік әрекеттер өрбиді, мұның өзі жекеленген құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруі мен әрекетін тоқтатуына әкеп соғады, сондықтан шаруашылық шартты «ымыраның ымыралығы» деуге болады^[424]. Н.И.Клейннің ойынша, ұйымдық функциялар кезкелген шаруашылық шартқа тән (ұйымдық және мүліктік бастамалар тоғысады)^[425]. Жалпы ағанда, шарт -мүліктік қатынастардың құқықтық нысаны ғана емес, оларды ұйымдастырудың құралы.

Кәсіпкерлік шарттың ерекшеліктері туралы айта келіп, солардың негізгілерін атауға болады: біріншіден, шарттың тараптары тек кәсіпкерлік құрылымдар, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер болады; екіншіден, кәсіпкерлік шарт тек кәсіпкерлік салада және экономикалық қызметтің басқа буынында қолданылады. Сонымен бірге аталған ерекшеліктердің елеулі болып саналғаны соншалық, кәсіпкерлік шарттың Шарттың дербес түрі ретінде бөлінуінің негізділігін растауға болады.

Азаматтық-құқықтық шарттардың ерекше тобы бар, оның ерекшеліктері - бұған кәсіпкерлер қатысады. Осыған байланысты М.И.Брагинский, В.В.Витрянский мынаны атап көрсетеді: РФ Азаматтық кодексінің 610 баптарының 262 бабы кәсіпкерлердің қатысуына арналған, қалған «шарттық» баптар жалпы ереже бойынша кәсіпкерлердің қатысуын қалайтын қатынастарға есептелген^[426]. Сондықтан кәсіпкерлік шарттар әрекет етеді, олар азаматтық-құқықтық шарттың әртүрлі саласы болып табылады, тиісінше, азаматтық заңнаманың нормаларымен реттеледі.

Бұл жерде мына бір маңызды жайтты ескеру керек: егер заң шығарушы кәсіпкерлік және кәсіпкерлік емес шарттар үшін әртүрлі құқықтық реттіліктер белгілесе, кейде бір немесе екі тарап өздерінің кәсіпкерлік қызметінің шеңберінде әрекет еткен жағдайда арнаулы шарттық нұсқалар жасайды, бұл әрдайым азаматтық-құқықтық шарттар мен оларға тән нұсқалардың жалпы сұрыпталуы шеңберінде^[427] әрекет жасайды. Бұрын шаруашылық шарттар (жоспарлау актыларынан туындайтын міндеттемелер) азаматтық заңнамамен шарттардың жеке тобына жатқызылса, қолданылып жүрген заңнамада кәсіпкерлік шарттар қарастырылмаған.

Инвестициялық шарттың мәнін анықтаудағы негізгі күрделілік мынада: азаматтық-құқықтық шарттар үлгілерінің қолданылып жүрген сұрыптауында кәсіпкерлік, сондай-ақ инвестициялық шарттарға орын берілмеген. Бұған қарамастан, кәсіпкерлік және инвестициялық шарттардың өздеріне тән бірқатар ерекшеліктері бар. Қосарланған жекешелік құқықтың қалыптасқан жүйесі бар елдерде азаматтық-құқықтық шартты сауда шарттарынан (кәсіпкерлік) айқын ажыратылған. С.Жамен, Л.Лакур атап өткеніндей, халықаралық практикада коммерциялық келісімшарттардың мынадай түрлері қалыптасқан: 1) коммерциялық қызметке қажетті (сауда келісімі) коммерсантпен келісімшарттар; 2) аралас ымыра жөніндегі келісімшарттар; 3) азаматтық ымыралық келісімшарттар (коммерциялық қатынастарға қатысы жоқ)^[428]. Сондықтан Е.А.Сухановтың пікірімен келісуге болады: жекешелік (азаматтық) құқықтың қалыптасқан жүйесі жағдайында кәсіпкерлік (сауда, коммерциялық, шаруашылық) құқының жаңа нұсқасының пайда болуын, тиісінше жаңа шарттың туындауын жоққа шығаруға болмайды, бірыңғай азаматтық-құқықтық мектеп өкілдері дәл осылай дейді^[429]. Біз бұл арада құқықтық жүйе дамуының объективті үрдісін бұзғандық орын алады деп санаймыз, мұның өзі оң нәтижелерге емес, кері зардаптарға әкеп соғады.

Біздіңше, М.Қ.Сүлейменовтың өзара бір-бірін қиып өткен екі сұрыптауды тану туралы ұсынысын қолдауға болады, олар міндеттілік құқық институттарын құруға әсер етеді: 1) қызмет түрлері бойынша сұрыптау; және 2) экономикалық салалар бойынша сұрыптау (халық шаруашылығы бойынша); мұндайда алғашқы сұрыптама - негізгі, алқосымша - екінші^[430]. Мұндай сұрыптаулардың мәні, біріншіден, экономикалық салалар бойынша сұрыптау қызмет түрлері бойынша сұрыптауды жоққа шығармайды, керісінше бір-бірін дамытып толықтырады; екіншіден, қосымша сұрыптауды тану барлық қолданылып жүрген шарттардың бүкіл түрлерін шектеулі түрде емес, толық күйінде қамтуға мүмкіндік береді; үшіншіден, экономикалық салада жасалған шарттардың жекеленген топтары туралы нормативтік актылар жасапқабылдау заңнамада ашық тұстардың болмауына мүмкіндік береді. Сонымен шарттардың қызмет түрлері және экономикалық салалар бойынша сұрыптауға болады. Экономикалық салаға байланысты шарттардың қатарына, ең алдымен, инвестициялық шарттарды қосуға болады.

Инвестициялық шарт - азаматтық-құқықтық шарттың ерекше түрі, ол қызмет түрлері бойынша емес, экономикалық салалар бойынша қалыптасады. Мысалы, Ресей Федерациясының инвестициялық қызмет туралы Федералдық заңында инвестициялық

қызмет субъектілері арасындағы қатынастар Шарт және (немесе) мемлекеттік келісімшарт негізінде жүзеге асырылады делінген (РФ АҚ-сі 8 бап). РФ инвестициялық қызмет туралы Заңында шарттар (келісімшарттар) жасасу, әріптестерді таңдау, міндеттемелерді белгілеу, заңнамаға қайшы келмейтін шаруашылық өзара қарым-қатынастардың кезкелген басқа да талаптарын орнықтыру инвестициялық қызмет субъектілерінің жеке құзыры болып табылады деп белгіленген (7 бап). Біздіңше, инвестициялық шарттарды (келісімшарттарды) реттеуді азаматтық заңнама (ең алдымен, азаматтық-құқықтық шарттар) нормаларына бағындару мейлінше маңызды болып табылады. Сондай-ақ инвестициялық қызмет субъектілері үшін ерекше шарт нұсқасын заң актыларында бекіту де маңызды.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген инвестициялық заңнамасын онан әрі дамыту және жетілдіру мақсатымен, инвестициялық шарт (келісімшарт) ұғымын, шарт талаптарын, оны жасау және тоқтату нысаны мен тәртібін, сондай-ақ инвестициялық шарттардың жекеленген түрлерін, жалпы бастаулары мен ережелерін айқын анықтап алу керек.

§2. Инвестициялық шарттың функциялары

Қандай да болсын шарттың ерекшеліктерін ажырату үшін осы шарттың функцияларын анықтау да маңызды болып табылады. Заң әдебиетінде шарттың функцияларының әртүрлі сұрыптамалары ұсынылады. Шарттың жалпы сұрыптамасынан бастап екі топқа бөлінеді: 1) бүкіл шарттар орындайтын^[431]; 2) шарттардың көптеген немесе жекеленген тобына тән шарттар функцияларының бірыңғай жүйесі туралы түсінікпен аяқталады^[432]. Сонымен, шарт функциялары шарт институтының тұтастығына орай бірыңғай жүйені құрайды, сондай-ақ олардың бөлінісі негізіне әртүрлі өлшемдер алынған (оның ішінде барлық шарттарға, немесе көптеген немесе жекеленген шарт түрлеріне функциялардың тән болуы). Шарт функцияларының жүйесін былай саралауға болады: 1) азаматтық айналым (әдеттегідей, шарт функцияларының жүйесіндегі бастысы ретінде қарастырылады)^[433] субъектілері арасындағы заң түріндегі маңызды байланыстарды орнықтыру; 2) Келісімшартқа қатысушылар өзара байланысты қызметінің мазмұнын анықтау функциясы (бұл кәсіпкерлік немесе басқа да коммерциялық қызметте барынша маңыз алады); 3) тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу функциясы (бұл функция тараптардың әрекеттерін тәртіптеуге және келісімдердің орындалуына бақылауды әкімшілік-құқықтық құралдармен емес, азаматтық-құқықтық құралдармен жүзеге асыруға мүмкіндік береді^[434]); 4) нарықтық қатынастарды қалыптастыру функциясы (оның мәні мынада: шарт - ең икемді құқықтық реттеуші болып табылады, ол тараптарға өз мүдделерін мейлінше жүзеге асыруға және өзінің қажеттерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ нақты шарттың тараптары болып табылмайтын азаматтық айналымның басқа қатысушыларының мүдделерімен үйлестіруге мүмкіндік береді^[435]). Соңғы тұжырымда, сонымен бірге экономикалық қатынастардың реттеушілердің бірі ретінде шарттың маңызын тым асыра бағалау бар, ал қатынастарды реттеу оларды қалыптастыру емес. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен онан әрі дамуы объективтік экономикалық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады, нарықтық қатынастар шарттық қатынастардың мазмұнын анықтайды. Азаматтық-құқықтық шарт функцияларын анықтаудың басқа да тәсілі бар, соған сәйкес функциялар былай бөлінеді: 1) бастамалық; 2) бағдарламалық үйлестіру; 3) ақпараттық; 4) кепілдік (қамтамасыз ету); 5) қорғану^[436]. Соңғыда бірқатар азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі немесе қызметін тоқтатуының негіздері ретінде шарттың мақсаты мен мәнін барынша жіктеп көрсетуге әрекет жасалған, алайда, біздің ойымызша, шарттың бастамалық және ақпараттық функциялары бір-бірінен, сондай-ақ кепілдік және қорғаныс функциялары да қолдан ажыратылған.

Сонымен шарт функцияларының жүйесі мынаны қамтиды: 1) азаматтық айналым субъектілері арасында маңызды байланыстарды заңды орнықтыру; 2) келісімшарт қатысушыларының өзара байланысқан қызметінің және тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу. Мынаны атаюткен жөн: осы функциялар барлық шарттарға, оның

ішінде инвестициялық шарттарға да ортақ. Атап айтқанда, инвестициялық шарт тараптар арасында заңды байланыстарды белгілейді, инвестициялық қызметтің мазмұнын анықтайды, тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін нақтылайды. Осы функциялармен бірге С.В.Харченко шарттардың жекеленген топтарына тән басқа да функцияларды бөліп қарастырады, мысалы, бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартының реттеушілік және қорғаныстық функцияларын бөліп көрсетеді^[437]. Методологиялық жағынан келгенде, құқықтардың функцияларын жалпы сұрыптауды негіз ретінде алып қарастыру жөнсіз деп санаймыз, өйткені құқық функцияларының жалпы сұрыптамасы бойынша реттеушілік және қорғаныс функцияларына бөледі.

§3. Инвестициялар шарттың талаптары

Заң әдебиетінде шарт талаптарын белгілі топтарға біріктіру - қабылданған әдет. Талаптардың неғұрлым көбірек тараған үш тобы бар: елеулі, кәдімгі және кездейсоқ. Елеулі талаптар - Шарттың жасалуына жеткілікті және қажетті талаптар, бұдан кейін шартқа қол қойылған және тараптардың құқықтары мен міндеттерін тудыруға қабілетті саналады. М.И.Брагинский, В.В.Витрянский атап көрсеткендей, заң шығарушы «елеулі талаптар» терминін қолданады, ал әдебиетте «кәдімгі», кездейсоқ талаптарға бөлінуі келтіріледі (соңғы бөлініс доктриналық сыпат алады, кәдімгі және кездейсоқ талаптарға бөлінудің себептері анықталмаған, осыдан туындайтын зардаптар да белгісіз)^[438]. Сондықтан кәдімгі кездейсоқ талаптар арасында алшақтыққа байланысты қарама-қарсы пікірлер де жоқ емес.

Осы пікірлерді жаушылар, атап айтқанда, М.Қ.Сүлейменов атап көрсеткендей, кәдімгі талаптар заңнамада қарастырылған, шартта талаптарына енді ме, енбеді ме, бәрібір қолданылады^[439]. Н.Д.Егоров кездейсоқ талаптар кәдімгі талаптарды өзгертеді немесе нақтылайды деп көрсетеді^[440]. О.С.Иоффе мынаның бірі: егер кәдімгі талаптар заңнамамен қарастырылса, шарт жасаудың тек фактысы бойынша күшіне енсе, кездейсоқ талаптар шарттың өзіне қосылса ғана заңды күшіне енеді^[441]. Осы әсілдің қарсы ластары, атап айтқанда, М.И.Брагинский, В.В.Витрянский шартта тек елеулі талаптардан басқа талаптар болмауға тиіс, - деп санайды, - мәселе мынада: бір талаптар тараптар үшін міндетті императивтік нормаға сәйкес елеулі болып шығады, екінші бір талаптар бір тараптың өзіне берілген диспозитивтік норманың мүмкіндігін пайдалануында, үшіншілері - тиісті шарттық нұсқаның сыпатында, төртіншілері - тараптардың бірі оларды шартқа енгізу қажеттігін тануынан^[442]. Егер шарттың барлық талаптарын елеулі талаптар деп санағанда бөлудің қажеттігі болмай қалады. Егер елеулі талаптар болса, онда «елеулі емес» талаптар да болуы керек қой (бұл талаптардың бір немесе екі тобы болса сөз басқа).

Әдебиетте шарт талаптарын үшке бөлудің қажеттігі туралы ұсыныстар да кездеседі (мысалы, Б.И.Пугинский, Д.Н.Сафиуллин шарт талаптарын за - фактылық, ереже құрастырушы, қамтамасыз етуші^[443] ретінде бірыңғай бөліністі ұсынады). Д.Н. Сафиуллин сонымен бірге жалпы (нормативті анықталған) және жеке (түп нұсқалық) талаптарға^[444] бөлуді жөн санайды; А.Ротарь талаптардың айқындаушы және тараптар таныған талаптарға^[445] бөлінгенін қалайды. Принципіне екі тәсіл де әртүрлі тұжырымдары болса да, шарт талаптарының елеулі және басқа да (елеулі емес) талаптарға бөлінуін көрсетеді. Келісімге келуге қол жеткізген талаптар шарттың мазмұнын құрайды, елеулі талаптармен бірге кәдімгі және кездейсоқ талаптардың туындайтынын дәлелдейді.

Шарт талаптарының заңды анықтамасының ерекшеліктері заңнамамен анықтауда байқалады. ҚР Азаматтық заңнамасымен жеке баппен анықталса, Ресейдің Азаматтық кодексінде (421 бап) бұл ережелер шарттың еркіндігін бекіткен бапқа енгізілген. Бұл тегін емес, өйткені тараптарға шарт талаптарын өз бетінше белгілеуге мүмкіндік беру шарт еркіндігінің негізгі көріністерінің бірі болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексінде (382 бап) және РФ Азаматтық кодексінде (421 бап) осындай ереже жазылған - шарт талаптары тараптардың ұйғарымына қарай анықталады. Шарт талабы нормамен қарастырылса, заңға сәйкес әрекет етеді, егер келісіммен басқаша қарастырылмаса

(диспозитивтік норма), тараптар өз келісімімен оны қолданудан алып тастайды, немесе онда көрсетілгендегіде өзгеше талаппен ауыстырады, егер ~~ұндай~~ келісім болмағанда, шарт талабы диспозитивтік нормамен анықталады. Украинаның Азаматтық кодексінде (6 бап) егер тараптар үшін азаматтық заңнама актыларының ерелерінің міндеттілігі тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны мен мәнінен туындаса, тараптар азаматтық заңнама актыларының ережелерінен кейін шегіне алмайтын ереже ~~турар~~ кетілген ^[446]. Т.Боднардың пікірінше, Украина Азаматтық Кодексінің 6 бабының 3 бөлігінің ережелерін қолдану жекеленген жағдайларда азаматтық заңнама актыларының ықпалын реттеушілік ықпалын азаматтық қатынастарға қатысушылардың теріске шығаруына әкеп соғуы мүмкін ^[447]. Украинаның Азаматтық заңнамасына қарағанда, ҚР мен РФ азаматтық заңнамасында шарт еркіндігін ережелер шарт еркіндігінің принципін едәуір жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, шарттың дербестігі мен еркіндігі мынада көрінеді: азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасауда еркін (жасағысы келе ме, келмей ме, ~~мәжбүрлікпен~~ зорлау деген болмайды); шарт талаптары ~~өздігінен~~ анықтайды; шарттың контрагентін еркін таңдай алады; Азаматтық кодексте қарастырылған, қарастырылмаған (атаулы немесе атаулы емес шарттар) шарт алады, немесе аралас элементтері болады. Сонымен бірге шарт еркіндігі тараптардың оның нысаны таңдау құқы деген сөз (ҚР АҚ 394 бап); тараптардың келісімімен шартты кезкелген уақытта өзгерту немесе тоқтату мүмкіндігі (ҚР АҚ 40 бап); тараптардың міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілін таңдау құқы (ҚР АҚ 18 тарау), т.б.

Сыртқы экономикалық шарттарда тараптардың құқық қатынастарын таңдауында ерік дербестігі принципі әрекет етеді. М.М.Богуславский дұрыс атап өткеніндей, жүзеге асыру механизмі бойынша ерік ~~өздігінен~~ еріксіздігі принципі шарт еркіндігінің азаматтық-құқықтық принципіне ұқсайды ^[448]. Сондай-ақ Л.А.Лунцтің пікірін негізді деп санаймыз: шарт еркіндігінің принципінен өзгешелігі сол - оның мәні материалдық - құқықтық реттеуде, ал ерік дербестігінің принципі - коллизиялық реттеуде ^[449]. Осы принцип азаматтық заңнама нормаларында жүрініс алған, шарт тараптар келісімімен таңдап алынған елдің құқымен реттеледі; контрагенттер шарт және оның жекеленген бөліктері үшін қолданылатын құқықты таңдап алуға құқылы; қолданылатын құқықты контрагенттер шарт жасасу кезінде, кейін де таңдай алады; контрагенттер шартқа қолданылатын құқықты өзгерту туралы кезкелген уақытта келісуге құқылы. Алайда, заңнамаға сәйкес тараптардың қолдануға болатын құқықты тиісінше таңдау туралы келісімі шарт талаптарын және жиынтығына қаралатын істердің жағдайларын тікелей туындауы керек (ҚР АҚ 1112 бап). Бір құқық жүйесі шеңберінде жасалған шарт тараптарынан өзгешелігі сол - сыртқы экономикалық шарт тараптары өздерінің қатынастарын реттейтін алатын жүйені таңдауға құқылы.

Сонымен бірге, сыртқы экономикалық және кезкелген азаматтық - құқықтық шарттарға тән талап - мемлекет талаптарына қолданылатын құқықты таңдау мен шарт талаптарын өздігінен анықтауда кең мүмкіндіктер бере отырып, контрагенттердің өз қалауын шектеуді де белгілейді. Атап айтқанда, шарт жасауға мәжбүр етуге жол берілмейді. (ҚР АҚ 380 бап). Бастапқы мүмкіндікте, әңгіме шарт жасаудың міндеттері туралы болса, ҚР АҚ-інің 399 бабына ~~өйкес~~ контрагент өз құқын пайдалана отырып, шартты ~~мәжбүрлеп~~ жасатқаны жөнінде (мысалы, көпшілік шарт) сотқа жүгінуге құқылы; екінші жағдайда шарт жасау міндеттемесін өзіне ерікті түрде қабылдаса (ең алдымен, мұндай алдын-ала жасалған шартқа байланысты пайда болады).

Н.И.Клейн атап өткеніндей, шарт еркіндігінің қарастырылған принципінен алып тастаулардың мүмкіндігі мемлекеттің қоғамдық мүдделерді, азаматтар мен кәсіпкерлердің (тұтынушылардың) табиғи әсіресе экономиканың монополияларға жататын салаларында қорғауына, нарықта үстем жағдайларға жеткен ұйымдардан азаматтық құқықтардың бұзылуына жол бермеуіне негізделеді ^[450]. «Шартта тараптардың теңсіздігі» проблемаларын шешудің мұндай тәсілдері халықаралық құқықтық практикада және әртүрлі елдерде кеңінен қолданылады ^[451]. С.А.Хохлов атап өткеніндей, шарттық қатынастарға мәжбүрлеп енгізуге АҚШ, Канада, Жапония және бірқатар Батыс Европа елдерінде заңмен жол берілді, бұл

мемлекеттердің соттары мен әкімшілік органдары товарлар мен қызметтер көрсету жөнінде сұраныстарды қанағаттандырудан бас тартқан өнеркәсіп және сауда компанияларына санкциялар қолданады ^[452]. Демек, ~~жа~~ жолымен шарт жасауға мәжбүрлеу нарықтық экономиканың дамуына мемлекеттік ықпал етудің әдістерінің бірі деп тануға болады.

Әдебиетте түрлік белгілері бойынша шарттардың ерекшеліктерін анықтауға әрекеттер жасалды. «Халық шаруашылығы саласындағы шарттар» деп аталатын шарттар мысалға алынады. Бұлар, М.Қ.Сүлейменов атап көрсеткендей, шарттар жүйесіндегі ерекше шарт түрі ретінде қарастырылады, халық шаруашылығының салалары бойынша сұрыпталады: өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік саласындағы; реттеу саласында - меншік қозғалысына дәнекер болатын шарттар; осы қозғалыстың дәнекері болатын шарттар; т.б. ^[453] Біз мұндай тәсілмен келісе аламыз, өйткені азаматтық - құқықтық шарттардың түрлер мен үлгілерге бөлінумен бірге, заң белгілерімен емес, айқындалған экономикалық белгілермен сыпатталған ~~бақа~~ да белгілер қатар жүреді. Осы жағдайда, инвестициялық шарттарды ажыратудың негізіне экономикалық (инвестициялық) қызмет саласы ретінде осындай өлшем алынған.

Инвестициялық келісімшарт - мүліктік (материалдық) және зияткерлік (материалдық емес) құндылықтардың барлық түрлерін сондай-ақ оларға ие болу құқықтарын кәсіпкерлік және басқа да қызмет объектілерін кіріс (пайда) және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жету үшін салымдар туралы шарт. Анықтамадан көрініп тұрғанындай, инвестициялық келісімшарт - кәдімгі шарт емес. Ең алдымен, инвестициялық шарт мынадай талаптармен сыпатталады: тараптар арасында ~~үлкіткі~~ және зияткерлік құндылықтардың кезкелген түрлен, оларға деген құқықтарын салу туралы; контрагенттердің өзара қарым-қатынастары туралы; шарттың ~~өзге~~ рту ~~және~~ тоқтату немесе күшін жою негіздері туралы; даулы мәселелерді шешу тәртібі туралы; тараптардың жауапкершілігі туралы келісімдер жасасу.

Инвестициялық келісім шарттың маңызды талаптарының қатарына орнылықтандыру ережелерін ~~жаңа~~зуға болады. Осыған байланысты М.Кеннет былай дейді: келісімшарттардың құқықтық реттілігінің орнықтылығы туралы ережелер инвесторды мемлекет тарапынан араласушылықтың екі түрінен қорғауға арналған: 1) мұндай жағдайда мемлекеттің келісімшартты біржақты жарамсыз деп тануына немесе инвестицияларды экспропорциялауына тыйым салу белгіленеді; 2) орн~~ж~~тырушы ережелер ашық түрде мына көрсетуге тиіс - келісімшарт талаптары ішкі ~~жамада~~ қандай болмасын өзгерістердің болғанына қарамастан, өзінің күшін келісімшарт әрекетінің бүкіл мерзімі бойы сақтайды ^[454]. Инвестициялық шарттың осы және басқа да ерекшеліктері қолданылып жүрген заңнамада көрініс табуға тиіс.

Мысалы ретінде Беларусь Республикасының Инвестициялық кодексінің 46 бабында көрсетілген инвестициялық шарттың міндеттілік талаптарының тізбесін келтіруге болады. Сонымен, осы бақа сәйкес, инвестициялық шарт мынаны қамтуға тиіс: 1) инвестициялық шарт әрекетінің мерзімі; 2) инвестициялық қызмет объектісі мен көлемі; 3) инвестордың құқықтары мен міндеттері (оның ішінде қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласында ~~жама~~маны, сондай -ақ еңбек заңнамасы мен хауіпсіздік техникасын ~~сақтау~~); 4) осы жоба бойынша қосымша құқықтық кепілдіктер; 5) инвестициялық шарт талаптарын сақтамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі; 6) инвестициялық шарттан туындаған даулы мәселелерді қарау органы мен тәртібі (шетел инвесторы үшін халықаралық сотты қосу) ^[455]. В.Чигир осы талаптарды олардың міндеттілігі тұрғысынан талдай келіп, инвестициялық шартта инвестициялық шарттан туындайтын даулы мәселелерді қарау тәртібі мен орган туралы талаптың болмағанына күдіктенеді, соңғы талаптың шартқа енгізілмей қалуын мойындап, оны Беларусь Республикасының Инвестициялық Кодексінің 46 бабынан алып тастауды ұсынады ^[456].

Біздіңше, мұндай ұйғарыммен келісуге болар ма екен. Өйткені инвестициялық даулы мәселені қарау және органы туралы талап өте маңызды болып табылады және кезкелген инвестициялық шарт үшін елеулі деп танылуы керек. Әрине, мұндай талаптың болмайыуы инвестициялық шарт талаптарының бұзылған құқықтары үшін сот органдарына немесе

аралық сотқа жүгіну құқынан айырмайды, егер шарттың тарабы шетел инвесторы болса, бұл қолданылатын құқықты анықтау проблемасын елеулі қиындатады. Бұл арада Швед заңгері К.Содерлундтің пікірін қолдауға болады. Ол былай деп санайды: аралық сотты қосу мынадай артықшылықтарды бірден қамтамасыз етеді - даулы мәселені шешу орнын таңдау мүмкіндігі; мұндай даулы мәселені шешу орнын шешуде жетті тәжірибесі бар білікті тұлғаны тағайындау мүмкіндігі; қай тілде талқылауды таңдау; қолданылатын материалдық құқықты таңдау, сондай-ақ дауды шешу үшін іс жүргізу ережелерін таңдау^[457].

Тұтас алғанда, оң факты ретінде мынаны атап өтуге болады: Беларусь Республикасының заңнамасында инвестициялық шарттың елеулі талаптары тура бекітілген, ал Қазақстан Республикасында инвестициялық шарттарды заң жүзінде реттеу проблемасы әлі шешімін тапқан жоқ.

§4. Инвестициялық кепілдіктер беру туралы келісімшарт

Инвестициялар туралы Заңда инвестициялық келісімшарттың екі түрі қарастырылған: 1) келісімшарт - инвестициялық жеңілдіктер мен кепілдіктер беру туралы шарт; 2) нұсқалы (модельді) келісімшарт - ҚР Үкіметі бекітетін және келісімшарттар жасауда қолданылатын жобалық келісімшарт (жеңілдіктер мен кепілдіктер беруді көздейтін келісімшарттар ғана емес, жерқойнауын пайдалану саласындағы келісімшарттар). Инвестициялар туралы Заң нормалары мен басқа да қосалқы заң актыларын талдау негізінде инвестициялық жеңілдіктер мен кепілдіктерді қарастырған келісімшартты жасау, өзгерту және бұзу серпінін төмендегіше байқауға болады:

1. Бастапқы саты екі кезеңді қамтиды. **Бірінші кезең** - сұраныс беру, оны қабылдау және тіркеу. Заңнама сұраныс нысанына, сұраныс иесінің ұсынған құжаттарға арнаулы инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына арнаулы талаптар белгіленеді, осы талаптар сақталған жағдайда ғана сұраныс тіркеледі. Кері жағдайда сұраныс білдіруші сұранысты тіркеуден бастартылғаны жөнінде жауап жолданады (сұраныс білдіруші, егер ол сұранысты тіркеуден бастарту жөніндегі шешіммен келіспесе, өкілетті органның әрекеттеріне дай айтуға құқылы).

Екінші кезең - өкілетті органның сұранысты қарап, шешім қабылдауы. Инвестициялық жобаны қарауда өкілетті орган 1) инвестициялық жобаның бизнес -жоспарына талдау жасайды; 2) қаржыландыру көздеріне, балансқа талдау жасайды; 3) жұмысшы бағдарламасына сәйкес нақтыланған активтерді алуға жұмсалған шығындарын растайтын құжаттарға талдау жүргізеді; 4) салық және бюджетке басқа да міндеттерді төлемдер бойынша мерзімі өткен қарыздарды, сондай-ақ жалақы жөніндегі ұзақ мерзімді қарыздарды (үш айдан асқан) анықтайды, жобаны қарауды қарыздарды өтегенше тоқтата тұрады; 5) инвестициялық мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, басқа да ұйымдармен өзара әрекет жасайды (келісілген); 6) сұранысты қарау нәтижелерін белгіленген нысанада қорытынды жасаумен аяқтайды; барлық есеп айырысуларды теңгемен^[458] көрсетеді. Инвестициялар жөніндегі Комитет инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер беру жөнінде шешім қабылдап, сұраныс тіркелген сәтпен отыз жұмыс күні ішінде сұраныс иесіне жазбаша түрде жауап жолдайды.

2. Келісімшарт жасау және орындау . Бұл жерде үш кезеңді (инвестициялар туралы қолданылып жүрген заңнаманың ережелерін есепке ала отырып) бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең - келісімшартты қол қоюға әзірлеу. Өкілетті орган он жұмыс күні ішінде инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер беру туралы шешім қабылданған сәттен Модельдік (нұсқалық) келісімшарт ережелерін ескеріп, келісімшартты қол қоюға әзірлейді. ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы Қаулысымен инвестициялық жеңілдіктер^[459] көзделген инвестицияларды жүзеге асыруға Модельдік келісімшарт бекітілді, онда на шаңберінде өзара қатынастарды белгілейтін өкілетті орган (инвестициялар жөніндегі Комитет) мен инвестор (ҚР-ның келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы) арасында шарт жасау қарастырылған.

Екінші кезең - келісімшартты тіркеу Келісімшартты өкілетті орган қол қойылған сәттен бес жұмыс күні ішінде тіркейді, келісімшарт тіркелген сәттен күшіне енеді. Келісімшартты тіркеу туралы куәлік инвестициялар жөніндегі Комитет пен инвестор арасында жасалған келісімшартты тіркеу фактысын растайтын куәлік болып табылады.

Келісімшарттың мазмұны. Модельдік келісімшартпен инвестициялардың асыруда инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылған, онда тараптардың өзара құқықтары мен міндеттері анықталған. Атап айтқанда, инвестициялар жөніндегі Комитет құқылы: өзіне берілген өкілеттілік шеңберінде инвесторлармен келіссөздер жүргізгенде, Қазақстан Республикасының атынан әрекет жасайды; келісімшарттар жасау және оны тоқтату шарттары мен тәртібін белгілейді; келісімшарттар жасап, тіркейді; мониторинг және инвестициялық жобаны жүзеге асыруға бақылау жасау; басқа да құқықтарды жүзеге асыру. Өкілетті орган міндетті: келісімшарт талаптарына сәйкес инвестициялық кепілдіктер беру; инвестициялық даулы мәселелерді реттеуде көмек көрсету. Сондай-ақ Модельдік Келісімшарт сәйкес инвесторларға құқық беріледі: 1) Инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы мен әрекеттер жасай алады; 2) қолданылып жүрген заңнама шеңберінде инвестициялық қызметті жүзеге асыруға қажетті жабдықтар мен басқа да материалдарды, активтерді импорттау; 3) белгіленген әртіппен өкілетті органға келісімшартқа өзгерістер және (немесе) қосымшалар енгізу жөнінде ұсыныс енгізу. Сонымен бірге инвестор міндетті: 1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асырады, өндірікті қатарға қосады; 2) жұмысшы бағдарламасына сәйкес, келісімшартта көрсетілген инвестицияларды жүзеге асырады; 3) инвестициялық жобаны жүзеге асыруда ҚР қолданылып жүрген заңнамасы мен келісімшарт ережелерін сақтайды; 4) инвестициялық қызмет түрін өзгертпейді және инвестициялық жоба шарттарын бұзбайды; 5) жергілікті кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін енгізу, олардың біліктілігінің деңгейін көтеру; 6) Қазақстан кадрларының біліктілігін өткеру жөнінде жұмыс жүргізу; 7) өкілетті орган сұраған инвестициялық жобаның орындалу барысы туралы ақпаратты беріп отыру, есеп-қисапты дер кезінде түсіру; 8) нақтыланған активтерге айналдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға осы заманғы технологияларды қолдану; 9) келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес алынған нақтыланған активтерді келісімшарт мерзімі ішінде жалға бермеу^[460].

Үшінші кезең - келісімшарттың орындалуы (инвестициялық жобаны жүзеге асыру). Бұл кезең, ең алдымен, өкілетті орган тарапынан қатаң бақылаумен сыпатталады, келісімшарттың талаптарын орындау мына нысанада жүзеге асады: 1) камеральдық бақылау (инвестор түсірген есеп-қисаптарды зерттеу, талдау негізінде бақылау); 2) инвестициялық қызмет объектісін аралау, оның ішінде жұмысшы бағдарлама мен келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарау.

Келісімшарт жасалған инвестор өкілетті органға жұмысшы бағдарламаның әрекеті ішінде аралық және жылдық есеп-қисап; нақтыланған активтерді қатарға қосқаннан кейін бір ай ішінде олардың қатарға қосылғанын растайтын құжат; жұмысшы бағдарламасы бойынша жұмыстардың аяқталу мерзімі өткен соң жұмысшы бағдарламасының орындалғаны жөнінде есеп; инвестициялық қызметтің нәтижелері бойынша кірістер мен шығыстар туралы есеп; нақтыланған активтер бойынша өрсеткіш цифрларын (осының бәрі аудиторлық есеппен расталады, онда жұмысшы бағдарламасының әрекетінің бүкіл кезеңі бойынша шаруашылық-қаржы қызметінің нәтижелеріне талдау жасалады).

Жоспарлы тексерістермен бірге камеральдық бақылау кезінде келісімшарт талаптарын бұзушылық байқалса, тұтқиылдан, құқық органдарына түскен дабыл бойынша да тексерістер жүргізіледі. Жоспардан тыс тексеріс объектіге барып та жүргізіледі. Оған салық, кеден, құқық органдарынан немесе жергілікті атқарушы органдардан түскен келісімшарт талаптарын немесе инвестициялар туралы заңнаманың бұзылғаны туралы ақпарат негіз болады.

Инвестициялық қызмет объектісіне барып тексерудің нәтижелері туралы акт негізінде келісімшарттың жұмысшы бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есеп жасалады.

Инвестициялар жөніндегі комитет келісімшарт талаптары орындалған жағдайда (келісімшарт талаптары бойынша мемлекеттік бастапқы грантты қарастырылған): 1) Мемлекеттік бастапқы грантты қайтарымсыз меншігіне немесе жер пайдалануына беру жөнінде шешім қабылдайды; 2) инвесторға инвестициялық міндеттемелердің орындалғаны және мемлекеттік бастапқы гранттың қайтарымсыз немесе жер пайдалануға берілгені жөнінде жазбаша хат жолдайды; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен келісімшарт талаптарына сәйкес мемлекеттік бастапқы гранттың меншікке және жер пайдалануына берілгені жөнінде мемлекеттік мүлік пен жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға жазбаша хат жолдайды^[461].

Келісімшарттың жұмысшы бағдарламасының орындалмағаны немесе жеткілікті орындалмағаны жағдайында өкілетті орган инвестор талаптарды бұзушылықтарды көрсетіп жазбаша түрде ескерту жасап, кемшіліктерді кемінде үш мерзім ішінде жою мерзімін белгілейді (Инвестициялар туралы Заң, 21-1-6 бап).

3. Келісімшартты бұзу. Келісімшартты бұзудың жалпы ережелері инвестициялар туралы Заңда қарастырылған - инвестициялық кепілдіктер әрекеті келісімшарт әрекетінің мерзімі аяқталған сәтте тоқтатылады: тараптардың келісіммен және біржақты тоқтатылады (22 бап). Келісімшартты бұзудың құқықтық зардаптары қандай жағдайда бұзылуына байланысты теңдестіріледі - инвестициялар жөніндегі Комитет бастамасымен бір жақты бұзу немесе инвестордың бастамасымен, немесе тараптардың келісімімен. Бастапқы жағдайда инвестордың (келісімшарт жасасқан ҚР заңды тұлғасы) шығындардың орнын толтыру және салық, кеден баж салығының бүкіл төленбеген сомасын қайтару жөнінде жауапкершілігі басталады.

Инвестициялар жөніндегі Комитет, келісімшарт біржақты тәртіппен бұзылғанда, инвестордың (ҚР келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы) жазбаша хатпен осы жай туралы хабарлаған сәтінен үш ішінде: 1) сұраныс иесі түсірген деректерде бұрмалаушылық және инвестициялық кепілдіктерге ықпал еткен деректерді жасырып қалу байқалса; 2) инвестор келесі келісімшарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда; 3) инвестор немесе деректерді жасырмаса, келісімшартты бұзуға құқылы. Инвестордың жауапкершілігі: оған инвестициялық жеңілдіктер берілуіне байланысты салықтар және кедендік баж салығының төленбеген сомаларын, заңнамамен қарастырылған айыппұл санкцияларын қолдануға байланысты төлемдерді өтеу.

Инвестордың бастамасымен келісімшартты бір жақты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда заңмен белгіленген тәртіппен инвестор салықтар мен кедендік баж салықтарын пайыздық мөлшердің есептеуімен төлейді. Мұндай құқықтық зардаптарды инвестор үшін келеңсіз факт деп есептеуге болады.

Тараптардың келісімімен келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда инвестор инвестициялық жеңілдіктер берілуіне байланысты төленбеген салық және кедендік баж сомаларын өтейді. Келісімшартты мерзімімен бұзу инвестордың өзіне мемлекеттік бастапқы грант ретінде берілген мүлікті қайтаруына негіз болады. Инвестор грантты мүлік күйінде, келісімшарт талаптарына сәйкес берген кезіндегі бастапқы құқымен қайтарады.

Заңды тұлға мемлекеттік мүліктік грантты белгіленген мерзімде қайтарудан бас тартса (инвестициялар жөніндегі Комитеттің келісімшарттарды мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі қабылданғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде), Инвестициялар жөніндегі Комитет заңнамамен белгіленген тәртіппен заңды тұлғаға (инвесторға) Әкімшілік құқық Кодексінің 134-1 бабына сәйкес мемлекеттік мүліктік грантты қайтару мерзімін бұзғаны әкімшілік айыппұл салады. Әкімшілік құқықты бұзу туралы істі қарап, Комитет басшысы немесе оның орынбасары мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) әкімшілік айыппұл белгілеу; 2) істі жүргізуді тоқтату туралы; 3) айыппұл туралы қауылыны орындауға мәжбүрлеу туралы^[462].

Мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен келісімшартты бұзу туралы ақпарат: мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуына бақылау жасайтын өкілетті мемлекеттік органға; қажет болған жағдайда тиісті

шаралар қолдану үшін басқа да мемлекеттік органдарға; келісімшарттар бойынша мемлекеттік мүлктік гранттар берген мемлекеттік органға; мемлекет алдында салық міндеттемелерін орындауға бақылауды қамтамасыз ететін өкілетті мемлекеттік органға; мемлекеттік мүлік пен (немесе) жер ресурстарын басқару саласында мемлекеттік органдарға; сондай-ақ жергілікті атқару органдарына жолдайды.

Бұған инвестициялар жөнінде Комитеттің 2000 жылғы 5 тамыздағы Хаты мысал бола алады. Осы хаққа сәйкес, келісімшарт талаптарын әлденеше рет бұзғаны үшін «Шедале» ЖШС-пен (келісімшарт 0014.3.98) және «Экокоммунпром» ЖШС-пен (келісімшарт 0111-04-99)^[463] келісімшарт бұзылды. Осыған байланысты инвестициялар жөніндегі Комитет ҚР Қаржы министрлігінің Салық Комитетінен бұзылған келісімшарттар бойынша тиісті шаралар қолдануды сұрайды, инвесторларды төленбеген салық сомаларын мемлекеттік бюджетке қайтаруды міндеттеді. Бұдан әрі осы Хатқа сәйкес алты кәсіпорынмен келісімшарт бір айға тоқтатылды, он кәсіпорынмен келісімшарт әрекетінің тоқтатылуы 1 айға ұзартылды, келісімшарттардың тоқтатылған кезеңінде барлық салықтарды толық көлемінде өтеу міндеттелді.

Ең соңында мынаны атап өткен жөн, қолданылып жүрген заңнамамен инвестициялық келісімшартты жасау, орындау/өзгерту және тоқтатуға байланысты мәселелер реттеледі. Біздіңше, бұл мемлекеттің экономиканың басым секторларында инвестицияларды жүзеге асыруға ынталы екенін, ал инвестициялық келісімшарттың өзі маңызды екенін көрсетеді. Бірақ инвестициялар жөнінде Комитет жасасқан келісімшарт бойынша инвестициялық кепілдіктер жүзделген келісімшартты Шарт деп тануға болмайды, өйткені онда Шарттың жекеленген элементтеріне қарап, өзінің мәніне қарай құзырлы мемлекеттің органның біржақты шешімі болып табылады.

Тұтас алғанда, «инвестициялық келісімшарт - Шарт, «инвестициялық жеңілдіктер беру жөніндегі келісімшарт» - шарт үрінде жасалған билік органының әкімшілік актысы түсініктерінің шегін айқындап алу керек. Бастапқы жағдайда әңгіме азаматтық-құқықтық шарт ретіндегі инвестициялық келісімшарт туралы болса, екінші де - мемлекеттік билік органының инвесторға салық жеңілдіктерін, мемлекеттік мүлктік гранттар беру немесе кедендік баж салығынан босату туралы шешімі. Осы екі әртүрлі ұғым араласып кеткен деген түсінікпен келісуге болмайды. Сондықтан келісімшарт - азаматтық-құқықтық шарт инвестициялық салық жеңілдіктерін беру туралы шешімге байланысты құбылыстың мәнін барынша дәл көрсете алатын басқа терминологияны (мысалы, акт, шешім, т.б.) қолдану керек.

Заң әдебиетінде «салық шарттары, инвестициялық салық несиесі шарттары» да кездеседі. Е.Б.Жүсуповтың пікірінше, бұл шарттардың мәні мынада: экономиканың қандай да болсын саласында салық төлеуші инвестицияның орнына белгілі бір салық жеңілдіктерін алады (әдетте, салық ставкаларын төмендету немесе қандай да болсын салықтардан толық босату)^[464]. Мұнда Е.Б.Жүсупов салалық тұрғыдан алғанда, салық шарты - қаржы шартының бір түрі, қоғамдық қатынас арасында делдалдық етеді, экономикалық тұрғыдан алғанда, қаржылық қатынас нақтылап айтқанда, экономикалық салық қатынасы^[465] болып табылады. Біздің көзқарасымызша, «шарт» терминін қаржы немесе салық қатынастарына қолдану сәтті емес, өйткені шарт қатынастары тараптардың еркі мен теңдігінің дербестігі принциптеріне негізделеді, мұны қаржы немесе салық қатынастарына қолдануға тіпті келмейді. Мұндай практиканың өзі қалыптасқан, «Салық шарты» (сондай-ақ «қаржы шарты») деген ұғыммен келісуге мәжбүрлейді десек, сөз басқа - бұл шындыққа жанаспайды (фикция), инвестициялық қызмет субъектілерінің объективті сыпаттағы себептерден гөрі қарапайымдыланған терминологияға ұмтылысы деу керек.

Әрине, мемлекет экономиканың басым секторларын дамытуға мүдделі, сондықтан осы салаларда қызметті жүзеге асыратын инвесторларға едәуір жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі. Инвестициялық кепілдіктер беру туралы келісімшарттарды жасау, орындау, өзгерту, тоқтату тәртібі мен талаптары заңнамада түгел қарастырылған. Осының бәрі инвестициялық келісімшарттың маңыздығын дәлелдейді. Сонымен бірге, инвесторларға

инвестициялық жеңілдіктер беру мен ынталандыру шараларын қолдану арқылы экономиканың нақты дамуына жетісуге болмайды. Экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған ынталандыру, бақылау және қорғаныс шараларын ойластыра және пәрменді пайдалану керек.

Бақылау сұрақтары

1. Инвестициялық шарт ұғымын анықтаңыз.
2. Кәсіпкерлік шарттың ерекшеліктері қандай?
3. Шарт функцияларының жүйесі нені білдіреді?
4. Инвестициялық шарттарға шарттардың негізгі функцияларының қайсысы тән?
5. Шарт талаптарының негізгі түрлерін атаңыз.
6. Шарт еркіндігі принципі мен ерік дербестігі принципінің мәні мен ұғымын атаңыз.
7. Сыртқы экономикалық шарттарға ерік дербестігі принципі қалай әрекет жасайды?
8. Инвестициялық шарт талаптарын атаңыз
9. Инвестициялық жеңілдіктер беру туралы келісімшарт ұғымын айтып беріңіз.
10. Келісімшарт жасаудың сатыларын сыпаттаңыз.
11. Келісімшарт жасау мен орындаудың белгілері.
12. Өкілетті орган қандай тексерістер жүргізеді?
13. Келісімшартты орындамау немесе тиісінше орындамаудың зардаптары қандай?
14. Келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатудың зардаптары қандай?
15. Өкілетті орган келісімшартты бір жақты қандай жағдайда бұзады?
16. Инвестициялық жеңілдіктер беру турал келісімшарттардың табиғаты қандай?

Ұсынылатын әдебиет

1. Ахмадиева Г.Д. Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық келісімшарттарды құқықтық реттеу. Алматы: «Ғылым», 1996.
2. Басин Ю.Г. Ымыра келісімдер. Оқу құралы. Алматы: «Әділет», 1999
3. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Шартқұқығы. Бірінші кітап. Жалпы ережелер. М.: «Статут» баспасы, 2003.
4. Диденко А.Г. Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету. Ғылыми басылым. Астана, 2002.
5. Халық шаруашылығындағы құқық (жалпы теория мәселелері). / М.К.Сүлейменов, Б.В.Покровскийдің редакциясымен. Алма-Ата: «Ғылым», 1987.
6. Иоффе О.С. Қазақ аулы шармалар 4 т. Кеңестік азаматтық құқық. СПб.: «Юридический центр Пресс» баспасы, 2004. II том.
7. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.К.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы, ҚазақМЗА, 2001.
8. Қазақстан Республикасындағы шетел инвестициялары. / М.К.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.
9. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лахноның редакциясымен. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
10. Пугинский Б.И. Шаруашылық қатынастарда азаматтық-құқықтық құралдар. М.: «Заң әдебиеті», 1984.
11. Семеусов В.А. Шаруашылық шартының функциялары. Оқу құралы. Иркутск: Иркутсктік Мемлекеттік университеті, 1979.
12. Собчак А.А. Шаруашылық қызметті құқықтық реттеу: оқу құралы. Л.: ЛГУ баспасы, 1981.
13. Халфина Р.О. Кеңестік социалистік құқықта шарттың маңызы мен мәні. М.: КСРОҒА баспасы, 1954.

14. Шаруашылық шарт. Жалпы ережелер. Оқу құралы. / Д.Н.Сафиуллин, Е.П.Губин, Е.А.Суханов. Свердловск: СЮИ баспасы, 1986.

Инвестициялық шарттар жүйесі.

Инвестициялық шарттардың түрлері. Сыртқы экономикалық инвестициялық шарт. Мемлекеттік қарыз шарты. Банк қарызының шарты. Лизинг шарты. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты.

§1. Инвестициялық шарттардың түрлері

Азаматтық-құқықтық шарттардың сұрыптамасы азаматтық-құқықтық теориясының жақсы зерттеліп тұжырымдалған мәселелерінің қатарына жатады. Шарттар бөлінісінің негіздері ретіндөртүрлі өлшемдер алынған. Мысалы, М.И.Брагинский пікірінше, шарттардың көпсатылық сұрыпталуында өлшемдер ретінде: материалдық объектісінің белгісі (заттар менқызметтер); нәтиже өлшемі немесе бағыттылық (меншік құқына және пайдалану құқына өтуі); қайтарымсыздық өлшемі (қайтарымды және қайтарымсыз шарттар)^[466]; бұл арада М.И.Брагинский белгілі бір топтарға біріккен шарттар әрбір келесі сатыда бұрынғы топтардың ерекшеліктерін білдіреді^[467] деп нақтылай түседі. Шарттарды көпсатылы сұрыптау өлшемдеріне Н.Д.Егоров мынаны да қосады; материалдық игіліктердің орын алмастыруы^[468] делдалқы сыпат алады. С.Д.Волошко: шарттардың белгілі бір топтарына қатысушылардың әлеуметтік бағыттылық және олардың ерік мазмұнының өлшемі^[469].

Белгілі мақсаттарға байланысты сұрыптауды басқа да негіздермен жүргізе ұсынылады. Мысалы, М.И.Брагинский шарттарды нақты және ымыралық, екі жақты және бір жақты, қайтарымды және қайтарымсыз, негізгі және қосымша деп бөледі, контрагенттер мен үшінші тұлғалардың пайдасына негізгі және алдын - ала жасалған, заттық және міндеттемелік, атауды және атаулы емес^[470] деп бөледі, Т.В.Кашанина, А.В.Кашанин азаматтық-құқықтық шарттарды былайұрыптайды: жақты және ымыралық; біржақты және өзара лық; қатысушылар мен үшінші тұлғалар үшін алдын-ала жасалған шарт^[471]; Н.Д.Егоров шарттар түрлерін теңдестіріп, негізгі және алдын-ала жасалған, қатысушылар және қайтарымсыз; еркін және міндеттемелік, өзара келісілген және қалған^[472]. М.Қ.Сүлейменов бұған қосымша шарттардың жалпы сұрыптамасын нақты және ымыралық бір үлгілік және аралас^[473] шарттарды бөліп алады, т.б.

Ю.Г.Басин ымыралар түрлерін сұрыптауда үш ымыраны бөліп алады: Каузальдық және абстрактылық, негізгі және қосымша (акцесорлық), шарттылық, мұнда ерекше түр ретінде биржалық ымыралық басым түседі^[474]. Д.В.Ломакин ымыралықтың түрі ретінде ірі мәмілерге^[475] келуді ұсынады. Н.Зайцев азаматтық -құқықтың дербес түрі ретінде консорциумдық келісімді^[476] қарастырады. Қосымша сұрыптаманың мысалы ретінде біржақты ымыралады, біржақты - басқару-өкілетті (субъективті құқық ықпалымен әрекеттер) және біржақты - міндеттеуші ымыралыққа шектейді. (бір тұлға үшін жасалатын заңды түрде міндетті екінші бұлғашы байланыстыратын әрекеттер). Осы пікірді ұсынған Б.Б.Черепяхин, қолдаған С.С.Алексеев^[477].

Кәсіпкерлік (шаруашылық) шартының жақтаушылары кәсіпкерлік шарттардың сұрыптауының әртүрлі моделдендірулерін ұсынады. Мысалы, В.С.Анохиннің пікірінше, кәсіпкерлік шарттарды төмендегіше сұрыптауға болады. Қайтарымсыз жүзеге асыру немесе мүлік алу шарты; қызметтер көрсету туралы шарты; жұмыстардың орындалғаны туралы шарт^[478]. В.В.Краснокутский кәсіпкерлік шарттардың анағұрлым жүйеленген сұрыптамасын алға тартады: мүлікті өткізу туралы шарттар (өтерме сатып алу -сату; жеткізу; айырбас; контрактация; газбен, эл.энергиясымен жабдықтау, т.б.); мүлікті уақытша пайдалануға беру туралы шарттар (мүлікті жалға беру және мүлікті тегін пайдалану); көлік шарттары (жүктерді тасымалдау, тіркемеге алу, кірме жолдарды пайдалану); бақыметі туралы шарттар (есеп айырысуғымды есеп шот, банк несиесі, т.б.); басқа да шаруашылық қызметтерін көрсету туралы шарттар (ауылшаруашылық өнімдерін тұтынушылар кооперациясының ұйымдары арқылы сату, ведомстводан тыс күзет құрылымдары арқылы

объектілерді күзету, т.б.); кешенді қызмет көрсету туралы шарттар (жұмыстарды кешенді атқару, кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктерді материалдық-техникалық жабдықтау, т.б.)^[479]. Ең соңында Т.В.Кашанина юсіпкерлік шарттардың мына түрлерін бөліп алады: 1) тек ұйымдық шарттар; 2) бірескен қызмет туралы шарттар (қарапайым серіктестік шарттары); 3) алдын-ала жасалған мәмілелер; 4) міндеттемелік шарттар; 5) инвестициялық шарттар; 6) ~~ж~~сіпорын дарды беру әртібі туралы шарттар; 7) кірістерге араласу туралы шарттар^[480]. Тұтас алғанда, ұсынылған тұғырнамаларда бір кемшілік бар - бұларда бірыңғай сұрыптама өлшемі жоқ, егер мұндай өлшем болғанда, жоғарыда аталған шарттарды топтар мен түрлерге бөлуге болар еді. Сондай -ақ мұнда кәсіпкерлік (шаруашылық) шарттардың сәтсіз сұрыпталғаны байқалады.

Инвестициялық шарттар кезкелген азаматтық-құқықтық шарттар сияқты әртүрлі негіздер бойынша ұрыпталуы да мүмкін. Экономика салаларына орай инвестициялық шарттар екі негізгі ~~қап~~ бөлінеді: материалдық өндіріс саласындағы шарттар және материалдық игіліктер емес өндірісі саласындағы шарттар. Өз тарапынан шарттардың осы түрлері қосалқы түрлер мен үлгілерге бөлінеді. Егер инвестициялық шарттарды азаматтық құқықтар объектілеріне (азаматтық айналымдағы біртектілікті еместігімен сыпатталатын игіліктер) орай ұрыптасак, онда **меншікке беру немесе үмікті пайдалану жөніндегі шарттар; ерекше құқықтарды пайдалану жөніндегі шарттар; жұмыст ар ақару жөніндегі шарттар, қызмет көрсету жөніндегі шарттар** болып блінеді. Бұлардың әрқайсысы жеке түрлерді біріктіреді; мысалы, бірінші топқа сатып алу-сату, жалгерлік, рента шарттары, т.б. жатады. ҮлБ арада М.И.Брагинский келісуге болады, ол нәтижелерг е (нәтижелер бағыттылығына) орай дербес топқа әртүрлі ұйымдарды құру шарттарын^[481] жатқызған, тиісінше, құрылтай шарттары деп аталатын ерекше топты құрайды.

Сонымен бірге әдебиетте шарттардың осы топтарын теңдестіру қа жеттігі туралы ұсыныстар да бар, бірақ солардың дербестігі күдік тудырады. Мысалы, Е.Д.Шешенин азаматтарға қызмет көрсету шарттарын жеке топқа бөлуді ұсынады, азаматтық-құқықтық шарттардың әртүрін осы категория қамтиды. Шарттар түрлері бір-бірінен өзінің мәні мен мазмұнына қарай ерекшеленеді: бөлшек сату-сатып алу шарты, тұрмыстық мердігер, тұрмыстық заттарды пайдалануға беру; тұрғын үйді жаға алу, сақтау шарты, жолаушыларды тасымалдау шарты, байланыс қызметін көрсету шарты, т.б. шарттар^[482]. Әрине, азаматтық-құқықтық шарттарды түрліше сұрыптаудың белгілі бір қажеттілігі, әсіресе қызмет көрсету саласында бір топқа біріктірілген, субъект құрамынан тәуелсіз шарттар бар - қызмет көрсету шарттары.

Шарттардың жалпы сұрыпталуынан өрініп отырғанындай, инвестициялық шарт ымыралық, екі жақты (өзаралық) және қайтарымды болады. Сонымен бірге инвестициялық шарттарды оларды қолданудың экономикалық саласына орай теңдестіруге болады. Мысалы, инвестициялық шарттардың негізгі түрлерінің арасында ~~жер~~ойнауын пайдалану саласындағы; сыртқы экономикалық; мемлекеттік қарыз; банк несиесі; лизинг; бағалы қағаздар нарығында жасалған ымыралық шарттар бөлінеді. Инвестициялық шарттардың жекеленген топтары, көлік, т.б. салалар бойынша шарттарды қамтиды.

§2. Сыртқы экономикалық инвестициялық шарт

Әдебиетте шетел инвесторларының қатысуындағы ивестициялық шарттың (келісімшарттың) құқықтық мәні туралы мәселеге зор маңыз берілген. Осы проблема жөнінде екі негізгі және қарама-қарсы көзқарас қалыптасқан: Н.Н.Вознесенская, Б.Б.Самархожаев инвестициялық шарттарды азаматтық -құқықтық келісімшарттарға^[483], В.П.Мозолин, М.И.Кулагин~~ж~~імшілік -құқықтық келісімшарттарға^[484] жатқызады. Г.Т.Казиева осылай блінудің себептерін аша келіп, бірінші пікірге^[485] (алуан нұсқадағы субъектілердің келісімшарттарына қатысу) ден қояды. Бір мемлекеттің қатысуындағы инвестициялық келісімшарттардың шеңберін тарылтпау керек деген пікірмен келісеміз, бірақ шетел инвесторының міндетті түрде қатысуымен оның мазмұнына шек қоюға бола ма.

Инвестициялық шарттың мәнін анықтайтынша оның жекеленген түрлерінің мазмұнын дұрыс және толық анықатуға болмайды.

Сонымен бірге инвестициялық шарт ретінде шетел инвесторының қатысуындағы инвестициялық экономикалық шарт түрі болып табылады. Шарттың осы түрінің сыртқы экономикалық сипаты оның ерекшеліктері мен өзгешелік белгілерін анықтайды, инвестициялық шарттардың теңдестірудің өлшемінің арқасында негізгі екі топқа бөлініп шығады: 1) шетел инвесторларының қатысуындағы инвестициялық шарттар; 2) ұлттық инвесторлар қатысуындағы инвестициялық шарттар. Осы келісімнің тараптары әрдайым шетел инвесторы және реципиент ел болады деп атап көрсетеді А.Джанал еева^[486], мұнда тараптарының бірі ретінде шетел элементтерінің қатысуы міндетті, екінші тарапта қабылдаушы мемлекет немесе оның заңды немесе жеке тұлғасы шығады, екі тарап та үшінші мемлекеттің аумағында қызмет жүзеге асырып жүрген шетел инвесторлары болуы мүмкін. Л.П.Ануфриеваның пікірінше, «шетел элементі» ұғымына бірқатар нақты факторлар енеді, осы құқықтық қатынастың субъектісі - шетелдік (шетелдік заңды немесе жеке тұлға, тіпті шетел мемлекеті), немесе қатынас объектісі - шетелдегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік, зат; немесе шеттен тыс оқиға және әрекет^[487]. Н.Ю.Ерпылева шарттың халықаралық сипатын осы заман ұрғысынан түсіну (шарт коммерциялық мақсатта жасалуы) мен сатып алушының коммерциялық кәсіпорындардың әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасқан түріндегі шетелдік элементін қамтиды^[488]. Сонымен бірге соңғы жағдайда тек бір ғана өлшем бөлінген - сатушымен сатушының мекен тұрағының әртүрлі жерде болуы, оларды бір мемлекетке жатуы, бірақ әртүрлі мемлекеттің аумағында болуы мүмкін екені есепке алынбаған.

Сонымен, сыртқы экономикалық инвестициялық шарт мына белгілерге жауап беруге тиіс: 1) шарт тараптарының әртүрлі мемлекетке қатыстылығы (Г.Д.Ахмадиеваның пікірінше, бұл шарт контрагенттер арасында жасалуы керек, олардың негізгі қызмет орны тіркеу орны бойынша анықталатын әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасады^[489]); 2) шарт қатынастары шетел инвестицияларына байланысты туындайды (Л.А.Лунцты айтуынша, қызметінің мазмұны шетелден товар әкелу немесе шетелге товар шығару; немесе товарларды жеткізу мен сыртқа шығаруға байланысты қандай да болсын осыған ұқсас операциялар болып табылатын сыртқа сауда шарттары арынан өзгеше^[490]). Аялшы белгі шетел инвесторының қатысуындағы шарттың сыртқы экономикалық табиғатын аша түседі, ал екінші бір белгі сыртқы экономикалық шарт түрі ретінде сыпаттап қана қоймай, инвестициялық шарт ретінде ерекшеліктерін анықтайды. Шетел инвесторларының өз қызметін жүзеге асыру үрдісінде қалыптасқан құқықтық қатынастардың негізгі нысаны ретінде инвестициялық шарттың күрделілігі мен көп негізділігін көрсетеді.

И.У.Жанайдаров сыртқы экономикалық шарттың бес белгісін бөліп қарастырылады: 1) ҚР аумағында тіркелген кәсіпкер мен шетел мемлекетінің азаматтық құқы субъектісі арасындағы шартты аяқтау; 2) товарлар, жұмыстар, қызметтер немесе шетел инвестициялары объект болып табылады; 3) товарлар шекарадан асуы немесе шетелде қалыуы керек, ал жұмыстар мен қызметтер шетелде орындалып, көрсетілуге тиіс; 4) мемлекеттік шекарадан асқан инвестициялар жылжымайтын мүлікке, товарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге айналады; 5) қайтарымды сынап^[491]. Істің мәнісіне қарай соңғы жағдайда сыртқы экономикалық шарттың жоғарыда аталған негізгі белгілері егжей-тегжейлі ашыла түседі; сонымен бірге сыртқы экономикалық шарт қайтарымды, тіпті өзаралық шарт болып табылады (осы белгілер сыртқы экономикалық шарттың азаматтық-құқықтық табиғатын ашады).

Г.В.Петрованың көзқарасынша, сыртқы экономикалық ымыраның кәдімгі шарттан өзгешелігі бар және мына шарттарды қамтиды: 1) әр ұлтқа қатыстылығы бар тұлғалармен мәмілеге келеді; 2) товардың шекара асуы; 3) қолданылатын құқықты таңдау; 4) төрелік сотқа жүгіну; 5) салық төлемдерінің талаптарын келісіп алу; 6) валюта мен халықаралық есеп айырысулардың нысанын таңдау; 7) халықаралық дәстүрлерді қолдану; 8) сыртқы экономикалық шарт міндеттемелеріне тән басқа да арнаулы ережелер^[492].

Г.К.Дмитриева тек коммерциялық халықаралық ымыраларға тән он шартты (талапты) атап өтеді: 1) өтемдерді алу және қамтамасыз етуге байланысты талаптары; 4) товарларды сақтандыру талаптары; 5) әр мемлекеттің заңымен қарастырылған кеден ережелерін орындау; 6) негізгі шартпен бірге тасымалдаушымен, банкпен, сақтандыру компаниясымен қосымша келісімшарт жасасу; 7) коммерциялық емес (саяси) ықпалдардың шараптардың міндеттемелердің орындалмауына жауапкершілікті бөлу ережелері; 8) қолданылатын құқық талаптары; 9) даулы әрекеттерді қарау тәртібі және ережелері; 10) халықаралық коммерциялық ымыралардың нысаны мен қол қою тәртібі^[493]. Мұнан кейін Г.К.Дмитриева мынанан атап көрсетеді: аталған өзіндік талаптар ымыралықтың анықтауға мүмкіндік беретін сыпаттаушы белгілер болып табылмайды, өйткені ымыралықты халықаралық деп тануға бір ғана өлшем жеткілікті-тараптардың коммерциялық кәсіпорындарының әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасуы^[494].

Осы белгі, әрине, ерекше маңыз алады, бірақ бірдей - бір белгі бола алмайды, өйткені кәсіпорындары бір мемлекеттің аумағында орналасқан тараптар арасында сыртқы экономикалық ымыра жасалуы мүмкін, сондықтан бұл олардың әр түрлі мемлекеттігіне бөгет болмайды, бір тараптың шетел инвесторы болғаны жеткілікті. Сондай-ақ шарттық қатынастардың объектісі - шетелде орналақан зат немесе шығармашылық қызметтің нәтижесі бола алады, бұл жағдайда тараптар кәсіпорындарының мемлекеттік қатыстылығы мен орналасуына байланысты емес, ымыра халықаралық (сыртқы экономикалық) болып саналады. Сондықтан мынадай қорытынды жасауға болады - сыртқы экономикалық ымыраның екі негізгі белгісі болады: 1) ерекше субъектілік құрам (тараптар әртүрлі мемлекеттілікте немесе әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасуы); 2) ерекше объектілік құрам (шекарадан тыс жердегі товар, мемлекет аумағынан тыс жерлерде көрсетілген қызметтер, немесе шетел инвестициялары).

В.Н.Лисица халықаралық инвестициялық келісімге сыпаттама беруде «Күрделі шарт» терминін қолдады, оның қайдағы бір «шекаралық құбылыс» деп түсінеді, өйткені ол жекешелік - құқықтық және көпшілік-құқықтық қатынастарды реттейді, осы тұрғыдан кәсіпкерлік сатылы және көлбеу қатынастарды реттейтін құқық саласының кәсіпкерлік құқық институты ретінде қарастырады^[495]. Сайып келгенде, В.Н.Лисица мынадай қорытындыға келеді: халықаралық инвестициялық келісім азаматтық-құқықтық шарттардың басқа үлгілеріне тән белгілерді, сондай-ақ олардан елеулі түрде өзгеше белгілерді қамтиды, ол қандайда болсын үлгіге жатпайды, дербес шарт болып табылады^[496]. Біздіңше, жекешелік - құқықтық және көпшілік-құқықтық бастамалардың тығыз жанасуы болғанда, бұл құбылыстың кешендік сыпаты туралы айту керек сияқты, халықаралық инвестициялық шарттың дербестігі туралы тезиске келетін болсақ, онда бұл барынша даулы және сенімсіз болар еді. Әрине, халықаралық инвестициялық келісім - инвестициялық шарттың жеке (ерекше) түрі болып табылады (өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар), солай бола тұрса да, шарттың дербес түрі ретінде бөлініп шығуға жеткілікті белгілерге ие емес.

§3. Мемлекеттік қарыз шарты

Жекешелік - құқықтық және көпшілік - құқықтық бастамаларды үйлестірген инвестициялық шарттар қатарына азаматтық-құқықтық шарттар арасында ерекше орын алатын мемлекеттік қарыз шартын да жатқызуға болады. Азаматтық заңнамаға сәйкес мемлекеттік қарыз шартының тараптары болып бір жағынан мемлекет, екінші жағынан - заңды немесе жеке тұлғалар қатысады. Бұл шарт қарыз алушының шығарылған мемлекеттік облигацияларды, сондай-ақ, қарыз алушының қарыз берушіден қарыз ақша алу құқын растайтын бағалы мемлекеттік қағаздар алу жолымен жасалады, қарыз, басқа да мүліктік эквиваленттің хал-ахуалына қарай, осы қарыздың айналымға шығару шарттарында қарастырылған басқа мүліктік құқықтар талаптарына сай жасалады. (ҚР АҚ-інің 726-3 бабы).

Мемлекеттік қарыз шартының табиғатына байланысты әртүрлі пікірлер бар. В.Н.Белов мемлекеттік қарыз шартын ерекше қаржы шарты деп санайды^[497]. А.И.Худяков әртүрлі

пікірлер ұстанады: біріншіде мемлекеттік қарыз шартын азаматтық-құқықтық шарт^[498] деп қарастырады, екіншіде қаржы-құқық шарты^[499] деп анықтайды. Соңғы жағдайда А.И.Худяков қаржы-құқықтық шартқа азаматтық-құқықтық шартқа тән белгілерді тануға болмайды деп атап өрсетеді (атап айтқанда, қаржы шартынан тараптардың заң түріндегі теңдігін талап ету); мұндай қаржы шарты өзінің заңдық белгілері бойынша азаматтық - құқықтық шартты қайталамайды; шарттың осы

екі түрі қоғамдық қайта толығыудың әртүрлі сатыларына қызмет көрсетеді (азаматтық - құқықтық шарт - айырбас сатысына, қаржы шарты тарату сатысына қызмет етеді); тиісінше, құқықтың әртүрлі салаларының аспаптары болып табылады, әртүрлі мақсатты көздейді^[500]. Тағы бір айғақ ретінде ҚР Азаматтық кодексіне мемлекеттік қарызға арналған баптардың енгізілуі қаржы шарты туралы арнаулы заңның жоқтығын дәлелдейді, мұндай болғанда, мемлекетті қарызды реттеу мәселелері қарастырылған болар еді.

Сайып келгенде, А.И.Худяков азаматтық-құқықтық заңнан мемлекеттік қарыздың мынадай ерекшеліктерін бөліп қарастырады: 1) қарыз шарттарын мемлекет - қарыз беруші тиісті құқықтық акты нысанында белгілейді; азаматтық - құқықтық қарыз талаптары тараптардың келісімімен ғана анықталады; 2) мемлекет қарыз қатынастарына екі сапада бір мезгілде араласады: қарыз шартының тараптары да, қарыз қатынастарын реттейтін саяси субъект ретінде қарыздар азаматтық - құқықтық қатынастарын реттеуде мемлекет қарыз қатынасының субъектісі болып табылмайды және осы қатынастың субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейді; 3) мемлекеттік қарызды конверсиялау (айналымға шығарылған қарыз шарттарын бір жақты өзгерту) мүмкіндігіне иелік етеді; қарыздың бастартуға немесе оның талаптарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді; 4) мемлекет қарызды өтеуден бас тартса, оның несиелі алушылары (заңды және жеке тұлғалар) мемлекетті сотқа жүгіну арқылы жауапкершілікке тарта алмайды; қарыздың азаматтық-құқықтық шарты бойынша борышкер өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, қарыз берушілер сотпен одан қарыз соманы талап етуге құқылы^[501].

Бұл жерде мынаны атап өткен жөн: мемлекеттік қарыз шартында мемлекет саяси субъект емес, шарт тарабы (қарыз беруші) ретінде әрекет етеді, мемлекеттің көпшілік қатынастарға қатысуын және мемлекеттің азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуын айырып алу керек: бұл жағдайда мемлекет қарыздың азаматтық-құқықтық міндеттемелерін өзіне ерікті түрде қабылдайды және сонымен бірге мемлекеттік емес субъектілермен азаматтық-құқықтық қатынастардың тең құқылы қатысушы болып шығады. Мемлекет тарапынан шарт талаптарын бір жақты өзгерту мүмкіндігіне келсек, мұнда қолданылып жүрген заңнаманың әлі де болсын жетілдірілмегені айқын байқалады. Оның нормаларына шартты орындаудан бір жақты бастартуға немесе айналымға шығарылған қарыз шарттарын бір жақты өзгертуге жол бермейді деп тура жүрсетілуі керек (мұның орнына ҚР АҚ 726 -5 бабымен ҚР -ның мемлекеттік қарыз қатынастарына қатысу ерекшеліктері заңнама актыларымен белгіленеді делінген). Мемлекет қарыздарды өтеуден бастартуы жағдайында мына атап өту керек: мемлекеттік емес қатысушылар (қарыз берушілер) өтеу құқына ие болуы қажет, бұл құқыққа мемлекет тарапынан кепілдік берілген: ҚР АҚ-інің 762-4 бабына мемлекеттік қарыз шартынан туындайтын міндеттемелері бойынша қарызгер мемлекеттік қазына мүлікпен жауапкершілік алады, кері жағдайда мемлекеттік қарыздың еріктілігі туралы қандай әңгіме болуы мүмкін: салған қаржыларын қайтарып беріп қана қоймай, шартпен белгіленген сыйақыларын алатынына сенімді болмаса, жеке немесе заңды тұлғалар мемлекеттік бағалы қағаздарды ала ала ма? Тұтас алғанда, қолданылып жүрген заңда жеткілікті реттеушіліктің болмағанына қарамастан, мемлекеттік қарыз шарты азаматтық-құқықтық шарттардың басқа түрлерімен салыстырғанда, арнаулы өзіндік белгілері мен өзгешеліктері бар азаматтық-құқықтық шарт болып табылады.

А.И.Худяков қаржы-құқықтық шарттар түрлерін былай сұрыптайды: 1) мемлекеттік қарыз шарты; 2) бюджеттік несиелеу шарты; 3) бюджеттен тыс арнаулы қорлардан несиелеу шарты; 4) мемлекеттік-банктік несиелеу шарты; 5) ведомстволық несиелеу шарты; 6) қаржы-

ұйымдастыру шарты әртүрлі мемлекеттік органдар арасында жасалады, олардың қызметі мемлекеттік қаржыларды ұйымдастырумен байланысты мәселелер болып табылады^[502].

Алайда әдебиетте қаржы шарттарын анағұрлым кеңірек сұрыптамалар ұсынылады. Мысалы, В.Н.Белов қаржы шарттарының мына түрлерін ұсынады: 1) қарыз шарты; 2) несиелік шарт; 3) тапсыру шарты; 4) міндетті орындаған тапсырушыға осы міндет бойынша несие берушінің құқықтарын беру туралы шарт; 5) банк кепілділігін беру туралы келісім; 6) талапқа кеңшілік (цессия) жасау туралы шарт; 7) валюта аманаты туралы шарт; 8) мемлекеттік мүлік аманаты туралы шарт; 9) жекешелендірілген пәтер аманатының шарты; 10) салынып жатқан үйдегі пәтерге меншік құқығының аманаты туралы шарт; 11) борышқа кешірім жасау мен салымдар орнын толтыру туралы; 12) аманат шарты^[503]; 13) ұстау шарты; 14) пәй тұлғалар үшін банк салымының шарты; 15) азаматтар үшін банк салымының шарты^[503]. Принципінде, бұл жағдайда, біздіңше, мемлекет азаматтық құқықтық қатынастар субъектісі ретінде мемлекет шарттардың саналуан түрлерін жасай алады. Қаржылық деп атауға болатын тағы да азаматтық-құқықтық шарттарды бөліп қарастыруға болады (мемлекет мемлекеттік органдар арқылы шарт тарабы бола алады).

Қаржылық - құқықтық шарттардың алғашқы сұрыптамасы - басқа шаруа: мұнда шарттарды жеке тоқ біріктірудің бірыңғай өлшемдері мен олардың неғұрлым айғақты негіздемесі жүзге көрініп отыр. Бірақ әуел бастан -ақ қаржылық - құқықтық шарттардың қалыптасып отырғанын мойындаудың өзі - қате. Соның нәтижесінде әкімшілік құқық әдебиетте басқа да тұжырымдардың орын алып отырса да, С.В.Запольский былай деп санайды: қаржы қатынастары саласында «шарт» терминін қолданудың шарттылығы шаруашылықты субъектілеріне қандай да болсын жеңілдіктер беру үшін құқық реттеудің осы тәсілін пайдалануға бөгет жасамайды (егер салық жеңілдіктері берілсе, салық шартының көмегімен реттеледі)^[504]. Біздіңше, жалпы -құқықтық қатынастарда «шарт» категориясын пайдалану шарттылығының өзі ақтамайды. Сондықтан «қаржылық шарт қатынастарының» немесе «әкімшілік шарт қатынастарының» пайда болу мүмкіндігінің негізі жоқ деп ойлаймыз. Мемлекетті жекешелік құқықтық қатынастарға енуі осы қатынастардың көпшілік - құқықтық қатынастармен бірге көпшілік құқықты реттеудің саласын құрауы болып табылмайды: сондай-ақ бұлар жекешелік құқықты реттеу саласын құрамайды. Бұдан құқықтық негізгі салаларының жанасуы немесе араласып кетуі көрінеді, соның нәтижесінде құқықтың кешенді салалары (оның ішінде инвестициялық құқық) көрініс алады.

§4. Банк қарызының шарты

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде ақша қаражатын қажетсінушілікті қанағаттандырудың негізгі жолдарының бірі оларды шартпен алу болып табылады. Осыған байланысты банк немесе басқа несие ұйымы (несие босатушы) екінші жаққа ақша қаражатын немесе товарқұндылықтарын (қызмет көрсету) шартта көрсетілген талаптар мен мөлшерде ұсынуға, екінші жақ (қарыз алушы) соманы қайтаруға және оған пайыздық үстемелерді төлеуге міндеттенеді. Күрініп отырғанындай, қарыз бен несие ұғымы өзара жымдасып кеткен. Ал азаматтық құқық қарызға әмбебаптық сыпат береді, несие шарты қарыз қатынастарының ерекше, дербес түрі болып табылады^[505]. Сонымен бірге заң әдебиетінде несие мен қарыз ұғымының бір тектілігі байқала бермейді. Әртүрлі пікірлер де айтылып жүр, атап айтқанда, В.Г.Залевскийдің пікірі мынаған саяды: әуелбастан -ақ реттелетін қатынастардың ортақтылығы мен ұқсастығына қарамастан, «қарыз» және «несие» терминдері құқықтық тұрғыдан алғанда, синонимдер ретінде қолданылмайды, өйткені олардың әрқайсысының қолданылу саласы бар^[506]. Е.Б.Осипов «несие» ұғымының «қарыз» ұғымына қарағанда өрісі кең, өйткені қарыз бен салым несиені ұйымдастырудың жекеленген құқықтық нысандары болып табылады^[507]. Бірақ осы терминдер шегі қолданылып жүрген заңда, теорияда айқын ажыратылмаған.

ҚР Азаматтық заңнамасымен банк қарызы шартының ұғымы мен ерекшеліктері анықталған. Онда банк қарыз беруші, немесе ұлттық банктің қарызды ақша нысанада босатуға лицензиясына ие болған заңды тұлға. Шарт мәні - ақша (бұл жағдайда шарт жасалу сәтінен күшіне енеді); шарт жазбаша түрде жасалуға тиіс (жазбаша нысаны сақталмаған жағдайда банк қарызының шарты жарамсыз деп саналады, басқа шарттардан өзгешелігі осында); қарызды мемлекеттік банктер немесе мемлекеттік ақша қорлары есебінен босатылғанда, оны босату тәртібі мен шарттары заң актыларымен, сондай-ақ өкілетті мемлекеттік органдардың актыларымен реттеледі, бұл жағдайда қарыз босату қарыз берушінің міндеті болып табылады, ал ол жасаған шарт аталған заң актыларымен және (несие) өкілетті органдардың актыларымен белгіленген ережелерге міндетті түрде сәйкес келуі керек; банк қарызының шартына қарыз берушінің келісімімен қарыз алушының міндеттемелері ақша қарызы шарты бойынша орындалуға тиіс деген ережелер қолданылмайды (ҚР АҚ 7286.).

Әлемдік практикада несие шарттар мен келісімдер жасау кеңінен қолданылады. Несиелік өзара қатынас тардың қалыптасқан жүйесіне сәйкес, Н.Д.Эриашвили атап көрсеткендей, банктің несие ресурстары банктің өз қаржылары есебінен (ол алған негізгі қорлар, банктер мен басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үйлесіндегі салымдардың, басқа да жұмылдырылған қаржылардың өзіндік құнынан басқа); заңды тұлғалардың банктегі есеп шотындағы қаржыларынан; вексельдік қамтамасыз ету мақсатымен депозиттер нысанында жұмылдырылған қаржылардан; белгілі бір мерзімге жұмылдырылған жеке тұлғалардың салымдарынан, басқа банктерден алынған несиелерден; басқа да жұмылдырылған қаржылардан құралады^[508].

РФ Азаматтық кодексінде (819-821 баптар) несие шартына^[509] арналған бірқатар баптар бар. Осы баптарға сәйкес, қарыз туралы шарт ережелері несие шартқа қолданылады. Несие шартының жоғарыда аталған ерекшеліктері банк қарызы туралы шарт талаптарымен сәйкес келеді. Ресей азаматтық заңнамасында осылай бекітілген: несие алудан және ұсынудан бастарту; сондай-ақ несие қаржыларын пайдаланғаны үшін пайыз есептеу және пайыз мөлшерін анықтау тәртібі^[510]. Несие беруші, шартта қарастырылғанындай, несие алушыға сома мерзімінде қайтарылмайтынын растайтын міндеттемелер болғанда, несие ні толық немесе жартылай босатудан бас тартуы қажет. Несие алушы да несиені толық немесе жартылай алудан бас тартуға құқылы, бұл жөнінде шартта белгіленген мерзімге дейін несие берушіге хабар етеді. Сондай-ақ несие беруші егер несие алушы қаржыны өз мақсатына пайдалану жөніндегі міндеттемесін бұзса, несие алушыға онан әрі несие босатудан бас тарта алады. Сонымен бірге, Е.А.Павлодский атап өткендей, несие шартында алушының несиеден бас тартуына тыйым сала алатын, немесе несие шартын несие алушының бұзуы мен өзгертуі салдарынан несие беруге шығындарды өтеуге міндеттейтін талаптар қарастырылған^[511].

Біздің ойымызша, осы шарттың, несие шартына қарағанда, банк қарызының шарты деп аталуы анағұрлым дәл және дұрыс. Өйткені несие экономикалық категория ретінде, ал қарыз заң категориясы ретінде қарастырылады. Экономикалық әдебиетте «несие» былай анықталады: құнның қайтарымдық қозғалысы, қайтарым бастамасында төлем қаржыларының қозғалысы; несиеленген құнның қозғалысы; несиеленген капитал қозғалысы, ресурстарды қайтарым негіздерінде орналастыру және пайдалану; қолда бір ақшаны болашақ ақшаны орнына босату^[512]. «Несиенің құқықтық жалпы теориясы тұрғысынан анықтау әрекеті өзіне тән сыпатты белгілері мен өзгешелік ерекшеліктері бар «қарыз» анықтамасын нақтылауға әкеп соғады.

Сонымен бірге ҚР банктер және банк қызметі туралы арнаулы заңнамасында және инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы заңнамада несие шарты аталады. Мысалы, ҚР Қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы Заңында^[513] несие шарты инвесторға республикалық бюджеттен қаржылар, банктік несие ресурстарын, немесе заңды немесе жеке тұлғалардың еркін ресурстарын уақытша босатуға негіз болады. Осы шарттың ерекшеліктері ретінде мынаны атау болады: 1) қаржыландырудың қайтарым жүйесінде жобаны жүзеге асыру құрылыстың ұзақтығының нормативтік мерзімдеріне сәйкес

қаржыландырудың қайнар көзі қамтамасыз етілген жағдайда басталады; 2) құрылысшылар халықаралық қабылданған көлем мен нысанада жобалар мен бағдарламалардың тиімділік есептерін түсіруге тиіс; 3) несиелер мен несие үстемесін қайтару несие шартында анықталған уақыт ішінде жүзеге асырылуы керек. Бұл арада әңгіме құрылыс мердігерінің шартын несиелеу және (немесе) қаржымен қамтамасыз ету жайында болып отыр. (ҚР АҚ 651-672 баптар).

Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметінде инвестициялық шарттар да кең бастау алған. Құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді пайдалануға беруді жеделдету үшін инвесторлардың жұмылдыру мақсатымен, Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне қайта құрылған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік банкінің меншігі болып табылмайтын құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді заңнамамен белгіленген тәртіппен конкурстық негізде инвесторға жер тәлімдерімен, қарыздың қалған бөлігін өтеу, құрылысты аяқтау және пәтерлердің бөлігін халықтың қорғалмаған бөлігін қолдау үшін мемлекеттік коммуналдық қорға бөлу шартымен беру; құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді белгіленген тәртіппен инвесторларға беру үшін конкурс өткізу тәртібін реттейтін қажетті нормативтік актыларды жасау жөнінде нұсқау берді^[514].

Банктік шарттарынастарын сыпаттай келіп, А.И.Худяков банк қызметінің практикасында шарттардың әртүрлі атаулары (банк несиесінің шарты, банк қарызының шарты, несие шарты, т.б.) болатынын атап өсетеді, демек, ҚР азаматтық заңнамасымен банк қарызының шартының атауы^[515] біртектілінген. Қарыз қатынастары саласында жаңа шарт нысандарының пайда болуы жағдайында (мысалы, микронесие беру шарты) көкейтесті болып отыр. ҚР «Микронесиелік ұйымдар туралы» заңына сәйкес (2003 жылғы 6 наурыз)^[516], микронесиелер босату туралы шарт мынаны қамтиды: микронесиелік ұйым және қарыз алушы туралы деректер (микронесиелік ұйымның толық атауы және қарыз алушының толық аты-жөні, тегі); микронесиенің мақсаты (мақсатты микронесие беруде); берілетін микронесиенің жалпы соммасы, микронесиені өтеу мерзімдері; өтеу әдісі (бір мезгілде, немесе бөліп); шарт бойынша несие алушының міндеттемелердің орындауды қамтамасыз ету; үстеме өсім ставкасының мөлшері, оның ішінде шағын несие бойынша; тараптардың жауапкершілігі; қолданылып жүрген заңға сәйкес басқа да талаптар. Осы заңның ережелерін талдау шағын несие беру туралы шарт банк қарызының шартының бір екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді (азаматтық заңнамамен тікелей қарастырылмаған, бірақ несие беруші - банк қана емес, ҚР Ұлттық банкінің лицензиясын алған басқа да заңды тұлға, заңды тұлға қарыздарды ақша нысанында - шағын несиелі ұйымдарға босатады).

§5. Лизинг шарты

Инвестициялық шарттың жеке түрі - лизинг шарты. Лизинг бойынша азаматты заңнамаға сәйкес лизинг беруші сатып алушыдан лизинг алушы көрсеткен мүлікті меншікке алып, лизинг алушыға осы мүлікті уақытша иелік етіп, кәсіпкерлік мақсаттарға ақылы түрде пайдалануға болады. Лизингтік объектілері - үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, юлік құралдары, жер тәлімдері және кезкелген тұтынылмайтын заттар; бағалы қағаздар мен табиғат ресурстары бұған кірмейді (ҚР АҚ 565-566 баптар). Тиісінше, лизинг шарты мына өмендегі ерекшеліктермен сыпатталады: лизинг объектісі мен лизинг алушыға тиесілі; лизингтік мүлікті лизинг алушы тек кәсіпкерлік мақсатқа пайдаланады; лизингтік мүлікті лизинг беруші сатушыдан оны лизингалаушының лизингіне беру жағдайында алады; лизингтің бүкіл кезеңінде лизингтік төлемдердің сомасы лизингтік мүліктің ымыра жасалған сәттегі толық (оған шамалас) құнын қамтуға тиіс; шартқа сәйкес төлеуге жататын дүркіндік өтемдер шарт жасалған сәттегі мүлік құнының бүкіл немесе елеулі бөлігінің амортизациясы есепке алынып төленуге тиіс; лизинг шартында лизинг алушының лизингтік мүлікті шарттың мерзімі өткен соң, немесе аяқталғанға дейін сатып алу құқы қарастырылуы да мүмкін; сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды

сатушының орындамағаны үшін лизинг беруші лизинг алушының алдында жауап бермейді, сатушыны таңдау құқы лизинг берушіге берілсе, бұл жағдайда лизинг алушы сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды тең жауапкершілік беретін мүлік сатушысына да, лизинг берушіге өз қалауы бойынша талаптар ұсынуға құқылы.

Әлемдік практикада лизингтің түрлерін ажыратуда, В.Д.Газманның пікірінше, ең алдымен, оларды ұрып-ау белгілерінен шығу керек: жалға алынған мүлікке көзқарас; лизингтік операцияларды қаржыландыру үлгісі; лизингтік ымыраның қатысушылар құрамы; лизингке берілетін мүлік үлгісі; лизинг операциялары өткізілетін нарық секторы; салық, кеден және амортизациялық жеңілдіктер мен кепілдіктерге; лизингтік төлемдер тәртібі; лизинг берушінің тәуекелдік деңгейі^[517]. Сонымен бірге сұрыптаудың басқа да негіздері бар (мысалы, өлшем ретінде лизингке берілетін мүлік үлгісі, тиісінше, жыл жымайтын мүлік лизингі, жылжымалы мүлік лизингі, т.б.).

Қызмет көрсету көлеміне қарай (жалға алынған мүлікке қатысты) лизингтер бөлінеді: 1) таза лизинг (мүлікке қызмет көрсету жөніндегі бар шығынды лизинг алушы өзіне қабылдайды; 2) толық (лизинг алушы мүлікке қызмет көрсету жөніндегі бар шығынды өзіне алса, әдеттегідей, мұндай лизингті жабдықты жасаушылардың өздері пайдаланады); 3) жартылай лизинг (лизинг берушіге мүлікке қызмет ету жөніндегі тек жекеленген функциялар жүктелсе, жартылай қызметтер көрсетіледі).

Осындай өлшемге орай қаржыландырудың үлгісі ретінде В.Д.Газман лизингті мерзімді деп бөледі. Мұнда мүлік бір дүркіндік жалға беріледі, лизинг шартының алғашқы мерзімі өтісімен лизинг шарты жаңартылады, келесі кезеңге мерзімге ұзартылады, онда лизинг объектілері белгілі бір уақтан соң тозуына қарай және лизинг алушының ұйғаруы бойынша барынша жетілдірілген үлгілерге ауыстырылады, лизинг алушы жабдықты ауыстыру жөніндегі бар шығынды өзіне алады^[518]. Жаңартылған лизингтің бір түрі лизинг алушыға жаңа келісімшарт жасамай-ақ жалға жабдықтардың жаңа тобының тізімін толықтыруға мүмкіндік беретін бас лизинг болып табылады. Іркілссіз өндірістік үрдісі бар кәсіпорындар үшін бас лизинг жасау анағұрлым көкейтесті болып табылады, өйткені қосымша жабдық алудың жедел, ойластырылмаған қажеттілігі туған жағдайда лизинг берушіге қажет етілетін жабдықты жеткізуге сұраныс жасалса да жетіп жатыр. Осыған байланысты, А.Г.Мельникова атап көрсеткендей, лизингтің мерзімдерге орай бөлінуі мүмкін, мысалы, Ресейдің лизинг туралы заңнамасында былай белгіленген: ұзақ мерзімдік лизинг үш жыл және одан ұзақ уақытқа, орта мерзімдік лизинг - 1,5-3 жыл, қысқа мерзімді лизинг - кемінде бір жарым жыл^[519].

Ымырақтық қатысушыларының (тараптарының) құрамына қарай, Е.В.Қабатова лизингтің мынадай түрлерін бөліп алады: тікелей лизинг (мұнда мүлік иесі (жеткізуші) объектіні өздігінен лизингтік компаниясыз лизингке бере алады, басқаша айтқанда, бұл шартты лизингке жатқызуға болмайды, өйткені бұған лизингтік компания қатыспайды, оның үстіне қолданылып жүрген заңнамада бұл қарастырылмаған, шетелде жалпыға мәлім лизингтік ымырада бұл шарт дербес түрі ретінде бөлінеді²⁾); жанама лизинг (осы жағдайда классикалық лизинг туралы айтуға болады, өйткені бұған лизинг жеткізуші де, лизинг беруші де, лизинг алушы да қатысады); бөлек лизинг, немесе көп тарап қатысқан лизинг (лизингтің бұл түрі авиация техникасы, теңіз және өзен кемелері, т.б. сияқты күрделі, кең ауқымды объектілерді қаржыландыруда қолданылады). Лизингтің осы түрінің өзіндік белгісі, В.Д.Газманның пікірінше, лизинг берушілер лизинг объектісі сатып алуға қажетті соманың (практикада - 20-40%) тек бір бөлігін ғана қамтамасыз ете алады; бұл қаржылар акциялар шығару, оларды ымыраны қаржыландыруға қатысатын лизинг берушілер арасында жолымен қорланып жұмылдырылады, лизинг объектісінің келісімшарттық құнының қалған бөлігін (60-80%) банктер, басқа да инвесторлар қаржыландырады (олар, әдеттегідей, тікелей лизинг берушілерден несие бойынша қарыздарды талап етуге құқылы емес^[520]).

Батыста қалыптасқан белгілі практикаға сәйкес қаржыларды жұмылдыратын лизинг берушінің бір немесе бірнеше несие берушілерден жалға берілетін активтердің 80 пайызына дейінгі сомасын ұзақ мерзімдік қарыз ретінде алуын қарастырады. Бұл арада банктер - несие

берушілер, лизингтік өлемдер мен жабдықтардың өзі несиелемен қамтамасыз етуге қызмет жасайды^[521]. Әдеттегідей, лизингтікті ымыраларды банктер былай жүзеге асырады: қарыз беру (банк лизингтік компанияға бір немесе бірнеше лизингтік операциялар атқаруға несиеле босатады); немесе міндеттемелер алу (банк лизинг берушідеклиенттерінің міндеттемелерін қайтарым талабының құқынсыз сатып алады, лизинг алушыларының қоғамдық беделі мен жобаның тиімділігін ескереді).

Лизингтің операциялар өткізілетін нарық секторына қарай, В.Д.Газман ішкі лизингті (барлық қатысушылар бір елден болса) және сыртқы (халықаралық) лизингті (тараптардың бірі әртүрлі елдерге^[522] жатса) бөліп қарастырады. Алайда, бөліністің негізгі өлшемі бұл арада нарық секторы емес, лизингтік ымыраның инвестор-қатысушының қандай да болсын бір елге жататыны. А.И.Беляева: бірқатар жағдайда жылжымайтын мүлік (үйлер, өндірістік мақсаттағы ғимараттар, әуе және өзен кемелері); кейбір жағдайларда өнеркәсіптік жабдық (кәсіпорындардағы, толық жарактандырылған, пайдалануға әзір жабдықтар)^[523]. Халықаралық лизинг объектісі болады. Өз тарапынан, ішкі лизинг шетелдік тарабы лизинг беруші болып табылатын импорттық шетелдік тарабы лизинг алушы болып табылатын экспорттық болып бөлінеді.

Лизингпен бірге коммерциялық несиелеудің көп тараған нысандары **факторинг** және **форфейтинг** болып табылады. К.М.Шмиттгофф факторингқаржы тарабы (фактор) экспорттерді экспорттық ымыраның қаржы ауыртпалығынан, әсіресе шетел сатушыларынан алынатын сатып алуқұнын алудан босатуға келісетін шарт ретінде қарастырады, мұндайда экспорттер өзінің нағыз қызметіне өзінің товарларының сатылуы мен маркетингіне ғана назарын аударады; форфейтингті сатып алушы (форфейтер) борышкердің қанағаттануын алу мүмкіндігі болмаған жағдайда несиеле берушінің кері талабына қарсы дау айтудан бас тарту (форфейтинг) жөнінде міндеттеме қабылдайды^[524]. Ж.Перардың пікірінше, форфейтинг көп жағдайда мамандырылған факторингтің айқындалған түрі болып келеді, жоғары несиелік тәуекелділіктен бас сауғалауға байланысты жағдайда экспорттаушы фирмалар соған жүгінеді^[525]. Форфейтинг пен факторингтіөзгешелік ерекшеліктері, біздіңше, мынада: форфейтинг қолданылып жүрген өзіндік міндеттемелерді қамтиды, ал факторинг болашақ, әлі де болсын толық анықталмаған төлем міндеттемелеріне қолданылады; форфейтинг факторингке қарағанда, экспорттық операцияларды жүзеге асыруға қолданылса, бұлардың сауда несиесі 180 күнге жетпесе, форфейтинг барынша ұзақ мерзімдік борыш міндеттемелері бойынша бірнеше жылға қолданылады; тек форфейтинг кезінде борыштар вексель түрінде материалдандырылуы керек, тиісінше жауапкершіліктерді тоқтату мүмкіндігі туады (өтемді төлемеуде, айдарым және валюта жауапкершілігі). Демек, форфейтинг және факторинг халықаралық сауда практикасында есеп айырысудың (қаржы аударудың) жеткілікті пәрменді тәсілдері болып табылады.

К.Г.Сусанян ұсынғандай, лизингтік шарттарды сұрыптаудың келесі негізі - лизинг беруші мен лизинг алушыарасындағы есеп айырысулардың нысаны ретінде саналады^[526]. Сонымен, мынадай нысандар бөлінеді: ақша (барлық өтемдер ақша түрінде өткізілсе); өтемақылар (төлемдер лизингке берілген жабдықпен өндірілген товарларды жеткізу түрінде жүзеге асырылса, мұның өзі негізінде баспа-бас айырбас әдісі немесе лизинг беруші мен лизинг алушы бір-біріне көрсеткен қызметін есептеу жолымен); аралас (төлемнің ақшадай және өтемақы түрлері аралас қолданылса).

Ең соңында, лизинг берушінің жауапкершілік алуының деңгейіне қарай, В.Д.Газман мынаны анықтайды: қамтамасыз етілмеген лизинг, мұндайда лизинг алушы лизинг берушіге өзінің міндеттемелерін орындаудың ешқандай қосымша кепілдіктерді түсірмейді; жартылай қамтамасыз - етілген лизинг, несиелеуімының есеп шотында шарт мерзімінің аяғына және лизинг алушының өз міндеттемелерін толық орындалуына дейін пайдалануқұқынсыз орналасқан. Лизинг берушінің шығындарының белгілі бір бөлігін жабуды көздейтін сақтық депозитінің болуы; кепілдендірілген (қамтамасыз етілген) лизинг алушының кепілі ретіндегі бірнеше субъектілер арасында, лизингтік төлемдердің, сондай-ақ лизингтік мүліктің

қайтарымының сақтандырылуына маманданған сақтандыру компаниялары арасындағы жауапкершілікті бөлісуді қарастырады^[527].

Лизинг шартының елеулі ерекшеліктеріне қарамастан, заң әдебиетінде айтылып жүрген лизинг шартының дербестігі туралы пікірімен келісуге болмайды (мысалы, И.А.Решетник, Ю.С.Харитонов, т.б.)^[528]. В.В.Витрянскийдің ұйғарымы дұрыс сияқты, оның пікірінше, лизинг шарты жалгерлік шарттың жеке түрі емес, азаматтық -құқықтық шарт, теориялық және практикалық тұрғыдан қарағанда, мұндай тұжырым қаржылық жалгерлік (лизинг) шартын жалгерлік шарттың жеке түрі ретінде қарастырған Азаматтық кодекске қайшы келген болар еді^[529].

Бұл арада РФ Азаматтық кодексінде қаржы лизингінің шартына ерекше құқықтық реттеу қарастырылғанын атап өту керек (РФ АК 665 бап), онда тағы бір «қаржы лизингі» ұғымына жатпайтын - «оперативтік лизинг» бой көрсетеді. Лизинг туралы Федералдық Заңның 7-3 бабына (29.10.1998) сәйкес, оперативтік лизинг-лизинг түрі, мұнда лизинг беруші өз жауапкершілігі мен тәуекелшілігіне мүлік сатып алады, оны лизинг алушыға белгілі бір ақыға, белгілі бір мерзімге және айқындалған шарттармен уақытша иелік ету мен пайдалануға зат ретінде береді; оперативтік лизингте лизинг заты лизингке оның амортизациясының толық мерзімі бойы бірнеше рет беріледі^[530].

Біздіңше, қаржы лизингін жалгерлік шарттың жеке түрі ретінде тануға қажетті ерекшеліктер бар, оперативтік лизингке келсе, мүлкті жалға алады, сондықтан арнайы реттеуді қажетсінбейді. ҚР Азаматтық кодексі ерекше түр ретінде лизинг шартын бекітеді, бірақ лизингтің қай түрі - қаржылық па, әлде оперативтік пе, - оны нақтыламайды. Лизинг шартының заң жүзінде бекітілген белгілеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: лизинг қаржы лизингі ұғымын білдіреді. Сонымен бірге, бұл болжам ғана, ал практикада мұндай айқын емес тұжырым ҚР Азаматтық кодексінде мынадай жағдайға әкеп соғады - арнаулы заң ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңы қаржы лизингінің шеңберімен ғана шектеліп қалған, ал оперативтік лизинг енді оның реттеуіне енбейді, ҚР АК -інің нормаларымен реттеледі (кейбір авторлар^[531] пайымдағандай ҚР Азаматтық кодексінің лизинг туралы нормаларымен емес ҚР АК -інің жалгерлік туралы жалпы нормаларымен). Біздіңше, бұл тіпті үлеспейді. ҚР Азаматтық кодексінде дербес түр ретінде қаржы лизингін бекіту керек еді, ал арнаулы заң жалпы - лизингке арнаған дұрыс болушы еді, оның реттеуімен қаржы және оперативтік лизингті қамтуға болатын еді.

Сонымен, лизинг - шарттың ерекше түрі, осыған сәйкес лизинг беруші уақытша еркін немесе жұмылдырылған қаржыларды өзінің меншігіне белгілі бір сатушыдан мүлік сатып алуға жұмсап, мүлкті лизинг алушыға кәсіпкерлік мақсаттарға уақытша пайдалану ақыға береді. Лизинг шартының жабдық сатып алу үшін босатылған несиелемен ортақ белгілері бар, өзінің мазмұны бойынша жалгерлік шартқа жақын, солай бола тұрса да, өзіне тән ерекшеліктері бар: 1) лизинг алушы лизинг мүлкі тек кәсіпкерлік мақсаттарға пайдаланады; 2) лизинг затына меншіктікке лизинг беруші иелік етеді, ал лизинг алушы тек уақытша пайдаланушы болады; 3) шарт мерзімі аяқталысымен лизинг алушы жасалған келісімге орай белгіленген бағамен лизинг мүлкін сатып алады; немесе лизинг шартының мерзімін ұзартады; немесе шарт мерзімі аяқталысымен мүлкті иесіне қайтарады. Айтылғаннан қысқаша қорытынды шығара отырып, мынаны атап өту керек: әдеттегідей, лизинг келісімі аралас шарт болып табылады. Лизинг шартының елеулі талаптарымен бірге, бұл келісімде басқа шарттардың да элементтері (атап айтқанда, сатып алу-сату, сақтандыру, аманат шарттарының, лизингтік жабдыққа айналдырылған өнімді жеткізу шартының, банк қарызының шартының, т.б.) бар. Демек, лизинг шартының кешендік табиғаты туралы қорытынды шығаруға болады, оның өзгешелік ерекшеліктері инвестициялық шарттың негізгі түрлерінің бірі ретінде тануға мүмкіндік береді.

§6. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты

Бұрын айтылып өткеніндей, шетелдерде инвестициялық қызмет бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен бірігіп кетеді. Сондықтан инвестициялық шарттардың түрлерін сұрыптау бағалы қағаздармен ымыраны ескере отырып жүргізіледі. Барынша көбірек тараған түрлеріне мыналар жатады: бағамын көтеру мақсатымен бағалы қағаздарды сатып алу; бағалы қағаздарды жартылай төлеммен несиеге сатып алу және қарызға алынған бағалы қағаздар сату. Тұтас сатып алу-сату шарттарына жалпы атаумен біріктіруге болады. Сонымен бірге инвестициялық шарттарды шарттардың осы түрлерін егжей тегжейлі қарастырамыз.

Бағалы қағаздарды бағамын көтеру үшін сатып алу басқаша айтқанда, созылмалы сатып алу деп аталады, өйткені инвестор бағалы қағаздарды кейін барынша жоғары бағамен сату үшін сатып алады. Мұны ымыраның кәдімгі түрі деуге болады, өйткені, әдеттегідей, инвесторлар бағалы қағаздарға иелік ету кезінде бағалы қағаздардың бағамын көтеріліп отыратын болады (осы жағдайда инвестициялық кіріс дивидендтерден немесе осы қағаздарға иелік еткен уақыт ішіндегі пайыздары мен сатып алу құралдары). Бағалы қағаздарды жартылай несиелемен сатып алу немесе несиеленушілердің сатып алуы - инвестордың бағалы қағаздарды қор делдалы берген жұмылдырылған қарыз қаржыларымен сатып алуды. Бірақ несиелеме қормен сатып алудың бүкіл мүмкіндіктері мен артықтарына қарамастан, елеулі кемшіліктері бар: біріншіден, несиелеме алынған қаржымен сатып алынған бағалы қағаз күткен жоғары кірістің орнына едәуір зиян әкелуі мүмкін; екіншіден, бағалы қағаздарды несиелеме сатып алуға босатылған жетіспейтін ақша сомасын алудың құралы ретінде брокерлік несиелер белгіленген пайыздық ставкалармен беріледі, ол ақша нарығында пайыздық ставкалардың деңгейі мен берілген соманың мөлшеріне байланысты; үшіншіден, алынған несиелеме қызмет етуге жұмсалған шығындар күтілетін кірістерге қараған да, ұлғая беруі мүмкін, тиісінше салымдардың кірістілігін төмендетеді. Қарызға алынған қағаздарды сату немесе қамтамасыз етпей сату шарттарын бағалы қағаздар бағамының төмендеуі кезінде жасайды, сөйтіп осы шарттардың көмегімен инвесторларда бағалы қағаздар бағамының түсуі кезінде кіріс алуға, сондай-ақ бағалы қағаздар бағамынан өздерін сақтандыруға мүмкіндік болады. Бірақ ымыралықтың осы үлгісі жоғары жауапкершілік деңгейімен ерекшеленеді және кіріс алудың мүмкіндігі де шектеулі болады, өйткені бағалы қағаздарды сатушылар дивидендтер немесе пайыздық кіріс ала алмайды. Л.Дж.Гитман, М.Д.Джонк мынаны ерекше атап өрсетеді: инвестициялар мұндай ымыралыққа екі жағдайда ден қояды - бағалы қағаздардың бағамдық құны төмендегенде алып-сатарлық кіріс алуды көздейді; кірістерді қорғау және салық төлеуді кейінге қалдыру, өз тұғырнамасын берік етуді қарастырады^[532]. Сонымен бірге қағаздар нарығында басқа да мәмілелер түрлері кездеседі, мысалы, көп алдында өрсетіп жасау ымырасы, оның мақсаты - бағалы қағаздар сауда-саттығына қатысушыларды адастыру.

Төңкеріске дейінгі Ресейде биржалық сауданың пайда болуымен бағалы қағаздармен биржалық ымыралардың құқықтық туралы мәселе ғалымдардың назарына ілікті, олар биржалық ымыралардың азаматтық-құқықтық мәнін таниды, бірақ оның ұғымын анықтауда пікірлері алшақ кетті. Биржалық сауданың мәнін зерттеудің үш негізгі бағытын бөліп қарастыруға болады. Бірінші (ең көп тараған) бағыт, оның жақтаушысы Г.Ф.Шершеневич болған, биржалық сауда басқа тиісті сауда-саттықтар сияқты өзінің заңды табиғаты бойынша сатып алу-сату немесе жеткізу болып табылады. Бұл шарт деген сөз, оның бір тарабы екінші тарапқа меншікке товар беруге міндеттенеді, ал екінші жақ, өз тарапынан, сол үшін алдынала белгіленген бағамен^[533] төлейді. Жалпы азаматтық сыпаттағы сауда-саттық биржалық сауданың өзгешелігі, Я.М.Гессеннің пікірінше, осы сауда-саттық жүргізілетін шарттарда ғана. Атап айтқанда, ымыра- мәміленің орны, жасау уақыты, оны жасаған тұлғалар объектісі және сыртқы ерекшеліктері, сондай-ақ биржалық товарлар тобының белгіленген мөлшері^[534]. Екінші бағыттың жақтаушылары (бұған В.Судейкин енеді) биржалық сауда -саттықтың негізгі нысаны - сатып алу-сату және жеткізу болып табылатынын жоққа шығармайды, бірақ сауда өмірінің сыпаты шарттарының ықпалымен олардың күрделіленгені соншалық, өздерінің бастапқы сыпатын жоғалтып алған сияқты, сонымен бірге биржалық сауда-

саттықтың кәдімгі азаматтық-құқықтың ымыраларынан өзгешелігі - алыпсатарлықта, бұл сауданың, атап айтқанда биржалық сауда-саттықтың сыпатты шарттарының бірі болып табылады^[535]. Үшінші бағытқа сәйкес, биржалық сауда-саттық бәстесу немесе бағалармен ойын деп ұғынылады. Мұндайда биржалық сауда-саттықта меншікке нақты биржалық товар алу емес, биржалық келісімшарт жасауда бағалар айырмасында ойын түрін көрсетеді^[536]. Ойын нәтижесінде ұтылған жақ белгілі бір міндеттемелерді орындауға тиіс. Тұтастай бірінші бағытқа қосыла отырып, Н.О.Нерсесовтың пікірімен келісуге болады: бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттықтың басым көпшілігі өзінің негізінде сатып алу-сату шарттары болып табылады, бірақ басқа терминдермен анықтала береді^[537].

Ресей ғалымдарының қазіргі ұстанымы бұрын айтылғандағыдан біраз өзгешелігі бар, биржалық сауда-саттықты азаматтық-құқықтық, шарт ретінде таниды, бірақ белгілі бір ерекшеліктері бар^[538]. Биржалық ымыр алықты реттеу саласынан жеткізу қатынастары алынып тасталған, әңгіме тек бағалы қағаздарды сатып алу-сату және қосалқы қаржы аспаптары жайында болып отыры. Сатып алу-сатудағы елеулі сәт сол - соның негізінде мүлкті бір тұлға екінші тұлғаның меншігіне беруі. Н.Г.Абраменкова сатып алу-сату және қаржы аспаптарының шартын жасау және орындау үрдісінде биржалық сауда-саттықтың заты өзара беріске түседі, сондай-ақ биржа саудасының құқықтары мен міндеттері де, бағалы қағаздарға меншік құқы да өтеді^[539].

ҚР АҚ 406-2 бабына сәйкес бағалы қағаздар мен валюталық құндылықтарды сатып алу-сатуда, егер заңнама актыларымен оларды сатып алу -сатудың арнаулы ережелері белгіленбесе, сатып алу-сату туралы ережелерді жалпы ережелері қолданылады. Атап айтқанда ҚР бағалы қағаздар нарығы туралы Заңында эмиссиялық бағалы қағаздардың бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы айналымы бағалы қағаздар нарығының субъектілері осы бағалы қағаздармен ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта азаматтық-құқықтық ымыралар жасау жолымен жүзеге асырылады (28 бап). Бағалы қағаздар нарығында жасалған ымыралар арасында бағалы қағаздар мен несие ұйымдары жүзеге асыратын бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар құралдарын сенімділік басқару шартын; мемлекеттік акциялар пакеттерін^[540] сенімділік басқару шартын бағалы қағаздарды дереу есеп айырысу арқылы сатып алу-сату ымыралары (кассалық, байланыс ымыралары) және бағалы қағаздарды есеп айырысуын кейінге қалдыру арқылы алу-сату шарты (оның ішінде несие және бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың аванстық шарты)^[541].

Бағалы қағаздар нарығында жасалған шарттардың ерекшеліктері мынада көрінеді: сатып алу-сату шартына жататын азаматтық заңнама ның жалпы талаптарымен бірге, оларға субъектілік сыпатты арнаулы талаптарда қойылады (контрагенттер ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының міндетті түрде қатысуы, бір жағынан, инвесторлар - екінші жағынан). Бұдан әрі ымыра шартты жасау, оны тіркеу, орны, уақыты, тәртібі айтылады. С.В.Харченко бағалы қағаздар нарығына барлық қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғауды қамтамасыз ету мақсаты мен шарттың қолдану өрісін кеңейтуді ұсынады^[542]. Демек, бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғауды заңнамамен бекіту туралы мейлінше дұрыс болар еді. Бұл арада Н.А.Салибаеваның бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау туралы арнаулы заңнама актысын жасау қажеттігі^[543] туралы пікірін қолдаған дұрыс. Мұндай заңның қабылдауымен бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан инвестициялық қатынастарды реттеудегі елеулі кемшіліктерді жоюға болады.

Соңғы кезде ҚР қолданылып жүрген инвестициялық заңнамасының пәрменділігінің төмендігі байқалып жүр. Бұл, алдымен, ҚР Инвестициялар туралы Заңының негізгі ережелеріне қатысты, бұлар түбірінен өзгеруге тиіс. Сондай-ақ инвестициялық шарт пен оның түрлерінің олардың мәнін ашатын ұғымы заңнамамен анықталмаған. Осы айтылғанға мынадай мысал келтіруге болады. Валюталық реттеу туралы Заңда мынадай анықтама берілген: валюталық шарт - келісім, құрылтай құжаттары, оларға қосымшалар мен өзгерістер, сондай-ақ басқа да құжаттар. Бұл анықтамада шарт пен құжаттар теңдестірілген. Әрине, шартты жасау немесе орындауды растайтын құжаттар беріледі. Мысалы, шетел

валютасын сатып алу-сатуды жүргізуде шарттың жасалуы мен орындалуын растайтын, валютаның сатып алынғаны немесе сатылғаны туралы бір құжат (чек) беріледі. Бірақ бұл шарттың жасалғанын (орындалғанын) растайтын құжаттар және шарттың өзі - тең мағыналы ұғымдар деген сөз емес.

Сонымен бірге белгілі бір ілгері басушылық бар. Өйткені бұрын капитал қозғалысына байланысты валюталық операцияларды тіркеу және шетелдерде есепшоттар ашу Ережелерінде ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Қаулысымен бекітілген)^[544] шарттың толық мәніне анықтаудан тым алыс басқа тұжырым болған-ды. Сонымен «шарт» шарт, несие немесе инвестициялық келісім, келісімшарт құрылтай құжаттары, оларға өзгерістер мен қосымшалар, есепшоттар ашу шарттары, сондай-ақ капиталдың қозғалысына байланысты валюта операциялары, шетелдерде есепшоттар ашу жүргізілетін басқа да құжаттар ретінде қарастырылған. Осындай тәсілмен «шарт», «несие келісімдері», «инвестициялық келісім» ұғымдары бөлінген. Мәніне қарай мынадай қорытынды жасауға болар еді: несие немесе инвестициялық келісім шартқа жатпайды. Ал несие шарты нормативтік актыларда жиі кездескенімен, оның ұғымы не екені түсініксіз болып қалады, азаматтық заңнамамен шарттық осы түрі несие келісім ретінде бөлінбейді, несие шарты жоқ. Сондықтан, әңгіме несие немесе инвестициялық келісімдер туралы болғанда, келісімдердің қай түрлері туралы болып отырғаны айқын емес. Инвестициялық келісім туралы да жатай анықталмаған, өйткені заңнамада инвестициялық табиғатына қарамастан, инвестициялық шарт азаматтық-құқықтық шарт болып табылады, бұл ешбір заң актыларында (оның ішінде ҚР Азаматтық кодексінде) көрсетілмеген.

Сонымен, инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты маңызды мәселелердің жеткілікті реттелмеуі, пысықталмаған, және нақтыланбаған ұғым практикада келеңсіз зардаптарға әкеп соғады және Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті дамыту үрдісін тежейді.

Бақылау сұрақтары

1. Азаматтық-құқықтық шарттар түрлерін атаңыз.
2. Инвестициялық шарттарды сұрыптаудың өлшемдері қандай?
3. Инвестициялық шартты сипаттаңыз және инвестициялық шарттардың негізгі түрлерін атаңыз.
4. Сыртқы экономикалық шарттың ерекшеліктері неде?
5. Сыртқы экономикалық шарттың қандай белгілері бар?
6. Инвестициялық шарт түрі ретінде мемлекеттік қарыз шартына сыпаттама беріңіз.
7. Мемлекеттік қарыз шартының ерекшеліктерін ашыңыз.
8. Банк қарызы шартының ұғымы мен ерекшеліктерін анықтаңыз.
9. Несие шарттары және келісімдері деген не?
10. Шағын несие босату туралы шарттың ұғымын ашыңыз.
11. Лизинг шартының өзгешелік белгілерін атаңыз.
12. Лизингтің негізгі түрлері қандай?
13. Факторинг пен форфейтингке тән белгілерді атаңыз.
14. Инвестициялық шарттың түрі ретінде лизинг шартының өзіндік сыпаты неде?
15. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартының ұғымы мен ерекшеліктерін анықтаңыз.

Ұсынылатын әдебиет

1. Ахмадиева Г.Д. Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық келісімшарттарды құқықтық реттеу. Алматы.: «Ғылым», 1996.
2. Белов В.Н. Қаржы шарттары. М.: «Қаржы және статистика», 1997.
3. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Шартқұқығы. Бірінші кітап. Жалпы ережелер. М.: «Статут» баспасы, 2003.

4. Брагинский М.И., Витрянский В.В. ~~Шаржы~~ Екінші кітап. Мүлікті тапсыру шарттары. М.: «Статут» баспасы, 2004.
5. Газман В.Д. Лизингтік қызметтер нарығы. М.: «Құқық мәдениеті» қоры, 1999.
6. Гитман Л.Дж., Джонк М.Д. Инвестициялау негіздері ~~(алшын тілінен аударылған).~~ М.: «Дело» баспасы, 1997.
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Түсініктемелер (баптар бойынша). / Ю.Г.Басин, ~~Қ.М.~~ Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 2003.
8. Азаматтық құқық: ЖОО -на арналған оқулық (академиялық курс). / Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменовтың редакциясымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2000. Т. 1.
9. Қарағұсов Ф.С. Азаматтық құқықтар объектілері жүйесіндегі бағалы қағаздар және ақша. Алматы: «Жеті Жарғы», 2002.
10. Лисица В.Н. Халықаралық инвестициялық келісімдер. Новосибирск, 2004.
11. ~~Балы~~ қағаздар нарығының құқықтық негіздері. / А.Е.Шерстобитовты редакциясымен. М.: «Деловой Экспресс» баспасы, 1997.
12. Қазақстан Республикасындағы құқық пен сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменов жауапты редакторлығымен. Алматы, ҚазақМЗА, 2001.
13. Худяков А.И.Қазақстан Республ икасының қаржы құқық. Жалпы бөлім. Алматы: «Баспа» ЖШС-і, 2001.

14 дәріс. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттары.

Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарының ұғымы мен ерекшеліктері. Жерқойнауының пайдаланудың инвестициялық шартта рын ұрыптау. Концессиялық келісім (концессия шарты). Өнім бөлінісі туралы келісім. Жер қойнауының пайдаланудың инвестициялық шарттарының басқа да түрлері.

§1. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарының ұғымы мен ерекшеліктері

Инвестициялық шарт пайдалану шарты. Шарт (келісімшарт) - тараптардың жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір түрін (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру т.б.) жүзеге асыру туралы келісім. Осы келісімшарттың тек өзіне тән бірқатар белгілері бар. Біріншіден, келісімшарттың бір тарабы болыпөзінің органдары арқылы мемлекет енеді, екіншіден, келісімшарт алдында жер қойнауын пайдалану немесе тікелей келіссөздер жүргізу құқына ие болу үшін инвестициялық бағдарламалар конкурсы бағдарламалар конкурсы міндетті түрде өткізіледі, үшіншіден, оны жасау, өзгерту, тоқтату негіздері мен тәртібі арнаулы заңнамамен (жер қойнауы жер қойнауын пайдалану заңнамасы) реттеледі. Әрине, кәдімгі азаматтық - құқықтық шарттарға бұл тән емес.

Мемлекет қатысуындағы мұндай шарттарды жекеленген авторлар әкімшілік-құқықтық шарттарға жатқызады. Бұл тұжырым елеулі қарсылықтар туғызады, өйткені әкімшілік құқық үшін екі немесе одан көп тұлғалардың келісілген еркі ретінде шарт жасау тіпті тән емес (бұл әкімшілік-құқықтық табиғатқа қайшы келеді). Осының дәлелі ретінде шетел ғалымдары лебіз білдіреді. Мысалы, американдықтар ^[545] ерлері азаматтық -құқықтық шарттарды сұрыптауда қандайда болмасын мемлекеттік мүлік немесе қаржы араласқан міндеттемелерді бөліп қарастырады. Осыған байланысты В.Ф.Яковлев осындай шарттардың регламентациясының белгілі бірөзіндік ерекшеліктері болады ^[545] деп жүрсетеді, табиғат пайдалану саласында мемлекеттің қатысуында құқықтық қатынастардың екі тобы пайда болады: бірінші тобын жерге мемлекеттік меншікті көпшілік қатынастары құрайды (әрқашанда әкімшілік - құқықтық сыпат алады). Мемлекет өзінің органдары арқылы жер қойнауын пайдалану құқын береді; мемлекет жерқойнауына иелік ету, пайдаланудың құқықтық реттілігін анықтайды. Қатынастардың мемлекет қатысатын екінші тобына шарт (азаматтық -құқықтық) қатынастары енеді (қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес, мемлекет осы қатынастардың басқа қатысушыларымен тең деңгейде азаматтық-құқықтық қатынастарға қосылады).

Жер қойнауын пайдалану жүйесінде мемлекеттің қатысуындағы шарттық қатынастар жекешелік-құқықтық сыпатта болуға тиіс, бірақ, амал қанша, мемлекеттік органдар тарапынан шарттық теңдікті бұзушылық орын алады. А.Г.Диденконың тұжырымы бойынша, мемлекеттің шарттық қатынастарға араласуы жер-жерлерде қуатты сыпат ^[546] алып отыр. Мемлекеттің шарттық қатынастарға араласуы көбінесе заңға қайшы сыпат алады; кейде мемлекеттің араласуын заңға сәйкес деп атау қиын, бәрі бір жекешелік құқық принциптеріне қайшы келеді ^[547]. Осыған байланысты Ю.Г.Басин бұдан шығу жолын көрсетеді: мемлекет өзінің азаматтық-құқықтық міндеттемелерін бұзса, немесе құқықтық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушысына оның мүдделерін заңсыз бұзуға бағытталған талаптар қойса, онда оған азаматтық - іс жүргізу тәртібінде азаматтық заңнамада көрсетілген құралдармен өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік берілуі керек ^[548]. Мемлекет еркімен өзіне белгілі бір азаматтық -құқықтық міндеттемелер алса, онда ол азаматтық заңнама нормаларына бағынып, тараптардың азаматтық -құқықтық принциптерін сөзсіз сақтауға тиіс. Әуелде жер қойнауы туралы Заңда лицензиялық-келісімшарт жүйесі қарастырылға, осыған сәйкес жер қойнауын пайдалану келісімшарт тиісті лицензия болмайынша жасалмайды. Кейін заң шығарушы лицензиялық-келісімшарт жүйесінен бас тартып, келісімшарт жүйесін белгілейді, ал жер қойнауын пайдалану құқын беретін лицензиялық жүйені қалдырды. Қолданылып жүрген заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану

құқы мен келісімшарт жасауға инвестициялар бағдарламаларына конкурс өткізу жолымен; тікелей келіссөз жүргізу және келісімшарт жасау жолымен жер қойнауын пайдалану құқы беріледі. Келісімшарт жасалған сәттен -ақ жер қойнауын пайдалану құқы берілген болып саналады^[549]. Келісімшартты жасауында келіссөздер жүргізуді бастаудың негізі - құзырлы органның тікелей келіссөз жүргізу жөніндегі шешімі мен конкурстық комиссияның оның жеңімпазы туралы хаттамасы.

Келісімшарт тараптары - Жер қойнауын пайдаланушы және құзырлы орган. Осыған байланысты келісімшартты мына түрлеріне бөліп қарастыруға болады: 1) пайдалы қазбаларды іздестіру, барлау, өндіру, аралас барлау және өндіру келісімшарты (құзырлы орган - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі); 2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеумен, пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге байланысты емес, жер асты жаратылыс ресурстарын салу мен пайдалану келісімшарты (құзырлы орган - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті); 3) коммерциялық мақсаттармен жалпы көп тараған пайдалы қазбаларды барлау және шығару келісімшарты (құзырлы орган - жергілікті атқару органдары).

Тараптардың келісуінен өткен келісімшарт жобасына оған қол қойғанға дейін міндетті Экономикалық және салық сараптамасы жүргізіледі; сонымен бірге келісімшарт жобасы әртүрлі министрліктер мен ведомстволарда міндетті түрде келісіледі; келіссөздер, сараптамалар мен келісулерден кейін келісімшарт келісімшарт жасасқан мемлекеттік органда міндетті мемлекеттік тіркеуден өтеді.

Жер қойнауын жер қойнауын пайдалану туралы Заңға сәйкес құзырлы орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды алты айға дейін мына жағдайларда тоқтатуға құқылы: 1) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын бұзғанда; 2) жер қойнауын пайдаланушы ҚР заңнамасының жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды хауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарын бұзғанда^[550]. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 31 шілдедегі Қаулысымен^[551] анықталғанындай, құзырлы орган міндетті түрде келісімшарт әрекетіне байланысты жұмыстар әсерінің аймағында жұмыс істейтін немесе тұратын адамдардың өміріне немесе денсаулығына тікелей хауіп төнген жағдайда келісімшарттың әрекетін тоқтата алады.

Бұдан шығатын қорытынды: жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың елеулі өзгерістеріне қарамастан, жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекет арасындағы қатынастарда көпшілік-құқықтық бастамалар әлі де болсын өз тұғырын сақтауда және жекешелік - құқықтық бастамаларды жамылып келеді. Сондықтан А.С.Ударцевтің келісімшарт жүйесінің нұсқасын қабылдау жер қойнауын пайдалану құқын азаматтық - құқықтық реттеу деп тану керек деген пікірмен келіспеске негіздер жоқ^[552]. Е.В.Новикованың пікірінше, жер қойнауын пайдалану саласында қабылданған шешімдердің қажетті көпшілік мәлдірлігі жоқ; әкімшілік процедураларды орынсыз қайталауға жол беріледі; табиғат пайдалану қатынастарының орнықтылығын қамтамасыз етудің нақты механизмі жоқ, қалыпты инвестициялық қызметті қанағаттанарлық деп тануға болмайды^[553]. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық құқықтық қатынастарды онан әрі дамыту үрдісінде мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы өзара әрекет негізіне жекешелік-құқықтық бастамалар алынады деп ойлаймыз. Мұндайда қазірдің өзінде мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы шарттық қатынастарда мемлекеттің жекешелік - құқықтық қатынастардың қатысушысы болып отырғаны ойдан анық, түсінікті, басқаша айтқанда, мемлекет жер қойнауын пайдаланушы тең деңгейде қатынасқа түседі, демек, жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың (келісімшарттардың) әкімшілік - құқықтық емес, азаматтық-құқықтық табиғатына ешқандай күдік болмауға тиіс.

Бірақ та заң әдебиетінде бұл проблема шешімін тапқан емес: азаматтық құқықтың шеңберінен тыс әрекет ететін «әртүрлі салалық» шарттардың пайда болғаны туралы болжамдар айтылуда. М.И.Брагинскийдің В.Витрянскийдің осы тұжырымы азаматтық - құқықтық нормалардың отбасылық, еңбек және табиғат ресурстарын пайдалану және

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарға үйлесімді қолдану принципіне негізделген (РФ АК 1-бабы, ҚР АК 1 бабы туралы). Осы принцип табиғат ресурстарын пайдалану жүзеге асырылатын барлық шарттарға сәйкес арнаулы заңнамада басқаша қарастырылмағанда, азаматтық заңнамасының жалпы нормалары қолдануға тиістігін көрсетеді. Мұндайда, М.И.Брагинскийдің, В.В.Витрянскийдің пікірінше, осындай нормалар сөзсіз басымдылықпен қолданылады, бұл аталған нормалардың басқа салалық сыпатымен түсіндірілмейді, олар азаматтық-құқықтық бола тұрса да, арнаулы нормалар болып табылады^[554].

Тұтас алғанда, мұндай тұжырыммен келісуге болады, өйткені табиғатты пайдалану саласындағы шарттардың, шын мәнінде, кәдімгі азаматтық-құқықтық шарттарға қарағанда, белгілі өзгешеліктері бар болса да, барлық шарттарға тән белгілерде сақтайды. Алайда, «әртүрлі салалық шарттар» термині сәтті қолданылып отыр деп айта алмаймыз: егер табиғатты пайдалану саласындағы шарттар азаматтық-құқықтық шарттар болып табылса, неге олар әртүрлі салалық» деп аталады. Мұндай тұжырым табиғатты пайдалану саласындағы шарттардың азаматтық-құқықтық табиғатына күдік туғызады, бұл шарттардың басқа салалық мәнін байқатады (авторлар айтқандай, әртүрлі салалық).

Жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттың мәнін анықтаудағы кейбір қиындықтар Ресейдің жер қойнауы туралы заңнамасындағы жер қойнауын пайдалану құқын берудің лицензиялық - келісімшарттық жүйенің сақталуымен түсіндіріледі. А.И.Перчик атап көрсеткендей, меншік иесі - мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы жер қойнауын пайдалану реттеу Ресейдің құқықтық жүйесі шеңберінде әлде әкімшілік, әлде азаматтық заңнама негізінде мүмкін: РФ «Жер қойнауы туралы» Заңымен белгіленген реттілік әкімшілік құқық нормаларына негізделеді және кейбір жағдайларда РФ АК нормаларының әрекеті қарастырылған; «Өнім бөлінісі туралы келісімдер туралы» федералдық заңмен белгіленген реттілік тек азаматтық нормаларына негізделеді, жекеленген жағдайларда әкімшілік құқық^[555] нормаларының әрекеті қарастырылады. Жер қойнауын пайдалану құқын берудің лицензиялық - келісімшарттық жүйесіне бас тартқан соң болған өзгерістерді оң бағалай келіп, осыған байланысты О.М.Тепловтың Ресейде лицензиялаудың мемлекеттік жүйесін жою және оны жер қойнауын пайдаланушылармен мүлдем жаңа шарттық қатынастармен ауыстыру туралы^[556] айтқан ұсынысына қосыламыз.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық ерекшеліктер туралы айта келіп, К.С.Мәуленов мынаны атап көрсетеді: шетелдік зерттеушілердің пікірінше, осы келісімшарттардың өзіндік сыпаты жекешелік - құқықтық келісімшарттарға қарағанда, көпшілік-құқықтық келісімшарттардың сыпатына барынша ұқсас^[557]. Бұл жағдайда шетел ғалымдары «көпшілік келісімшарт» тұжырымының мәнін жете түсінбейді және жете бағаламайтын сияқты. Сондықтан Ю.Г.Басиннің өнім бөлінісі туралы келісім мердігер шартының белгілері бар азаматтық-құқықтық келісім ретінде әрекет етеді^[558] деген пікірін қолдаймыз, сондай-ақ Е.Б.Жүсупов жер қойнауын пайдалану келісімшартты товар - ақша қатынастарына^[559] делдал болатын азаматтық - құқықтық шарт болып табылады. Жалпы алғанда, табиғатты пайдалану саласындағы шарт тұтас алғанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы шарт, жекелей алғанда, азаматтық-құқықтық шарттар болып табылады және шарттардың жекеленген тобына бөлінуі мүмкін.

§2. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарын сұрыптау

Жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттары инвестициялық шарттардың басқа түрлері сияқты тиісті заңнамалық бекітілуін алған жоқ. Қолданылып жүрген заңнамада жер қойнауын пайдаланудың түріне қарай жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттарын түрлерге бөлу қарастырылған (барлау, шығару, бірлескен барлау және өндіру, пайдалы қазбаларды шығарумен (барлаумен) байланысты - емес, жер астығимараттарын салу мен пайдалануға беру) (ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 42 бабы). Бұрын жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының тізбесі мейлінше нақты болған-

ды, ған: концессия туралы; өкім бөлісі туралы; қызмет көрсету (сервистік); бірлескен қызмет туралы келісімшарттар енген. Келісімшарттардың осы түрлері шетел мемлекеттерінің шарттық практикасында кеңінен қолданылады, тиісінше Қазақстан Республикасында да қолданылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалану саласында шарттар түрлерін бірыңғай сұрыптама жүргізу әрекеттері тау-кен практикасында жасалып өртенк А.И.Перчик жер қойнауын пайдалануда шарттардың мүмкін болатын түрлерін қалыптастырудың айқындаушы шарттары ретінде мыналарды ұсынады: 1) өндірілген өнімге меншік құқы; 2) мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы құқықтық реттілік; 3) салық реттілігі^[560]. А.И.Перчиктің пікірінше, жоғарыда аталған шарттарға қарай шешімнің екі нұсқасы бар: егер өндірілген өнімге меншік құқы инвесторға берілсе, онда жер қойнауын пайдаланудың әкімшілік- құқықтық реттілігінде лицензиялық келісімшарт жасалады, егер өндірілген өнімге меншік құқы инвесторға берілмесе, онда өнім бөлісі туралы келісім немесе қызметтер көрсету келісімшарты жасалады (жер қойнауын пайдаланудың азаматтық-құқықтық реттілігі қолданылады)^[561].

Жүргізілген сұрыптама жеткілікті деңгейде негізге алынған өлшемнің мөлдірлігін көрсете алмайды. Бұл арада толық көлемінде өндірілген өнімге (бастапқы жағдайда) меншік құқын беру туралы айтуға болады, екінші жағдайда өнім бөлісі туралы келісім бойынша жер қойнауын пайдаланушыға өндірілген өнім бөлігіне меншік құқы беріледі). Сондықтан басты өлшем ретінде меншік құқын беру немесе бермеу, шын мәнінде бұлай болмайды, өйткені екі жағдайда да жер қойнауын пайдаланушыға өндірілген пайдалы қазбаларға меншік құқылы беріледі (толық немесе толық көлемінде болмаса, онда сөз басқа).

Жер қойнауын пайдалану саласындағы келісімшарттарды сұрыптау туралы айта келіп, отандық ғалымдардың (Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменов, Е.Б.Осипов, О.И.Ченцова) пікірлерімен келісуге болады. Осыан байланысты жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттарының негізгі екілгісін бөліп қарастыруға болады: жалгерлік үлгідегі келісімшарттар (концессиялық келісімшарттар; жерасты әртүрлі ғимараттар салу мен пайдалануға беру келісімшарттары); 2) мердігерлік үлгідегі келісімшарттар (геологиялық зерттеу міндеттерінің келісімшарттары; өнім бөлісі туралы келісімшарт (келісім); сервистік келісімшарт^[562]. М.Қ.Сүлейменов атап көрсеткеніндей, бұл сұрыптама жер қойнауын саласындағы шарттардың азаматтық-құқықтық табиғатын таныған жағдайда ғана қолданылады^[563]. Сонымен, тұтас алғанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың мына түрлерін бөлуге болады: концессиялық келісім (концессия); өнім бөлісі туралы келісім, сервистік келісімшарт (қызметтер көрсету келісімшарты).

Ресейде атаған түрлермен бірге **лицензиялық келісім** көбірек қолданылады. Лицензиялық келісім өзінің бастапқы түрінде лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатын құ жат екенін өрсетеді, «жер қойнауы тәлімін пайдалану лицензиясының талаптары» деп аталады, бұл күндері жер қойнауын пайдаланушы -инвестормен азаматтық-құқықтық шарт нысанындағы лицензиялық келісім жасалады. А.И.Перчиктің пікірінше, лицензиялық келісімнің құрылымы мына өмендегідей: 1) жалпы ережелер; 2) өндірісті реттеу; 3) құқықтық қатынастарды реттеу; 4) экономикалық қызметті реттеу; 5) процедуралық мәселелер (құпиялық; шарттың күшіне ену уақыты; хабарламалар; шартқа қол қойған өкілетті тұлғалардың қолдары, т.б.)^[564]. «Келісім (шарт)мының қолданылатынына қарамастан, осы жағдайда «жер қойнауын пайдалану құқының лицензиясы» терминін қолданған дұрыс сияқты. (лицензияның мазмұны оған жекеленген нормаларды қосу есебінен ұлғайды). Сондықтан лицензиялық келісім (шарт) құзырлы (өкілетті) мемлекеттік органның азаматтық-құқықтық шарт нысаны қоса берілген биліктік шешімін білдіреді.

§3. Концессиялық келісім (концессия шарты)

Лицензиялық келісіммен салыстырғанда, концессияға «келісім (шарт)» терминін қолданған барынша негізді болып көрінеді. Жер қойнауын пайдалану саласында шарттық нысандарының бірі концессиялық келісім (шарт) болып табылады. Өзінің табиғатына орай концессиялық келісім (концессия шарты) жалгерлік келісімге көрсетеді. Түліктік жалгерлік шарты бойынша қолданылып жүрген заңға сәйкес жал беруші жалға алушыға мүлікті ақылы түрде уақытша иелік етуге және пайдалануға береді (ҚР АҚ 540 бап). Мұндайда мүліктік жалға кәсіпорындар және басқа да мүліктік кешендер, жер тәлімдері, т.б. заттар берілуі мүмкін, заттар пайдалану үрдісінде өздерінің бастапқы қасиеттерін жоймауы керек («тұтылмайтын» заттар деп аталады). Жалға алушы мүлікке иелік ету және пайдалану құқын ала отырып, оны жасау құқы болмайды, меншік иесі болып табылмайды, тек мерзімдік құқықпен шектеледі.

Сонымен бірге, концессиялық келісім жалгерлік келісімнің бір түрі бола отырып, өзіне тән ерекшеліктері болады: 1) концессия шарты тараптарының бірі - өзінің органдары арқылы қатысатын мемлекет; 2) концессионерге пайдалануға тек мемлекеттік меншік объектісі беріледі (жалға жекеменшіктегі объектілер де берілуі мүмкін); 3) концессионер, әдеттегідей, концессияға берілген мүліктің иесі бола алмайды (жалға алғанда, оны кейін сатып алуы мүмкін). Азаматтық заңнамада тұрғын мекенжайлар, жер тәлімдері, жер қойнауының тәлімдері, басқа да оқшауланған табиғат объектілерін концессиялық келісім негізінде, сондай-ақ басқа да жағдайларда мүліктік жалға берудің ерекшеліктерін анықтайтын норма қарастырылған (ҚР АҚ 541-4).

ҚР «Концессиялар туралы» заңының қабылдануымен (2006 жылы 7 шілдеде) концессиялық қатынастарды мемлекеттік және шарттық реттеудің негізгі мәселелері көрініс алды. Концессиялар туралы заңның 21 бабына сәйкес концессия шарты қамтиды: 1) концессия объектісі туралы деректер; 2) концессионердің концессия объектісіне құқықтарының және қызметтің бір түрін жүзеге асыру құқықтарының шарттары; 3) концессионердің қызметтің қажетті мөлшері мен сапасын беру мақсатымен объектінің қажетті жақсартылуын жүргізудің шарттары мен көлемі; 4) концессионер шығындарының орнын толтырудың тәртібі; 5) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асырудың мүмкіндіктерін беру шарттары мен тәртібі; 6) жасалған бизнес -жоспарға (жұмысшы бағдарламаға) сәйкес концессиялық жобаны қаржыландырудың мерзімі мен шарттары, негізгі қорларға айналдырылған инвестициялардың мөлшері туралы талап; 7) қызмет түрлері (шарт талаптары бойынша өрсетілетін жұмыстар, қызметтер); 8) концессия шарты бойынша концессионер беретін жұмыстар, қызметтердің сапа стандарттары; 9) шарт әрекет етінің мерзімі; 10) тараптардың құқықтары мен міндеттері; 11) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстар жүргізудің хауіпсіздігі жөніндегі талаптар; 12) мемлекетке концессия объектісін, сондай-ақ концессия шартын орындауға байланысты берілген жер тәлімдерін қайтару тәртібі мен талаптары; 13) тараптардың жауапкершілігі; 14) шартты өзгерту және тоқтату талаптары; 15) тараптардың мекенжай және банк реквизиттері; 16) концессия шартын орындауды концедентпен бақылауды жүзеге асыру тәртібі; 17) мемлекеттік қолдау шарасы; 18) ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптар^[565]. Концессиялар туралы заңда концессияның басты ерекшелігі - концессия шарты бойынша мемлекеттік меншік объектілерінің пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатымен мемлекеттік меншік объектілерін уақытша иелік ету мен пайдалануға береді, демек, концессионер концессияға берілетін мемлекеттік меншік объектілерінің иесі болмайды, пайдалану кезеңі аяқталған соң объектілерді мемлекетке қайтарады.

Заң әдебиетінде жер қойнауын пайдалану саласында шарттар түрлерін кейде концессиялық келісімдер деп атайды. Мысалы, И.В.Дойников оған мыналарды қосды: тармағынадағы концессиялық шаралар; өнім бөлінісі туралы келісімдер мен қызметтер көрсету шарттары (жауапкершілікпен, жауапкершіліксіз) немесе сервистік келісімшарттар^[566]. Демек, жер қойнауын пайдаланудың кезкелген келісімшарттары концессиялық шарттар деп аталады. Осы жағдайда негізгі және айқындаушы белгі ретінде мемлекеттік меншік объектілерін пайдалануға беру бөлінеді. Тиісінше, мемлекеттік меншікті объектілері иелік

етуге және пайдалануға берілсе, онда мүмкін болатын шарт нысаны тек концессиялық келісім болады. Жұғарыда аталған шарттар түрлерінің сыпатты ерекшеліктері соншалықты елеулі, олардың біреуінің (концессиялық келісімнің) ұғымын басқаларды қосақтау (өнім бөлінісі туралы, сервистік келісімшарттар) есебінен кеңейтуге болмайды. Концессиялық шартты тым кеңінен түсінудің тағы бір мысалы, біздіңше, мына тұжырымдама болып табылады: концессиялық шаралар халықаралық болып аталуы да, аталмауы да мүмкін, бірақ бұған қарамастан, шарт жасаған мемлекет мұндай шарттарды бұзбауға тиіс; егер осы шарттардың әрекеттерін тоқтату көпшілік мүддесінен туындаса, онда мемлекет концессионерге бүкіл шығын мен қолдан шығарып алған пайданы өтеуге тиіс^[567]. Мұнда әуелбастан шартқа шетел элементінің шетел инвесторының қатысуын міндетті деп тану дұрыс емес, бірақ концессиялық келісімдер ұлттық инвесторлармен де жасалуы мүмкін, сондай-ақ концессиялық шарттар тек табиғат пайдалануда қолданылып қоймайды (оның ішінде жер қойнауын пайдалануда да). Халықаралық практикада, тұтас алғанда, жекеленген шетел мемлекеттерінде келісімдердің басқа да түрлері қалыптасып қолданылуда (мысалы, көпшілік қызмет концессиясы, қоғамдық жұмыстар жүргізу концессиясы, т.б.).

Н.Г.Доронина былай көрсетеді: концессиялық шарт мемлекет актысын қамтыған нысан ерекшеліктерін ашып береді, оның мәні кәсіпорынды, немесе кен орындарын пайдалануды жүзеге асыру жөніндегі құқықтарынан бір мезгілде бастартуға, құқықты осылайша беруге байланысты экономиканың қандай саласында болса да, жалпы ережелерден ауытқуда^[568]. М.М.Богуславский былай деп санайды: концессиялық шарт кәдімгі азаматтық -құқықтық келісімшарт ретінде қарастырылмайды, өйткені осындай шартта көпшілік -құқықтық және жекешелік-құқықтық элементтер үйлесіп кетеді^[569]. Біз концессиялық келісімдердің ерекшеліктері туралы айттық, сондықтан азаматтық-құқықтық шарттардың басқа түрлерінен елеулі белгілерімен өзгешеленетін азаматтық-құқықтық шарт екенін ғана атап көрсетеміз.

Осы заманғы концессиялардың өзіндік белгілері туралы айта келіп, мынаны атап өткен жөн: құрылыстық құқықтық жүйені құрушы елдерде мемлекет және мемлекеттік органдар концессиялық қатынастарға көпшілік құқығының субъектілері ретінде қатысады, мұның өз тарапынан концессиялық келісімнің құқықтық табиғатына әсер етеді және оған көпшілік -құқықтық сыпат береді. С.А.Сосна ағылшын-саксон және ағылшын-американ құқығындағы елдерде концессиялық шарт өзінің талаптары бойынша, тұтасынан айқын байқалған әкімшілік-құқықтық табиғаты болмаса да құрылыстық-құқықтық концессияға жатады; концессиялық шарттың мәні мен мазмұнына едәуір деңгейде концессионердің пайдалануына берілген мүліктің қандай да болмасын құқықтық жүйеге қатыстылығы емес құқықтық реттілігі шпал жасайды^[570]. Сондықтан осы заманғы концессия қандай да болмасын құқықтық жүйеге қатыстылығына қарамастан, белгілі бір өлшемдерде көпшілік -құқықтық элементтерді қамтайды, сонымен бірге жекешелік -құқықтық бастауларды дамытып, нығайтады.

§4. Өнім бөлінісі туралы келісім

Жер қойнауын пайдалану саласында алғашқы шарттық нысандардың бірі болып табылатын концессиялық келісімден өзгеше бүкіл әлемде «продакшн шеринг» деп аталатын өнім бөлінісі туралы келісімнің пайда болғанына аса көп уақыт бола қойған жоқ. Тұңғыш рет бұл шарт 1966 жылы Индонезияда жасалды, ол қабылдаушы елдер мен халықаралық мұнай компаниялары арасында меншік қатынастарын реттеудегі жаңа заң аспабы болды, оның ерекшелігі - мұнай компаниясы мұнай операцияларын өз есебінен, өз жауапкершілігімен жүргізеді, мұнай көзі байқалған жағдайда өндірілген өнімнің бір бөлігі мұнай компаниясының шығындарын өтеуге (кост-Ойл), ал қалған бөлігі тараптар арасында белгілі бір тепе-теңдікте (профит-Ойл)^[571] бөлінеді. Бұл келісімнің тағы бір өзгешелігі сол - келісімнің бұл түрі негізінен мұнай шығаруда, басқа да пайдалы қазбаларды шығаруда болады. Тұтас алғанда, қалыптасқан халықаралық практиканың арқасында, концессиялық

шарттар және өнім бөлісі туралы келісімдер «мұнай келісімшарттары» деген жалпы атаумен бірігеді.

XX ғасырдың 60-70 жылдары өнім бөлінісі туралы келісімдерді мұнай кен орындарын барлауда Малайзия, Ангола, Перу, ҚХР, Нигерия пайдалана бастады, 90-жылдардың басында жер қойнауын пайдаланудың келісімшарты ретінде өнім бөлінісі туралы келісімдер кейбір елдерде - ТМД елдерінде, атап айтқанда, Ресей, Қазақстан, Әзірбайжанда пайда болды (Қазақстанда бірінші рет өнім бөлінісі туралы келісімшарт 1992 жылы жасалды^[572]). Қазір өнім бөлінісі туралы келісім механизмі әлемнің 64 елінде ойдағыдай жұмыс істейді^[573].

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың келісімшартының осындай түрін - өнім бөлінісі туралы келісім мәселелерін реттейтін арнаулы заң актысы - ҚР «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнім бөлінісі туралы келісімдер (келісімшарттар) туралы» Заңы 2005 жылы 8 шілдеде қабылданды^[574]. Ресей Федерациясының «Өнім бөлінісі туралы» федералдық заңына қарағанда (1995 жылғы 30 желтоқсандағы қабылданған), оның реттеу өрісі теңізде мұнай операцияларын жүргізумен шектелген. Атап айтқанда, «ҚР өнім бөлінісі туралы келісімдері туралы» Заңы Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстанға қарасты бөлігінде мұнай операцияларын жүргізуге құқық берумен, өнім бөлінісі туралы келісім жасау, өзгерту және тоқтатумен келісімдердің негізгі құқықтық талаптарын, сондай-ақ өнімді Қазақстан Республикасы мен мердігер арасында кейін өнім бөлуді анықтайды (1 бап). Федералдық заңның реттеу өрісін мемлекет сұраныс беруші, ал жер қойнауын пайдаланушы мердігер ретінде қатысатын кен орындарын игеру үрдісінде ең қалыптасқан мердігерлік қатынастар құрайды. Біздің ойымызша, ҚР өнім бөлінісі туралы келісімдер туралы Заңының қолдану өрісін теңіздегі мұнай операцияларымен шектеуге болмайды, осы шарт нысанын мұнай өндіруде ғана емес, басқа да пайдалы қазбаларды өндіруде пайдалану мүмкіндігін заңмен бекіту керек. Мынаны атап өткен жөн: Ресейде өнім бөлінісі туралы келісімнің реттілігін газ, өмір, бағалы тастар мен металдар кен орындарын^[575] игеруге пайдалану жобаларын жасауда Қазақстан Республикасында өнім бөлінісі туралы заңнаманы жетілдіруде бұл тәжірибені ескерген жөн сияқты. Сонымен бұл салада арнаулы заңнамалық реттеу мәселелері жеткілікті деңгейде шешіліп болған жоқ, сондықтан ҚР «Өнім бөлінісі туралы келісімдер туралы» Заңын қабылдау мейлінше қажет деп санаймыз.

Шарттың осы түрінің негізгі ерекшеліктері ретінде А.И.Перчик мыналарды атайды: 1) өндірілген өнім бөлініске түскенге дейін мемлекет меншігінде қалады; 2) жер қойнауын пайдалану құқын берудің негізгі азаматтық-құқықтық шарт болып табылады; 3) өнім бөлінісі нысанында арнаулы салық реттілігі қолданылады^[576]. Өнім бөлінісі туралы келісімде мемлекеттің игілігі туралы айта келіп, Қ.Б.Сафинов мынаны атап көрсетеді: бір қатар елдер инвестордан табиғат ресурстарын өндіргенде одан үлесті өзіне меншікке алып, кен барлаумен өндіруде сырттан әкелінген емес, елде шығарылған жабдықты, товарлар мен қызметтерді пайдалануды дәйектілікпен талап етеді^[577]. Қазір Қазақстанда шетелдің осы тәжірибесі кеңінен қолданылуда. Сондықтан бірге өнім бөлінісі туралы келісім ретінде осындай шарт нысанының барлық артықшылықтарын дәйектілікпен зерттеп, оларды практикада пайдалану керек.

§5. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарының басқа да түрлері

Шетелде жер қойнауын игеруде қолданылатын шарттар, келісімдер мен келісімшарттарды топтастыру мына шарт нысандарын тудырады: 1) «роялти - кіріске салық» үлгісіндегі келісім; 2) концессиялық келісім; 3) өнім бөлінісі туралы келісім; 4) қызмет көрсету келісімі (сервистік келісімшарт); 5) бірлескен қызмет туралы келісімшарт.

«Роялти - кіріске салық» келісіміне сәйкес жер қойнауын мемлекетке жер қойнауын пайдалану құқы үшін төлем және кіріске салықпен бірге басқа да бірқатар салықтар төлейді. А.И.Перчик атап өрсеткендей, бұл келісімдер жеке мұнайын өндіруді дамытуды бастау кезінде-ақ Европа мен Солтүстік Американың елдерінде қолданылды, 70-шы жылдардың

басында мұнай дағдарысынан кейін келісімдердің осы үлгісін Азия, Америка елдерінде және Австралияда кеңінен қолданылып жүрген концессиялық келісімдер^[578] толық ығыстырып шығарды. А.И.Перчиктің пікірінше, «роялти - кіріске салық» келісімнің мынадай белгілері бар: Жер қойнауын пайдаланушы кен орын дарын іздестіру, барлау және игеру құқықтарын алады, бұларды өз қаржылары есебінен жүргізеді, өзіне бүкіл жауапкершілікті алады; бүкіл өндірілген өнім жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі, ол мұны өз қалауымен жұмсайды; жер қойнауын пайдаланушы меншік иесі - мемлекетке іздестіру, барлау және өнім өндіру құқы үшін төлемдер төлейді; кіріс салығын төлейді, сондай-ақ келісіммен шартпен қарастырылған басқа да салықтарды төлейді; мұндай операцияларына пайдаланылған жабдықтар мен ғимараттар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады^[579]. А.Т.Кенжебаева осы келісімшартты «салық - роялти» немесе концессия шарты деп атайды және концессия шартының екі түрін көрсетіп береді: 1) сыртқа шығарылмаған минералдық шикізат жеке меншікте қалуы мүмкін; 2) минералды шикізат жер үстіне шығарылған сәттен бастап жерқойнауын пайдаланушының меншігіне ауысқанда^[580]. Шарттың алғашқы түрі Қазақстанда қолданылмайды, өйткені жер қойнауында жатқан минералдық шикізаттарға жеке меншік құқы ҚР Заңнамасында қарастырылмаған; екінші түрі - роялти - салық практикада қолданылады, заңнамада (концессия шарттарында) көрініс алған^[581].

Халықаралық практикада қабылданған сұрыптамаға қарамастан, концессия шартының ұғымы әлдеқайда кең, оны «роялти-салық» шартының ұғымымен немесе оның басқа түрінің түсінігімен шектеуге болмайды, концессия шарттары тек қана жер қойнауын пайдалануда қолданылмайды. «Роялти - кіріске салық» үлгісіндегі келісімшарт концессия шартының түрі болып табылады, сондықтан ол бюджетке салықтарды және басқа да төлемдерді дер кезінде және толық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға барлық өндірілген пайдалы қазбаларды меншігіне міндетті түрде беруді қарастырады.

Сервистік келісімшарт А.И.Перчик атап өткендей, Бразилияда барынша кеңінен тараған^[582]; Г.Т.Утегенова мұндай келісімдердің Иран, Ирак, Венесуэла, Нигерия және Вьетнамда жасалғанын алға тартады^[583]. Сервистік келісімшарттың мәні мынада: сервистік компания, өзіне жауапкершілік алып, пайдалы қазбаларды іздестіреді, барлайды; пайдалы қазбалардың кен орнын тапқан жағдайда, сервистік компания кен орнын өз есебінен пайдалануға дайындап, оны мемлекеттік мұнай компаниясына, мұнда сервистік компанияның шығындары шығарылған пайдалы қазбалар есебінен өтеледі. Мемлекет барлау жүргізу жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдаса, сервистік келісімшарттар страйт сервис (жауапкершіліксіз) және жауапкершілікті байланыс (жауапкершілік сервисі) болып бөлінеді.

Сондай - ақ жер қойнауын пайдалану саласында **бірлескен қызмет келісімшарты** да қолданылады. Оны бұдан әрі жетілдіру негізіне бірлескен қызмет түрлерінің негізіне алынған өлшем алынады: заңды тұлғаның құрылуы немесе заңды тұлғаның құрылмауы (консорциум). Г.Т.Утегенова пікірінше, мұнай өнеркәсібіндегі бірлескен қызмет мемлекет және мемлекеттің мемлекеттік меншігі болып табылатын мемлекеттік және басқа да мұнай компаниясы, әдетте, шетел мұнай компаниясы барлау мен өнім өндіруге бірлесе қатысып, бірлесе жауапкершілік алып, шығын шегетін келісім түрін білдіреді^[584]. Демек, бірлескен қызмет туралы келісімшарттардың сыпатты белгілері мынадай: мемлекеттің шартқа тараптың бірі ретінде міндетті түрде қатысуы және шығындардың, жауапкершіліктің, сондай-ақ қатысушылар арасында пайда мен кірістің бөлінісі.

Жер қойнауын игеруде қолданылатын әртүрлі шарт нормаларына салыстырмалы - құқықтық талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: барынша кеңінен тараған негізгі нысандар - 1) концессиялық келісім; 2) өнім бөлісі туралы келісім; 3) сервистік келісімшарт. Осы шарт нысандарын олардың жер қойнауына иелік ету және пайдалануға берген мемлекетке тиімділігі мен қабылдаушылығын бағалау тұрғысынан келгенде,

өнім бөлінісі туралы келісімнің ерекше маңыздылығын атап өту керек. Бұл келісімнің артықшылықтарының бірі - мемлекеттің шығарылған өнімнің бөлігіне құқылығы. Егер концессиялық келісім бойынша мемлекет төлемдер алуға құқылы болса, өнім бөлінісі туралы

келісім бойынша мемлекет өнімі бөлігін меншіктенеді, бұл, сөз жоқ, осы заманғы жағдайда өте-мөте маңызды. Осы арада екі мақсатқа қол жетеді: 1) мемлекет осы өнімді алу үшін өз ресурстарын (ең алдымен, қаржы ресурстарын) жұмсамайды және 2) мемлекетте енді мұнан әрі өз қалауынша жұмсай алатын дайын өнім бар. Сонымен осы шарт нысанын кеңінен пайдалану өте перспективті және экономикалық жағынан пайдалы болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шартының ұғымын анықтаңыз.
2. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шартының белгілерін атаңыз.
3. Қолданылып жүрген заңнамамен жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттардың қандай түрлері қарастырылған?
4. Жерқойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарының түрлерін сұрыптаудың түрлері қандай?
5. Жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттарының негізгі түрлерін атаңыз.
6. Жер қойнауын пайдалану саласындағы лицензиялық келісімді сыпаттаңыз.
7. Концессиялық келісім ұғымын анықтаңыз.
8. Концессиялық келісімнің ерекшеліктері қандай?
9. Концессия шартының елеулі талаптары қандай?
10. Осы заманғы концессиялардың ерекшелігі неде?
11. Өнім бөлінісі туралы келісімге сыпаттама беріңіз?
12. Өнім бөлінісі туралы келісімнің өзгешелік белгілері қандай?
13. «Роялти - кіріске салық» үлгісіндегі келісімнің мәнін атаңыз.
14. Инвестициялық шарттың түрі ретінде сервистік келісімшартты сыпаттаңыз.
15. Жерқойнауын пайдалану саласында бірлескен қызмет туралы келісімшарттың ұғымын беріңіз.
16. Жерқойнауын пайдалану саласындағы басқа шарт нысандарына қарағанда өнім бөлінісі туралы келісімнің артықшылығы неде?

Ұсынылған әдебиет

1. Кирип А.В. Мемлекет пен инвесторлар арасындағы қатынастарының құқықтық негіздері. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1998.
2. Лисица В.Н. Халықаралық инвестициялық келісімдер. Новосибирск, 2004.
3. Мухитдинов Н.Б. Жер қойнауын пайдаланудың құқықтық проблемалары. Алматы: «Ғылым», 1972.
4. Мухитдинов Н.Б. Тау-кен құқығының негіздері. Алматы: «Қазақстан», 1983.
5. Мухитдинов Н.Б., Мороз С.П. Қазақстан Республикасының тау-кен құқығы. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
6. Перчик А.И. Тау-кен құқығы: оқулық. М.: «Филология три» баспасы, 2002.
7. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: ҚазақМЗА, 2001.
8. Қазақстан Республикасындағы құқық және шетел инвестициялар. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.
9. Самарходжаев Ю.Б. Қазақстан Республикасындағы инвестициялар. Ташкент: «Академия» баспасы, 2003.
10. Атырау екінші құқықтық семинардың материалдардың жинағы. Атырау: «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны ЖШС-і, 2004.
11. Атырау үшінші құқықтық семинардың материалдардың жинағы. Атырау: «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны ЖШС-і, 2005.
12. Сосна С.А. Концессиялық келісім: теория және практика. М., 2002.

13. Азаматтық құқық субъектілері. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. Алматы: ҚазақМЗУ, 2004.
14. Фархутдинов И.З. Халықаралық инвестициялық құқық: теория және практика. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.

15 дәріс. Инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық даулы шешу мәселелері.

Инвестициялық құқықтарын қорғаудың нысандары мен тәсілдері. Инвестициялық даулы мәселелер және оларды шешудің тәртібі.

§1. Инвестордың құқықтарын қорғаудың нысандары мен тәсілдері

Азаматтық құқықтарды қорғаудың тәсілдері - заңда қарастырылған, құқықты бұзуды болдырмау, алдын алу немесе құқықтың бұзылуын жою, сондай - ақ бұзылған құқықты қалпына келтіру, құқықты бұзудан келтірілген зиянды орнына келтіру құралдары.

Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдер әртүрлі негіздерге қарай теңдестіріледі: қолдану саласы бойынша әмбебап және арнаулы; жүзеге асыру әдістері бойынша - сотқа жүгіну, мемлекеттік органдарға шағыну, құқықты өздігінен қолдану; заң әрекеттерінің мазмұнына қарай - материалдық - құқықтық және іс жүргізу - құқықтық; т.б. Азаматтық құқықтарды қорғаудың негізгі (әмбебап) тәсілдерінің тізбесі ҚР Азаматтық кодексіне енгізілген, оған мыналар жатады: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі хал-ахуалды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оны бұзуға хауіп тудыратын әрекеттердің жолын кесу; міндетті бастапқы күйінде орындау; моральдық зиянның өтемақысы; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілетті немесе атқару органының актысын жарамсыз немесе қолдануға болмайды деп тану; мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғадан азаматқа немесе заңды тұлғаға құқық алуға немесе оны жүзеге асыруға бөгет жасағаны үшін айыппұл салу; заңнамада көрсетілген басқа да тәсілдер (ҚР АҚ 9 бап). Қорғаудың аталған тәсілдері сот тәртібімен (сот, төрелік немесе аралық сот), сондықтан қорғаудың іс жүргізу - құқықтық тәсілдері деп аталады. Сонымен бірге ҚР Азаматтық кодексі қорғаудың материалдық - құқықтық тәсілдерін де бекітеді, бұған жататыны: құзырлы мемлекеттік органдарға қорғау үшін өтініш жасау (билік немесе басқару органына); өзін-өзі қорғау (тұлғаның тікелей нақты немесе заңды әрекеттері).

Тұтас алғанда, азаматтық құқықтарды қорғау екі нысанда - сот және соттан тыс нысандарда жүзеге асырылады, қорғаудың соттық нысаны ҚР сот органдарының азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін қамтиды, ал қорғаудың соттан тыс (сотқа дейінгі) нысаны мынаны қамтиды: азаматтық құқықтарды шағын түрінде қорғау; азаматтық құқықтарды нотариалды қорғау, сондай-ақ азаматтың құқықтарды аралық сотта немесе халықаралық коммерциялық төрелік сотта қорғау.

Демек, инвесторлар инвестициялық қатынастардың негізгі қатысушылары ретінде қандай нысанда өзінің бұзылған субъективтік азаматтық құқын қорғауды өздігінен анықтауға құқылы - сот немесе соттан тыс (сотқа дейінгі) нысанада ма, қандай тәсілмен қорғауды өзі таңдайды. Мұндайда инвестор бұзылған немесе дауға түскен құқын қорғау үшін сот, аралық сот, төрелік сот органдарын, билік пен басқарудың өкілетті органын таңдай алады, т.б.

